

Жақсыбай САМРАТ



**ІЗДЕНІС
ЖЫЛДАРЫ**



Жақсыбай САМРАТ

ІЗДЕНІС ЖЫЛДАРЫ



Нұр-Сұлтан
2021 жыл

УДК 070
ББК 76.01
С 19

С 19 **Самрат Ж.**

«Ізденіс жылдары». /Жаксыбай Самрат. – Нұр-Сұлтан:
«БиКа» баспасы, 2021. – 336 б.

ISBN 978-601-7075-42-2

Бұл кітапқа журналист-жазушы Жаксыбай Самраттың кезінде мерзімдік басылымдарда жарияланған публицистикалық мақалалары енгізіліп отыр. Соның ішінде шет елдер мен оларға Президенттің пулында болғанда барған сапарларынан жазылған біршама мақалалары қамтылған. Сонымен бірге журналист қызықты тақырыптарға мақалалар жазуға маманданып, оқырман жылы қабылдаған көптеген танымдық дүниелер жазған. Кітапқа соның таңдаулылары енгізілді.

ISBN 978-601-7075-42-2

УДК 070
ББК 76.01

© Самрат Ж., 2021.
© «БиКа» баспасы, 2021.

АЛҒЫСӨЗ

2004 жылы Қызылжар қаласында жүрген мені бас газеттің сол кездегі басшысы Ержұман Смайыл аға «Егемен Қазақстан» газетінің астанадағы аппаратына қызметке шақырды. Бірден сенім артып, газеттің саяси шолушысы қызметіне тағайындап, президенттің пулына да қосты. Содан 2014 жылға дейін мен 10 жыл бойы Президенттің көптеген сапарларын жазып, оның ұшағымен әлемнің 30 шақты елінде болдым. Сонымен қатар Парламент палаталарының басшыларымен де, Үкімет мүшелерімен де бірнеше елдерге сапарларға шықтым. Ол кезде «Егемен» өздігінен бір жаққа іссапарға сұрансаң ешқашан шектемейтін. Соны пайдаланып Орталық Азия республикаларының бәрінде, еліміздің белгілі жерлерінде 10 күннен іссапарларда болдым.

Мына жинақта сол және өздігімнен шыққан сапарлардың барысында көрген, түйгендерімнен жазылған дүниелерімді оқырман назарына ұсынып отырмын. Сонымен бірге кезінде жалпак жұрттың көзайымына айналып, іздеп жүріп оқитын «Етжеңді Егемендегі» «Ашылмаған аралдар» деп аталған айдарға өздігімнен қызықты, жұрт біле бермейтін, оқылатын оқиғаларды зерттеп жазуды әдет қылған едім. Оның бәрі де «Етжеңдінің» кезекті номерлеріне шықты. Талай адамның «білмекке құштарлығын» оятып, қызығушылығын арттырып, айыздарын кандырып, ризашылығын айтқызып сол мақалаларымның біразын да осы жинаққа салып отырмын. Соның ішінде «Алтын Орданын» мұрагерлері екенімізді қазақ басылымдарында тұңғыш рет айтқан «Ал-

тын Орда-Біздің Орда», соғыс кезінде басып алған аумақтарындағы әкелері репрессияға ұшыраған 13-14 жастағы балаларды фашистердің диверсант ретінде қалай пайдаланғаны туралы «Диверсант балалар», Ауған соғысының жалпак жұрт білмейтін ақиқаты туралы жазылған «Ауған соғысының айтылмаған ақиқаты», Тыңды Хрущевтің неге жанталасып көтеруінің сырын ашқан «Тыңды тырағайлап көтерудің сыры» және т.б. мақалаларым енгізілді. Ал «Тұрпатты тұлғалар» атты 3-ші бөлімге әлемге әр түрлі іс-әрекетімен барынша танымал болған Э.Шеварднадзе («Могиканның соңғы тұяғы»), Б.Березовский («Ойыны осылған олигарх»), Л.Берия («Ұмытуға болмайды») және Б.Обама («Феномен») атты танымдық, тағылымдық мақалаларым еніп отыр.

Сарғайған газет беттерінде қалып қоймағанын қалап, осы жинақты құрастыруымды қолдаған облыс әкімдегіндегі басшы азаматтарға айтар алғысым шексіз.

Автор

Ахметбай Сағрат

І БӨЛІМ



ЕЛ ҚАДІРІН КӨРГЕН БІЛЕДІ



УКРАИНА ЖЕРІНДЕ

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 1958-1960 жылдардағы өмірі Украинаның Днепродзержинск қаласында өткені белгілі. Қазақстаннан барған 67 боздақтың қатарында ол да осындағы металлургтар дайындайтын 8-ші техникалық училищеде оқыған. Бұл жылдар – казак баласы да қандай қиындық болса да қарсы тұрып, өзгелерден қалмай шыдайды деп жас Нұрсұлтанның өзіне-өзі серт беріп, шыңдалудан өткен жылдары болды. Біз оқырмандарымызға оның осы алғашқы ауыр сыннан сүрінбей өткен жылдарына шолу жасап, құрыштың отаны Днепродзержинск қаласы мен ондағы өмір туралы баяндап беру мақсатымен Украинаға сапар шеккен едік.

Украинаға табанымыз тигеннен-ақ біз ерекше адами жылылыққа тап болдық. Қай жаққа қарасақ та, кездескендерден қандай жөн сұрасақ та адамдардың жылы қарым-қатынас жасап, көмек қолын созуға дайын тұрған сергек ілтипатына ішпей-жемей риза болып, бір жақындықты сезіп тұрдық. Осыған қарап украиндардың казактармен туыстығы сөз жүзінде емес, іс жүзінде де болғаны рас шығар деген ойға қаласың. 25 сәуірде мұнда Олжас Сүлейменовтың украин тілінде шыққан «Мова письма» (Хаттар тілі) атты кітабының тұсаукесері болыпты. Осы еңбегінде ақиық ақынымыз да түркі тілі мен украин сөз тіркестері қатынасын тарихи параллель түрінде қарастырып, туыстық қатынастарды көп тапқан.

Таң алдындағы ұшақпен Киевтің халықаралық «Борисполь» әуежайына түскен бізді Қазақстанның Украинадағы елшілігінің тапсыруымен келген Женя деген жігіт қарсы алды. Ол да қолдан келген барлық жақсылығын жасап, қажетті көмектерін көрсетіп жатыр. Ауа-райы Астанаға қарағанда анағұрлым жылы болып тұрған Киев бұл кезде жасыл желекке мейлінше малынып, жайқалып тұр екен.

Біз алдымен облыс орталығы Днепропетровскіге ұшатын ұшаққа билет алдық. Днепродзержинск осы облысқа қарайтын қала. 250 мыңға жуық тұрғыны бар ол біздегі облыс орталықтарының біріндей болғанымен, миллионнан артық халқы бар Днепропетровскіге карағанда кішігірім ғана мекен. Бірақ «құрыштың отаны» деген атағы алысқа кеткен дүниежүзіне белгілі қала.

Днепропетровск әуежайында бізді Василь Черномор деген украин жігіті өзінің мәшинесімен карсы алды. Біздің елшілікпен ынтымақтастық жасап, Украина жерінде қаза болған казакстандықтардың мүрдесін іздесіп жүретін жігіт екен. Осыдан бес жыл бұрын, облыстық әкімшілікте істеп жүргенде ол жолдасы Евгений Трушевпен бірге казба жұмыстарын жүргізіп, Жамбылдың баласы Алғадайдың Синельников қаласының түбінде қалған мүрдесін тапқан. Артынан оның сүйегін сол шаһарда құрметпен жерлеп, басына ескерткіш қойып, мектепте Қазақстан елшілігінің көмегімен мұражай бөлмесін ашуға да мұрындық болған.

Днепропетровск мен Днепродзержинскінің арасы 50 шақырымдай жер. Барлық әңгімелерден де, жол мен қала көріністерінен де ТМД аумағындағы экономикалық әлеуеті зор елдердің бірінен саналатын Украинаның казіргі тұрмысы бәлендей мәз емес екенін көріп келеміз. Алғашқы әсер тас жолдардың сапасынан алынады ғой, соған қарап демократияны желеу етіп, өзара билікке таласқандар елдің жағдайын жүдетінкіреп жібергенін көрмей қала алмадық. Бюджетті уақытында бекіте алмай, әуре-сарсаңға салғанның кесірінен жолдар жөнделмей, қала іші сәнделмей жатады екен. Әсіресе «құрыштың отаны» атанған Днепродзержинск қаласының ішкі жолдары казан-шұңқырлардан аяқ алып жүргісіз... Алдын-ала айтатын болсақ, дуанбасы Я.Корчевскийдің айтуына карағанда қаладағы 564 шақырым жолдың 450 шақырымы күрделі жөндеуді талап ететін көрінеді.

Василь Черномор бізді С.Наливайка атындағы Аймақтық басқару институтына алып келді. Қонақүйге апармай бірден осында алып келгендігінің үлкен себебі бар болып шықты. Мұнда бізді осы институттың директоры Василь Швец пен Нұрсұлтан Назарбаевтың осында оқығанда күрестен жаттықтырушысы болған Лев Ежевский күтіп отыр екен. Бұл екеуі де Қазақстан десе елендеп отыратын азаматтар болып шықты. Василь Швец 1996-2005 жылдары Днепродзержинск қаласының дуанбасы болған кісі. Нұрсұлтан Әбішұлының 2000-шы жылы Днепродзержинск қаласының 250 жылдық салтанатына келген сапарында қарсы алып, мәжілістес болған. Сол жолы ол Теміртау мен Днепродзержинск шаһарларының бауырлас қалалар болуына мұрындық болған көрінеді. Қазір өзі осы қаладағы «Украина – Қазақстан достық қоғамын» басқарады. Ал Л.Ежевский оның орынбасары. Жасы биыл 80-ге толатын бұл қартың Қазақстан десе ішкен асын жерге қоюға бар. Өзі біздің елде бірнеше рет болып, үлкен құрмет көргенін аузынан тастамай айтып отырады. Соның ішінде Қазақстан Журналистер одағының құрметті мүшелігіне, Түркістан мен Қарағанды университеттерінің құрметті профессорлығына қабылданғанын, «Қазақстан спортының құрметті қайраткері» атағын алғанын ол мақтанышпен айтты. Осы екі азамат та Қазақстан мен Украинаның арасындағы достық пен ынтымақтастықтың дамуына қосқан үлестері үшін екінші дәрежелі «Достық» орденімен наградталған екен. Сөйтіп біз шу дегеннен-ак Днепродзержинск жерінде Қазақстанның достарымен кездесе кеттік.

Лев Рудольфович жас Нұрсұлтанның алғаш күрес залына қалай келгенінен бастап, біраз естеліктер айтты. (Оларға біз кейінірек тоқталатын боламыз.) Соның ішінде оның грек-рим күресінен 67 кг салмақта спорт шебері нормативін орындағанын да айтып қалды.

Осы күні кешке біз дуанбасының орынбасары Татьяна Завгородняямен кездесіп, алдағы күндерде болатын кезде-

сулер мен көргіміз келетін нысандар бойынша жоспарлар жасадық.

Ертесіне қала әкімі Ярослав Корчевскийдің қабылдауында болып, шаһардың бүгінгі тынысы туралы да біршама ақпарат алдық. «Біз өз қаламыздың «кадрлардың ұстаханасы» болғанын мақтан тұтамыз. Леонид Брежнев, Владимир Щербицкий, Нұрсұлтан Назарбаев сияқты кадрлармен қалай мақтанбассың», деді ол. Оның айтуына қарағанда КСРО-ның кезінде Украинаның жылдық жалпы өнімінің 10 пайызын Днепродзержинск қаласы беріп тұрған екен. «Қазір бізде 62 ірі және орта кәсіпорындар, мыңдаған шағын және он мыңдаған жеке кәсіпкерлер еңбек етеді. Қаланың халқы өте еңбеккор және мәдениеттері жоғары. Леся Украинка атындағы музыкалды-драмалық театрымызда екі жылда бір рет «Классика сегодня» атты дүниежүзілік фестиваль да өткіземіз. Оған қазақстандықтар да қатысып жүр. Спорттық жетістіктерімізбен де мақтанамыз, біздің еуропалық жарыстар өткізуге болатын тамаша жүзу бассейніміз де бар. Баскетбол командамыз жоғары топта ойнайды. Ақын-жазушыларымыз да жететін. Тамаша музейлеріміз бар, олардың қорындағы кейбір экспонаттарды әлемнің еш жерінен кездестірмейсіз. Бізден шыққан басшы кадрлардың арасында сіздердің президенттеріндей тамаша адамның болғанын біз үшін үлкен абырой және ол біздің жерден берілген әлемет қуаттың арқасында биікке жетіп отыр деп мақтанамыз», деді ол.

Қалалық мұражайда «Наша дружба вечно» деген арнаулы экспозиция бар екен. Ол Елбасы Н.Назарбаевтың 2000 жылғы сапарына арналып жасалған, содан бері 10 жыл бойы оның экспонаттары Президенттің Украинадағы таныс-білістері тапсырған материалдармен, қазақстандық тартулармен байи түскен. Онда Н.Назарбаевтың осында оқығандығы, Қазақстанның қазіргі жетістіктері жайлы бірқатар материалдар бар. Нұрсұлтан Назарбаевтың досы Николай Литошконның

Теміртаудан осындағы үйіне жазған хатының түпнұскасы да осында тұр. Онда Николай Ильич Нұрсұлтанмен бірге жатақханада тұратынын, жағдайлары жаман емес екенін және т.б. жеткізіпті. Нұрекеннің 1994 жылы Н.Литошкоға колтаңбасымен сыйға тартқан «Без правых и левых» деген кітабы да осында. Онда Президент өзінің досына «біздің достығымыз мәңгілік» деп жазған екен.

Осы күні біз Днепродзержинск қаласының техникалық университетінде де болып, оның ректоры Александр Коробочкамен мәжілістес болдық. Бұл қаланың байырғы жоғары оқу орны екен, құрылғанына 85 жыл болыпты. Өзі қаладағы мемлекеттік жалғыз ЖОО. Бүгінгі күні оның 9 факультетінде 8 мыңға жуық студент оқып, 28 түрлі мамандық алады.

2007 жылдың мамыр айында Қазақстан мен Украинаның Білім және ғылым министрліктері арасында ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойылған. Соны іске асыру үшін Жоғары оқу орындарының Н.Назарбаев атындағы Еуразиялық консорциумы құрылыпты. Осы университет соның қаладағы орталығы. «Н.Назарбаевтың атын алған соң біз де белсендірек қызмет істеуге тырысып жатырмыз. Ынтымақтастық бағдарламасы өте кең, соның ішінде студенттер алмасу, ғылыми әріптестіктер де бар, әсіресе металлургия саласында ғылыми атак қорғау ісі бойынша қазақстандықтар бізбен ынтымақтасуға өте мүдделі. Ал біз қазақстандық студенттердің бізге келіп, білім алғанын қалаймыз», деді ректор.

Қаланың өз тарихы зауыттың құрылуымен тығыз байланысты. Сондықтан біз зауыт тарихына тереңірек тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Днепродзержинск зауытының тарихы 1886 жылдан басталады екен. Ол кезде осы жерлерде негізінен Запоржье казактары тұратын Каменское, Тритузное, Карнауховка және Романково селолары орналасыпты. Осы Романково селосы болған аумақта жас Нұрсұлтанның досы Мікола (Николай)

Литошконның үйі болған. Селолар Днепр өзенін бойлай қоныстанып, бір-біріне жалғасып жатқан мекендер көрінеді. Ішіндегі ең үлкені – Каменское селосы. Оның тұрғындары 1768-1774 жылдары болған орыс – түрік соғысы кезінде Қырымнан қашқандардың есебінен қатты көбейген. Бұл селолардың тұрғындары - помещиктердің қарауындағы басыбайлы шаруалар емес, тиесілі жерлеріне өздері иелік ететін басы азат жандар екен. 1802 жылы олар Екатеринаслав губерниясының осы аттас уезіне қаратылады. Ал Екатеринаслав дегеннің өзі қазіргі Днепропетровск...

Міне, осы өлкеге 1886 жылы құрыш қайнататын зауыт салу ісі қолға алынады. Бұл жердің таңдалып алынған себебі:

1. Кривой Рог бассейіндегі темір рудасына, яғни шикізат көзіне жақын.
2. Электр қуаты мен су дәл түбінде.
3. Құрыш қайнататын коксты көмірдің орталығы Донецк де алыс емес.
4. Арзанқол жұмыс күші де осы арада жеткілікті.
5. Екатеринаславка тартылған теміржолдың бір бұтағы да осында жеткізілген.

Сол жылдары Батыс Еуропада темір өндіру жұмыстары біршама тоқырауға ұшырап тұрған. Сондықтан осы саланың іскерлері Сібір мен Орал жаққа теміржолдар тартуды қолға алып, рельске мұқтаж болып отырған Ресей өкіметімен оны өндіретін зауыт салу жөнінде келісім-шарт жасайды. Әрине, мұндай алып өндірісті бір адамның немесе бір фирманың игеруі оңай емес, сондықтан 1885 жылы Варшаваның неміс капиталистерімен бірлесе жұмыс істейтін «Сталелитейка» атты құрыш құю зауытының негізінде ЮРДМО (Южно-Русское Днепровское Металлургическое Общество) атты акционерлік қоғам құрылады. Оның қатарына Бельгияның «Кокериль», немістің Рау тобы, француздың «Кривой Рог темір рудалары қоғамы» енеді. Үлестік қатынастарын айтар болсақ, бельгия акционерлері – 40, поляк-неміс тобы – 33 және француз акционерлері 27 пайызға ие болады. Қарап

тұрсақ, бұлардың ішінде орыс капиталистері мүлде болған емес екен...

Қоғам жерді осы төңіректегі шаруалардан жалға алып, Варшава қаласындағы «Сталелитейка» зауытын толығымен осы жерге көшіріп әкеледі. Сөйтіп, қазіргі зауыттың сүйегі алдымен Польша жерінде қаланған деп айтуға болады. Зауытпен бірге оның мамандары да түгелге жуық жаңа жерге қоныс аударған.

Жаңа кәсіпорынның қара жұмысына осы арада орналасқан жоғарыда аталған төрт селонның тұрғындары тартылады. Тәулігіне 12 сағат бойы ауыр жұмыстан иықтары босайтын олар үйлеріне зорға жетеді екен. Зауыттың алғашқы директоры болып неміс Вильгельм Бассон тағайындалады. Бірақ ол жұмысты ойдағыдай жүргізе алмағандықтан, акционерлер кеңесі екі жылдан кейін директор етіп поляк өкілі Игнатий Ясюкевичті тағайындайды. Ол бұрын Путилов зауытында бас директор болып істеген, өте талантты әрі тәжірибелі басшы екен. Осы зауытты ол 25 жыл басқарған. Сондықтан И. Ясюкевичті днепродзержинскіліктер орынды мақтан етеді. Александр Слоневский деген зерттеуші-автордың ол туралы жазылған үлкен еңбегі де бар. Оны қала басшылығы келген қонақтарға үлкен сыйлық ретінде таратады. Оның біреуін қала мәрі Ярослав Корчевский бізге де сыйлады.

1886 жылы құрылысын бастаған зауыт 1889 жылы өзінің алғашқы өнімін берген. Осы жылы Парижде болған Бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінде тауарлы шойынын қойған Днепр зауыты (зауыттың атауы Дзержинскийдің аты берілгенше осылай болған) үлкен алтын медальға ие болады. Мұның өзі Ресейдің металлургия рыногындағы атағын аспанға шығарып, өкімет тарапынан түскен тапсырыс әлденеше есеге ұлғайтылады.

Қала құрылысы жоғары және төменгі колония деп аталатын тұрғын үйлерден басталады. Соның жоғары колония-

сында зауыт басшылары, үлкен қызметкерлер тұрған. Фотосуреттердегі олардың үйлерінің көркі, гүлге көмкерілген аулаларының тазалығы қазіргі адамдарды қатты қызықтырады.

Енді зауыттың Дзержинский атын алу себебіне токтала кетейік. 1917 жылғы төңкерістен кейін зауыт иелері, басшы мамандар қызылдар қырғынынан бас сауғалап қашып кеткен соң ол тоқтап қалады. Жаңа өкіметке темір өнімдері ауадай қажет болғанымен зауытты қайта қолға алу ісі кешеуілдей береді. Ал бұл дегеніңіз зауытта сол кездерде жұмыс істейтін 14,8 мыңға жуық адамды ғана емес, сол кәсіпорынның арқасында күндерін көріп отырған барлық қосалқы мекемелердің де жабылып, тұрғындардың тегіс қаңырап қалуына соқтырады. Сол жылдары зауыт атынан бірнеше адамдық делегация Мәскеудегі жаңа өкіметтің басшыларына барды. Оларды Бүкілодақтық халық шаруашылығы кеңесінің (ВСНХ) төрағасы Феликс Дзержинский қабылдап, екі күн бойы мәселелерін қарастырып, ақыры 300 мың сомның көмегін беру туралы шешім қабылдайды. Мұның өзі зауыттың қайтадан жүріп кетуіне мүмкіншілік береді. «Темір Феликстің» өздеріне жасаған сол жақсылығын ұмытпаған зауыттықтар 1925 жылы кәсіпорындарына оның атын береді. Ал 1936 жылы қаланың атын да Дзержинскийге беру туралы шешім қабылданады.

Кеңес одағының алғашқы жылдарының өзінде мұнда бұрынғы кәсіптік гимназияның негізінде металлургиялық техникум ашылады. Оның алғашқы директорларының бірі Леонид Брежнев болған. Днепродзержинскийліктер оның есімін үлкен құрметпен еске алып отырады екен. Есілмен екіге бөлінген біздің Астана сияқты бұл қаланы да Днепр өзені екіге бөліп тұр, соның тұрғын үйлер орналасқан сол жағалаудағы ауданының өсуі мен өркендеуіне Леонид Ильич үлкен көмек берген көрінеді. Оның үстіне Еңбек Ері атағын екі рет алған адам ретінде туған жерінде орнатылған ескерт-

кіш-бюсті де осы қаланың как ортасында тұр. Ал бұрынғы «Брежнев музейі» қазір қалалық музейге айналыпты.

Соғыс басталғанда немістер КСРО-ның кара металлургия саласындағы жетекші кәсіпорындарының бірі болып отырған «Дзержинканы» басып алуды көздеген. Осыны сезген өкімет оны, тамыз айына дейін, шұғыл түрде Нижний Тагиль мен Магнитогорскіге эвакуациялаған. Төрт мыннан артық жұмысшылары мен қызметкерлері соғысқа алынған. Неміс-фашистері 1941 жылдың 22 тамызында Днепродзержинск қаласына басып кіргенде зауыттың орнын ғана сипап қалыпты. Содан... 1943 жылдың қазан айында Днепродзержинск азат етілгенше олар зауытты қайтадан қалпына келтіре алмаған. Мартен пешінің мың градустық аптабында шыныққан «дзержинкалық» партизандар жаумен арыстанша арпалысқан. Олардың қатарынан 16 адам Кеңес одағының батыры атағын алыпты.

Қала азат етілгеннен кейінгі алғашқы күндердің өзінде зауытты қалпына келтіру ісі қолға алынған. Соғыстан кейін болған алғашқы директор, майдангер Николай Фоменконың басқаруымен үлкен жанкештілікпен, күндіз-түні еңбек еткен жандардың арқасында 26 күннен кейін, яғни 1943 жылдың 21 қарашасында алғашқы шойын кесегі алынған. Сол Н.Фоменко зауытты 11 жыл бойы басқарып, үлкен даңқа бөленген басшылардың бірі.

Айта кетерлік жәйт, ұзақ жылдар бойы Украина Кеңестік Социалистік Республикасы компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болған Владимир Щербицкий де осы зауытта парторг болып бірнеше жыл қызмет атқарған екен.

Осындай қызық тарихтардың біразын бізге зауыт музейінің директоры Евгений Гамазинский баяндап берді. Музейде Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған бұрыш та бар. Онда Қазақстан Президентінің 1958-60 жылдары металлургтер дайындайтын осындағы училищеде оқып, зауытта өндірістік

тәжірибеден өткені туралы біршама материалдар қойылған. Олардан басқа қазақстандықтар тарапынан тарту етілген сыйлықтар мен естелік заттар орын алған. «Біз оны металлургтардың қатарынан, яғни біздің арамыздан шыққан президент деп мақтан тұтамыз», дейді Евгений Иванович.

Қазір Дзержинский атындағы Днепрдің металлургия комбинатында (оның қазіргі атауы осындай) 20 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Зауыт өнімдері әлемнің 52 еліне шығарылады. Біз оның қысқаша тарихын осымен аяқтап, ішкі тынысына төменде қайта ораламыз.

Міне, осы қаланың металлургтер дайындайтын нөмірі 8-ші кәсіптік-техникалық училищесіне алыстағы Қазақстаннан 1958 жылы 67 боздақ Теміртаудағы Қазақстан магниткасы атынан мамандық алуға келеді. Олар мұнда қыздыру пештерінің дәнекерлеушілері, құю кранының машинисі және домна пешінің горновойы мамандықтарын игереді. Солардың ішіндегі ең ауыры 1500 градустық пештің жанында жұмыс істейтін горновойлар еді. Жас Нұрсұлтан өзіне осы ең ауыр мамандықты тандайды. Оқушылардың толық тізімі В.Базарянинов, Л.Ежевский және В.Жандәулетов жазған «Своими глазами» атты кітапта берілген. Біз оны қайталамай-ақ қоялық.

Тағдырдың жазуымен осы училищені бітіргендер арасынан атакты адамдар да молынан шықты. Кәсіптік училищелерге көбінесе басқа оқуға қабілеті келе қоймайтын, тек жұмысшы кәсібіне маманданатындар ғана баратынын ескерсек, бұл да бір ерекшелік. Аталмыш кітапта: «Контингент, направлявшийся на берега Днепра был неоднозначным. Тут и скромные ребята из чабанских семей, и те, кто успел отбыть срок в заключении за воровство или хулиганство» деп жазады. Солардың арасында Нұрсұлтан Назарбаевтан басқа ғылым докторлары Максұт Нәрікбаевтың, Сатыбалды Ибрагимовтың, Мақаш Тәтімұтың, Қабіболла Сарекеновтың және басқалардың да есімдері белгілі, олар да тәуел-

сіз елімізге еңбек сіңірген азаматтар. Осындай тұлғаларды шығарған бұл оқу орны осал болмағаны ғой деген оймен Днепродзержинскке табанымыз тиген күннің ертеңіне оны тезірек көруге асықтық.

Пелин көшесіндегі үш кабатты ескілеу үйдің басқа ғимараттардан ешқандай ерекшелігі жоқ, бірақ сыртқы қабырғасына жасалған қоңыр түсті барельеф бірден көзге түседі. Онда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев белінен жоғары мүсінделіп, астына оның 1958-60 жылдары осында оқығандығы қазақ-украин тілдерінде жазылған. Осының өзі-ақ алыста жүрген қазақ баласына өзінің үйі алдынан шыққандай әсер қалдырады екен.

Нұрсұлтан Назарбаевтың барельеф түріндегі мүсіндік композициясын днепродзержинскілік кәсіпкер Олег Мороз өз қаражатына тұрғызыпты. Училищеге кіргеннен-ақ біз алыстағы Днепрдің бойында жатқан шет мемлекетте емес, өзіміздің облыстардың біріндегі кәсіптік-техникалық оқу орындарында жүргендей әсер алдық. Өйткені, есіктен төрге дейін Нұрсұлтан Назарбаевтың осында келген сәтінен түсірілген фотосуреттер ілініп қойылған. Бір бөлменің қабырғасында украин тілінде: «КОМПЬЮТЕРНИЙ КЛАС подарував президент республіки Казахстан Н.Назарбаев, листопад 2005 рр». деп жазылған. Бұл Елбасының 2005 жылғы сапарында сыйлыққа тартқан компьютерлік сыныбы. Тағы бір бөлмеде оның осы кабинетте оқығаны туралы жазылған, ал екінші қатардағы партасына да оның осында отырғаны туралы украин тілінде: «За цією партою навчався в 1958-1960 роках Нурсултан Назарбаєв» деп жазып қойған. Оқушылар бұл партаға отыруға таласатын көрінеді. Айта кететін жайт, 1991 жылы Украина өз тәуелсіздігін алғанша мұндағы оқулар орыс тілінде жүргізілген, ал қазір бәрі де тек украин тілінде.

Оқу орны музейінің де жартысынан көбін Н.Назарбаевтың осында оқыған жылдары, келген сапары туралы фо-

то-видео материалдар, Қазақстанның түрлі белгілері көрсетілген экспонаттар алған. Төмендегі спорт бөлмесінде де Қарағанды облысының әкімі Нұрлан Нығматуллин сыйлаған теннис үстелдері тұр. Сөйтіп бұл оқу орнында бөтен жерде емес, өзіміздің елімізде жүргендей сезіндік. Украиндардың қонақжайлығы да ерекше екен, біз осы қалада болған төрт күндегі түстігіміз де үнемі осының асханасында берілді. Бірінші күні бізден басқа да кәсіптік семинарға жиналған мұғалім-қонақтар болған еді, оларға бізді арнайы таныстырып, Нұрсұлтан Назарбаевтың оқыған жерін арнайы көруге келген журналист деп ауыздарын толтырып айтты. Барлық ілтипаттан училище басшыларының Нұрсұлтан Назарбаевты «біздің адам» деп мақтан тұтатындары сезіліп тұр. Оқу орны қазір жоғары кәсіптік училище деп аталады екен. Бұл атақ жоғары білім бергенінен емес, атының алысқа кетіп, атақты түлегінің арқасында абыройға бөленіп жатқанынан берілсе керек... Училищенің директоры Вадим Неклеса Нұрсұлтан Назарбаевты 2000 және 2005 жылы осында қарсы алып, мәжілістес болғанын айта келіп: «Мен Нұрсұлтан Назарбаевты өз ісін мүлтіксіз білетін адам ретінде таныдым. Оңаша қалған әңгімелердің бірінде ол өздеріндегі кәсіптік білім беру ісінің салақсырап кеткенін, соны көтеру керектігін айтқан еді. Артынан бізге қазақстандық мамандар келіп, оқу-тәжірибелерімізді зерттеп кетті. Соған қарағанда Нұрсұлтан Әбішұлы сөзін желге шашпайтын, айтқан нәрсесін дереу орындайтын адам ретінде есте қалды. Сонымен бірге оның кәсіптік училищеде оқығанын жасырмайтындығы, керісінше онымен мақтанатыны бізге қатты ұнайды. Ал кейбір түлектеріміз қолы бірденеге жетсе өздерінің осында оқығандарын айтқысы келмей, одан «ұялып» жатқанын көріп, налып қаламыз», деді ол.

Елбасы Н.Назарбаевтың оқу орнына келген сапарларында бұрынғы мұғалимасы Нина Филипповна Быковская мен оның кабинетіне ие болып қалған ізбасар-әріптесі Татьяна

Атаманюк те қарсы алған екен. Жас Нұрсұлтан отырған парта да осы кабинетте тұр. Біз Татьяна Яковлевнамен де ұзақ әңгімелесіп, оның Президент Н.Назарбаевпен кездесуден алған әсерлерін білдік. «1994 жылы алғаш рет келетінін естігенде қатты жүрексіндік. Оқу орнымыз ұнамай қала ма, оның көңілінен шықпай қаламыз ба деген ой бәрімізді де толқытты. Ол кезде облыс басшысы П.Лазаренко болған, оның әкімшілігінен күн сайын дерлік шапқыншылар келіп, дайындығымызды көріп, жұмысымызды тексеріп, дігерлеп кетеді. Біз сынып бөлмесін жас Нұрсұлтан оқыған сәтке барынша жақындатып, жасандырып қоюға тырыстық. Бұл істерде бізге сол кезде оқыған түлектеріміз, ескі мұғалімдеріміз көп көмек қылды. Тіпті қабырғадағы суреттерді де сол кезге үйлестірдік. Сонымен... күткен күн де жетіп, үлкен кісі өзіне еріп жүрген көптеген басшылармен, журналистермен бірге сыныбымызға кірді. Сол сәт менің есімде мәңгі қалды. Осы жерде атынан ат үркетін Назарбаев бір сәт балалық, жастық дәуренін, кимас күндерін есіне алып, жүзі балбұл жанған күйі өзінің партасына келіп отырды. Сосын өзін бір сәт онаша қалдыруды сұрады. Сыныпта менен басқа екі-үш кісі ғана қалдық. Ол алақанымен партасын сипап, сол бозбала шағындағы атмосфераға енгендей болды. Осы сәтте оның көзі боталап кеткенін анық көрдім. Қолы да дірілдегендей болды. Үлкен адамның бір сәттік қатты толғанысы маған да беріліп, өзімнің де босап кеткенімді сездім. Осы бір қылықтардан-ақ оның адами қасиетін, барынша жұмсақ, қарапайым келбетін көрдім. Әрине, сол сәттегі әсерді сөзбен айтып жеткізу қиын. Мен әрқашанда өзімнің оқушыларыма оны үлгі қылып отырамын. Тіпті президент болмасаңдар да сендер де түзу жолда екендерінді ұмытпаңдар, ертең сендер де ол сияқты үлкен адам болуларың ғажап емес деймін мен», деген еді Т.Атаманюк.

2000-шы жылы келгенде Н.Назарбаевтың қасында бұрын бірге оқыған бірнеше жолдасы да болыпты. Кездесу кезінде

бір оқушы Нұрсұлтан Әбішұлынан сіздер де көп қыдырушы ма едіңіздер, араларыңызда тәртіп бұзушылар да болды ма дегенде ол өзінің жолдастарына карап, ал енді мен сендердің қылықтарыңды айтып берейін деп, олардың кейбірінің түні бойы қыдырып, жатақханаға кіре алмайтынын, ал өзі оларды екінші кабаттан жамылғымен тартып алатынын айтып, бәрін күлдірген екен.

Оқу орнының мұражайын да армансыз араладық, онда училищенің тарихы туралы біраз мәліметтер берілгенімен, негізінен, жоғарыда айтқанымыздай, ол Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған. Осында училищенің 1925 жылы құрылғаны, түлектер қатарынан 8 адамның Кеңес Одағының Батыры, 4 адамның Социалистік Еңбек Ері болғаны да көрсетіліпті.

Құрметті адамдарға арналған кітапта ең бірінші болып Нұрсұлтан Әбішұлының 1994 жылғы 21 қаңтарда келгенде өз қолымен жазған қолтаңбасы тұр. Онда: «Бүгін мен өзімнің бозбала шағыма қайта оралып тұрмын. Содан бері 34 жыл өткеніне карамай бәрі де бүгінгідей есіме келді. ТУ-8 менің өмірімнің өзегі. Осында оқыған жылдарымды мен ешқашан да ұмытпаймын. Нақ осы жерде менің кейін қол жеткізген табыстарымның негізі қаланды. Барлық мұғалімдерге, шеберіміз Д.Погореловке (жатқан жері жайлы болсын) үлкен алғысымды білдіріп, бас иемін. Барлық днепродзержинскийліктерге берген білімдері, мейірімдері мен ықыластары үшін үлкен рахмет айтамын. Барлығыңызға да баянды тұрмыс, сабыр және жарқын болашақ тілеймін. Бұрынғы ортақ Отанымыз КСРО-дағы халықтарымыздың арасында болған ең үлкен құндылығымыз – достығымыздың сақталуын тілеймін», деп қол қойған екен.

Осында біз жас Нұрсұлтанның бұрынғы оқытушысы Нина Филипповна Быковскаямен де кездесіп, әңгімелестік. «Горновойларды халық «отпен алысатын кәсіптің адамдары» дейді. Мен тәжірибе өткізу үшін оқушыларды зауытка апарғанымда олар домна пешін «аждаһаның аузы» десетін.

Нұрсұлтан осы пештің қасында жұмыс істейтін горновойлықты таңдап алды. Сол кездің өзінде-ақ ол ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруді емес, қиыншылықтан қашпайтын қайсар адам болатынын көрсеткен. Біздің училищеде топтың старостасының рөлі зор. Қазақтарға староста қылып кімді тағайындаймыз дегенде мұғалімдердің бәрі де Нұрсұлтанды айтқаны есімде. Оған дейін староста болған бала бұл міндетті дұрыс атқара алмаған еді. Сөйтіп ол староста болып директордың кабинетінде сайланды. Бізде әрбір дүйсенбі сайын сол жерде старосталардың отырысы болатын. Онда өткен аптадағы тәртіп, оқу мәселелері қаралады. Сондағы талқылаулар кезінде Нұрсұлтан үнемі шырылдап, өз адамдарын қорғауға тырысушы еді. Жастар болған соң неше-түрлі жағдайлар да болады ғой, соның бәрінде Нұрсұлтан өз балаларына ара түсіп жататын. Сабақты қалай оқығаны туралы айтатын болсам, президент болған соң сіз Назарбаевты мақтай бересіз ғой деген ой тууы мүмкін. Ал мен оны ешқашан артық мақтаған емеспін, әрқашанда шындықты айтамын. Ол сабақ түсіндіргенде тапжылмай тыңдап отыратын және сол кезде орнынан тұрғызып сұрасаң, өзінің айтқандарынды бір сөзін өзгертпестен қайталап беретін. Ол ешқандай көтермелеусіз, шын мәніндегі үздік оқушы болды. Оның жадының кереметтігіне мен таң қалатын едім. Өзінің өте жауапты, тапсырған нәрсеге барынша мұқият болғанын да айтуға тиіспін. Мен онымен бір сөйлескенде ол: бізді мұнда ойнау үшін емес, мамандықты игеріндер деп жіберді ғой, ал біз түк білмей барсақ ұят қой дегені есімде. Оның шебері Дмитрий Погорелов те оны мақтап отыратын, практикаға апарғанда басқалар жылы жерге тығылуды көздеп жүргенде Нұрсұлтан ғана бәрін көруге, бәрін үйренуге тырысады дейтін ол. Орысшаны жақсы білетін ол кейде бізге аудармашы қызметін де атқаратын. Бірде тілді нашар білетін оқушыдан сабақ сұралғанда ол дайындалмаған болып шығады. Оған аудармашы Нұрсұлтан: кеше не істе-

генінді қазақша айта бер, сабақты мен дұрыс жеткіземін ғой дейді. Бірақ ана бала кеше қайда болғанын айтып жатқанда біздегі «Родина» мен «Слава» атты кинотеатрларды да атап қалады. Әрине, мұғалім мұның қулық екенін содан біліп қояды. Сол әңгіме кейін біздің арамызда аңыз болып тараған еді», деді қарт ұстаз.

Жас Нұрсұлтан мұнда үлкен ұйымдастырушы да болып, концерт, би кештерін жасап, онда қазақ, украин, орыс, татар және т.б. халықтардың әндерін шырқайды екен.

Днепродзержинскінің металлургия зауытын да көрдік. Оған кіру де оңай емес көрінеді. Жергілікті өкіметті зауыт иелері тыңдамайтын секілді, сондықтан қала басшылығы рұқсат қағазын алуға киналатын сынай танытты. Бірақ мәселе кәсіптік училище арқылы оңай шешілді. Бұлар зауытка маман дайындайтын оқу орны болғандықтан кәсіпорын басшыларымен жақсы қарым-қатынаста екен. Дәл сол күні болмаса да бір күннен кейін олар бізге рұқсат қағаз алуға қол жеткізді.

20 мың адамға жуық халық еңбек ететін алып кәсіпорын түтіні будактап, қазаны қайнап, темір жолдары тарсылдап... Гүрілдеп... Дүрілдеп... Айқайлап... өзіндік бір әлем болып, шалқып жатыр. Бізді зауыттың ішінен шыққан арнайы адам, инженер Татьяна Карпенко мен домна пешінің аға мастері Юрий Ковальчук бастап жүрді. Училище өзінің аға шебері Сергей Жаданды да қосып берген. Ұзын-ұзын сорайған тұрбалардан тұратын арандардың арасындағы тар жолдармен жүріп келеміз. Біраз жерге дейін жеткізген автокөлігіміз одан әрі бара алмайтын болған соң, қап-қара бір ғимараттың қасында тұрып қалған. Сөйлескенде даусыңды көтеріп сөйлемесең тынымсыз гүрілден түк естілмейді. Бір биік ғимаратқа кірдік, соның жоғары қабатына дейін көтеріліп, сол жерден құю процесін көрсетеміз десті. Басымызға каска берілгенімен, үстімізге халат берілген жоқ, сондықтан шаң-топырақтан көрінбейтін баспалдақтармен ықына ба-

сып, көтеріліп келеміз. Жоғарыдағы 7-8 қабаттын бірінде орналасқан басқару пультіне жеттік. Ондағылар шығарылымның (пештің ішінен құйылатын өнім) тек 40 минуттан кейін ғана болатынын айтты. Тек құю формаларын көрулеріңізге болады десті.

Сонымен Нұрсұлтан Назарбаев өндірістік тәжірибеден өтті деген 12-ші домна пешінің жанына келдік. Ол 1386 текше метрлік алып дүние екен. Қабырғаларының қалыңдығы бір метрдей етіліп, кірпіштен өріледі, бірақ ыстыктан бұзылған ішкі бетін жиі жаңалап отыруға тура келеді. Бес горновой, бір газовщик, бір су құюшы және мастер тұрып, пештің ішінен шыққан сұйық шойынды қабылдайды. Шойынның температурасы 1500 градусқа жетеді, құрыштікі одан да жоғары. Киімдер қалың шұғадан жасалады және оны жиі ауыстырып тұрады, өйткені ыстыққа шыдамай, тез тесіледі. Шығарылымнан кейін оларды дереу шешу керек, өйткені арасына шашыраған от түсуі мүмкін, ол шұғаны тесіп, денені де күйдіріп жатады. Осының бәрін бізге домна пешінің аға мастери айтып тұрды. Айғайлап сөйлемесек пештің шуылынан дәл жанында тұрған адамды да есту қиын. Бір кезек шойынның қалай балқып жатқанын арнаулы көз арқылы кара шынымен көрдік. Қып-қызыл, сұйық темір тулап жатыр, ыстықтығы мың градустан артық. Қарап тұрудың өзі қорқынышты. Оны алғаш көрген кейбір балалардың есінен танып құлауы да заңды сияқты. Бала Нұрсұлтан осыған намыстанып, өзгелер шыдағанда қазақ төзе алмай ма деп ұлтының намысы үшін ғана осы жердегі еңбекті қалағандай...

Біз тұрған жердің температурасы да 50-60 градустай, ыстық моншаның ішінде тұрғандай жәй тұрып терлеп тұрмыз. Сондықтан әңгімені тезірек аяқтап, сыртқа шығуға асықтық. Биікте, көлденең тартылған шытырманды темір басқышпен келе жатыр едік, күнге жылт-жылт еткен бір қалың кара шаң ұшты. Жанымдағылар «тикаем, тикаем,

графит!» десті. Кәдімгі қарындаш жасайтын графит кейде мұндағы өндірісте осындай шаң ұшқыны болып шашылады екен. Әрине, тыныс арқылы өкпеге конса кара шаңның аман қалдырмасы белгілі. Біздің жанымыздағылардың асықтыру себебі сол екен. Бірақ бір жолы құтылса да үнемі ұшып тұрған ондай зат өкпеге жетпей қоймайды-ау деп ойладық...

Днепродзержинск металлургия зауытының спорт кешені «Дзержинка» деп аталады. Оған бізді бұрынғы жаттықтырушы Лев Ежевский бастап апарды. Екі қабатты ғана ескі ғимарат, 60-жылдары қандай болса, қазір де сол қалпында. Қазіргі кездегідей кең тынысты, алып спорткешені емес, атағы жер жарған зауыттың дүниесі болса да қарапайым ғана халі бар екен. Кейін жанына қосалқы ғимарат салыныпты, «Дзержинкаға» сол арқылы өтесін. Қосалқы ғимараттың фойесінде атакты спортшыларының фотосуреттері ілініп, астына қол жеткізген табыстары жазылып қойыпты. Оның ішінде Нұрсұлтан Назарбаевтың суреті де тұр, астында: «Горновой доменного цеха ДМК. Призер первенства Украины и области по классической борьбе. Мастер спорта. Тренер Ежевский Л.Р.» деген сөздер жазылған.

Жас Нұрсұлтанның жүрген қадамын көзге елестету мақсатымен екі қабатты спорзалдың ішіне ендік. Алдымен шешінетін бөлмеден өттік, одан әрі жаттығу залдары басталды. Күрес залы екінші қабатқа орналасқан, ол үлкен залдың жартысын ғана алып тұр. Аржағында ауыр атлетшілер айналысатын көрінеді. Ал кіреберістің оң жағында гимнастшылар айналысады екен. Осы жерде Лев Рудольфовичке сөз берелік: «Мен ол кезде зауыттың күрестен жаттықтырушысы болып істейтінмін. Бір күні біздің жаттығуымызға үш-төрт жас бозбала келіп, қарап тұрды. Оларға көңіл аудармау мүмкін емес еді, өйткені түрлері азиялықтар болатын. Жаттығу аяқтала бергенде көзі өткірлеу біреуі маған батыл басып келді де, өздерінің күреске қатысқысы келетінін айтты. Мен одан бұрын күресіп көріп пе едің, оның әдістерін білесің

бе деп едім, әкесінен аздап үйренгенін айтты. Мен қызық үшін оны күрестіріп көрмек болдым да Николай Литошконны шақырып, онымен күресуін сұрадым. Николай біздің топтағы үздік балуандарымыздың бірі болатын, сондықтан ол жаңа келген жасты бірден алып ұратынына сенімді еді. Жаңа жігіт осыны күтіп тұрғандай, еш саспастан жылдам шешініп, Литошкомен ұстаса кетті. Жұрттың бәрі демдерін ішіне тартып қарап тұр, әлгідей болмай-ақ қонағымыз Николайды алып ұрды. Қызарыңқырап, жұрттан қысылып қалған Николай тағы да күресіп еді, тағы да қос жауырынымен жер қапты. Осыдан кейін азаматпен танысып, оның бізге оқуға келген қазақстандық Нұрсұлтан деген училище оқушысы екенін білдік. Сол күннен бастап мен оған қатты назар аударып отырдым, оның еңбекқорлығы, тиянақтылығы қатты қызықтыратын. Жаңа үйретілген әдісті ол қашан қапысыз менгеріп алғанша қайта-қайта қайталап, әбден игеріп алатын. Жарыстарға қатысқанда табанды, қайтпайтын, нағыз күрескер еді. Жаттығудан да себепсіз ешқашан қалып көрген емес. Бұрыннан шебер болып жүргендермен ол көп ұзамай-ақ бір деңгейге жетіп, соның ішінде Н.Литошкомен дос болып кетті. Қызық әңгімелер, анекдоттар айтуға де шебер екенін көрсетті, осының бәрі оның төңірегіне жастарды топтайтын», деді жаттықтырушы.

Біз жоғарыда Николай Литошконның үйі қаланың Романково селосы болған тұсында екенін айтқан едік. Қазір қаланың осы кентін де сол селоның атымен атайды екен. Мікола Литошкомен дос болған бала Нұрсұлтан оның осы аудандағы үйіне жиі барып тұрғанын, оның Ольга деген апасын ұнатып та қалғанын, ал анасы Екатерина Карповна Нұрсұлтанды екінші ұлындай көріп кеткенін Нүрекең өзінің «Без правых и левых» кітабында, В.Базарянинов пен Н.Цыганок «Предсказание» атты жинақтарында, біз «Президенттің досы» атты «Егеменге» шыққан мақаламызда (26.09.2007 жыл.) толық жазғанбыз. Енді, Днепрдзержинск қаласы-

на дәм тартып келіп қалған соң жас Нұрсұлтанның барып тұрған үйін көргіміз келді.

Осы уақытқа дейін бізді Днепродзержинскіде алып жүрген Василь Черномор да, Лев Ежевский де бұл жақтарды аса білмейтін болып шықты. Ал Литошконың өзі сол кезде Қазақстанда тұратын. Днепродзержинскіге жүрер кезде біз онымен кездесіп, баласы Сашконың мекен-жайы мен телефон нөмірін алған едік. Енді сол жігітті іздеуге тура келді. Бізге кездескен барлық украиндықтар сияқты бұл жігіт те үлкен ілтипат көрсетіп, барлық көмекке дайын екенін білдірді. Сөйтіп біз Днепродзержинскіде көргіміз келген қалған жерлерді осы жігітпен бірге араладық.

Романково ауданындағы Литошконың үйі шаһардың кілең жатаған үйлері орналасқан, тыныш, тылсымды мекені болып шықты. Үйлерінің алды бау-бақшаға толған, жасыл желекті, әрі гүлдердің хош иісі анқып тұрады екен. Училищенің маңынан шығып, автокөлікпен жүргенде бұл мекен алты шақырым болды, бірақ Нұрсұлтандар ойнап-күліп, тура жолмен жаяу келгенде 1-2 шақырымды ұтады екен. Оның үстіне бұрын жақындау жерге түсіретін трамвай да жүріп тұрған көрінеді. Үйдің маңына жеткізетін

Осипенко көшесінің өзі тар, үлкен көліктер жүрмейтін ұзын дәліз секілді. «Жақсыдан шарапат» дегендей оның бойындағы асфальт та 1994 жылы Нұрсұлтан Назарбаев осында келеді деп төселіпті. Сөйтіп, Осипенко көшесіндегілер оған риза болып қалған екен, ал асфальт болмағанда бұл жерлер жауын жауса езіліп, миы шығып жататын көрінеді.

Біз Осипенко көшесінен қиыстау кететін бұрылыстың түкпірінде орналасқан, казак баласына жылы мекен болған үйдің өзін көрдік. Николай Литошко оның 64 шаршы метр екенін айтқан еді, айтса айтқандай шағын ғана, тар үй болып шықты. Қазір онда ешкім тұрмайтындықтан бұзылып жатыр екен, бірақ сұлбасы әлі тұр. Айнала жап-жасыл, көк шалғын. Осы үйден әрі тұрғын үйлер мүлде жоқ болып

шықты. Бізде болса мұндай жерді ендігі алушы табылар еді, бірақ Днепродзержинскідегі үй кұрылысы бәлендей мәз емес сияқты.

Осы жерде біз Литошконның Нұрсұлтанды көрген көршілерімен, таныстарымен де әнгімелестік. Соның ішінде Владимир Решетняк деген кісі Нұрсұлтанды жиі көретінін айтты. «Әрине, мен онымен жақсы таныс болдым дей алмаймын. Олар бізден көп үлкен ғой, менің өзім 1949 жылғымын. Бірақ осы маңайдағы жас балалар Николайдың маңына үйірілетінбіз. Ол бізге күрес үйрететін, футбол ойнауды ұйымдастыратын. Сол кездерде оның үйіне училищедә оқитын Нұрсұлтан деген жас жігіт жиі келетін. Жігітке баладан гөрі қыздар көбірек қарайды емес пе, осы маңайдағы бойжеткендер қылмындасып, оның көзіне түсіп қалуға тырысатынын сезетінмін. Бәрі де онымен қалжындасып, көп сөйлесетін. Николай үйінің жанында үлкен қоңырау болды, кешке соны қағып биге шақыратын. Біз сияқты жас балалар да уласып-шуласып, сол жерден табылатынбыз», деді көрші.

Ал Иван Стрижигус деген көрші: «Мен олармен жақсы араластым. Соның ішінде Саханмен дос болдым. (Сахан дегені Батырханов Сейітхан деген жігіт екенін артынан анықтадық **Ж.С.**). Бәріміз бірге жүретінбіз. Нұрсұлтан арақ ішпейтін, кішкене ауыз тиеді де тез тоқтатады, бізге де көп ішкізбейді. Өзі дембелше, қарулы жігіт еді, алысканда бәрімізді жығып тастайтын. Түрлі ойындар ойнайтынбыз, күресетінбіз, кешке би ұйымдастыратынбыз. Ешқандай жаманшылығын көрген жоқпын, бәрі де тамаша жігіттер еді ғой. Мына фотографияны төртеуіміз бірге қыдырып жүргенде Нұрсұлтан түсіріп еді», деп бір фотосуретті де көрсетті. Ал Саханмен кейін хабарластыңыз ба дегенге, жоқ, ешқандай хабарым болмады. Жұрттың бәрі достарын іздейтін Нұрсұлтан емес қой, Сахан мені ұмытып кеткен шығар, деді ол.

Осыдан әрі Нұрекеңмен тура қатыстығы болмаса да сол жылдары училищеде қатар оқыған Анатолий Литвин, Иван Романенко деген кісілермен де сөйлесіп, сол жылдардағы ахуалдарды, қазақ балаларына деген көзқарастарды сұрадық. «Мен Нұрсұлтан Назарбаевпен бір жылы туғанмын», деп бастады өзінің әңгімесін Анатолий Литвин. «1958 жылы мен де қазақ балалары оқыған училищеде оқыдым, бірақ менің мамандығым токарь еді. Әрине, бұрын көрмегендіктен бізге қазақ балаларының өмірі таңсық болды. Олардың бойынан мені таң қалдырған нәрсе, ұйымшылдығы болды. Сол жылдарда «Весна на Заречной улице», «Часы остановились в полночь» деген секілді киноларға қатар барып жүретінбіз. Әрине би кештерінде де жиі ұшырасатынбыз. Қазақтар мені өздерінің талаптылығымен, үнемі бірге жүретін ынтымақтығымен таң қалдыратын. Сөйтіп жүргенде мен біздің жақта тұратын Николай Литошконның бір қазақ баласымен дос болып жүргенін көрдім. Ол Нұрсұлтан Назарбаев еді. Шынымды айтсам мен олардың достығына қызықтым, өкінішке орай өзімде ондай достар болған жоқ. Мен Н.Назарбаевтың сол жылдардағы балалық досын әлі күнге ұмытпайтынына таң қаламын. Бұл - қазақ халқының айнымайтын, сенімділігінен болса керек. Оның үстіне Назарбаев қазір әлемге әйгілі адам ғой, сонда да ол өзінің қарапайым достарын ұмытпай, оларға тіпті қамқорлық жасайтыны қалай таң қалдырмасын» дей келіп ол қазір қалалық радионы басқаратынын айтты және оның бір қызметкері бізден сапарымыздың мақсаты жөнінде сұхбат алып, сол күні радиодан да берді.

Иван Романенко да Нұрекең оқыған жылдары училищеде білім алыпты. Кейін сол училищенің директоры да болған. «Біз училищеде оқығанда үшінші қабатта, олар екінші қабатта тұрды. Қазақ балаларында аккордеон, домбыра болғанын білемін, ал бізде гитара болды. Біз кейде бір-бірімізбен алмасып тұратынбыз. Нұрсұлтанмен жақсы таныс болдым

деп айта алмаймын. Бірақ оны білдім, өйткені ол қазақ балаларының лидері болған соң үнемі көзге түсіп жүретін. Біз қазақ балаларымен тату, жақсы қарым-қатынаста болдық».

«Сен Нұрсұлтан, Министрлер Кеңесінің төрағасы боласың» деп сәуегейлік айтатын Погорелов Дмитрий деген қазақ балалары тобының мастері бар емес пе еді, біз соның басына да барып, жақсы сөз айтқанда періште «әумин» деген киелі адамның рухына бас игіміз келген. Бірақ ол кісі мұнда емес, Днепропетровскіде жерленген екен. Жалғыз қызы Ольга сонда тұрады, Дмитрий Изотович соның қолында қайтыс болған, десті білетіндер.

«Язык до Киева доведет» деген сөз бар орыстарда, ал біз Киевтің түбінде тұрып, Ольга Дмитриевнаны таба алмаймыз ба, оны да тауып, ұзақ әңгімелестік. Бұл бір өте қарапайым, білімді, сонымен бірге жан-дүниесі таза жан екен. Ол өзінің білетіндерінің бәрін бізге бәлсінбей айтып берді. «Папамды үйде сирек көретінбіз, ол үнемі жұмыста болатын. Тіпті үйге келсе де тобында анау болды, мынау болып жатыр деп оған телефон шалып, маза бермейтін. Еңбекке әбден берілген, өзінің міндетінен басқаны білмейтін адам еді ол. Бірақ кейде әңгіме айтып, тобындағы балалардың қызық қылықтарын да жеткізіп қоятын. Соның ішінде Нұрсұлтанның есімін ауызға жиі алатын еді. Тіпті тобыңа анау-мынау керек болып қалды деп телефон соғылып жатқанда да «Нұрсұлтан бар емес пе» немесе «Нұрсұлтанның сұрандар» деген сөздерін жиі естіп қалатынмын. Әкем олардың мастері ғана емес, әкесі мен шешесіндей қамқорлық жасаған адам. Оның сол еңбегін жоғары бағалап, күні бүгінге дейін аузынан тастамай айтып жүретін Нұрсұлтан Әбішұлына өте ризамын. Өзім әке-шешенің жалғыз баласымын. Әкей 1913 жылы туған, 1985 жылы 72 жасында менің қолымда қайтыс болды. Шешем өте аурушаң адам болды, ол фин соғысына қатысып, жарақат алған адам еді. Өзім тұрмысқа шықпай, әке-шешеме қарайлап қалдым. Күндіз жұмыс істеп, кешке

металлургиялық институтты оқып бітірдім. Кейін өзімнің саламда қызмет істеп, металлург ретінде уақытынан бұрынырақ зейнетке шықтым. 1994 жылы Нұрсұлтан Назарбаев келгенде қарсы алушылардың ішіне мені де қосты. Сол жолы әкемнің зиратын іздетіпті, егер Днепродзержинскіде болса Нұрсұлтан Әбішұлы оның басына бармақшы екен. Бірақ Днепропетровскіде болған соң, бұл мәселе аяқсыз қалған сияқты. Мені Днепропетровскіден облыс басшылары тауып алып, кездесуге апарды. Өте қатты толқыдым, меніңше Нұрсұлтан Әбішұлы да толқып отырған сияқты болды. Мені таныстырғанда «ә, Дмитрий Изотовичтің бізден жасырып жүрген қызы сен екенсің ғой» деп күлдірді. Сол сөзден әрі мен өзімнің ағаммен кездесіп отырғандай болдым, оның тарапынан да маған бір жылылық, камкор көңіл сезіліп тұрды. Күні бүгінге дейін өзімді солай сезінемін, алыстағы Қазақстанда аты әлемге тараған алып ағам бар сияқты. Мүмкін бұл менің ешқандай туғаным жоқ болғандықтан шығар... Мен оған әрқашанда бақыт тілеймін. Нұрсұлтан Әбішұлы кетерде маған әкемнің басын көтертуге материалдық көмек берді, сонымен бірге естелік сыйлықтар тапсырды», деді Ольга Дмитриевна.

Міне, Нұрсұлтан Әбішұлының Днепродзержинскідегі жылдары және онымен байланысы туралы осындай дүниелерді көрген едік. Бұл туралы газет көлеміне лайықталған шағын мақаламыз «Егеменге» шыққан.

*Астана-Киев-Днепродзержинск-Астана
2010 жыл*

ЖАПАНДАҒЫ ЖАПОНДАР

2011 жылдың наурыз айында Жапонияда 9 баллдан асқан сұрапыл жер сілкінісі болып, соның дүмпуімен теңізде туған, биіктігі кей жерлерде 40 метрге дейін көтерілген алып цунами жағалауды түгел шаюымен қоймай Фукусима-1 атом-электр стансасының жарылуына да соқтырып, елді орасан зор радиациялық апатқа ұрындырды. Хонсю аралының шығыс жағындағы елді мекендердің бәрі қирап, мындаған адамдар үй-күйсіз қалды. Эпицентрі жапон аралынан 70 шақырым жерде ғана болған зілзаланың тасқыны 15-20 минутта-ақ елді-мекендерге жетіп үлгерген. Бұл уақытта ешкімнің апаттан қашып құтылу мүмкіндігі де болмай қалған. 69 минуттан кейін цунами Сендай әуежайын су астында қалдырды. Автомобильдер мен ұшақтар қақпақылданған ойыншықтардай соғылып, су бетінде қалқып жүрді. Қаншама үйлер мен ғимараттар су астында қалды. 12 префектурадағы өлген адамдардың жалпы саны 15870 адамға жетті, 2846 адам хабарсыз кетіп, 6110 адам жараланды. Фукусима-1 атом электрстансасының айналасындағы 20 шақырымдық радиустағы шеңбер қауіпті радиациялық зона деп жарияланды. Осының бәрін еске алып отырған себебіміз – сол апат кезіндегі жапон халқының ұстамдылығын еске салу еді. Көрсетілген телехабарлар, репортаждарға карағанда бірде-бір адам шарасыздық танытып, байбалам салып, сабырынан айрылған жоқ. Бәрі де салмақты, ештеңе болмағандай, байсалды түрде оқиғаның зардабын артық-ауыс сөз қоспай, адамгершілік қасиетін жоғалтпай, салқынқандылықпен жеткізіп жағты. Ешкім де жапон өкіметін, әсіресе апат туралы алдын-ала хабар бере алмаған «бәрін де алдын ала біледі» дейтін мақтаулы сейсмологиялық қызметтер туралы ауыр сындар айтқан жоқ. Ешкімге қарғыс та жаудырған жоқ. Бұл не деген ұстамды, рухы мықты, төзімді халық деп бізде таң қалмаған адам жоқ шығар. Әлде ұлылық деген осындайдан көріне ме екен?

Ал бізде ше... Басканы айтпай-ақ үстіміздегі жылдың көктемінде Оңтүстік Қазақстан облысында болған тасқынды еске алайық. Онда арнадан асқан су 7 үйді шайып кетіп, 83 тұрғын үйді апатты жағдайға қалдырды. Адам қазасы болған жоқ. Соның өзінде: тәубе, әйтеуір өзіміз аман қалдық деген бір адамды көргеміз жоқ, теледидардан сөйлеген әйелдердің бәрі тек шарылдап, еркектер байбалам салып, біреулерді кінәлі кылып жатты... Әрине, олардың трагедиясын түсінуге болады, көмек те уақтылы жетпей жатқан болар, бірақ адами ұстамдылықтан да айрылмау керек еді ғой. Ешкім оларға қасақана залал келтірген жоқ, ал табиғат апаты айтып келмейді. Сөздің шынын айтатын болсақ, осы байбаламшыл, қайтсе де біреуді жазғыруға дайын тұратын кінәмшіл жаман мінез бізге орыстардан жұқты. Әрине, олардан турашылдық, әділдік шыншылдық секілді жақсы мінездер де жұққан-ақ шығар, бірақ осы – қандай да бір проблемаға біреуді кінәлі кылып, көзді қызартып шыға келетін жаман мінез де солардан келіп, бізге әбден сіңіп кетті. Әйтпесе, қазақтың өзі ежелден төзімді жұрт болатын, «құдайдың басқа салғаны шығар, өзіміздің аман қалғанымызға тәубе, алдағыны Алла көрсетер, ел көмектесер» деп байбалам салмай-ақ, басалқылықпен сөйлейтін халық еді.

Міне, осындай – ұстамдылығымен тәнті еткен жапондар туралы жазғым келіп, қолға қалам алдым. Шынын айтатын болсам, тілі басқа, ділі мен діні де басқа, бірақ жері мен түрі бір, көз нұрының жылылығы да өзіміздің қазақтар секілді басқа азиялықтарға қарағанда молдау келетін жапондарға деген сүйсініс менде ежелден бар болатын. КСРО қоластында болғанда, кім қалай ойласа өзі білсін, мен орыстар мен жапондар қандай да бір жарысқа түссе де соңғыларға жанкүйер болатын едім. Бізге ешқандай пайдасы болып, қоржынымызға олжа салмаса да жапондардың дүниежүзіндегі жетістігіне қуанатынмын. Осының өзі еуроцентризм деген озбыр саясатты жақтап, азиялықтардың бәрін өздері-

нен кем тұтатын «ұлы орыстық» шовинистік, колониалдық режимге деген қарсылықтан туған күй шығар деп ойлаймын қазір. Олар өздерін Еуропаға ғана теліп, өнер-білімнің бәрі еуропалықтардан ғана шығады дегенді басымызға ерікті-еріксіз үйіп жатқанда, өзіміздей азиялық жапондар оза шауып, алға түсіп бара жатқанына іш бұрып, жасаған дүниелерінің сапасы, сәні, технологиялық озықтығы КСРО-ны шаң қаптырып жатқанына қуанатынмын. Соларды көріп тұрып: кәне, азиялықтардың кемістігі, сендерден артық болмаса кем емес деп Жапонияны мысал етіп, өзімізбен ойынды-шын айтысатын талай орыс-қазақ таныстарымыздың да аузын жабатын едік. Осы жағдайдың өзі бізді жапондарға ежелден жақын етті-ау деймін.

Еуропалық жұрттың көбі, соның ішінде орыс империясы да бар, озбыр саясат ұстанып, өзгелердің байлығын тартып алып әрі өздерін өзгелерден артық санап, XVIII – XIX ғасырларда от қарудың күшімен барлық әлемді жаулап, өзінің тас бауырына, жат бауырына басты. Езді, еңсесін түсіріп, құлдыққа салды. Азияда еуропалықтар құлдыққа сала алмаған екі-ақ жұрт болды. Оның бірі біздің туысымыз – осман түріктері, екіншісі осы жапондар еді. Осы екі халық қана еуропалықтардың колониалдық езгісіне түспей, азат өмір сүре алды.

Жапония аралдарда орналасқан мемлекет болғанымен шағын емес, дүние жүзінде жер көлемі бойынша ол 61-ші орын алады. Барлық жер аумағының 97 пайызын үлкен төрт арал құрайды. Қалған аумақ 6852 ұсақ аралдардан тұрады. Ең қиыны жерінің көп бөлігі таулы, вулканды болып келеді. Қазір халқының саны 127 млн. адам. Қазақстанмен салыстырғанда Жапонияда бір күрек те пайдалы қазба жоқ деуге болады. Салыстыру үшін айтатын болсақ Жапониядағы барланған мұнайдың барлық көлемі 3,8 млн. тонна, ал Қазақстандағы осы көрсеткіш 6,5 млрд. тонна. Бірақ соған қарамай Жапония әлемде барлық сауда айналымы бойынша

төртінші орында тұрған экспортер, алтыншы орында тұрған импортер болып есептеледі. Аса сапалы, өнер мен ғылымның ең жетілдірілген жетістіктерін қолданумен шығарылатын оның жоғары технологиялы тауарлары мен өнімдері әлемдік бәсекелестікте жұрттың бәрін жеңіп, ең бай елдердің қатарына көтеріп тұр. Қазір Жапония ІЖӨ-нің номиналдық көлемі жағынан АҚШ пен Қытайдан кейінгі үшінші орында. Соңғы кезге дейін алдына тек Американы ғана салатын еді. Ал ІЖӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі 34600 доллар.

Жапондар өз несібесі үшін болған 1904-05 жылдардағы орыс-жапон соғысында Ресей империясын ойсырата жеңді. Ұзақ жылдар бойы КСРО тарихының оқулығы бізге Ресейдің жеңілуін халық арасындағы төңкерісшіл көңіл-күйдің кедергі болуымен, патшалықтың армияны дұрыс басқара алмауымен түсіндіріп келді. Сонымен бірге «жеңімпаз империя» тас-талқан болып жеңілген бұл соғысқа аса мән берілмей, оны аймақтық кикілжіңге балаған күй де байқалатын. Ал шын мәнінде бір жыл жеті айға (1904 жылдың қаңтарынан 1905 жылдың қыркүйегіне дейін) созылған бұл соғысқа Ресей империясынан 500 мың, жапон жағынан 300 мың жауынгер қатысып, соғыс театры құрылықта Қиыр Шығыстағы қазіргі Ресей аумағын, Қытай, Корея, Жапония жерлерінің үлкен бөлігін, ал суда Сары теңіз бойының алып аймағын шарпыды.

Бір ауыз сөз оның алғышарты туралы да айта кетелік. 1894-95 жылдары жапон-қытай арасында үлкен қанқұйлы соғыс болған. Оның қорытындысы бойынша Жапония жеңіске жетіп, Симоносек келісімі бойынша Қытай Кореядан бас тартатын болды, ал жапондар бірнеше аралдармен бірге Ляодун түбегін меншігіне алған. Сонымен бірге Қытай 200 млн. лян (7,4 тонна) күміске тең контрибуция төлеуге мәжбүр болған. Сөйтіп, Жапония соғыста жеңіске жетіп, қуанышын тойлап жатқанда Ресей, Франция және Германия

үшеуі бірігіп, үшжақты қысыммен жапондардың стратегиялық маңызы зор Ляодун түбегінен бас тартуға мәжбүр етті. Артынан Қытайдың осы түбегін жалға алған дегенді сылтау қылып, Ресей басып алды. Сөйтіп, суы қатпайтын теңіздегі Порт-Артур мен Дальний (орысша атаулары, қытайшасы баска) атты екі портты өзіне меншіктеп алды. Іс жүзінде Ресей өзінің жақтастарымен бірге қысым көрсету арқылы жапондардың соғыс жетістігін тартып алған еді. Бұлар туралы мектепте біз оқыған КСРО тарихында мүлде айтылмайды, онда тек Жапония басқыншы, соғысқұмар ел ретінде ғана суреттелетін еді. Өз мүддесін өзгеге жібермейтін Жапония содан бері орыс патшалығымен соғысуға тісін қайрап, дайындалып жатқан. Ақыры оның сәті 1904 жылдың қаңтарында келіп, Жапония Қиыр Шығыстағы Ресей меншіктеріне тап берді.

Жапонияның шабуылы орыс қоғамын күтпеген жерден топтастырып, көшелерде бұрын-сонды болмаған патриоттық манифестациялар ұйымдастырылған. Тіпті төңкерісшіл көңіл-күйде делінетін Петербордың студент қауымы да бірігіп, «Қысқы сарайдың» алдына барып, «Боже, храни царяны» айтып тұрып алған екен. Оппозициялық ұйымдар да соғыс біткенше өздерінің талаптарын қоя тұру жөнінде шешім қабылдаған. Бірақ сондай топтасуға қарамай жапондар орыс империясын тас-талқан қылып жеңді.

1905 жылдың ақпан айында жапондар Мукденде болған ең басты шайқаста 100 шақырымдық майдан шебі бойы орыстарды қатты тықсырып, шегінуге мәжбүр етті. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталғанға дейін бұл шайқас жаяу әскердің адамзат тарихындағы ең үлкен ұрысы болып есептелді. Екі айға созылған осы шешуші ұрыста жапон жағы сөзсіз жеңіске жетті. 1905 жылғы 9 тамызда Американың Портсмут қаласында болған келісім бойынша Ресей империясы тізе бүгіп, Сахалин аралының жартысын және барлық Курил аралдары мен Ляодун түбегінен бас тартуға мәжбүр

болды. Орыс тарихшылары контрибуция төлемедік деп мәз болғанымен аталмыш аумақтардан жапон жағы 500 млн. сомға жуық пайда көрген. (Ол кездегі орыс сомының бәсі доллардан әлдеқайда артық болған).

Сөйтіп, жапондар орыс империясын күші өздерінен артықтығына карамай сонау моңғол шапқыншылығынан кейінгі жаңа тарихта қақырата жеңген аз елдердің бірі болды. Бұл азиялық жапондардың батыр, ержүрек халық екендігін көрсететін бір факті ғана.

II Дүниежүзілік басталып, Жапония Германияның одақтасы деп танылса да 1941 жылдың сәуір айында ол КСРО-мен бейтараптық ұстанатындығы жөнінде пактіге қол қойды. Бұл пактіде екі мемлекет бір-біріне 5 жылға дейін шабуыл жасамайды, үшінші бір мемлекет тарапынан екеуінің біріне соғыс ашылса – оны қолдамайды делінген. Өзінің осы міндеттемесін Жапония толық орындап, КСРО-ға Батыстан Германия басып кіргенде оның одақтасы ретінде Шығыстан шабуыл жасаған жоқ және ешқашан соғыс жарияламады. Соның арқасында КСРО барлық әскери күшін неміс-фашистеріне қарсы шоғырландырып, олардың шабуылын тоқтата алды. Жапонияның осы, тарихи әділетті іс-әрекетіне лайықты бағаны КСРО тарихшылары да, қазіргі орыс тарихшылары да берген жоқ. Олар керісінше, өзі де жеңілуге бет алған Жапонияға КСРО-ның 1945 жылдың 9 тамызында, яғни АҚШ-тың Жапонияға екінші атом бомбасы тасталған күні бейтараптық туралы пактыны бұзып, соғыс ашып, басып кіргенін ақтап бағады. Шын мәнінде бұл КСРО-ның өз сөзіне берік емес, екіжүзді, сенімсіз мемлекет болғанын көрсететін бір факты.

Жапондар сол кездің өзінде азуын айға білеген АҚШ-қа 1941 жылдың 7 желтоқсанында шабуыл жасап, оның Тынық мұхитындағы ең ірі әскери-теңіз және әскери-әуе базасы Пёрл-Харборды отқа орағанын жақсы білеміз. Бұл айкаста жапондар АҚШ-тың 200-ден артық әскери ұшағын, 4 лин-

корын, 2 эсминецін және минаға карсы тұратын қорғанын жойып, төрт үлкен кемесін, үш крейсерін, үш эсминецін жарамсыз қылды, 2400-дей адамын қазаға ұшыратып, 2 мыңдайын жаралады. Өздерінің шығындары 29 ұшак пен 4 шағын сүнгүір қайық, өлгені және жараланғаны бар 65 адам ғана болды. Әрине, кез келген соғысты ақтауға болмайды, бірақ жапондардың АҚШ-қа басып кіруінің толып жатқан толымды себептері мен алғышарттары бар екені даусыз. Біздің міндетіміз оның ақ-карасын айыру болмағандықтан себептерін ашуды да жөн көрмедік. Мәселе, жапондардың қай күнде озбыр саясат ұстанып, Батыс Еуропадағы әріптестерімен бірігіп, Тынық мұхитындағы адымын аштырмай, түрлі келіссөздерде өздерінің мүддесіне үнемі кол сұғып отырған елге батылдықпен басып кіріп, ойсырата соккы беруінде болып отыр.

Осы соғыста жапон халқы тарапынан жасалған бұрын-соңғы дүниежүзілік тарихта болмаған айрықша ерлік туралы айтуды жөн көрдік. Ол жапон жастарының «бомба-ұшакпен» зулап келіп, жаудың кемесін бүйірден соғып, бомбасын жаруы. Мұндай соккы алған қандай кеме болса да істен шығып отырған. «Камикадзе» (тайфун желінің атауы) деп аталатын ерліктің осынау айрықша түрімен жапон жастары жаппай айналысып, Отан үшін, жер үшін өздерін құрбандыққа шалған. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталар сәтте студент жастар арасынан өз еріктерімен 2525 ұшкыш-камикадзелер дайын болған екен. Бұлардан басқа камикадзе болуға өз еріктерімен 1327 әскери ұшкыштар жазылыпты. Сондықтан жапон авиациясы камикадзелерден еш тапшылық көрмеген. Керісінше, ұшактардың санына қарағанда камикадзе боламын деушілер үш есе көп жиналыпты. Олардың көбі университеттердің 20 жастағы студенттері болған, олар ата-бабалары самурайлардың патриоттық өрлігін қайталап, Отан үшін ерлікпен қаза табуды өздеріне бақыт санаған. Соған орай жапон қоғамы да камикадзелерге үлкен құрмет

көрсетіп, көңіл тебіренерлік салтанатпен шығарып салып, оларды бірден батырларға балаған. Камикадзелер дәстүрлі түрде ұлттық сусын – сакэден татып, маңдайларын хатимаки деп аталатын ақ шытпен таңып алатын болған. Бұл олардың ақ өлімге бет алғандығының белгісі. Ал оған қадалатын бір тал хризантема гүлін сүйген қызы немесе жиналған көптің арасынан өз еркімен шыққан сұлу қыз тағып берген. Со-сын камикадзе Жапонияның оңтүстік батысындағы Каймон тауын бір айналып ұшып, туған еліне соңғы рет көз тастап, онымен коштасқан. Ал жердегі халық бұл уақытта отша-шулар атып, батырға «ақ өлім» тілеген. Камикадзе атанып, жауға аттанған жастың ата-анасы мен жақын туыскандары да бірден, осындай ержүрек ұл өсіргендері үшін, аса құр-метті адамдар қатарына еніп, бүкіл ел болып оларды алақан-дарына салып, қадірлеген. Діни храмдарда камикадзелердің құрметіне дұға оқылып, Құдайдан олардың рухына жеңіл-діктер тіленген. Міне, ерлікке осындай құрмет көрсетілген елде патриотизм жалынының алаулауы да сөзсіз ғой.

Камикадзелердің ұраны – «бір ұшак – бір кеме» болған, яғни бір камикадзе бір кемені жаруға міндетті. Осынша ка-микадзе ұшатын болса, одақтастардың жауынгерлік кемелері де жетпеген болар еді. Америкалықтардың атом бомбасына жүгінуінің бір сыры да осы. Жапон мәліметтеріне қарағанда камикадзелер жаудың 81 кемесін суға батырып, 195-не ақау келтіріп, істен шығарған. Америкалықтардың есебі бойын-ша 34 кемені суға кетіріп, 288-не залал шектірген. Қайсы болса да аз емес, оның үстіне одақтастар әскерінің арасында камикадзелер үлкен үрей жасап, қорқыныш дүрбеленін ту-дырған. Мұның өзі әскердің жауынгерлік рухын жасытып, әбден абыржытып тастаған. Ол кездегі кемелердің судын үстімен атқан октай зуылдап келіп, бүйірден соғатын ками-кадзелердің ұшақтарына қарсы әрекеттері әлсіз болыпты.

II Дүниежүзілік соғыс тарихындағы осы айрықша ерлікті үлкен үлгі ретінде насихаттау да жеңілген елге жеңіл бол-

маған секілді. Сондықтан камикадзелер туралы біздің де білігіміз орыс авторлары жазған әдебиеттерден аспайды. Камикадзелердің ерлігіне бүкіл әлем таңырқап, патриоттық ерліктің үлгісіне балайды. Жалғыз жапондар ғана емес, олардың ерліктерін басқа халықтар да ән-жырға қосқан. Соның ішінде 90-шы жылдары Санкт-Петербуркте «Камикадзе» атты әншілер тобы болған. Олардың «Камикадзенің махаббаты» атты жақсы әні бар еді. Сондай-ақ белгілі композитор Александр Розенбаум да «Камикадзе» атты ән шығарып, айтып жүрді. «Алиса» тобында да камикадзе туралы ән бар. Біздің қазақ ақындары арасынан осы жүрек жұтқан ерлікті жырға қосқан адамды білмейміз, баскадан тәуелді болған бізге жас ұрпақты мұндай ерлікке үндеуге сірә цензура рұқсат бермеген секілді. Ал енді, тәуелсіз ел атанғанда осынау көзсіз болса да саналы да сапалы ерліктің маңызына мән беретін кез жетті.

Жапонияны соғыста тізе бүкті деп билеуші тобы қол қойса да ержүрек жапон әскер басшылары мен жауынгерлері соғысты жалғастыра беруді қалаған. Олардың кейбірі императордың әрекетіне қарсылық ретінде Токиодағы орталық алаңға келіп, өздеріне өзі харакири жасаған. Кейбір тарихшылар жапондар АҚШ-тың сол кезде екі-ақ атом бомбасы болғанын білмей қалды, білгенде соғысты одан әрі жалғастыра беретін еді деген ойлар айтады. Сонымен бірге КСРО тарихындағы «Жапония сөзсіз тізе бүкті» деген тіркес те дұрыс емес көрінеді. Жапон жағы капитуляцияға ғана қол қойған, ал ол тек жапон әскерінің жеңілгенін мойындайтын құжат. Бұл капитуляция бойынша Жапонияның императорлық басқаруы мен саяси жүйесі, территориялық тұтастығы толық сақталған. Ал «сөзсіз тізе бүккен» болса, бұлар бұзылатын еді. Бірақ соған қарамай КСРО оңтүстік Курилдегі – Итуруп, Кунашир, Шикотан және Хабомаи деп аталатын төрт аралды тартып алды. Шын мәнінде бұл аралдар Жапонияға Сахалинді түгелімен орыстар жағында қалдыру

шартымен 1855 жылғы, одан кейінгі 1875 жылғы Петербор келісімі бойынша берілген. Оған дейін Сахалиннің жартысын жапон жағы пайдаланып келген болатын. Сондықтан бұл аралдарды Ресей аумағы деп атау орынсыз.

КСРО тарабы 1945 жылдың 17 шілдесі мен 2 тамызы аралығында болған Потсдам конференциясында қабылданған шешімді де өрескел бұзды. Онда жапон жағының қолға түсіп, карусыздандырылған барлық жауынгерлері елдеріне қайтарылып, бейбіт еңбекпен айналысатын болады делінген. Бірақ Кеңес жағы Квантун армиясымен соғыста қолға түсіп, карусыздандырылған жапон тұтқындарын елдеріне қайтарған жоқ, КСРО аумағына алып келіп, аса ауыр жұмыстарға салды. Соның кесірінен олардың 55 мыңы қырылып, 47 мыңы хабарсыз кетті.

Итуруп, Кунашир, Шикотан, Хабомаи аралдарының жалпы аумағы 4946 шаршы шақырым. Бұл КСРО-ның бір ортаңқол ауданының аумағындай ғана. 22 млн. шаршы шақырым жері болған КСРО осы оймақтай-ақ аумақты жапондарға кимай келді. Сол үшін Жапония мен КСРО өмір бойы қырғи қабақ болды. Егер осы проблема шешілсе КСРО мен Жапония арасындағы сауда-экономикалық байланыстар жақсы дамып, соңғының жоғары технологиялы жабдыктары мен өнімдері бізге еркін енетін еді. АҚШ-тың сыртқы саясаты КСРО-ның Жапониямен арақатынасының жақсарып кеткенінен қатты сескеніп, бұл екеуінің үнемі қырғикабақ болғанын қалаған. Қазір КСРО-ның мұрагері, 17 млн. шаршы шақырым жері бар Ресей Федерациясы да бұл аралдардан айрылмақ емес. 17 мыңдай ғана адам тұратын бұл аралдардың Ресей үшін аса маңызды екенін олар Охот теңізіндегі жапа-жалғыз билік жүргізу құзырынан айрылып қалатындығымен түсіндіреді. Бірақ бұл мәселені алдын ала жасалатын келісімшартпен реттеуге болатын еді ғой. Шынын айтса бұл жерде орыстар жапондардың балық аулау өнеркәсібінде өздерін айдалаға қалдырып, бәсекелестік-

те басып озатынынан коркатын секілді. Сондықтан да оймақтай аралдарға тістесе жабысып, айрылмай отыр.

Жапондар соғыстан кейін алты жылдай АҚШ-тың оккупациясында болды, бейбіт келісім-шартқа тек 1951 жылы Сан-Франциско қаласында қол қойылды. Алымды Америка «қырғи-қабак соғыс» жылдарында Жапониямен жақын болу өте тиімді екенін біліп, оны Тынық мұхитындағы өзінің ең жақын әріптесіне айналдырды. Саясаттағы демократиялық өзгерістер мен ұтымды экономикалық реформалардың нәтижесінде әрі еңбекқор, әрі талантты жапон халқы елдерін күрт дамытып, бәсекелестікте бәрінің алдына түсті.

Жапондардың ділі икемді, дәстүрлі құндылықтарды ешқашан аяққа баспай, оларды қастерлеп ұстай білетін дінгегі берік халық. Елшіл, мемлекетшіл мінездерді қастерлеуі халықтық патриотизммен астасып, саналарға берік орнаған. Жоғарыда біз Фукусима-1 АЭС-ндегі жағдай туралы айттық. Оның зардабын жоюға баратын еріктілер шақырылғанда жапондықтар бұғып қалған жоқ, барлығы да жағдайдың аса қауіпті екеніне қарамай, отбасымен мәңгілік қоштасып, ел үшін керек іске батыл кірісіп кетті. Осының өзі олардың бойында батыстық прагматизм егілсе де баяғы самурайлық өрлік пен ерліктің мәңгілік қалғанын көрсетеді. Сонымен бірге отбасының жылылығын сақтаудағы шығыстық құндылықтар да мұнда берік күйінде қалып отыр. «Тұрмысқа шыққан әйелдің үйде отырғаны дұрыс па» деген сауалнамалық сұраққа барлық ерлер мен әйелдер де «дұрыс» деп жауап берген. Сондай-ақ «ерлердің әйелдерден ақылы артық деп санайсыз ба» деген сұраққа ерлердің 62, әйелдердің 63 пайызы «артық» деп жауап беріпті.

Мамандардың айтуына қарағанда жапондардың мінезінде жаппай еңбексүйгіштік, сонымен қатар эстетикалық талғам, табиғатқа деген сүйіспеншілік, дәстүрге беріктік көзге ұрып тұратын көрінеді. Сондай-ақ олар тәртіпті, беделге бас иеді және өз міндетін ешқашан ұмытпайды. Күнделікті өмірде

тиянақты, сыпайы, өзін-өзі салмақты ұстай біледі, үнемшіл және білмекке құштар халық. Мұндай қасиеттерді қазақтың бойынан да табуға болады, бірақ біз көбінесе еркіндікке ерік беріп қойып, арқаны кеңге салуға құштарлық басып тұрады. Сонымен бірге тәртіпке, нұсқаға бағынғымыз келмей кететін ежелгі аламан мінезіміз де кейде көрініс беріп қалады. Оның үстіне орыстан жұккан «ну» деп бір-ак періп, қоршаған ортаның қалыбымен санаспай кететін тұрпайы мінезіміз де бар. Жалпы қазақтарға жапондармен жақында-сып, соларға еліктеген жөн, қай күнде дүниенің азғанынан емес, озғанынан үлгі алған дұрыс.

2013 жыл

ТҰТАСТЫҚ ДІҢІ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Біз Грузия аумағындағы грузин-осетин және грузин – абхаз арасындағы кикілжіндер қайдан шыққанына тоқталмақпыз.

Бұл жанжалдардың тамыры өте тереңде. Ол тіпті кешегі кеңестік кезеңде де емес, одан бірнеше ғасыр бұрынғы тереңге кеткен. Қап тауы малға да, жанға да жайлы, жұмсақ климатты, жайлы өңір болғандықтан онда адамдар ежелден тығыз қоныстанған. Сондықтан түрлі халықтардың, соның ішінде әртүрлі діндерге сенетін, тілі басқа, ділі басқа адамдар арасында жерге, суға таласу мұнда ежелден қалыптасқан. Қаптық азаматтардың туғаннан бойына қанжар тағынып жүруі де ежелден дәстүрге енген. Басқа тау халықтарындай емес, бұлар қызуқанды, шетінен ержүрек, намысшыл болып келеді. Бала саны көп болса да, көршілерімен жиі қантөгіске түсетін бұлардың кейбірінің саны мүлде көбеймеген. Оның үстіне өзара, тайпааралық тартыстар, қанды қанмен жуу сияқты келеңсіз салттар да Қап тауы халықтары санының өсуіне кедергі келтіріп келген факторлар.

Қап тауының солтүстігін ежелден мекендеген халықтардың бірі осетиндер. Олар осы жерді мекендеген ежелгі абориген халықтар мен кейінірек келген скифтер, сарматтар (б.з.б 8-1ғғ.) және көбінесе аландардың (б.з. 1 ғ-нан бастап) араласуынан түзілген халық деп есептеледі. Орыс жылнамалары бойынша олар 15-18 ғасырларда дербес халық болып қалыптасқан. Осетиндердің арғы тегі Батыс Еуропа, шығыс деректемелерінде *аландар*, грузин деректемелерінде *осалар*, орыс деректемелерінде *ястар* деп аталған. Осетиндердің көпшілігі христиан, азшылығы ислам дінін тұтынады. Бірақ тілдері бір. Олардың жалпы саны жарты млн-нан артық. Жер көлемі КСРО заманынан орыс пен грузин республикалары аумағына қарағандықтан екіге бөлініп кеткен. Соның ішінде Грузин КСР аумағында қалған осетин жері

1922 жылдың 20 сәуірінде Оңтүстік Осетин Автономиялы облысы болып құрылды. Оның жер көлемі 3,9 мың шаршы шақырым, халқының саны 1990–шы жылдары 130 мыңдай адам болатын. 1989 жылғы санақ бойынша облыс халқының 66 пайызы осетиндер, 28,9 пайызы грузиндер болған.

Қай күнде аз санды ұлттардың көп сандыларға өкпесі болып тұрады. Оның үстіне негізгі билік қолдарында тұрған көпсандылар азшылықтың талабына ішінара мұрнын шүйіре караса - өкпе-наз үдей түседі. Соның ішінде ұлттық құндылықтар мен мүдделердің жеткілікті дәрежеде қорғалмағандығы да мұндағы араздыққа май құя түскен тәрізді. Осы себептермен осетиндер мен грузиндер арасында ұзақ жылдар бойы бітеу жараға айналған кикілжіндердің қордаланып келгенін ешкім жасыра алмайды. Ал Ресей Федерациясы құрамында қалған аумақтағы осетиндер Солтүстік-Осетин АКСР болып құрылған еді. Оның өкілеттігі көбірек болғандықтан Солтүстік Осетиядағы қандастарының ұлттық дүниедегі жағдайы біршама тәуір болған сияқты.

Кенестік тоталитарлық режімде өкіметтік тоқпақпен бұқтырылып келген кикілжіндер горбачевтік демократия кезеңінде жалт етіп, жарыққа шықты. 1989 жылғы қарашада Оңтүстік Осетин автономиялы облысының депутаттар кеңесі өздерін автономиялық республика деп жариялады. Оны Грузин КСР-нің орталық билігі мойындамай, депутаттар кеңесі керісті одан әрі ұлғайтып, 1990 жылдың 20 қыркүйегінде өздерін Советтік Демократиялық Республика деп жариялап жіберді. Сонымен бірге Ұлттық егемендік туралы декларация да қабылданды. Республиканың жоғары билігімен санаспай, халықтың болашағына жауапкершілікпен қарау жағы кемшін болған бұл шешім өздерін тұтастай КСРО құрсауынан бөліп алуға бағыт алған грузин өкіметінің шамына қатты тиді. Сөйтіп, 1991 жылдың қаңтар айынан алғашқы грузин-осетин соғысы басталды. Цхинвалиге грузин милициясы мен қорғаныс гвардиясы ен-

гізілді. Үш аптаға созылған соғыстан соң, КСРО ішкі істер әскерінің араласуымен екіжақты келісім болып, грузиндер әскери күштерін Осетиядан шығарды, ал осетиндер өздігінен жариялаған демократиялық республика дегеннен бас тартып, бұрынғыша автономиялы облыс мәртебесіне қайта оралу туралы шешім қабылдады. Бірақ енді грузиндер илікпей қойды. Оның Жоғары Кеңесі Осетин автономиялы облысын мүлде таратып, оны грузин елінің бір аймағы деп атау туралы шешім шығарды. З.Гамсахурдияның кезінде ол осы манда өмір сүрген грузин князі Магабелидің құрметіне «Самагайло» деп, ал Э.Шеварднадзенің кезінен бастап «Цхинвал аймағы» деп аталды. Сол кезден бері екі жақтың өзара шалқайысуы иліккен емес.

Кейбір орыс дереккөздеріне карағанда бұл жердегі осетиндер Солтүстіктегі (қазіргі Алания) жерлерінен көшіп келгендер. Мәселен, академик Н.Дубравин (1837-1894): «Малоземельность была причиной, что часть осетин переселились на южный склон гл. Хребта и добровольно отдала себя в кабалу грузинских помещиков. Заняв ущелья Большой и Малой Лиахви, Рехулы, Ксани и ее притоков, осетины стали крепостными князей Эриставовых и Мачабеловых. Эти переселенцы и составляют население так называемых южных осетин». (Н.Дубравин., «История войны и владычества русских на Кавказе, т.1., с.187., Спб., 1871).

Грузияның Президенті Михаил Саакашвили де Цхинвал аймағы мен Абхазия туралы: «Это – наши люди, наша территория, которая называется Грузия, и никогда по-другому называться не будет» деп мәлімдеген. (2005 жылдың 11 наурызындағы брифинг).

1992 жылғы сәуірде КСРО-ның ІІМ ішкі әскерлері мемлекет тараған себепті Цхинвалдан әкетіліп, қару-жарақтары келісім бойынша осетиндерге берілді. Күш алған олар грузин тарабына мойын бұруды мүлде қойып, Ресейге қосылып, Солтүстік кандастарымен бірігу туралы референ-

дум өткізді. Өз мемлекетінің аумақтық тұтастығын сақтауды көздеген Грузин өкіметі бұл шешімі үшін Цхинвалиді артиллериядан атқылады. Екіжақты атыс 1992 жылдың 14 шілдесіндегі Грузия мен Ресей арасындағы Дагомыс келісімінен кейін ғана тоқтатылып, кикілжіндер зонасына ресейлік, грузиндік және осетиндік деп аталатын 3 батальоннан тұратын бітімгершілік әскерлері енгізілді. Олардың әрекеті Бірлескен бақылау комиссиясы (ББК) деген атау алған ұйымның басқаруымен жүргізіліп отырды. Осы жылдарда кикілжің аймағында 2-ден 4 мың аралығында адамдар қаза тауып, бірнеше мың адам баспанасыз қалып, босқындыққа ұшыраған.

Қазір Оңтүстік Осетияның, грузин жағының тілімен айтқанда Цхинвал аймағының халқы ресейлік ақпарат құралдарының деректеріне қарағанда 72 мың адам, орталығы Цхинвалидің тұрғындары 43 мың. Аймақ тұрғындарының 64 пайызы осетиндер, 25 пайыздайы грузиндер, қалғаны орыс, армян, еврей және т.б. ұлт өкілдері.

2006 жылы мұнда тәуелсіздік туралы референдум және президент сайлауы өткізіліп, Эдуард Кокойты қайта сайланды. Әрине, Грузин жағы да, көптеген халықаралық ұйымдар да мұндай референдумның легитимді емес екенін жариялаған. Осы кезде облыстың Грузин жағы бақылатын аумағында да президент сайлауы болып, онда Д.Санакоев жеңіп шықты. Осы Санакоевты Грузия Президенті М.Саакашвили өзінің жарлығымен Цхинвал аймағы уақытша әкімшілігінің басшысы етіп тағайындады. Бірақ ол артынан қастандық салдарынан өлтірілді. Осы жылы Грузияның Парламенті Абхазия мен Оңтүстік Осетиядан Ресейдің бітімгершіл күштерін шығару туралы қарар қабылдаған. Бірақ ол орындалған жоқ.

Күрделене түскен кикілжін

Осынау шағын санды халықтың проблемасы қазір үлкен әлемдік мәселеге айналып отыр. Егер кикілжің тек грузин-

дер мен осетиндер арасында ғана болса, бәлки оған соншалықты мән берілмес еді. Бірақ қазір кикілжің ол шектен әлдеқайда асып, дүниежүзі қауымдастығын қатты аландатуда. Әсіресе, бұл проблемаға Ресей Федерациясы сияқты қолында ядролық арсеналы бар алып ел белсенді түрде араласып, тірескен екіжақтың бірін бөле-жара қолдап, кикілжіңнің тамырын тым тереңдетіп жібергені әлем қауымдастығы алдында күрделі сыбаға тартты.

Ресейдің белсене араласуына себеп болған 2008 жылдың тамызындағы 5 күндік соғыстың тұтануына да бір жақты баға беруге болмайды. Оның бір ұшын Ресей мен Грузия арасындағы салқындықтан, әсіресе соңғы жылдарда қатты бұзылып, қырғи-қабақтық деп айтуға болатын қатынастардан іздеген абзал сияқты.

Шын мәнінде, көптеген көлденең көз мамандардың айтуына қарағанда, ресейлік офицерлер бұйрық беретін осетин әскерлері тарапынан шілде айының аяғында-ақ арандатушылық әрекеттер үнемі болып тұрған. Мәселен, АҚШ Мемлекеттік хатшысы көмекшісінің орныбасары Мэттью Брайзе Грузия соғыс әрекеттерін бастаған жоқ, керісінше оған Оңтүстік осетиялықтардың кесірінен тартылды дегенді айтты. «Конфликт начался не 7 августа с удара Грузии по Цхинвали, который мы действительно считаем ошибкой, но это началось гораздо раньше из-за провокаций югоосетинских вооруженных отрядов, находившихся, между прочим, под командованием российских офицеров» деп жазды ол. Осындай пікірлерді айтқандар көп болды.

2008 жылы «бір оқ шығармай» Аджарияда орталық өкіметтің билігін қалпына келтірген, одан кейін бақылауға бағынбай жүрген Сванетия аймағында тәртіп орнатқан Грузия Президенті М.Саакашвили ендігі кезек Ресеймен шекаралас Абхазия мен Осетия жерінде орталық биліктің үстемдігін орнатуды көздегісі келгені аян. Алдымен ол түн мезгілдерінде үнемі түрлі атыстардың болуына жол

беріп, адам шығындарын тия алмаған БКК әрекетінің тиімсіздігін қатты сынға алды және сол күні оның құрамынан Цхинвалидегі өз өкіметінің өкілдерін кері шақыртып алды. Және дәл сол, 2008 жылдың 7 тамызы күні, заң жүзінде өз аумағы деп саналатын Оңтүстік Осетияда немесе Цхинвал аймағында конституциялық тәртіпті қалпына келтіруді көздейтіндігін жариялап, әскер кіргізді. Оған осетин жағы қарулы қарсылық көрсетті. Қанды қырғын басталып кетіп, Осетия жағы көмек сұраған соң, әрі ондағы өз азаматтарын қорғау мақсатымен Ресей әскерлері де Мемлекеттік шекарадан өтіп, Грузин аумағында «бес күндік» деп аталған соғысты жүргізді.

Қазір ресейлік БАҚ «бес күндік» соғысқа толығымен грузин жағы кінәлі екендігін дәлелдеумен келеді. Біздің мақсат олардың пікірінің қаншалықты дәйекті екендігін айыруды көздемегендіктен тек Грузияның осы аймағында және ішкі аумағындағы «бес күндік» деп аталған соғысты негізінен Ресейдің 58-ші армиясы жүргізгенін еске саламыз. Бұл армияның әрекеттері Осетин аймағынан асып, Грузияның Орталық аудандарына дейін жетті. Соның ішінде Гори қаласы мен оның төңірегін де басып алды. Ал Тбилиси, Манеули, Поти қалаларына әуеден шабуыл жасалды. Екінші жағынан Батыстағы Абхазияға да әскер енгізіліп, Грузияның Қара теңіз флотының біршама бөлігі суға батырылды.

Халықаралық құқылық нормаларға сәйкес екіжақ әрекеттерінің бағасын ЕҚЫҰ да берген. Онда Грузияның біршама тұрақты режимде тұрған аймаққа үлкен күшпен басып кіргендігі заңсыз деп табылды. Ал Ресей тарапының өз азаматтары мен осетиндерді қорғаймын деп Осетия аумағынан шығып кеткен әрекеттері, әсіресе азаматтық нысандарды бомбалағаны, сонымен бірге Батыс Грузиядағы әскери әрекеттері толығымен айыпталды.

Грузин-абхаз кикілжіні туралы аз сөз...

Енді Грузин – Абхаз кикілжініне де біршама токтала кетелік. XIX ғасырдың басында Ресей империясы христиан дініндегі халықтарды түріктердің құлдығынан құтқарамыз деген желеумен Қап тауына сұғына енген сәттерінде ислам дінін тұтынатын Абхаз княздігі Осман империясының «езгісінен» қашып, орыстармен одактас болуды еш ойлаған емес. Керісінше онда өздерін басып алған орыс патшалығына қарсы 1866-шы және 1877 жылдары көтерілістер болды. Аса қатал, тағылық шаралармен басылған бұл көтерілістерден кейін абхаз халқының едәуір бөлігі (кейбір деректерде 60 пайызға жуығы) Түркияға босуға мәжбүр болған. Сөйтіп, Абхазия жері Кутаиси губерниясы делінетін әкімшілікке бағындырылды.

Табиғаты барынша әсем, бос қалған көрікті өлкеге орыстар, армяндар, грузиндер қоныстандырылды. Осында қалған абхаздарды күштеп шоқындыру шаралары да жүргізілді. Абхазияға әсіресе, Грузияның көрші орналасқан Менгрель, Картли аудандарынан қоныс аударушылар көптеп келді.

1918 жылы Абхазия Грузин Демократиялық Республикасының құрамында деп танылды. Кейін Абхазия Социалистік Советтік Республикасы мәртебесіне қол жеткізді, бірақ Сталин 1931 жылы оны Грузин КСР құрамындағы автономиялық республика мәртебесіне түсіртіп тастады.

Абхаз халқы Кеңес одағы жылдарында-ақ Грузияның құрамынан шығуға бірнеше рет талпыныс жасады. «Арқада қыс жайлы болса арқар ауып несі бар» демекші, Грузия құрамында болу жәйлі болса, халық көтерілмес еді. Абхаздар өздерінің ұлттық мүдделерінің Грузияның орталық өкіметі тарапынан аяққа басылып отырғанына наразылықтар білдірген. Соңғы наразылық 1978 жылдың мамыр-қыркүйек айларында болған. Ал горбачевтік демократия басталған жылдардан бұл үдеріс тіпті үдеп, Абхазия Грузияның құра-

мынан күшпен шығуға бет алды. Сол 90-шы жылдардың басынан басталған, ұзаққа созылған кикілжіннің, оның арасында 1992-93, 1998 және 2001 жылдардағы қарулы қақтығыстарды ескерсек, бұл аймақта екіжақтың өзара түсінісуі болмағанын көруге болады. Солардың салдарынан Абхазия іс жүзінде Грузияға бағынбай, дербес аймақ болып келді. Ал 2008 жылғы «бес күндік» соғыстың нәтижесінде ол тіпті бел алды.

2008 жылғы 26 тамызда Ресей басшылығы Оңтүстік Осетия мен Абхазияны тәуелсіз ел деп таныды. Сондай-ақ оларды Никарагуа Республикасы, Венесуэла және Науру республикасы танитындығын жариялады.

Қазір Абхазияның халқы 216 мың, грузин деректері бойынша 178 мың адам. Мемлекеттік тілі абхаз тілі болғанымен орыс тілі онымен тең дәрежеде қолданылады. Сауда-экономикалық айналысында Ресей рублі қолданылады. Халқының көпшілігі христиан, азшылығы ислам дінін тұтынады. Гагра, Пицунда, Жаңа Афон, Сухум сияқты курорттық қалалары мен ондағы ем орындарының даңқы алысқа кеткен.

Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен алғашқы күнінен ұйымның құқылық аумағындағы осы тәріздес созылмалы сырқаттарды реттеуге тырысудан бұғып қалмай, керісінше бұрынғы төрағалықтарға қарағанда осы бағыттағы жұмыстарды белсенді жүргізе бастады. Үстіміздегі жылдың көктемінде Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығын атқарудағы алғашқы қорытындыларын қарастырған Мәскеуде болған халықаралық дөңгелек үстелде жаңа төрағаның осы бағыттағы жұмыстарына жоғары баға берілді. Мәселен, отырыста МГИМО-ның посткеңестік зерттеу орталығының директоры С.Чернявский созылмалы сырқаттарды шешу барысында еуропалық қауіпсіздік жүйесін еуразиялық жүйемен ұштастыра қарау керек. Ал бұл бағытта қазақстандық ұсыныстар өте тиімді сияқты, дей келіп, осыған орай ол Пре-

зидент Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақстандық төрағалық ұйымға жаңа тыныс, жаңа импульс беруге тырысады деген сөзін ауызға алды.

ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы, Мемлекеттік хатшы-Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев созылмалы сырқаттар мәселесін қарастыру бойынша өзінің арнаулы өкілін тағайындаған болатын. Қазір ол мүдделес жақтармен белсенді диалогтар жүргізуде. Төрағаның өзі ЕҚЫҰ-ның созылмалы сырқаттарды шешуге нақты әсер ететін тетіктері жоқ консультативті орган болғандықтан қандай да бір нақтылы нәтижеге қол жеткізуінің қиын екенін үнемі айтып келеді. Сонымен бірге ол созылмалы сырқаттарды реттеудің жалғыз рецепті – келіссөздер ғана екенін атап айтқан. Кез келген күш қолданудың - мәселені тұйыққа тірегеннен басқа еш пайдасы жоқ, дейді ол.

2009 жыл

ТАҒДЫРЫ БІР, ТАЛҚЫСЫ ҰҚСАС

Қазақстан мен Украина арасындағы қатынастар халықтық демократия деңгейінде де даму үстінде. ТМД аумағындағы Ресейден кейінгі алып елдер ретінде екі мемлекет те бірін-бірі қолдауға, саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық салада ынтымақтастықты тереңдете түсуге мүдделі. Өткен жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде Украинаның ғылым және мәдениет орталығының (УҒМО) ашылуы соның айғағы. Оған Президент Н.Назарбаевтың днепродзержинскілік досы Николай Литошконның есімінің берілгені де көңілге қуаныш ұялатады. Былтыр күзде марқұм болған осынау азамат та екі елдің достығына өзінің қолынан келген көмегін жасап бағып еді.

УҒМО Украинаның Премьер-Министрі Н.Азаровтың Қазақстанға келген сапары барысында ресми түрде ашылды. Оны ұйымдастыруға Украинаның Қазақстандағы елшілігі белсене атсалысты. Орталықтың басты мақсаты екі мемлекеттің арасындағы ғылым, жоғары технология саласындағы ынтымақтастығын жандандыруға ықпал ету, украинның мәдениеті мен ғылымын Қазақстанға таныстыру және насихаттау, сонымен қатар еліміздегі украиндық қоғамдық бірлестіктердің мәдени-ағартушылық шараларын жан-жақты қолдау болып табылады. Ресей империясы, одан КСРО қоластында ұзақ жылдар болғанда украинның тамаша, әуезді тілі де «қуғынға ұшырап», оны «кіші орыс тілі», жетілмеген тіл деген секілді кемсітушілікке, келемежге ұшыратып отырды.

Өзінің бір сөзінде ЕҚЫҰ-ның Ұлттық азшылықтар ісі жөніндегі жоғарғы комиссары Кнут Воллебек: «Украина получила в наследство от СССР ужасную языковую политику. В свое время украинский язык унижался, коммунистическое руководство лишало миллионы украинцев права писать, говорить и учиться на украинском. Над теми, кто разговари-

вал на украинском, смеялись, некоторых бросали в тюрьмы. Как мне рассказали, за один день закрыли сотни украинских школ. Таким образом, советский режим умышленно маргинализировал украинцев» деген еді. Әрине, мұндай саясаттың болғаны рас, соның кесірінен көптеген украиндықтар қазақ секілді өз тілінде сөйлеуге арланатынды шығарған. Ал Украинадан тыс тұратын 13 миллиондай украиндардың өз тілінде оқытатын бірде-бір мектебі болмады. Соның ішінде 4,3 млн. украиндық тұратын Ресейде де бірде-бір мектеп ашылған емес. Украинаның өте қуатты ғылыми, экономикалық, мәдени және т.б. әлеуетін империяны күшейте түсу жолына «туған інім» деп барынша мол жұмсап отырса да оның жанының ең кастерлі дүниесі - ұлттық мүддесінің өз елінен тыс жерінде қорғалуына КСРО ешқандай әрекет жасаған емес. Егер, жалпы КСРО-ны Қазақстанмен салыстырсақ, Украина біздің Қарағанды облысына қатты ұқсайды. Мұнда өнеркәсіп күшті дамыды. Техникалық интеллегенцияның әлеуеті КСРО-ның басқа ешбір аймағында болмаған қуаттылыққа жетті. Бірақ, амал не, украин этносының көрген құқайы казактардың көрген күйінен кем болған жоқ. Бұлар да 30-шы жылдардың ойранын көрді. Коммунистік режімді күшейту үшін қолдан жасалған аштықтың кесірінен 4-7 млн. аралығындағы адамы шыбындай қырылды. Халықты әдейі қыруды көздеген саясат наны түгіл, жейтін көкөніс, жеміс өнімдеріне дейін тартып алған екен. Босқан халық Украина түгілі бір шеті Ресей қалаларының вокзалдарына толып, шыбындай қырылып жатқанын көзі көргендер көп.

Ал тіл, мәдениет мәселелеріндегі көрген құқайлары да біздікінен кем емес. Әсіресе, Хрущевтің тұсында бұларда да украин мектептері жаппай жабыла бастаған. Соның кесірінен 60-шы жылдары Киев пен облыс орталықтарындағы мектептердің 28 пайызы ғана украин тілінде оқытатын болған, ал 72 пайызы орысша білім берген. Бірақ ауылдық жерлердегі халықты қоса алғанда мектептерде украинша

білім алатын балалар саны бәрібір көпшілік болатын. Нақты айтқанда, 1961 жылы барлық баланың 69 пайызы украинша оқыған. Бірақ солақай саясаттың кесірінен 1971 жылы олардың үлесі 60 пайызға дейін құлдырап, бұл көрсеткіш жылдан жылға кеми түскен. Мәселен, 1978 жылдан кейін украинша оқитын балалар саны 49 пайызға дейін құлдыраған. Ал республика халқындағы украиндардың үлесі бұл кезде 73 пайыз еді. Осы уақыт аралығында Украинаның барлық дерлік ЖОО орыс тілінде оқытуға көшкен. КОКП ОК мен Министрлер Кеңесінің 1983 жылғы 23 мамырдағы «Одақтас республикалардағы жалпы білім беретін мектептердегі орыс тілін оқытуды жетілдіру шаралары туралы» қаулысы орыстандыру саясатын тағы бір белеске көтерді. Енді орыс тілінен сабақ беретін мұғалімдердің еңбекақысына 15 пайыздық үстеме төленетін болды және барлық мектептерде үзілістер мен сабақтан тыс уақытта орыс тілінде сөйлесу ынталандырылып, жаппай насихатталды. Деректер бір-бірімен украинша сөйлескен адамдарға сенімсіздік көрсетілетін болғанын да жазады. Соның кесірінен барлық жиналыс, мәжіліс, конференцияларда, министрліктер мен ведомстволарда кездескендер және мінберге шыққандар тек орысша сөйлеуге мәжбүр болған. Тап біздегі жағдай емес пе? Украин тілі Ғылым академиясынан да ығыстырылып шығарылып, барлық диссертациялар тек орыс тілінде қорғалған. Ана тілінде сөйлегісі келген адамдардың үстінен «ұлтшылдыққа бой ұрған элементтер» деген айдар тағылып, анонимкалар, жалалар жазылып, қудалау да қолға алынған. Киностудияларда түсірілген өнімдердің негізгі бөлігі орысша болған. Мәселен, Одесса киностудиясында түсірілген 60 фильмнің үшеуі ғана украин тілінде шығарылыпты. Кинотеатрлардың репертуарлары да 99 пайызға орыс тіліндегі өнімдермен толтырылған. (Бізде, барлық қалалы жерлерде ол 100 пайыз болған еді ғой). 1988 жылы Украинада шыққан барлық кітап, брошюралардың 21., газеттердің 70

пайызы ғана украин тілінде болған. Ал бұл кезде украиндықтардың үлесі 72,7 пайыз, орыстар 22 пайыз ғана екен. Бізде «қазақтар 60 пайыз болса Республикадағы тілдік мәселе өзінен өзі шешілетін еді» деп ұшқары түйін жасайтындар бар. Украинада жергілікті халық 73 пайыз болғанның өзінде тоқпақтың мықтылығынан тілдік проблеманың өте өткір болғанын көріп отырмыз. Ендеше тек биліктің оң көзқарасының арқасында ғана тіл сақталатынына талас болмаса керек.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде ашылған УҒМО 2012 жылға арналған нақты жұмыс жоспарын да бекітті. Онда Украинаның данқты перзенті В.Вернадскийдің 150 жылдығын атап өту, Шевченко оқулары аясында украин музыкасының концертін дайындау, ғылыми – зерттеу саласында Л.Н.Гумилевтің 100 жылдығын атап өтуге қатысу, «Қазақстандағы украиндықтар» энциклопедиясын дайындау, АЛЖИР-дегі, КарЛаг-тағы украин тұтқындарын анықтау, қазақстандық украин азаматы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған Л.Беда туралы кітап әзірлеу, Н.Назарбаевтың Украинада оқыған жылдары туралы естеліктер жинағын құрастыру және т.б. шаралар жасалмақшы. Сондай-ақ 1942 жылы Харьков түбінде жарым-жартылай тұтқынға түсіп, жарым-жартылай қаза болған Ақмолада жасақталған 106-шы Қазақ кавдивизиясының деректерін іздестіруге ықпал ету және Майдан Құсайынов басқаратын университеттің «Мемориальная зона» ізшілдер отрядының жұмысын жандандыра түсуге атсалысу істері де қарастырылған. УҒМО жұмысын негізгі ұйымдастырушы Украинаның Қазақстандағы елшілігінің кеңесшісі П.Токарь, ал Қазақстан жағынан оның жұмысын ұйымдастыруға белсене қатысушы ЕҰУ профессоры, тарих ғылымының докторы З.Қабылдинов. Сонымен бірге орталықтың ғылыми-методикалық кеңесі де бар. Оның басшысы Украинаның Қазақстандағы елшісі О.Демин. УҒМО екі елдің ара-

сындағы ЖОО-лар арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге де атсалыспақ. Украинаның техникалық және жана технологиялар мамандарын дайындайтын университеттерінің филиалдарын ашу да қарастырылмақшы. Орталық диаспора өкілдерімен де қоян-қолтық араласуды көздеп, олардың ұлттық мәдени орталықтарында өз өнерлерін дамытуға үлес қоспақ. Қалай десек те бұл екі елдің, қазақ пен украин халықтарының қарым-қатынасын арттыра түсетін игілікті іс болып отыр.

2011 жыл

ӨЗ ТІЛІН ӨГЕЙСІТКЕН ХАЛЫҚ

Тақырыпка карап, е, баяғы казак тілінің бітпейтін мұңы екен ғой деп қалмаңыз. Өз тілін өгейсітетін халықтар бізден баска да бар екен...

Жуырда жол түсіп, Беларусь Республикасына барып қайттық. Беларусьсияда жергілікті халықтың үлесі 80 пайыздан артық, демек өз тілдерінде сақылдатып-ақ жүретін жұрт. Бірақ ондай болмай қапты... Өз қағынан жеріген құланша бұлар да өзінің ана тілінен жеріп кетіпті. Бұлар да барлық жерде: көшеде, үйде, қызметте бір-бірімен тек орыс тілінде сөйлеседі екен. Ау, беларус тілі – ана тілдерің қайда десек, ол ауылды жерлерде, онда да батыс жақтағы мекендерде қалған деседі өздері. Осыған намыстанып жатқан жандарды және көрмедік. Әрине, барлық көрсеткіштер, соның ішінде көше атаулары беларусша жазылған. Теледидардан да орыс тілінің ара-арасында беларус тілі шығып қалады, әсіресе ауа райын айтқанда беларус тілі естіледі. Ал баска уақыттағы дүниенің бәрі орысша. 1995 жылы Президент А.Лукашенко референдум өткізіп, орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесін алып беріпті. Референдумда да керек нәтижеге қол жеткізу онай болып кетті ғой, биліктің өзі осыны қалап тұрған соң халық солай дауыс берген секілді. Өздеріңдей Украина қазір таза өз тілдерінде сөйлейді, өз жерлеріңізде отырып сіздер неге солай етпегенсіздер деп таң қалсақ, бізден ешкім талап еткен жоқ, қалай қалыптасса - солай кетіп бара жатыр деп немқұрайлылық білдірген адамдар көп болды. Демек, билік, жоғарыдағылар ұлттық тілді керек қылмаған соң кара халық та сол бетпен кетіп бара жатқан сынайлы.

«СБ», яғни «Советская Беларусьсия» деген күніне 300 мың данамен тарайтын ресми газеттері бар екен, ондағы тіл де негізінен орысша, ара-арасында беларус тілінде қысқа ғана материалдар салынатын көрінеді. Оппозицияның га-

зет-журналдарын дүңгіршіктерден табу қиын. Бәрі тәртіпті, таза калыпта болса да адам құқы, ақпараттарды кедергісіз алу бостандығы шектеулі. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдарда КСРО-ның қоластында жүріп жоғалтқан ұлттық құндылықтарын қайтаруға да асықпағаны көрініп тұр. Орталық көшелердің бәрі сол баяғы коммунистік режім көсемдерінің атында.

Бұл өзі не қылған халық? Өркениеттің өрі атанған Еуропаның ортасында отырса да өзін-өзі неге құндамайды? Біз болсақ, «мәдениет бізге ұлы орыс халқына қосылғанымыздың арқасында ғана батыстан келді» деген идеологияға басымыз шырмалып қалды, ал бұлар тіпті орыстың өзіне карағанда да еуропалық өркениетке жақынырақ отырған халық қой. Өздеріндей поляк, чех, словак, украин, болгар сияқты славян халықтары империяның тікелей және жанама қол астында болғанда жоғалтқандарын жанталаса іздеп, тілін де, ділін де тірілтіп жатқанда бұлардікі не қылған самарқаулық деген ой маза бермеді. Әрине, елдегі мұндай ахуал ұлттық интеллигенцияны, зиялы қауым өкілдерін қанағаттандырмасы хақ. 1989 жылы КСРО халық депутаттарының алғашқы съезі кезінде беларустің тамаша жазушысы, профессор Алесь Адамович бізге жанашырлық білдіріп сөйлеген, ал Желтоқсан оқиғасы туралы пікірін айтқанда, шіркін-ай, сендер тым болмаса кіммен төбелесуді білесіңдер ғой, біз ешкімді түрінен де айрыла алмай қор болып қалған жоқпыз ба деп күйіне айтқан сөзі есте қалыпты. Демек, ұлттық интеллигенция КСРО-ны сол кезден-ақ жек көрген. Өйткені, олар қарын қамын ғана ойламай, рухани байлықты да жоқтайды ғой. Ендеше зиялы қауымның тын зерттеулері, бұрын белгісіз болып, кейін табылған дүниелер бар шығар деген үмітпен кітап дүкендерін көп араладық. Сөйтіп, бір сөреден Вадим Деружинский деген тарихшының «Тайны белоруской истории» деген кітабын таптық. Ғылыми редакциясын беларустың белгілі қайраткері А.Е.Тарас басқарған бұл кітапқа

карап беларус халқы туралы білігіміз тіпті аз екенін көрдік.

Алдымен... 1840 жылға дейін «беларус» деп аталатын халық жер бетінде болмаған да екен. Тек осы жылы үлкен де іргелі ел болып, поляктармен бірігіп Речь Посполита атты конфедерациялық одақ құрған литвин деген халықты орыс патшасы өзінің қай күндегі озбыр әдетімен арнайы жарлық шығарып, «беларус» атандырып жіберіпті.

Украинаны «малорос» атағанын, ал Манчжуриядан тартып алған жерлерді «желторос» атамақ болғанын естіген едік. Бірақ тарихта зор істері қалған Ұлы литвин княздығын «белорос» атап, артынан оның халқын беларуске айналғанын осы жолы білдік.

Ресей авторлары толтырған википедия энциклопедиясындағы анықтамада Ұлы литва княздігі (ҰЛК) XIII ғасырда құрылып, XVIII ғасырдың аяғына (1795 ж) дейін 5 ғасыр бойы өмір сүргенін айтады. Оның территориясы қазіргі Беларусь пен Литва жерін толығымен, Украина, Ресей, Латвия, Польша және Эстония жерлерінің біршама аумақтарын қамтыған.

Міне, осы княздіктің негізгі халқы литвиндер, яғни қазіргі беларустар болған екен. ҰЛК Мәскеу княздігінің Шығыс Еуропаны жаулап алмақ болған ниетіне мықты тойтарыс берген іргелі мемлекет ретінде тарихта аты қалған. 1569 жылдан бастап ол өзінің Мәскеу билігіне қарсы одақтасы Польшамен бірігіп, Речь Посполитаны құрған. Бұл одақ та 2 ғасырдан артық өмір сүріп, тек 1795 жылы Ресей, Пруссия және Австрияның бірлескен соққысына шыдай алмай, тарауға мәжбүр болған. Содан кейін, 1815 жылдан бастап ҰЛК аумағы толығымен Ресей империясының қарамағына өткен. Алғашқы 70 жылда литвин (белорус) халқы орыс патшасына қарсы үш рет үлкен көтерілістерге шыққан. Олар қанды қырғынмен таратылған. Бірақ бұл қасаптар үнемі жалғасып отырып, «царизм уничтожил национальную белорускую шляхту, а затем Сталин – национальную беларускую интел-

легенцию», дейді автор. «Шляхта» дегені Польша корольдігі мен ҰЛК-дегі аксүйектер сословиесі.

Қалай болса да беларус халқын Ресей тек ХІХ ғасырдың басында ғана бағындырған екен-ау. Бұлар империяның құрамына бізден де кейін еніпті. Осы уақытқа дейін бізге бұларды «Киев русі» атанып, орыс, украиндармен барынша туысқан халық деп оқытып келді емес пе? Мұны В.Деружинский ХVІІІ ғасырда Екатерина патшайымның бұйрығымен Н.Карамзиннің ойдан шығарған дүниелері. «История Государства Российского» деген 12 томдық сол еңбек «пронизан великодержавной идеологией, излагает историю Московии, якобы берущей начало от Киева и Новгорода, хотя они никогда «рядом не лежали», дейді. Бүгінгі күні орыс тарихшылары «осы ертегіні» мультфильмдер арқылы жас ұрпақтың санасына сіңіруде. Сондағы жымысқы саясат - Киевті Мәскеудің қоластына қайтару. Ал «ойдан шығарылған тарихтың» өзі Киевтің Мәскеуден маңыздырақ екенін, сонымен бірге: «показывает второстепенное историческое значение нынешней России в сравнении с Матерью-Украиной. Чего, разумеется, никто в Москве не желает признавать» деп қорытады ол өз сарабын. Ғалым украиндар мен орыстардың географиялық, этникалық тұрғыдан ғана емес антропологиялық тұрғыдан әртүрлі халықтар екені анықталған дейді. В.Мазец деген тарихшыны еңбегінен де: «...существование в IX-XIII веках общей родины беларуского, украинского и русского этносов – Древней Руси принципиально неверное суждение. Миф этот давно уже опровергнут наукой (археологией, генетикой, антропологией, лингвистикой, историей)» деген қорытынды келтіреді.

Өз еңбегінде В.Деружинский: «Ограждение нас от наследия страны предков – Великого княжества Литовского – продиктовано вполне реальным страхом. Это страх очищения менталитета беларусов от нелепых мифов, навязанных царизмом, сохранных и развитых идеологами СССР» дей

келіп, беларус халқының тілін құрсаулап, ділін тұншықтырған аңыздарды санамалап береді. Соның ішінде беларустарды «украин және орыс халықтарының туысы» деп айтылатын тұжырымды мүлде жоққа шығарады. «На самом деле литвины-беларусы родственны только с мазурами Польши и лужицкими сербами» дейді ол. Сонымен бірге беларус, украин және орыстардың «шығыс славяндар» деп аталуы да саясат үшін патша идеологтарының ойдан шығарған аңызы екенін айтады. Өйткені: «западные балты (беларусы) не могли произойти от славянизированных финнов (русские) – т.е. от другой расы, не индоевропейцев» дейді автор. Беларустардың тілі, мәдениеті және тарихы орыстардікіне қатты ұқсайды дегенге: «Это просто абсурд. Беларуский язык абсолютно не похож (бұрынғы, бүлінбеген кезінде деген мағынада Ж.С.) на русский, гораздо больше он похож на польский. Наша народная культура не имеет ничего общего с русской, а «общая история» - это постоянные войны с Москвией» депті. Екі халықтың ділі бір дегенге: «у русских великодержавный ордынский менталитет, включающий обожествление своих правителей, а у беларусов антиимперский толерантный и либеральный менталитет европейского типа» деп жауап қайырылған. Беларустар мен орыстардың діні бір дегенді де жоққа шығарады. «Добрая треть беларусов была католиками и по сей день остаются ими, а остальные были греческой православной веры Киева – но не Москвы. С 1596 года литвины–беларусы стали униатами, и лишь в 1839 году (через 243 года) указом царя их насильно «перевели» в церковь Москвы».

Осы арада баска да тарихи дерек көздерінен 1596 жылы Беларусь жерінде униат шіркеуінің құрылғанына көз жеткізгенімізді айта кетелік. «В XVII-XVIII веках эта была самая многочисленная конфессия» делінген онда.

Одан әрі, Ресейдің «орыстар Беларусьті поляктардың езгісінен құтқарды» дегені де ақылға сыймайтын аңыз деп ай-

тылады. «В реальности никогда не было никаких этнических тренировок между беларусами и поляками. Это два родственных народа, живших веками в общей стране, без каких-либо вооруженных конфликтов» дейді В.Деружинский. Ал керісінше, орыс патшасы «Иван Грозныйдың» 1563 жылы Полоцк қаласын алғанда барлық дінбасыларын қырып тастағанын, Алексей Михайлович патша 1654-1667 жылдары Мәскеудің дінін қабылдамаған униаттарды жас балаларымен бірге храмдарға қамап, өрттеп жібергенін, I Петр патша діндарларды София соборына қамап, храммен бірге жарғанын т.б айтады. Ал I Николай тілдеріне құрсау салғанын, тіпті құдайға құлшылық қылғанда да беларус тілінде тілек тілеуге тиым салғанын, беларус тіліндегі Інжілді жағып жібергенін келтіріпті.

Өзінің еңбегінде В.Деружинский ҰЛК қазіргі Литваның емес, беларустардың мемлекеті болғанына жүздеген құжатты деректер келтіреді. Мәселен, француздардың 1700 жылғы фельдъегерлік поштаға арналған картасында ҰЛК территориясы анық көрсетіліп, соның ішіндегі қазіргі Литва аумағын (о кезде Самогития деп аталған) «ҰЛК-ның колониясы» деп көрсеткен дейді.

Қазіргі беларус этносы, В.Деружинскийдің айтуынша, Батыс және Орталық Беларуссияны мекен еткен ятвага мен дайново тайпаларының біртіндеп кірігуінен туған литвиндер мен Шығыс Беларуссияда тұрған кривичтерден араласуынан қалыптасқан. Бірақ кейбір ғалымдар болмаса патша өкіметі мен коммунистер заманында бұл ауызға алынбай, бұқтырылып тасталған ақиқат. Оны қазіргі беларус халқы білмейді де дейді ол. Осы литвиндер мен кривичтер ешқандай славян емес, Балтық халықтарының туыстары екен. Патшалықтың осы фактыны қатаң жасыру себебі - беларусті славян деп өзіне икемдеп, қатарына қосып алған құпиясын кейінгі ұрпаққа білдірмеу көрінеді.

Осындай, тарихын бұрмалау, жер, су атауларын өзгерту

арқылы халықтарды түпкі негізінен, өзіндік өзегінен адастыру саясаты орыс патшалығында да, кейінгі Кенес идеолоттарында да молынан кездесетінін білеміз. Мәселен, ұзақ жылдар бойы казак халқын монғол-татар әскерлеріне ешқандай қатысы жоқтай, керісінше одан жапа шеккен халықтардың бірі ретінде танытып келді. Ал шын мәнінде Шыңғыс ханның жеңімпаз әскерлерінің қатарында казактың найман, керей, жалайыр, қоңырат т.б. руларының сарбаздары мен сардарлары да болып, жеңімпаз жорықтар жасағанын бізге білдірмеді ғой, оларды айтқан адам болса ауыздарына құм құйды. Қазак халқының атауын да алғашқы кездері «казак» деп дұрыс атаса да артынан әбден шатастыру үшін «киргиз» атандырып жіберді. Сол сияқты Қырымды да Таврия деп атандырғанын білеміз. Ал өздерінің «ов» жұрнақтарын қосу арқылы қаншама қала мен даланы орыстардікі қылып жібергенін көзіміз әлі де көруде. Мәселен, Сарытауды «Саратов», Алматының Алатауын да көптеген жазбаларында «Алматов» деп көрсеткен. Егер Қазақстан тәуелсіздігін алмаған болса тағы бір 30-40 жылда Көкшетау да «Кокчетов» (әзірге «кокчетав» болып жүрген еді) деген бір орыстың иелігі болып шыға келер еді...

Қазіргі Литваны В.Деружинский ҰЛК негізгі халқы литвиннің атауын иемденіп кеткен княздіктің Жемойтия (немесе самогития, екеуі бір сөз, біреуі латынша, біреуі орысша транскрипциясы) атты провинцияда тұрған шағын тұрғындары екенін айта отырып, бірақ олардың 1920-шы жылдары ресейліктердің қолдауымен ҰЛК негізгі халқы біз деген мифті қалыптастырғанын айтады. (Википедия энциклопедиясында да қазіргі литва этносының жемойтия мен аукшайте деген тайпалардың бірігуінен жаралған халық деген сөздер бар). Бұл пікірді қостайтын дәлелдің біріне автор 1916 жылы II Николай патшаның өзін қалай атайтынын келтіреді: «Мы, Император и Самодержец Всероссийский, Московский, Киевский, ...Царь Казанский, Царь Астрахан-

ский, ...Великий Князь Смоленский, Литовский, Волынский, Финляндский, Князь Эстляндский, Лифляндский, Самогитский, Белостокский, Тверьский...

Міне, осында II Николайдың Белоруссияны мүлдем атамағанына назар аударар келіп, ол кезде біздің тарихи атауымыз Литва әлі де қолданылатын. Ал қазіргі Литва деген ол кезде Самогития княздігі болатын, дейді зерттеуші. Сонымен қатар 1919 жылы қазіргі Литва өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болғаннан кейін РКСФР-дан ҰЛК шежірелері жазылған тарихи құжаттарды қайтаруды өтінгенін ауызға алады. Ресей жағы бұл талаппен келісіп, бірақ өз тілдерінде ғана жазылған құжаттарды қайтарамыз деген екен. Сөйтсе, «жемойти и аукшайты, гордо объявившие себя «литовцами» согласились и остались ни с чем, так как среди более чем 500 томов Метрики (құжаттар Ж.С.) ВКЛ таких текстов не было ни одного». Демек, құжаттар литван, яғни бұрынғы беларус тілінде ғана жүргізілген екен.

Тарихы осылай теренге кетіп, кезінде іргелі ел болған халық екенін бүгінгі күнгі беларустар неге жоқтамайды. Бұл халықтың рухын көтеріп, отаншылдық сезімді лаулататын фактор емес пе деген сауалдарға да В.Деружинскийдің деректерімен жауап беріп көрелік. «Любые попытки вернуться к правде карались и пресекались» дей келіп автор, 1910 жылы Вильнода «Краткая история Беларуси» деп аталған шыншыл еңбек жазған Вацлав Ластовскийдің және соғыстан кейін де осы тақырыпқа барған талай тарихшылардың Сталиннің түрмелерінде шірігенін айтады. «Идеологи КПСС цеплялись за «Русь» и «православие», отвергая при этом нашу Литву, униатскую веру, а также беларуский язык именно потому, что все это казалось им «сепаратизмом» и чем-то «западным». Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының басына дейін беларус мектептерінде де БКСР тарихы да оқытылмапты. «В Москве считали это ненужным» дейді автор. Өз халқының тарихынан қуғын-сүргінмен, қорқы-

тып-үркітумен безіндіру саналарына әбден сінген беларус халқы әлі күнге сол үрейден арыла алмай, туған тіліне бейжай қарайтынын бүгін де көріп отырмыз. «...Не пакидайце мовы нашай беларускай, каб не умерлі» (Өлгенінше өз беларусынның тілін ұмытпа. Ауд. Ж.С.) деген үлкен ақындарының бірі Мацай Бурачоктың (1840-1900) ескертпесін де халқы ескермейтін секілді.

Әрине, В.Деружинскийдің кейбір пікірлері талас тудыра-ры анық. Бірақ беларус халқының ұлттық санаға қатысты бүгінгі самарқау ахуалы оның келтірген тарихи фактілерінің нәтижесі екені даусыз.

Бізде «Беларуссияда халықтың тұрмысы жақсы, әлеуметтік қолдау жүйесі социализмдегідей, кеңшар мен ұжымшарлар сол күйінде жұмыс істеп тұр» деген түсінік қалыптасқан. Шынымен солай болса, бұлардың басқасы болмаса да ауылшаруашылығы мен ондағы тұрмыс бізден озық екен деп ойлап жүруші едік. Беларуссияға барған беттен уақыт мүмкіншілігін пайдаланып, бір кеңшарға апарып, көрсетіп келіндерші деп елшілік қызметкерлеріне өтініш айтқанымыз содан еді. Сөйтсек, оларда журналистердің мәшинеге отыра салып бара салатын біздегідей еркіндік жоқ екен. Сыртқы істер министрлігімен келісіп, олардан алып жүретін шенеунік мініп, Қазақстаннан келген барлық журналистерді мінгізіп, кәдімгі ресми делегация түрінде ғана бара алдық. Ал мұндайда қарапайым халықпен шынайылықпен сөйлесе алмайсың ғой.

Сөз жоқ Беларуссияның мамыр айындағы тамылжыған табиғаты керемет екен. Айналаның бәрі көкпенбек. Жолдары да жылан жалағандай тап-таза әрі кең.

Бізді Минскіден 30 шақырым жерде орналасқан «Деружинский» деп аталатын агроөнеркәсіптік комбинатқа апарды. Жұрттың бәріне көрсетіп, мақтан тұтатын дүниелерінің бірі осы болса керек. Үлкен жолдан бұрылып, кеңшардың бұрылысына түскенде мәшинеміз текіректеген, шаңды

жолға тап болып, «е,е» деп қалғанымызбен ұзамай дұрыс жол қайта басталды. Хабарлап қойған ғой, бізді комбинаттың бас директоры Леонид Заяц мырзаның өзі қарсы алды. Жапа-тармағай сұрақтар беріп жатқанға ол аса мән бермей, бізді екі қабатты кеңсеге қарай бейімдей берді. Сөйтсек, оның кіреберіс фойесіне өздері шығаратын өнімдерді бізге көрсету үшін көрмеге тізіп қойыпты. Мұның ішінде не жок дерсіз, нанның неше түрі, еттің, сүттің бірнеше түрлі өнімдері бар – барлығы 300 түрлі екен. Негізгі тұтынушы Ресей қалалары көрінеді. Олардан келіп, құс етін артып жатқан рефрижераторларды да көрдік. Бұдан басқа 22 мың гектар егістік жеріміз бар, 54 дүкен, мейрамхана, сауықжай түріндегі сауда кәсіпорындарымыз, тіпті туристік орталығымыз да жұмыс істейді. Былтыр 653 млрд. беларус рублі (81 млн. доллар шамасында) көлемінде табыс таптық, соның 15 млн. доллары таза пайда болды, деді бізге бас директор. Мақсаттары жылына 55 мың тонна астық, 30 мың тонна сүт өндіруге қол жеткізу екен. Қазір 32 мың тонна астық, 28 мың тонна сүт өндіретін көрінеді. Қазір орташа еңбекақы дегеннің өзі нақты жағдайды бағалайтын көрсеткіш болмаса да оны да сұраған едік, ол айына 500 доллар дегенді естідік.

Әрине, мұның бәрі өте жақсы. Әсіресе, өз жұмыскерлерімізге емдеу-сауықтыру орнына баратын жолдаманың да 75 пайызына дейін төлейміз дегендері де ғажап.

Біз Кеден одағы туралы пікірін сұрап едік, оның да шаш-етектен пайдасы барын айтты. 2010 жылы біз 1,6 млн. доллардың өнімін экспортқа шығарсақ, одақтың аркасында 2011 жылы 27 млн. доллардың өнімін сыртқа шығара алдық десті олар. Демек, экспортты 16 есе арттырған.

Өнімдерінің экологиялық жағынан өте таза, жоғары сапалы екендігін айтып та мақтанып жатты. Бірақ, ішінара жалған сөйлей ме деп те қалдық. Мәселен, сауыншылардың орташа еңбекақысы 800 доллар деген тым артық сияқты, өйткені слдегі орташа еңбекақы 250-270 доллар төңірегінде ғана...

Әрине, бұл жерде біз елдің экономикасын толық сараптап жатқан жоқпыз. Тек өзіміз көрген бір кәсіпорынды айтпай кетуді жөн санамадық. Егер экономикасын толық сараптар болсақ, жетіспейтін жақтары шаш-етектен табылар еді. Соның ішінде бір доллардың құны 8000 беларусь рубльі болатын «сабан ақшаның» да көп жайдан хабар беріп тұрғаны сөзсіз.

Бірақ... өз жерінде өз халқынан өгейлік көріп, ықылым заманнан бері өздерін жеке халық етіп ұйытса да жұтылып бара жатқан ана тілі, ұлттық қалпы басқаны білмеймін, біздің жанымызды ауыртты. Ғасырлар бойы елін, жерін жаттан өзегін отқа қарып қорғаған батырлар мен бағландар, көсемдер мен шешендер, халқының рухын көтеріп, ана тілінде жырлаған ақындар мен жазушылар есімдері де әлі күнге коммунистік көсемдердің тасасында қалып қойған. Біз жоғарыда ауызға алған нағыз патриот жазушы Алесь Адамовичтің атына да бір көше аты бұйырмапты... Ұлттық мүддені жоқтайтын зиялы қауым өкілдерінің үндерін де бәсендетіп тастаған. В.Деружинскийдің: «Нашей стране крайне необходимо возвращение к своей собственной тысячелетней истории. Без этого Беларусь как суверенное государство вряд ли возможно, по крайней мере - в длительной перспективе» деген сөздерінің жаны бар. Егер өз тарихын күндап, өз ерлерін ескермесе – беларус халқы тілінен де, ділінен де тегіс айрылатын сияқты. Ал тілінен айырылған жұрт – ұлт ретінде жер бетінен жойылатыны сөзсіз. Беларус түгіл өркениетті өз қолымен қалаған соғда, латын т.б. сияқты ұлттардың да тілдері жойылып еді, өздерінің де қайда қалғаны белгісіз.

Беларуска карағанда біздің халіміз құдайға шүкір екен. Өзімен кеткір мұндай үлгілер бізді үнемі шошындыратын болуы керек.

2011 жыл

«ҚЫЗЫҒЫ» КӨП ҚЫРҒЫЗ ЕЛІ

Қырғыз елінің жер көлемі 199,9 мың шаршы шақырым, халқының саны 5 млн. адам, соның ішінде қырғыз халқының үлесі 70, қазағы 1,0 пайыздай.

Қырғызстан мемлекеті әкімшілдік-аумақтық бөлінісі бойынша 7 облыстан тұрады, соның ішінде Баткен мен Жалал-Абад облыстары тәуелсіздік жылдарында Ош облысын бөлу арқылы құрылды. Елдің астанасы Бішкек қаласында 1 млн-ға жуық халық тұрады.

Көз көріп, көңілге түйгендер

Сонымен көптен бері өзінің әлеуметтік-саяси жағдайының толқымалығымен аймақта аты шығып тұрған қырғыз еліне жол тарттық. Біздің мақсат – осы елдегі ахуалды көзімізбен көріп, оқырмандарымызға шынайы ақпарат беру. Өйткені, бұл қырғыз бауырларға не болды, неге қайта-қайта дүркірей береді деген ой кімнің басында да бары анық қой...

Астананы басып жүретін “Екатеринбург-Бішкек” поезы бар екен, бірақ жұрттың бәрі оны жүрісі баяу, оның үстіне шекарада ұзақ тұрып қаласыз деген соң Шу қаласы арқылы тура жүрдік. Осы жерде толып тұрған таксилердің біріне мініп, Бішкек шаһарына бет алдық. «Мен сіздерді “Дордой” базарына дейін ғана апара аламын, әрмен қарай қырғыздың таксишілері толып тұрады, солардың біріне мінісіздер», деді бізді әкеле жатқан жас жігіт. Бішкектің орталығына дейін неге апармайсыз деген сұрағымызға, ойбой, Қазақстанның нөмірін көрсе қырғыздың жол сақшылары әрбір бұрышта тоқтатып, “қанынды ішіп қояды” деді ол. Оу, жол тәртібін бұзбасаң, құжаттарың дұрыс болса олардан несіне қорқасың дейміз ғой, баяғы. Ол біздің “соны да білмейтінімізге” күдікпен қарап: олар мәшинені тексермейді, тұп-тура ақша сұрайды, бермесен түрлі сылтау тауып жүргізбей қояды, деді.

...Міне, мемлекеттік шекараға да жеттік. Біздің жактан жолаушылар жаяулап өтіп, аппак, алып терминалдың ішінде құжаттарын көрсетіп, өркениетті түрде тіркеліп, ары карай жаяу асып жатыр. Ал елу метрдей жердегі кыргыз жағына келгенде күн қағып кап-кара болған, арық шекарашылар билет тексергендер құсап әрбір мәшинеге бір жүгіріп, ішінде отырғандардың құжатына көз жүгіртіп өтті. Қазақстандық төлқұжатқа тіпті карамайды да екен, ал өздерінің адамдарыныкіне шүкшиыңқырап тұрып алады...

“Дордой” базары Бішкектің шетінде адамдар мен көліктер құмырскадай быжынап жатқан рынок. Осы жерден қытай тауарларын көтерме бағамен сатып алған үлкен жүк мәшинелері шығып жатыр. Қаптаған халық пен техникадан басың айналардай болған соң ол жерден тезірек кетуге асығып, толып тұрған таксидің біріне мініп, орталыққа тарттық.

Қырғыз елі астанасының көзге бірден түскен ерекшелігі – ешқандай құрылыс көрінбейді, бізде бұрыш сайын мойыны сорайып тұратын крандар атымен жок. Одан соң көшелерінің бәрі Кеңестің кезінен қалған сұрғылт қалпында. Бізде барлық жерде төселген өрнектастар (брусчатка) да мұнда өте сирек, орталық алаңдарда ғана бар. Көшеде кептеліс жок. Жалпы Қырғызстан астанасы 90-шы жылдардың екінші жартысындағы Қазақстан қалаларын еске салады екен. Бюджеттен қаржыландырылатын қызметкерлердің еңбекақылары 1,0-1,5 мың сом, зейнетақы да 700-1000 сомның төңірегінде. Бір сом біздің үш теңгеге тең, сонда бюджеттегілер 4-5 мың теңге ғана алады деген сөз. Ал тамақ та, тұтыну тауарлары да бәлендей арзан емес. Нан бағасы 5-15, 1 литр сүт 15-20, сары майдың 200 грамы –45-50, картоп 15-20 сом аралығында. Демек, біздікімен салыстырғанда кейбір тамақ өнімдері 2-3 есе (нан, май), ал кейбіреулері тіпті 5-6 есе арзан. Бірақ дүкендерде толып тұрған Қазақстан мен Ресейдің тамақ өнімдерінің бағасы 10-15% ғана төмен. Ал зейнетақы 3-4 есе, бюджеттегілердің еңбекақысы 5-6 есе аз болғанда

тұрмыстың айырмашылығы көрініп тұр. Көп ақшаның қарымы да күшті болатыны сөзсіз, әрине. Сондықтан Қырғызстанға барсаңыз өзіңіздің бай екеніңізді сезінеді екенсіз.

Кеңес кезінен қалған зәулім ғимаратқа орналасқан Ұлттық кітапханасы бар екен. Онда қызметшілер де, оқырмандар да қалың киіммен отырса да бүрсендеп, тоңып отыр. Іші жеткілікті дәрежеде жылытылмаған соң суып кеткен бетон қабырғалар адамды қалтыратып жібереді. Ұлттық драма театрында да, музейде де соны көрдік. Көрермендер жылы киіммен отырса сахнада әртіс жазғандар жеңіл киіммен жүріп, өнер көрсетіп жатыр...

Бес қабатты үйге тең биік, Тарихи мұражайлары бар екен. Қырғыз тарихынан біраз мағлұмат алар ма екенбіз деп кірсек... Кезінде «Ленин музейі» деп ашылған калпында, бәріміз де бас тартқан социализм мұраттарын кеңінен насихаттап тұр. Тіпті Лениннің сөздері де сол калпында. Барлық жерде оның ескерткіштері, үзенгілес жолдастарымен, отбасымен түскен суреттері. Ең жоғарғы қабатта тұрған қырғыз өмірі мен тарихының мәліметтері бұған қарағанда анағұрлым солғын. Соған қарап тәуелсіз қырғыз елінің тәуелсіздік идеологиясы мен ұлттық құндылықтары кемшін насихатталғанын көрдік.

Халқы дәл өзіміздей көнбіс, қарапайым, сенгіш, айырмашылығы үнемі алаңдаулы екен. 2005 жылғы наурыз төңкерісінен кейін өздерінде еркінсу, үкіметті көзге ілгісі келмейтін өркөкірек көзқарас та пайда болған секілді. Менімен сөйлескен Рүстем деген журналист жігіт сол оқиғаларды өзінің үлкен ерлікке, көзсіз батырлыққа балайтынын жеткізді.

Біз бір жақтан біреу: я керемет билеуші, я басқа күш келіп жақсылық әкеледі деген масылдық ойдан арылып едік, ал қырғыздар ондайдан әлі де арылмаған екен. Билік үшін өз ара таласып, қырқысып жатқандарға қатты елеңдесіп, анауы жақсы, мынасы жаман деп бар жақсылыққа сол жеткізетіндей көріп елеуреседі. Елде басқа тауар кемшін болса да

газеттің бірнеше түрі дүңгіршіктерде самсап тұр. Онсыз да артық саясатшылданып кеткен халықты олар да алаңдатып, тіршілік камынан гөрі өз кожайындарының максатына жұмылдыруға әзір. Теледидардан да елдің барлық проблемалары ашық көрсетіліп жатыр. Бірақ соның көбісі шарасыз бай-баламшылдық. Нақты жауапты адамдар немесе проблеманы шешу жолдары айтылмайды. Айтылса да тығырықтан жол табуға ұмтылған жанашырлықпен емес, қайтсе де кінәрәт табу, мұқату, сынау тұрғысында төпелейді. Сол үшін өткір тілді де аямай, демагогиялық риториканы төгіп жатыр.

Біз барған уақытта теледидардан 2006 жылдың бюджетін парламент әлі де бекіте алмай, шуласып жатты. 75 депутаттан тұратын бір палаталы парламент әбден саясатшылданып кеткен: елдің нақты камынан гөрі олар топтар мен жіктердің сойылын соғып, қайтсе де өз ұсыныстарын өткізуге тырысуда екен. Оның үстіне демократия деген нан болмасын білсе де, аузынан ақ майы ағып, шекесі шылқыған елдерге еліктеп, соны жоқтасқан әсіредемократтардың дауысы басым.

Біз барардан сәл бұрын экс-премьер-министр Феликс Кулов өзінің оппозицияға кететінін ашық жариялаған болатын. Газеттер “железный Феликс”, “Феникс, который воскрес из пепла” деген секілді мадактармен оны дәріптеп, қолтығына ашықтан-ашық дым бүркіп жатыр... Соған карағанда қырғыз ағайындарды қоздырып қойып, қызуына қолын жылытқысы келіп отыратын жасырын күштер де бар секілді... Біз барған уақытта Ф.Кулов басқа оппозиционерлермен бірігіп, “Қырғызстанның лайықты болашағы үшін” атты бірлескен майдан құратындарын мәлім етті. Максаттары Президент Құрманбек Бакиевті мерзімінен бұрын отставкаға жіберіп, қайта сайлау өткізу... Бірлескен мәлімделерінде Президентке “барлық билікті өз қолына ғана шоғырландырған, елді отбасылық жүйемен билеуде т.б.” айыптар тағылуда. Былтырғы қараша айында қырғыз оппозиционерлері халықты көшеге тағы да алып шығып, Президенттен Конституция-

ны өзгөртүп, парламенттик республика кұруды талап еткен. Елбасы бұл талапты кабылдауға мажбур болады. Бирак дәл осы уақытта елде үкімет жок еді, ол өз еркімен отставкаға кеткен. Ал жаңа Конституция бойынша үкіметті сайлауда жеңген партия кұруу керек. Қазіргі парламентте ондай партия болмаған соң 2010 жылға дейін Үкімет басшысын Президенттің ұсынысымен парламент бекітіп, ал министрлерді премьердің ұсынысымен Президент бекітетін өзгеріс енгізілген. Сөйтіп, 30 желтоқсанда бекітілген бұл өзгеріс Президенттің позициясын мықтауына жағдай туғызған еді. Қазір Қ.Бакиев соны пайдаланып үкіметке өзінің жақтас адамдарын тағайындап жатыр.

Қырғызстан өнеркәсібінің негізгі өнімдерінің бірі – электр қуаты. Бұл сала кәсіпорындары акциясының 93 пайызы үкіметтің қолында. Энергетика тарифын әлеуметтік шиеленіс тумау жағын ескере отырып мемлекет өзі реттеп отыр. Өкінішке орай, онсыз да толық қуатында жұмыс істей алмай тұрған электрстансалар өнімдерінің жартысына жуығы ұрланады екен. Халықтың берешегі 3,5 млрд. сомға жетіпті... Елдің ІЖӨ -нің 36% алтын өндірудің үлесіне тиеді. Бирак бұл саланың болашағы да маз емес көрінеді.

Бұрын қырғыз елін ауызға алсақ шу дегеннен айыр қалпақ, “Манас” жыры және Шыңғыс Айтматов көзіне елестеуші еді. Енді, елдің жаңа тарихында 2005 жылғы 24 наурызындағы төңкеріске соқпай кету мүмкін емес. Өздері сайлаған Елбасын елден таяқтап қуып шыққан тобырдың төңкерісіндей оқиға бұрын-соңғы тарихта болмаған шығар...

Оның тарихын қазір әбден зерттеп, барлық қырларын екішеп жазған еңбектер елде көп екен. Соның бірін тарихшы, профессор А.Князев жазыпты. Толып жатқан фактілер мен деректерге сүйенген ол төңкерістің шығу себебі елдегі әлеуметтік ахуалдың шиеленісінен емес дейді. Өйткені, 2004 жылдың қорытындысы: “свидетельствуют о наличии к началу 2005 года весьма позитивных тенденций экономического

роста” дей келіп, ІЖӨ 2003 жылмен салыстырғанда 7,1% өскенін, ұлттық валютаның тұрақтана бастағанын, кредиторлардың Париж клубы 124 млн. доллар несиені кешіріп, қалған 461 млн. доллар несиені 2012 жылдан бастап 16 жылдың ішінде қайтару туралы шешім қабылдағанын т.б. фактілерді келтіреді. Профессор өзінің еңбегінде наурыз оқиғасы эндогендік емес, экзогендік факторлардан болғанын дәлелдеп бағады. Соның ішінде АҚШ-тың Орталық Азияда ықпалын күшейтуге бағытталған шарасы екенін, Бішкектің “Манас” әуежайында әскери авиабазасын жасауға рұхсат бергенімен кыргыз үкіметінің Қантта 2002 жылы Ресейдің әскери-әуе күштері базасын ашуға да рұхсат бергені және сол жылдың желтоқсанында А.Акаевтың АҚШ-тың базасы туралы: “будет оставаться на территории Киргизии только до тех пор, пока не истечет мандат ООН на действия в Афганистане” деген мәлідемесі, сөйтіп өздерін аймақтан ығыстыруға бет алғаны америкалықтардың қытығына әбден тигенін айтады. Сондықтан да олар кыргыз президентін орнынан тайдыруға мүдделі болды деген қорытынды шығарады автор. Сол үшін ҮЕҰ арқылы ЮСАИД, “Фридом хауз”, “Бейбітшілік корпусы” т.б. ұйымдар арқылы ақша төгіп, елдегі ахуалды шиеленістіріп жіберді. Соның ішінде жартылай АҚШ үкіметі қаржыландыратын “Фридом хауз” ұйымы: “установил в Киргизстане единственную независимую типографию для издания газет оппозиции” деп жазады. Ол ол ма АҚШ-тың осы елдегі елшісі Стивен Янгтың төңкеріс алдында жасаған баяндамасынан мынадай дәйексөз келтіреді: “Наша основная задача на предвыборный период – вызвать неуважение к властям и к недееспособному коррупционному режиму Акаева, его прорусской ориентации и незаконное использование “административного ресурса” на выборах. В этой связи Демократическая комиссия при посольстве, фонд Сороса, Фонд “Евразия” в Бишкеке в сотрудничестве ЮСАИД организовали политически активные группы изби-

рателей, чтобы вдохновить их на беспорядки против пропрезидентских кандидатов”. (Князев А., Государственный переворот, Бишкек, 2006, с44). Міне, бұл сөздерге ештенені алып-косуға болмайтын шығар... АҚШ елшісінің жасырын баяндамасын колға түсіргеніне карағанда автордың өзі де Ресейдің арнаулы қызметтерімен байланысы бар секілді...

Жоғарыда біз айтқан ұлттық идеологияның кемшін екендігін бұл автор да: “на протяжении десяти лет независимости существования Киргизии информационно-психологическое обеспечение независимости просто отсутствовало” (с46) деген сөздерімен тірілте түседі. Бұл тұжырымдардың растығына қырғыз астанасының көшелерінде көз жеткізе түсесін. Егер біз кеше өзіміз бас тартып, басқа жолға түскен соң компартиялық, маркстік-лениндік бағыттар мен атаулардан оңай құтылған болсақ, қырғыз астанасында олар әлі күнге самсап тұр. Қолын “жаркын болашаққа” нұсқап тұрған “атаның” ескерткіші де орталықтан кетпепті. Қала берді даму барысында өзіндік бет емес, ресейлік бағдар басым екені де менмұндалайды. Облыс әкімдерін “губернатор”, ауыл әкімдерін “староста” т.с.с. деп атайтындарының өзі неге тұрады.

Профессор А.Князев төңкерістің болуына мүмкіндік берген басқа себептердің қатарында жершілдік, рушылдық секілді жегі құрттардың, саяси партиялардың әлсіздігінің, наразылық акцияларына қылмысты топтардың араласқанын, құқық қорғау органдары мен әлеуетті құрылымдардың ішкі тәртіпті сақтауға әлсіздігінің рөлі үлкен болғанын айтады. Бірақ ол Президенттің өз басының саясаткерлік түйсігінің кемшіндігін, ел арасында наразылық барын сезсе де, екі бірдей баласын халық алдындағы саясаткерлер қатарына өткізіп, таразы басын тең ұстамағанын жазбайды. Әрине, демократиялық дәстүрлері тереңге кеткен елдерде мұндай тәжірибе бола беретін-ақ шығар, бірақ билеушінің жеке басының асқан қарапайым болмағын насихаттап келген

кешегі кеңестік идеологияны бойына сіңірген, әрі тұрмыс ахуалы төмен халыққа мұндай әрекеттер шаншудай қадалып, ашындырып жіберетінін ол болжай алмаған... Бішкек көшелерінде кездесіп, сөйлескен талай адам Ақаевтың осы “озбырлығын” өздерінің әлі күнге кешпейтінін білдірді. Бұл Президентті биліктен тайдырғысы келгендер үшін қазақша айтқанда: “құланның қасуына мылтықтың басуы” болғаны айдан анық...

Бүгінгі күні елдегі экономикалық ахуал барынша күрделі. Қырғызстандық меншіктердің бәрі нарық заңына сәйкес зырылдатып әкететін топ-менеджерлердің емес, әкімгер “әке-көкелері” бар “іскерлердің” қолына түскені белгілі. Енді әкімшіл ресурстардың қолдауынан айрылып, әрі өз капиталы аз болған соң олар жұмысты жүргізе алмай жатыр. Осыны пайдаланған жаңа билік өкілдері меншікті қайта бөлу үдерісіне қатты кірісіп кеткен. Ош облысындағы Қарасу базары, ұялы телефон байланысының операторы “Бител”, “Қара кече” көмір кен орны, Бішкектегі “Пинара” қонақ-үй кешені т.б. осы қайта бөлісудің мысалдарына жатады.

Қырғызстандағы қазақтар

немесе “айылдың арғы жағында”...

Олар негізінен 1931-32 жылдардағы аштық жылдарында келгенге ұқсайды. Бішкектен 30 шақырымдай жерде қазақтар көп қоныстанған Ұшқын айылында болдык. “Аталарымыз 32-ші жылғы аштықта Қарағанды өңірінен келген екен, содан бері осында тұрып жатырмыз” деседі олар. Елге қайтуды ойламайсыздар ма десек, осында үйреніп қалдық, тұрмысымыз жаман емес, дейді Марал Сәтеков деген ағайынымыз. Оның сөзін Мырзалы Тәнеев, Үмбет Әрінов, Серхан Өмірбеков т.б. ағайындары да қолдап жатыр. Ешкім көз алартпай ма, қырғыз ағайындар тату көршілікке қалай деп едік, осы уақытқа дейін ешқандай алалау болмайтын еді, қазір оңтүстіктер келгеннен бері өз елдеріне қайтыңдар де-

ген сөздерді ішінара естіп қаламыз десті олар. Біздің жұмыс істеп, жақсы тұрғанымызды олар көре алмайтын секілді. Өздері бел сындырып жұмыс істегілері келмейді, жалқау...

Жалпы қырғыз жерінде 42 мың казак тұрады екен. Қырғызстан халықтары ассамблеясының мүшесі, “Отан” атты казак мәдени орталығының төрағасы Смағұл Нұрғалиевтің айтуына қарағанда бұрын казактың саны 100 мыңнан артық болыпты, қазір көбісі кетіп қалған. Қазактың көп қоныстанған жерлері Бішкек шаһарында – 12 мыңдай, одан басқа шекаралас Шу облысында -17, Ыстыккөл облысында – 7,5, Талас облысында –3,5 мың адам тұрады. Еліміз Қырғызстаннан оралатындарға жыл сайын 145 отбасына квота береді екен.

Қырғыз жерінде үкімет мүшесі, атакты өнер адамы, ірі бизнесмен, депутат болған қандастарымыз бар көрінеді. Соның ішінде үлкен егістік жері, малы, Бішкекте қонакүйі, дәмханалары т.б. бар Төлепберген Тілеуішев, дәл сондай іскер Рахман Бәженов, кардиохирург - ғалым Сейітқан Жошыбаев, депутаттар Дәулет Хамзаев, Еркін Бөлекбаев, еңбек сіңірген әртіс Аманбек Нұртазин т.б. атауға болады. “Тағы бір чоң казак бар” деді маған қырғызстандық әріптесім Назарбек Байжігітов. Онысы Қырғызстан Президенті әкімшілігі басшысының орынбасары Медет Садыркұлов екен. Назарбектің өзі де казак, Қырғызстанның “Қырғыз туусу” атты ұлттық ресми газетінде қызмет істейді. Қазак мәдени орталығында түбі Семейден келген, 1963 жылы грек-рим күресінен спорт шебері атағын қорғаған Нұрғали Райымбеков деген ақсақалды кездестірдік. Ақсақалдың 16 жасар бір қызы Ирина қазір көркем гимнастикадан республиканың құрама командасының мүшесі екен. Міне, қандастарымыздың жалпы хал-ахуалы осындай...

Қырғыз қоғамы инвесторларды негізінен “сатып алушы”, “алып қоюшы” деген ұнамсыз тіркестермен ұғынады. Сол себепті де оларға қарсылардың жасанды үрей шашқан

дакпырттарына катты елігеді. Осы қатарда: сатуға рұхсат берсе шетел инвесторлары Ыстыккөлдегі демалыс орындарын иеленіп кетеді, оған сосын қырғыздар кіре алмайтын болады деген үрей бар. Қырғыздар ақшасы болмаса қазір де оған кіре алмайтынын, ал ақшасы болса кім қожайын болса да бара алатынын ойламайды екен. Сөйтіп, өздері іс қыла алмаса да “жатқа бермейміз” деген демагогиялық айғай қазір қоғамда басымдап тұр. Инвестор туралы дұрыс түсінік қалыптастыруда үкімет тарапынан берекелі істер көрінбейді.

Қазақстандық инвесторлар ашқан немесе сатып алған кәсіпорындарға ішінара мемлекеттік органдар тарапынан рейдерлік акциялар да болып тұратын көрінеді. Өздерінің құқын бірлесіп қорғау үшін біздің іскерлер елшіліктің бастамасымен “Қазақстандық инвесторлардың ассоциациясы” атты қоғамдық ұйым құрыпты. Біз оның төрағасы, “Қазтрансформатор” компаниясына кіретін “Қырғыз-энергоремонт” АҚ бас директоры Бақытбек Желдібаевпен әңгімелестік. Бүгінгі күні Қырғызстанда қазақстандық капиталдың араласуымен бес банк, 400-дей кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Қазіргі Қырғызстанда беріліп жатқан несиенің жартысынан көбі қазақстандық капиталдың үлесіне тиеді. Сөйтіп, елдегі түтіні түзу ұшып тұрған өнеркәсіп кәсіпорының көбісі қазақстандық қаражаттың араласуымен жұмыс істеп тұрған көрінеді. Соның ішінде Қанттағы тоқыма, Тоқтамақтағы құрылыс материалдары зауыттары, Қанттағы цемент-шифер, Беловодскідегі крахмаль және шұға, Аксудағы қант комбинаттары, т.б. бар. Ішкі саяси ахуал тұрақтанатын болса қазақстандық инвестицияның ағыла түсері анық.

Ынтымақтастықтың тағы бір саласы Өзбекстаннан алынатын газ тұрғысында. Ол Қазақстанға қырғыз аумағы арқылы жеткізіледі. Бірақ газ құбырының әбден тозығы жеткен. Соны жөндеп, бірлесе пайдалану үшін 2004 жылы “ҚырҚазГаз” БК құрылған. Құру туралы келісімге сәйкес Қазақстан жағы жөндеу жұмыстарына 6,2 млн. доллар қа-

ражат бөліпті. Бірақ оны артынан қайтару туралы қосымша құжаттарға қырғыз тарапы қол қоюға асығар емес. Оның үстіне өзбектерге алдын ала ақы төлеу арқылы алған газымыз Қырғызстан аумағында ұрланатын көрінеді.

Екі елдің арасындағы шешуін таппай келе жатқан түйіндерге толығырақ тоқтала кетсек, алдымен мемлекеттік шекара туралы айтуға тура келеді. Қазақстан өзінің Қырғызстаннан басқа барлық көршілерімен бұл мәселені түбегейлі шешіп алды. Жалғыз-ақ қырғыз бауырларымыз 2001 жылдың 15 желтоқсанында ел Президенттері қол қойған Қазақстан-Қырғызстан мемлекеттік шекарасы туралы Келісімді әлі күнге ратификацияламай отыр. Біздің Парламент оны 2003 жылдың 2 шілдесінде ратификациялаған болатын. Сонымен бірге Ыстықкөлдегі Қазақстан меншіктеріне кұқылар да әлі күнге шешімін таппай келеді. Біз осы және басқа мәселелер жөнінде Қазақстанның Қырғызстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Өмірзақ Өзбековпен әңгімелескен едік.

Қырғыз жерімен кимай коштастық. Қалай десек те қазаққа қырғыздан жақын, қырғызға қазақтан жақын халық жоқ. Оны сапардың өне бойында біз де көріп, сезіп отырдық. Мәселен, “Қырғыз туусу” деген ресми газеттерінде бізді жазушы Ш.Айтматовпен бірге төрге шығарып, газеттің бас редакторы Жәдігер Саалаев ағамыз кұрметті қонағындай күтті... Жоғорку Кеңештің вице-спикері Эркинбек Алымбеков уақытының тығыздығына карамай бізбен ұзақ уақыт әңгімелесті т.с.с. Осындай ықыластарды барлық жерде де сезіндік. Біздіңше, басқа ешбір мемлекетте қазаққа қырғыздардай шынайы ықылас бола қоймайтын шығар.

Жаңа Жолдауын жариялағанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та қырғыз ағайындардың бай, бақуат болғанын тілейтінін айтты. Бізде олардың бірденесін иемденіп кетейік, немесе алып қояйық деген империялық амбиция жоқ. Бар мақсатымыз – олардың жақсы тұрмысқа жетуіне жәрдем-

Ұзгеніс жылдары

десу. Сол үшін инвестиция беріп жатырмыз. Өйткені, олар жаксы тұрса біздің қызметіміз бен тауарларымызды алып, еліміз бірлесе алға карай баса беретін болады, деген еді Президент. Ол үшін тек елде бірлік болып, берекелі іс қылса кырғыз ағайындардың экономикасын күшейтуге барлық мүмкіншіліктері бар.

Астана-Бішкек-Астана
2006 жыл

ӨЗІНДІК ӨЗГЕ ЖОЛЫ БАР

Өзбекстан Орталық Азияда орналасқан, жер көлемі 442,4 мың шаршы шақырым, халқының саны 24,6 млн. адам болатын мемлекет (2000 жыл). Негізгі халқы өзбектер ел халқының 80-ге жуық пайызын құрайды. Қазақтар 4,1%.

Өзбекстан Республикасына сапарымыз жаз енді басталып, табиғат ана жаңадан жайнап келе жатқан шаққа дөп келді. Айналаның бәрі жап-жасыл, гүлзарлар мен скверлер шешек атқан алқызыл гүлдермен көмкерілген. Күннің қызуы адамның мазасын алатындай ыстық емес, нағыз бір жанға жайлы беймарал уақыт еді.

Еліміздегі атакты емдеу - сауықтыру орталығы - Сарыағаш қаласына өзбек елінің шекарасы тиіп тұр. “Қапланбек” шекара бекеті деп аталатын осы жерде Қазақстан аумағынан шығу көп болса бес минуттік жұмыс, паспортың дұрыс болса көрсетесің де әрі асып кете бересің. Ал Өзбекстан мемлекетінің аумағына кіргеннен бастап бюрократтық кедергілер қаптап сала береді. Алдымен кедендік декларация толтыру зықынды бір шығарады. Одан қол жүгінді ақтартып, бәрін үстелдің үстіне жайып, одан қайта салып, әуреге түсесің. Жұрттың айтуынша кейбір кеденшілер алақанына “бірдене” қыстырмасаң анауың не, мынауың не деп уақытыңды алып, шұқынып тұрып алатын көрінеді, бірақ маған кездескендері, обалы не керек, еш кедергісіз тексеріп шықты. Одан паспортына “келді” деген белгі соғудың кезегіне тұрасың...

Біздің елдің шекарасынан шыққан бойда соңыннан мазасыз сонадай ызындап «экә-экә-леген» өзбек таксишілері жүреді. Шекарадан “без проблем” өткізіп беремін, мінсен болды деп жалынады олар. Соңымнан қалмай жалына берген соң мен вокзалға дейін бару үшін оның бірімен келістім. Қаланың ортасындағы вокзалға дейін бір мың теңге алмаққа келіскен ол жүгімді көтерісіп, зыр жүгіріп жүрген еді. Сөйтсе оның тағы бір “тәбі” бар екен. Жүкті орнына қойған

сон таны бір 200 тәңгә бере салың, ей, әкә” деп жабысты... Сондағы айтатын себебі: балам ауру еді, ауруханаға барушы едім деген секілді сылтаулар. Бірақ мен оның өтіріктеріне өбектемей, келіскен бағада тұру керек деп мызғымадым.

Шекара бойынан көрген тағы бір “қызык”: өзбек жағына кіретіндер 5-6 адам ғана болса, шығатындар 100-150 -дей болып кезекте тұр. Бәрі де үлкен сөмкелерін сүйреткен жас жігіттер. Шопыр бұларды Қазақстан мен Ресейге кетіп бара жатқан жұмыс іздеушілер деп түсіндірді. Күнде осылай тұрады деді ол.

Өзбек шекарасынан өткен бойда өзіннің бөтен елге келгенінді бірден сезінесін. Алдымен көзге түсетін бір ерекшелік ағылып жатқан мәшинелердің арасында біздегідей шет елдік қымбат көліктер жоқтың қасы. Өздерінде шығатын шағын мәшинелер мен баяғы “Москвич”, “Жигулилер” ғана алдыңнан самсап қоя береді. Тәшкенттің қай түкпіріне барсаң да осы, бірақ көшелер әрі кең, әрі бұрынғыдай тап-таза қалпында. Қаланың орталық көшелерінің жолдары да тактайдай тегіс, әрине шеткергі жолдарды олай дей алмайсың. Адамдар тыныстап жүретін, дем алатын саябақтар барлық жерде бар. Соның ішінде Әмір Темірдің ескерткіші тұрған алаңнан басталып метроның “Бостандық” бекетіне дейін 2-3 шақырымға созылған серуенбақтың сәні тіпті ғажап екен. Оның өне бойы түрлі гүлдермен, әсем хауыздар және әдемі, декоративтік ағаштармен көмкерілген. Сәнді дәмханалар да өткен жанның бәрін өзіне тартып тұрады. Осы жерде көлік дыбысы мүлде естілмейді, бейне бір қаланың ортасы емес, шеткі аймағында жүргендейсің. Серуенбақтың өне бойында суретшілер отыр. Олар санаулы минуттерде сіздің портретіңізді айнытпай салып береді. Осы жерде бір суретшімен ұзақ әңгімелесудің реті келді. Өзін Вадим деп таныстырған ол елдің басшысына қатты тәнті екендігін айтып отырды. –Халықтың мүддесін өз үй-ішінің проблемасындай шешеді. Осы жерде ескі асханалар, сыраханалар

болушы еді, сонын бәрін сырғызып тастап, халық үшін мынадай демалыс орнын тұрғызып берді, деді ол. Шын сөзі деп сену қиын, өйткені президентті қатты мақтағанда даусын көтере шығарып, басқа нәрсені айтқанда акырындатып, мың түрлі күйге еніп отырды.

Тәшкент көшелерінде біздегідей көлік кептелегі жоқ. Оған мәшине санының аздығы ғана емес, толып жатқан айырым-көпірлер де көп пайдасын тигізетін сияқты.

Әрине, Тәшкентте біздегідей көп құрылыс жоқ. Бірақ бұл іс мүлде тұрып та қалмаған, салынып жатқан немесе жөнделіп жатқан ғимараттар бар. Құрылыс алаңында сазға былғанып қалатын жүк мәшинелерінің дөңгелектері мен раманың астын шығарда шлангтегі сумен жақсылап жуып, тазалап шығарады екен. Шіркін-ай, Астанадағы құрылыстарға да сондай тәртіп енгізілсе ғой, бәлкі шаң азаяр еді деп армандадық біз.

Қаланың ортасындағы “Солтүстік” вокзалы жана ғана жөндеуден өткізіліпті, айнадай жарқырайды. Бірақ жаңаға ескінің үйлеспей тұрған жерлері де жоқ емес. Мәселен, дәмханадағы тағамдар түрлері аз, оның үстіне сатушы дайын өнімдерді жалаңаш қолымен салып беріп жатыр... Түрлі қызмет көрсету орындарындағы, соның ішінде байланыс бөліміндегі құрал-жабдықтар баяғы кеңестік кезден қалған ескі бірденелер. Осы жерде отырған екі орыс әйелінің бірі “мы здесь не живем, а существуем” дегенді де айтып қалды. Өйткені алатын еңбекақымыз 35 мың сум дейді. Бұл біздіңше 3500 теңге... Микроавтобуста кетіп бара жатып бір дәрігер әйелмен ұзағырақ сөйлестік. Жоғарғы санатты маманның айлығы 75 мың сум екен. Бұлармен салыстырғанда зейнеткерлердің жағдайы жақсы ма деп қалдық. Жүргізуші болып істеген бір ақсақал өз зейнетақысының 73 мың екенін айтты. Ал бағаның бөлендей айырмашылығы жоқ. Мәселен, нан супермаркетте 400-500, батон 500, шұжықтар 3900, біздің “Сұлтан” макароны 600, майдың 1кг - 5300, сүт 1л -

1000, қоюлатылған Ресей мен Украинаның сүттері - 1100, он жұмыртка 1400, базардағы ет- 5-6 мың сум екен. Қаптаған шетелдік азық-түлік тауарларының құны біздікінен сәл-пәл ғана ауытқыған, ал өздерінікі арзан. Түрлі қызмет түрлері де бәлендей арзан емес. Мәселен, автобустың билеті 200, микроавтобустікі 300 сум. Бірақ, бір жақсысы, көптеген қала тұрғындарының жеміс-жидек, көкөніс егетін өздерінің саяжайлары бар көрінеді.

Вокзалдағы қаптаған мониторлардан күніне бірнеше дүркін өзбекстандық боксер Руслан Чагаевтың Николай Валуевты жеңген шайқасын көрсетеді екен. Патриотизмді насихаттаудың өтімді құралы ретінде бұл айқасты барлық БАҚ-тар да қайта-қайта көрсетіп, қайта-қайта жазуда. Ұлты бөлек болса да Чагаевты өзбек халқының ұлы деп дәріптеуде. Патриотизм демекші, өзбек елі бұл іске бізбен салыстырғанда күштірек көңіл бөлетін көрінеді. Әмір Темірдің мұражайын да ғаламат етіп жасап қойыпты. Оның империясының картасын сызып, кезінде өзбек халқы осынша жерге иелік еткен дегенді ашық мезгеп тұр. Теледидардан беріліп жатқан хабарлар, газеттердегі материалдар легі негізінен осы мәселені басты бағдар етіп алғанға ұқсайды. Мәселен, теледидардан екі командаға бөлініп сайысқа түскен балалар Өзбекстан туралы, өзбек халқы туралы патриоттық өлеңдер айтудан немесе өздерінің үлесіне тиген айтулы өнер, әдебиет, мәдениет, тіпті спорттық және қоғамдық қайраткерлердің еңбектерін, қол жеткізген табыстарын т.т. толық білуден біліктілік салыстырып жатты. Қысқасы, мұндайлар өз елінің барлық жетістігін бала атаулының өте жақсы білуін, онымен мақтануын мақсат еткен хабарлар екені көрініп тұр. Барлық мектептердегі көзге түсетін ең үлкен ұран «өзбек мемлекетінің болашағы зор» деген сөздер.

Өзбекстанда тек конвертацияланған берік валюталар (доллар, еуро, фунт стерлинг және жапонның иені) ғана ашық айырбасталады. Осы тұрғыдан бұл елді ынғайсыз елдерге

жатқызуға болар еді. Бірақ ресейдің рублі мен казактың теңгесін жасырын түрде айырбастаушылар толып жүр.

Көзге түскен тағы бір қызық, Тәшкенттің сырт түрі де заман ағымымен өзгерген екен. Баяғыдай өзбек-көйлек пен шалбар киіп жүретін қыздар мен әйелдер, ала такияны басына жарбитып алатын еркектер мүлде көрінбейді. Есесіне ашық-шашық киіммен жүретін қыздар баршылық...

Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігін алған күннен бастап ешкімге еліктеп-солықтамай, ішін ашып ақтарылып-төңкерілмей өз жолымен келе жатқан ерекше ел. Олардың даму жолы “өзбек моделі” деген атау алған. Президент Ислам Каримовтың тәуелсіз елді құруға бағытталған негізгі қағидаты мына сөздерге саятын секілді: “Пока существуют национальные государства, в качестве постоянной опасности будут выступать и силы, представляющие угрозу их независимости и свободе, традициям и обычаям, пытающиеся воздействовать на них, стремящиеся господствовать над ними, использовать их богатства в собственных интересах”. (“Идея национальной независимости: основные понятия и принципы”, Ташкент, 2003 с.3). Міне, өзбек елі осы байламды негізгі бағдарға алып, осындай қауіптерге қарсы қоятын құралдарымен қатар халық жүрегіне мемлекетшілдік пен отаншылдық рухты, ұлттық мүддені тереннен сіңіруді өз ерекшелігімен жетілдіріп келе жатқан ел. Сол ерекшеліктің бірі қатарында белгілі орыс саясаттанушысы Рой Медведев Өзбекстанда компартияның барлық басқару құрылымдары өзгерместен қалдырылғанын айтады. Атын “Халықтық-демократиялық партия” деп өзгерткенімен оның барлық ықпалы мен істері өзгермеген. Осының өзі елді діни фундаментализмнің басып кетуінен сақтап қалды дейді саясатшы. Одан әрі Р.Медведев: “Сохранились в республике и ориентация на главные принципы социального общества, хотя и с мусульманским оттенком” дегенді қосады. (Журнал “Евразия”, №50, июль, 2006 г., с.68-72).

Қалай десек те Өзбекстан ерекше ел. Тіпті халық санының ауыл мен қаладағы өсімі де ерекше. Мәселен, Тәуелсіздік жылдары біздің елімізде ауыл тұрғындарының есебінен қала халқының саны арта түсті. Мұны біз табиғи жағдай, қалыпты даму үдерісі деп қабылдадық. Ал Өзбекстанда 1992-2003 жылдары ауыл халқының саны 13 млн-нан 16 млн. адамға артқан. Мұның басты себебі халық тұрмысын жақсартуды басты назарға ұстаған жоғарыда айтылған “өзбек моделіне” сәйкес мемлекет қыстақтарда жекеменшікке негізделген мыңдаған жеңіл және тамақ өнеркәсібінің орта және шағын кәсіпорындарын ашқан. Дамудың асқаршынына жеткен Малайзия да осындай әдіс қолданған еді. Соның аркасында ауылдарда мыңдаған жұмыс орындары ашылған. Астана құрылыстарында қаптап жүрген өзбек жастарын көрген қазақстандықтар ендеше неге олар бізге ағылып келіп жатыр деп сұрауы мүмкін. Бұл орынды сұрақ. Бірақ сіз Өзбекстан халқының жыл сайынғы өсімі 2,2 пайыз екенін және халқының жартысына жуығы 18 жасқа дейінгі жастар екенін ұмытпаңыз. Сондықтан халық санының үлкен өсімі бар елде жастардың жұмыспен толық қамтылмауы да заңды. Экономикалық дамуы жоғары деңгейге жетіп қалған Қытай елі де халқының саны көп болғандықтан жұмыс күшін сыртқа экспорттауға мәжбүр болып отыр емес пе? Өзбекстан да аса үлкен көлемде болмаса да өз деңгейінде жұмыс күшін сыртқа шығаруға мәжбүр. Оның үстіне Өзбекстан мемлекеті өз жастарын топырлатып сұраусыз жіберіп жатқан жоқ. Бәрінің де қатаң есебі бар екен.

Өзбекстан Республикасы нарықтық қатынастардың барлық түрлерін де секірісті серпінмен емес, қалыпты даму үдерісімен дамытып келеді. Соның ішінде елге сыртқы инвестиция тарту ісі де жақсы жолға қойылған. Бірақ бұл істе олар біздегідей дарбазаны шалқадан ашып, кәсіпорын, мекемелерді шетелдіктерге түп орнымен сатып жіберген жоқ. Сатылған фирмаларды біріккен кәсіпорын формасына ай-

налдырды. Сөйтіп, кез келген фирмалар мен компаниялар акцияларының кем дегенде 50 пайызы үкіметтікі болып қала берді. Соның өзінде, тәуелсіздіктің алғашқы 15 жылында Өзбекстан 20 млрд. долларға жуық шетелдік инвестицияны игерген. Қазір Өзбекстан аумағында шетелдік капиталдың араласуымен жұмыс істейтін 2655 кәсіпорын бар. Соның ішінде 1600-ы БК. Ал олардың 411-ресейлік, 334-америкалық, 285-түркиялық, 164-ағылшындық капиталдың араласуымен жұмыс істейді. Қазақстандық капиталдың араласуымен жұмыс істейтін 73 кәсіпорын бар, соның 48 БК. Ал Қазақстанда өзбек капиталының араласуымен жұмыс істейтін 715 кәсіпорын бар. Бұл шетелдік капиталға екі елдің қаншалықты ашықтығын көрсетететін фактінің бірі.

2007 жылы Өзбекстан 78 инвестициялық жоба бойынша 1 млрд. 18 млн АҚШ долларына тең шетелдік капиталды игермек. Соның ішінде Ресейлік “Лукойл”, “Газпром” компаниялары негізгі инвестор болып отыр. Барлық игерілмек капиталдың 30 пайызға жуығы солардың үлесінде. Сөйтіп, ресейлік инвесторлар қазір өзбек экономикасына капитал кұюдан бірінші орынға шығыпты. Ал 2004 жылы олар алтыншы орынды ғана иеленген еді. Барлық шетелдік инвестицияның 42 пайызға жуығы отын-энергетикалық саласына кұйылмақ. Соның ішінде жоғарыда аталған ресейлік қос алпауыт газ кен орындарын игеру мен барлау жұмыстарына тартылған. Өзбекстанда дайын өнімдер шығарып жатқан алпауыт кәсіпорындар да бар. Олардың ішінде ең бастылары 50 пайызға жуық ресейлік капиталдың күшімен істеп тұрған “Топоич” авиа, Әндіжандағы бұрынғы трактор тіркемелері зауытының негізінде Оңтүстік Кореялық капиталмен бірігіп ашылған “УздЭУ” авто т.б. зауыттарды айтуға болады. Соңғының жобалық қуаты жылына 200 мың автомобиль екен, бірақ әлі толық қуатына жеткен жоқ. Қазір оның өнімдері 20 шақты елге шығарылады. Өзбектер елдің экспорты бұрынғыдай шикізат (мақта,алтын т.б.) есебінен емес,

дайын өнімдер (автомобиль, мұнайхимия өнімдері т.б.) арқылы артқанын (53%) мақтаныш етеді екен. 2006 жылы ІЖӨ өсімі 7,3, инфляция деңгейі 6,8 пайыз болыпты.

Дегенмен өзбек елінің экономикасы сыртқы инвестицияны барынша тиімді пайдаланып, еркін дамуға жол ашып отырған жоқ. Кейбір мамандар елдің осы тұрғыдағы саясатын ішінара сынап та қояды екен. Мәселен, Д.Мирхамидова мен Х.Икрамов деген ғалымдар экономикалық журналда былай деп жазады: "...можно выделить трудности на пути институционального развития механизма формирования благоприятного инвестиционного климата в стране, которые имеют в основном субъективный характер и связаны с отсутствием четкой стратегии развития Узбекистана...". ("Ихтисодиет ва тағлим" журнал, №3., 2006 г., с.112-115).

Егер біздің еліміз экономикалық интеграциялық үдерістерді қолдап, елдің экономикасын серпінді даму жолына түсірсе және соның арқасында халықтың тұрмысын біршама жоғары деңгейге көтере алған болса, жоғарыда айтқанымыздай "өзбек моделі" ұлттық мүддені қатты ескеріп, экономикалық интеграциялануға салқын сабырмен кіріскен екен. Бәлки, бұл әдістің де перспективасы жоғары шығар, оны енді болашақ көрсетеді.

Быттар казак-өзбек катынасы жаңа, сапалы кезеңге аяқ басты. Бірнеше рет болған көпжакты форумдар шенберіндегі кездесулерден баска екі елдің басшылары екі рет мемлекеттік және бір рет жұмыс сапарында кездесті. Осы кездесулердің ықпалымен арадағы алыс-беріс пен экономикалық катынас ұлғая түсті. Алматы-Тәшкент-Нүкіс бағытындағы теміржол катынасының қайта ашылуы бұл істерге серпін бере түсті. Алматы-Тәшкент бағытындағы әуе жолы катынасының жиілігі де аптасына жеті ретке дейін артты. Тәшкентте былтыр Қазақстанның Даму банкының өкілдігі ашылды. Жалпы, Өзбекстан аумағында казакстандық 24 фирмалар мен компаниялардың өкілдіктері жұмыс істейді. Оның үсті-

не “Астана” және “Тәшкент” атты іскерлік орталықтар ашылатын болды. Еліміздің оңтүстік аймағын өзбекстандық газбен толық қамтамасыз ету мәселелері шешілді. Сондай-ақ кездесулер кезінде ғылым мен технология, туризм, ауыл шаруашылығы, статистика т.б. салалардағы ынтымақтастық жөнінде үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттарға қол қойылды. Екі елдің Президенттері өз Үкіметтеріне экономикалық ынтымақтастықты 2015 жылға дейінгі дамыту стратегиясын жасау жөнінде тапсырма берді. Өзбекстан жағы ТМД аумағындағы ең нәтижелі жұмыс істеп отырған экономикалық ұйым деп танылған ЕурАзЭҚ-қа былтыр мүше болған еді. Қазір елдің кейбір ішкі заңдарын осы ұйымның талабына сәйкес үйлестіру үшін өзгерістер мен толықтырулар енгізіп жатыр.

Былтыр Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы 703,8 млн. АҚШ доллары көлеміне жетіп, 2005 жылмен салыстырғанда 36,2%-ға артты. Сөйтіп Қазақстан Өзбекстанның сыртқы сауда айналымында үшінші орынға шықты. Алдағы уақытта банк саласындағы ынтымақтастықты дамыту, қаржы-несиелік қатынастарды жетілдіру, екі елдің бір-біріне қатысты инвестициялық ахуалын жақсарту жұмыстары жоспарланып отыр. Өзара іс-қимылды өрістетуге қатарында кәсіпкерлер арасындағы ынтымақтастықты арттыруды көздеген екі елдің сауда-өнеркәсіптік палаталарының арасында қабылданған бағдарламаның да маңызы зор. 2006 жылдың қол жеткізген табыстары қатарында Өзбекстанның батыс аймағынан Каспий теңізіне дейінгі көлік коридорын дамыту жөніндегі келісімге қол жеткізілгенін де атап өтуге болады.

Өз кездесулерінде мемлекет басшылары екі елдің арасындағы сауда айналымын 1 млрд. АҚШ доллары көлеміне жеткізу жөнінде тапсырма берген болатын. Қазір көршілердің үкіметтері осы тапсырманы орындауға қатты кіріскен.

Өзбекстандағы казактар

Олардың көбі өздерін туған Отанымда өмір сүріп жатырмын деп біледі. Өйткені, өзбек халқымен бірге өсіп, біте қайнасып кеткен. Бірақ соңғы жылдары елге қарап елендейтіндер саны арта түскен. Ресми деректерге карағанда Өзбекстанда тұратын казактар саны бір млн-ға жуык. Ал іс жүзінде одан көп көрінеді. Казактар Тәшкент, Науаи, Жызак, Сырдария облыстары мен Қаракалпак автономиялы республикасында тығыз қоныстанған. Олар өздерінің тілін, әдет-ғұрпы мен салтын қатты сақтайды. Сонымен бірге өнері мен шығармашылығын да дамытып отыр. Қазірдің өзінде өзбек жерінде казак тілінде сабақ беретін 515 мектеп бар. Оның 234 таза казак мектебі. Рас, бұрын одан да көп болған екен, бірақ түрлі онтайландыру саясатының кесірінен олардың саны біршама азайыпты. Жызак облысының Мырзашөл ауданында және Қаракалпакстанда казак театрлары бар. Биыл Жызак облысының Гагарин қаласында да театр ашылыпты. Казак тілінде республикалық “Нұрлы жол” атты газет шығып, “ӨзбекТВ”-дан “Дидар” атты хабар беріліп тұрады. 1992 жылдан бері казактың мәдени орталығы жұмыс істейді. Осы орталықтың араласуымен казак акын-жазушыларының 50-ге жуык кітабы жарык көріпті.

Өзбекстандағы Казакстан елшілігі мәдени орталықтың жанынан кітапхана ашылуына ұйытқы болып, оның қорына Казакстанда шыққан 3,5 мың кітапты сыйға тартыпты. Соңғы жылдары екі елдің арасында жоғары деңгейде болған кездесулер аясында қабылданған арнайы бағдарламаның негізінде мәдени байланыстар арта түскен. Мәселен, Өзбекстан ЖОО студенттерінің арасында “Абай әлемі-менің әлемім” деген тақырыпта ұлы акынның шығармашылығына арналған конкурс өткізілген. Сонымен бірге “Өзбекстан мен Казакстанның достығы: тарих және осы заман” деген тақырыпқа реферат жазудан да конкурс ұйымдастырылған екен. Оңтүстік Казакстан облысындағы Жетісай қаласының және

біз барған кезде Астананың К.Қуанышбаев атындағы драма-театрларының гастрольдері болды. Жасыратыны жоқ, өзбекстандық қазақтар өз Отанындағыдай еркін емес. Басқа да халықтар секілді олар да тым ашылып сөйлемейді және ресми саясаттан ауытқымауға тырысады.

Қорыта айтқанда, Өзбекстан туралы, ондағы қазақ диаспорасы жайлы көп жазуға болар еді. Бірақ газет көлемінің шектеулігіне байланысты әңгімені осымен аяқтадық. Өзіне ұқсамағанның бәрін тәрк етіп, өз жолымен жүрген елдің бәрін сынап жататын біз емес. Біз өз жолымен өсіп келе жатқан Өзбекстанның болашақта жарқын табыстарға жетуіне тілектеспіз.

АСТАНА-ТӘШКЕНТ-АСТАНА
2007 жыл

МӘҢГІ ЖАСЫЛ МАЛАЙЗИЯ

Малайзия экваторлық белдеуде орналасқан ел. Жер көлемі 332,8 мың шаршы шақырым, халқының саны 20 млн. адамға жуық. Соның 60 пайыздайы малайялар, 20 пайыздан астамы қытайлар, 10 пайыздан астамы үнділер. Мемлекеттік тілі малайя тілі, ресми діні – Ислам. Астанасы Куала-Лумпур қаласы. Малайя тілінен аударғанда ол өзеннің лай бастауы деген мағынаны білдіреді. Жуық шамамен Куала-Лумпурде 2 млн-ға жуық адам тұрады екен.

Малайзияның табиғаты бізбен салыстырғанда өте ерекше. Онда жазы-қысы 25-28 градус аралығындағы бір температура тұрады. Барлық өсімдіктері, оның ішінде ағашы, шөбі жыл бойы бір түсте – жасыл қалпында болады. Елдің аумағы Оңтүстік-қытай теңізі мен Малакка бұғазына сұғына еніп жатқан Малакка түбегі мен Климантан аралына орналасқан. Жерінің төрттен үшке жуығын пальма, жасыл емен, бамбук, панданус секілді тропиктік, биік дінді ағаштары бар мәңгі жасыл қалың ормандар (джунглия) басып жатыр. Айтуларына карағанда жануарлар мен андардың түрі онда өте көп. Соның ішінде піл, мүйізтұмсық, гималай аюы, жолбарыс, жабайы өгіз, орангутан, гиббон секілді адам тәріздес маймылдар, қолтырауын, жыланның бірнеше түрлері т.б. бар екен. Соның ішінен біз қолтырауын өсіретін арнайы ферманы көрдік. Ал орангутан деген сөздің өзі малайя тілінде екен, «оранг» деген орман да, «утан» адам деген сөз көрінеді.

Малайзия ағылшын басқыншыларынан 1957 жылғы 30 тамызда өзінің тәуелсіздігін алған. Ұзақ жылдар солардың қол астында болғандығының бір пайдасы – Малайзия халқы тегіске жуық ағылшын тілін біледі. Бұл қаптап келіп жататын шетелдік саяхатшылармен түсінісуге тамаша құрал болған екен.

Куала-Лумпурдың халықаралық әуежайының керемет-

тігін тілмен айтып жеткізу қиын. Малайзияны жоғары дамыған елдердің қатарына қоса білген білікті басшы Мохаммед Махатхирдің супержобасына жататын мақтаныштарының бірі – осы әуежай екенін естігенбіз. Сондықтан да оның ішін шамамыз келгенше жіті бакылап келеміз. Адамға ыңғайлы, жәйлі болу үшін мұнда барлық жағдайлар жасалған. Аса биік, кең тынысты, жарқырап тұрған әуежай шаршаңқырап келген адамды кондиционерден сокқан қоңыр салқын таза ауасымен қарсы алады. Неше мың адам кіріп жатса да ауасы ауырламайды және жолаушылар бір-бірімен соғылып, жол таба алмай сапырылыспайды. Бәрінің де бағыты көрсетіліп, жолдары сілтеулі. Тіпті, одан да адассаң бұрыш-бұрыштың бәрінде көзіне күлімдей қарап тұрған қызметкерлер билетінді көрсетсең болды, ештеңе де сұрамай дұрыс бағытқа салып жібереді. Ұшақтан шаршаңқырап түскен адамдарды жер бетімен жылжытып отыратын эскалатор алып жүреді екен. Бұрын мұндайды биікке шығу үшін ғана жасалатын шығар десек, дамыған елдерде тегістікпен де жүріп жатады екен ғой...

Жүктерді беріп, кедендік белгілеуден өткізетін терминал бөлек орналасқан. Оған әуежайдан шықпаған күйі зуылдаған вагондар алып барды. Мұндағы шаруаның да бәрін еш кедергісіз бітіріп, есік алдына шыққанымызда қарсы алушыларымыз лап қойды. Олар Марат пен Мұрат қажылардың компаньондары, өткен нөмірімізде айтқан MARQUEINN (M) SDN BHD компаниясының басшысы Руслан Исрапил және оның әріптестері Салан, Саағди, Томас және AWJ International Ltd корпорациясының президенті Абдул Вахид т.б. басқалар екен. Бір қызығы Руслан мен Салан шешен жігіттері болып шықты. Екеуі де халықаралық бизнеспен көптен айналысатын азаматтар екен. Бірнеше тілді еркін менгеріп алған. Руслан өзінің бизнесін Еуропада бастап, ағылшын тілінен басқа неміс, итальян тілдерін де үйреніп алыпты. Тыныш ел, жақсы орта, мұсылман арасы болған

соң ол соңғы жылдары осы Малайзияға коныс тепкен екен. Ал Салан Сулейман осындағы Ислам университетіне 10 жыл бұрын оқуға келіп, содан қалып қойыпты. Басқа тілден мақұрым қалған біз үшін олармен орысша сөйлесудің өзі бір ғанибет болды.

Айналаның бәрі жасыл желегі жайқалған күйінде тұр. Мұнда біздегідей жапырақ түсіп, күз, қыс деген болмайды, бәрі бірқалыпты тұрады. Сондықтан халқының мінезі де аумалы-төкпелі, ашулы, немесе тым еліккіш, тыз етпе, қызу қанды емес, бірқалыпты жайдарылықтан аумайды дейді олардың барлық мінезін біліп алған шешен азаматтары.

Әуежайдан шыққан бойда жеңіл мәшинемен келе жетқан біздер жан-жағымызға жіті қарап келеміз. Жолдарға кептеліс болмас үшін үстіне биік, тас көпірлер салынып қойған. Оның бойымен көліктер зулап отырады. Белгілі бір қашықтыққа келгенде көпір кеңейіп, ондаған өткелектер пайда болады. Одан өтерде бір жарым ринггит ақша төлеп, әрі асасын. Ринггиттің нарқы біздің теңгенің 35-не, ал 3,65-сы АҚШ-тың бір долларына тең. Өткелек көп болғандықтан ешқандай іркіліс жоқ, бәрі жылдам. Біз мінген Саланның көлігінде тіпті банкідегі есепшотын көрсететін құрал бар екен. Өткелекте тұрған компьютер одан сигнал алып, шик ете қалды да, ақша алмастан өткізе салды. Өту ақысы енді оның есепшотынан шегеріледі.

Осы өткелектерден түскен қыруар ақша жолдарды ұқыпты ұстауға ғана емес, қала бюджетінің басқа бүйірлерін де тоғайтып тұратын көрінеді.

Қала көліктерінің арасында біздегідей қаптаған шетелдік мәшинелер жоқ. Көбісі өздерінде шығатын «Протон-Сага» автомобилінің бірнеше жанартылған түрлері. Біз Малайзияның бір жетістігі де осы екенін де білдік. Мохаммед Махатхирдің тұсында олар бір кездегі Италиядан «Жигулиді» сатып алған КСРО секілді Жапониядан осы автомобилді сатып алған екен. Қазір оның ондаған жаңа түрлерін өздері

шығаруда. Шетелдік автомобильдердің болмайтын себебі: өз өндірушілерін қорғау үшін үкімет оларға үлкен көлемде баж салығын төлетеді екен. Сондықтан керемет байлар болмаса орта дәулеттілер өз автомобильдерін ғана алуға мәжбүр. Бұл да үйренетін үрдіс екен.

Жолдардағы көзге түскен бір ерекшелік, мұнда екі аяқты мотоциклдермен жүрушілер өте көп. Қаптаған көліктің түскі және кешкі кептеліс уақыттарында әлпілер автомобильдердің аралығындағы тар өткелдерден зу-зу етіп өтіп кетіп жатыр. Кептеліс болмаған жерлерде де олардың зулап бара жатқанын көресің. Бір қызығы бәрінің бастарында шлем болуымен қатар ұзын жеңді күртешелерін алдарына теріс қаратып киіп алған. Бұл кеудеге соққан желден әрі ыстықтағы жылдамдықтың теріні күйдіріп жіберуінен сақтайды екен. Ресми статистиканың есебі бойынша елде болатын жол апатының 70 пайызға жуығы осы мотоциклшілердің үлесіне тиетін көрінеді. Бірақ өзіміз болған он күннің ішінде Астана көшелерінде көз үйренген жүргізушілердің жол тәртібін бұзғанын, бірде-бір жол-көлік оқиғасын көрген емеспіз...

Қонақ күтушілер бізді бес жұлдызды «HOLIDAY VILLA» қонақүйіне алып келді. Бұл орталықтан қашықтау, қаланың «Субанг» деп аталатын тыныш аудандарының біріне орналасқан екен.

Қарсы алушы жақ біздің осы елді аралайтын бағдарламамызды барынша тығыз жасаған екен, ішке кіріп, жуынып-шәйінгеннен кейін-ақ алғашқы кездесу болатын жерге тарттық. Ол Малайзияның Ислам банкы және қаржы институты деп аталған алып та әсем ғимаратты мекеме болып шықты.

Мұндай кездесулерді ұйымдастырудың шебері, бізді бастап алып келе жатқан Абдул Вахид мырза. Ол бізді үшінші қабаттағы паркингке көтерілген көлігімізден қарсы алып, жетінші қабатқа алып жүрді. Даладағы тұтанып тұрған ыстықтай емес, конденционерден соққан салқын

желден қоңыржай температуралы болып тұрған ұзын бөлмеге ендік.

Бізбен кездесуге мекеменің атқарушы директоры, жас шамасы алпыстан асқан Мұстафа Әзиз Намад мырзаның өзі келді. Мұндай жерде басшы болып жүрген біздің кейбір ағайындардай кара жерді тесіп жіберердей шіреніп, шалқактап келген жоқ, күнде көріп жүргендей көңілді жымыспен елеусіз кіріп келіп, орнына отырар-отырмастан әңгімесін бастап кетті.

Ислам банкы мен қаржы институтының басты мақсаты біздегі, я батыстағы қаржылық институттары секілді барлық әдістерді қолданып тек қана пайда табуға бағытталмаған. Айтуларына карағанда бұлар Ислам елдері мен олардың іскерлерінің осы институтты пайдалана отырып, өз шаруасын алға бастыруға қызмет етеді. Сондықтан несиелік өсім пайызы да төмен. Әрі өздеріне келген клиенттің мүмкіншіліктерін ескеріп, оған барынша тиімді қызмет жолдарын ұсынады. Кепілге мүлік қойып несие алғандар өз уақытында төлемдерін өтей алмаса, оны біздегідей бірден аукционға шығармайды. Тығырыққа тірелудің себебін анықтап, егер клиенттің кінәсінен болмағаны анықталса, несиенің құны да ішкі шығынның есебінен кешіріледі екен. Міне, бұл да бизнес саласындағы иманды қызметтің қандай болмағы керек екендігін көрсетіп тұр.

Мұстафа Әзиз мырза өз сөзінде банк жүйесінің қалай құрылатыны, оның мамандарын дайындау жолдары, есепшот ашудың түрлері, оларға төленетін өсімдердің көлемі т.т. компьютердегі слайд арқылы көрсете отырып, кеңінен әңгімелеп берді. Қазақстанмен екі арада әлі іскерлік байланыстар жасалмаған. Бірақ одан біз үміттіміз, деді Мұстафа Әзиз. Ал басқа Ислам елдерінде институттың бөлімшелері бар көрінеді.

Екінші күні жалпы капиталының көлемі мен сауда айналымы жөнінен Малайзияда екінші орын алатын, негізінен

пальма майын өндіріп, сыртқа шығарумен айналысатын FELCRA BERNHARD атты үлкен, мемлекеттік фирмаға апарды. Ол үкіметтің елдің шет аймақтарын дамыту бағдарламасын іске асырады екен. Дамытудың негізгі бағыты – елдің алыс түкпірлерінде, джунглия арасында отырған шаруаларға жағдай жасап, олардың отырған жерлерінен көшпеуіне ықпал ету. Сондықтан олардың өсіретін өнімдеріне үкімет тарапынан дотация беріледі, ал дайын өнімді орталықтандырған түрде сатып алады – Біздегідей ауылға арналған көмекті аты аграрлы деп аталған фирмалардың жолдан қақшып алуына мұнда жол берілмеген.

Малайзияның ауылшаруашылығындағы мемлекеттік бағдарламасының бір парасы – өндірушілерді қолдау болса, екіншіден шаруалардың медициналық көмек алуына, балаларының оқуына жағдай жасау секілді әлеуметтік мәселелерді шешу. Жергілікті тұрғындардың балаларынан мамандар дайындау ісі де толығынан мемлекеттік мойнында. Осындай қамқорлықтың арқасында алыс елді мекендердің тұрғындары көшіп кетуді ойға да алмайтын көрінеді. Оның үстіне фирманың жылдық таза табысынан шаруалар өзінің үлесіне сәйкес дивидент те алады. Сөйтіп, олар үкімет фирмасының қосалқы акционерлері де болып табылады.

Бізге фирма туралы толық әңгімелеп берген І-ші вице-президент Мохамед Абдрахман мырза еді. Ол өздерінің Қазақстанмен экономикалық ынтымақтасуға мүдделі екендіктерін білдірді. Мүмкін сіздердің таныстыруларыңыз бойынша бізбен әріптестік қарым-қатынас жасаймыз дегендер болса, біз әзірміз деген сөздер айтты ол. –Қазір біздің фирманың көлемі артып, жалғыз пальма майы емес, басқа салаларды да игеріп келеміз. Фирманың жарғылық капиталы АҚШ долларына шаққанда 260 млн. доллар. Еліміз бойынша 92 мыңнан астам адам қызмет етеді. Шетелдерде де бөлімшедер аштық. Сенегал, Намибия секілді елдердің плантацияларын сатып алдық. Өзіміздің негізгі өндірісіміз

– пальма майын шығару жөнінен дүниежүзінде бізге бәсеке-лес болатын компаниялар жоқ. Осыдан 50 жыл ғана бұрын Малайзия пальма майын мүлде шығармады деп кім айтар. Ал қазір дүние жүзі халал индустриясының пальма майын қолданып өнім шығаратын компаниялары оны бізден ғана алады, деді ол.

Білім беру ісіндегі халал

Малайзияда болғанымызға бірнеше күн болған. Қарсы алушы жақтың кездесулер, баспасөз мәслихаты, саяхатқа шығару бағдарламасы тығыз екендігін жоғарыда айтқанбыз. Олардың бастауымен күнде бір жерде боламыз. Кейде тіпті екі-үш жерге де барып қалып жүрдік. Соның ішінде елдің Туризм министрлігінде, «Прима» атты ауылшаруашылығының халал өнімдерін өндіретін атакты фирмасында болғанымыз есте қалды. Ара-арасында өзіміз де қыдырып, әйтеуір күнімен жүріп келіп, жатар орынға сүре жығыламыз.

Бір күні бізді Nilai International Colledg (Нилай халықаралық колледжі) деп аталатын оқу орнына апарды. Тұрған жері Қара теңіздің жағасындағы тамаша демалыс орындарының бірі секілді гүл-бақшаға малынған аса көрікті және тыныш жер екен онысы. Маңайдың бәрі қызыл-ала гүлдермен көмкерілген.

Осынау іші-сырты жайнап тұрған оқу орнында бізді оның президенті Тенгки Шамсул Бахрин мырзаның өзі қарсы алып, колледждің жай-жапсары туралы баяндап берді. Аты колледж аталғанымен ол жоғары оқу орны екен. Ендеше неге университет деп аталмаған деген біздің сұрағымызға Малайзияда мемлекеттік емес оқу орнына қандай дәрежеде болса да университет деген атақ берілмейді, деді.

Алдымен өзі туралы айтқан президент ұзақ жылдар бойы Малайзияның ұлттық университетінде сабақ бергенін білдірді. Одан кейін елдің Премьер-министрінің ұсынысымен осынау жекеменшік оқу орнын басқаруға келіпті. Жеке-

меншік оқу орны болғанымен оның жұмысына мемлекет тарапынан бақылау қатаң жолға қойылған екен. Ал енді осы оқу орнының басты ерекшелігіне келейік. Оны бітірген адам Оксфорд университетінің дипломын алады— Былайша айтқанда бұл дүниежүзіне белгілі университеттің филиалы іспеттес, барлық оқу солардың бағдарламасымен жүргізіледі. Бірақ оқу үдерісінің он пайыздай уақыты имандылық сабақтарына бөлінген. Бұл жоғарыда айтқан, халалды білім беру ісін елімізге енгізуді мақсат етіп жүрген біздің азаматтардың тілегіне тура сай келіп тұр. Ал енді оқу сапасы қалай, сіздің колледжді бітірген адам Оксфорд университетін бітірген маманнан кемшін болмай ма десек, ол: Оксфорд университеті өзінің дипломын беретін болғандықтан барлық сессиялардың соңындағы емтихандарды өздері қабылдап, студенттердің білім дәрежесін өздері анықтайды. Ол үшін біз оқушыларды Оксфордқа жібереміз немесе ол жақтан арнаулы комиссия келіп, осында сынақ алады деді. Сондықтан да біз сапалы білім беруге кепілдік бере аламыз. Ал басты ЖОО-ның өзінен оқимын дегендер болса, екінші - үшінші курста еш кедергісіз Англияға ауыса алады. Бірақ ондағы оқуақысы біздегіден екі есе қымбат. Айта кетерлік жәйт, осында оқыған студенттердің кем дегенде 15 пайызы жыл сайын үздік дипломмен бітіреді екен. Ондай көрсеткіш Оксфордтағы басты ЖОО-да да жоқ. Біздің студенттердің жақсы оқитынының бір сыры: мұнда тәрбиеге, имандылыққа қатты көңіл бөлінген. Біз жастарды тым еркінсітіп жібермейміз. Құмар ойындар, есірткі қолдану, арақ-шарапқа үйірлік деген мұнда атымен болмайды. Қыздардың жеңіл жүріске түсуі дегенді ауызға да алмаймыз. Өйткені, ондай харам дүниелердің мұнда иісі де жоқ. Тек қана білімге, ғылыми ізденіске ғана барлық еркіндік берілген, деді президент. Дайындайтын мамандықтарға келетін болсақ, бизнес саласының маркетинг және менеджмент мамандары, компьютерлік ғылым, мультимедия және техноло-

гия, инжиниринг, денсаулық саласының менеджменті және ағылшын тілін тереңдеп оқыту ісі екен. Бір сөзбен айтқанда осы заманға аса қажетті мамандықтар.

Тенгки Шамсул мырза қазір колледжде 4200 студент окитынын, соның 2 мыңнан артығы шетелдіктер екенін айтты. Студенттерге арналған ыңғайлы жатаханаларымыз бар, онда барлық студенттердің 65 пайыздайы тұрады деді ол. Қазақстанмен ынтымақтастық ісі қолға алына ма деген сұраққа бұл мәселенің ойдағыдай шешіле бастағанын айтты. Қазірдің өзінде Қазақстаннан Е. Дуанбеков, Ғ. Дөненбай, К. Тайлақбаева, Г. Әбдуәлиева, А. Нұрсұлтанов, Д. Рүстемов секілді алты студент қабылданыпты.

Біз олармен кездесіп, жағдайларын білдік. Бәрі де бір ауыздан мында келгендеріне дән риза екендерін білдірді. Ермат Дуанбеков: асығып келе жатып біреуді қағып кетсең ол өзіне қарап күлімдеп, сенің жолыңа тұрғаны үшін кешірім сұрайды, ондайды көріп сен қалай кешірім сұрамайсың, дейді. –Ал мұғалімдер сабаққа дайындалмай келсең біздегідей ұрыспайды, жаныңды түсінгісі келіп, саған біреу кедергі жасады ма, әлде түсінбедің бе, ауырып қалдың ба деп жік-жаппар болады. Тамағына да, табиғатына да үйреніп келеміз, осындай елге келгеніме қуаныштымын, деп әңгімесін жалғастырды.

Біздің балалардың бәрі де бір немесе екі кісілік бөлмелерде тұрады екен. Оқуақысы жылына 4 мың доллар көрінеді– Осы арада Мұрат қажы Мыңбаев мырзаға сөз берейік. –Біз өзіміздің «Руханият» университетін MARQUEINN (M) SDN BHD компаниясының бір бөлімшесі Milly way-мен ынтымақтасып құрғалы жатырмыз. Ол осындағы Нилай колледжі, Лимкоквинг университеті секілді оқу орындарының біздегі өкілі, яғни соларға студенттер тарту жұмысымен айналысады. Біз оның жұмысын тереңдетіп, елімізде Қазақстан-Малайзия «Руханият» университетін бірлесіп құруды ұсындық. Бұлар біздің ұсынысты қабыл алды. Қазір біз болашақ

университеттің оқу корпусы мен жатаханаларын жоғары деңгейде салу үшін Астанадан 16 гектар жер алып қойдық. Құрылыс жұмыстары үш-төрт жылға созылуы мүмкін. Ол уақытта біз оқытушы мамандарымызды осында тәжірибе-ден өткізіп, дайындап аламыз. Ал енді біздегі оқу орнының ерекшелігі қандай болмақ. Оған Milly way-дың мұндағы әріптестері арқылы Оксфорд, Гарвард, Кембридж секілді әлемдік университеттердің лицензиясын алуға тырысамыз. Сонда біздің балалар ол университеттерді алысқа бармай-ақ өзімізде бітіруге мүмкіншілік алады. Бұл балаларды батыстық менталитеттен сақтауға және имандылыққа тәрбиелеуге дұрыс болады. Біз өзімізде оқыған балаларды кейін үлкен курстарда оқыту үшін Малайзияға ауыстыра аламыз. Яғни, оқу үдерісі өзімізде басталып, соңғы курстарына осында ауысады. –Сайып келгенде біздің студенттеріміз Оксфорд секілді университеттің дипломын мұсылман елінде, иманды ортада және аз ақыға алатын болады. Ертеңгі күні министр, әкім т.с.с. лауазымды қызмет атқаратын жастарымыздың иманды ортада, мұсылман менталитетімен білім алуы – олардың адамгершілік қасиеттерінің зор болуына ықпал етеді. Біз сол үшін еңбек етіп жатырмыз. «Болашақ» бағдарламасы арқылы баратын балаларды да осында бұру туралы Білім және ғылым министрлігімен келісудеміз, деді ол.

Ертеңіне бізді Лимкоквинг университетіне апарды. Бұл үкімет камкорлығындағы ЖОО екен, сондықтан да ол университет атанған. Бірақ қожайыны ұлты қытай Лим Кок Винг деген адам көрінеді. Мұнда әлемнің 85 елінен 5 мыңнан артық студент оқитын көрінеді. Оларды университет өз қалауы бойынша 35 мамандық түрлеріне дайындайды. Кіріп келгеннен-ақ мұның мүмкіншілігі кешегі Нилай колледжіне қарағанда зорырақ секілді көрінді. Барлық аудиториялар мен дәрісханалар нешәтүрлі компьютерлік жабдықтармен жаракталған. Бірақ мұнда имандылық жағына көңіл бөлу Нилайдан кемшінірек секілді, өйткені қыз бала-

лардың ашық-шашық жүретіні көп болмаса да баршылық екен...

Бізді қарсы алу рәсімі басқа жерлерге карағанда мұнда әлемет болды. Есік алдына тізіліп тұрған студенттер «Қош келдіңіздер, казакстандықтар» деген жазумен барабанда-тып, ұрандатып қарсы алды. Осы жерде бәрімізді суреттерге де түсіріп алды. Одан әрі оқу орнының ішіне ендік. Бір қызығы барлық дәліздер де, аудиториялар да, тіпті ғимараттың сырты да карамен боялған. Жарық биіктегі өткір шамдардан бөлек-бөлек түседі. Мұның себебі не, келген адамды таңыркату ма, деп сұрағанымызда, оны студенттердің барлық ой-санасын басқа ештеңеге аландатпай, жалғыз білімге бұру үшін жасалған дүние деп түсіндірді. Ал бізге бұл ғарыш шексіздігі, ал жарықтар жұлдыздар секілді болып көрінді.

Шу дегеннен бізге студенттердің жасаған жобаларымен, түрлі тақырыптарға жазған сурет, түсірген киноларын көрсетті. Бәрі де қараңғыда, бірақ тыныс тарылмайды, үйдің төбесі биік. Бірақ үйренбеген адамға қызық екен. Екінші қабатқа шыққанда да сондай көрініс. Мұнда бізді қарсы алып, ондаған елдерден келген студенттер хормен өлең айтты. Осы кезде – біздің арамыздағы казактың күміс көмей әншілерінің бірі Акжол Мейірбеков: мен де мына жастарға ән сыйлағым келіп тұр деп ортаға шыға келді. Содан, кетті ғой казактың әні кара түнекті қак жарып. Қуатты дауыс, күдіретті ән бүкіл университетті еңсеріп кетті. Басқа жерде жүргендер де осылай қарай қарап, қызықтап тұра қалған. «Жатыр едім көгалда пішен шауып, Ак көйлегім су болды – жаңбыр жауып-ай». Шіркін казак әнінің күдіреті-ай, өзіміз бағалай бермейміз, керемет қой. Жана ғана бізді таңыркатамыз деп сұңқылдап жүрген жолбасшыларымыздың жүні жығылып, бізге жалбақтап қалды. Ал біздің жалымыз күдірейіп шыға келді.

Лимкоквинг университетінің біздегі білім беру саласынан ең басты ерекшелігі – мұнда студенттердің еркін ойлауы-

на, шығармашылығына барлық салада жол ашылған екен. Және оны ынталандырып, қаражат төлеп отырады. Мәселен, студенттер Малайзияның туристік мүмкіншілігін паштетін жарнамалық қалқан немесе клип жасайды, оның ішінен ең жақсысын Туризм министрлігі сатып алатын көрінеді. Ал ақысы авторларға беріледі. Сол секілді ауылшаруашылығында студенттер бір халалдық жоба жасаса, оны фермерлер келіп көріп, дұрыс деп тапса сатып алады екен. Қазір осы жұмыс әбден орнығыпты.

Осы университетте болып, бізді таңырқатқан мына бір детальді де айта кетуді парыз санадық. Ән айтқаннан кейін барлығының назары Ақжол ағамызға ауып, үлкен дәліздерде онымен суретке түсуді қалаған қыздар көбейді. Сондай дәліздің бірінде студенттермен әзілдесіп жүрген ағамыз қол сөмкесін ұмытып кетіпті. Және оны алып ғимаратты түгел аралап, астыңғы қабатқа түскенде бір-ақ білді. Шығып-кіріп жатқан мыңдаған адамның арасында ішінде ақшасы бар былғары сөмке қайдан табылар? Біз солай ойлағанбыз— Бірақ табылды. Жол бастап жүргендердің бірі қолындағы рациясымен әлдекімге хабарлап еді, он минуттің ішінде тауып әкелді. Міне, имандылық деген осындай-ақ болар.

Оқу орнына шығарда бізді университеттің вице-президенті, доктор Джайлез Йех мырза қабылдап, сұрақтарымызға жауап берді. Сонынан бәрімізге түрлі ескерткіш сыйлықтар мен кіріп келгенде түскен фотосуретімізді үлкейтіп әкеліп, табыс етті...

Айта кететін жәйт, біздегі «Руханият» университетінің бір құрылтайшысы осы ЖОО болады екен. Мынадай білім мен тәртіп орнаған жермен жанасқанға не жетсін?

Біздің делегациямыздың Малайзиядан кетуіне 2-3 күн қалғанда «Қаржы – техникалық сарап және оны тұтас рыноктық жағдайда қолдану» атты халықаралық семинарға қатысушыларды алып Марат қажы Сәрсембаев бастаған делегация да келіп жетті. Солармен бірге біз Қазақстанның

Ғаенис жылдары

Малайзиядағы елшілігінде де болдық. Айта кетерлігі, бірнеше күн болғанда еліміздің басты баспасөздерінен барған біздерді керек қыла қоймаған елшілік өздеріндей шенеуніктер келгенде елп етіп, қонақ етті.

Қыркүйектің 28-де біз баяғы сол Тәшкент жолы арқылы ұмытылмас әсермен елге қайттық.

АСТАНА-ТӘШКЕНТ-КУАЛА-ЛУМПУР-АСТАНА
2007 жыл

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

Сирия Батыс Азиядағы шағын мемлекет, бүгінгі таңда Таяу Шығыстағы бірде-бір саяси оқиға оның қатысынсыз өтпейді. Шағын болса да ол Араб әлемінде өзіндік орны үлкен, ықпалы жоғары ел. Сонымен бірге Сирияның өркениеттер бесігі деген де атағы бар. Адамзат мәдениетінің бүкіл әлемге тараған көптеген жетістіктері Сирияның топырағында дүниеге келген. Ұлы ескерткіштер, археологиялық қазбалар, мыңжылдық камалдар және өлген қалалардың орындары осы жерді мекендеген ежелгі халықтар тарихының даңқын бізге жеткізіп тұр.

Мектеп бағдарламасындағы ежелгі дүние тарихын оқығанда қазіргі Сирияның аумағымен жақсылап танысқан едік. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 8-ші ғасырдың соңғы ширегінде Сирияны Ассирия, 7-ші ғасырдың аяғында Вавилон (Бабыл) патшалығы, 539 жылы Ахемен әулеті, 338 жылы Ескендір Зұлқарнайын мемлекеті билеген. Біздің заманымыздың 1-2 ғасырларында Сирия Рим империясының қоластында болып, оның неғұрлым мәдениетті және бай провинцияларының бірі болды. 4-ші ғасырдың аяғынан Сирия Византияның провинциясы болды. Осы жылдарда оның аумағына Сасани әулеті билеген парсы әскерлері де талай рет басып кірді. 640 жылы Сирияны араб әскерлері бағындырды. Осы кезден бастап Сирия арабтандырыла бастады. Ислам діні де қатты өрістеді. Қалалар өсіп, сауда жақсы дамыды. Елді осы жылдардан 8 ғасырдың ортасына дейін Омейя әулеті билеген еді. Осы әулетке жататын Уәлид бен Әбді Мәлік халифтің салдырған мешіті әлі күнге бар. Оның орнында бұрын христиан дініне табынушылардың да пұтханасы болған екен. Әлгінің ішіне Жахия пайғамбардың денесі қойылған. Оны христиан дініндегілер де Иоанн Креститель деп әулие тұтады. Сондықтан оның ішінде алғашқы 70 жыл бойы мұсылмандар мен христиандар құдайға бірге табыныпты. 2001 жылы Дамаскіге келген сапарында Рим

Папасы Иоанн Павел II-де осы мешітте мұсылмандармен бірге құлшылық жасаған... Ұзындығы 157, ені 97 метрді құрайтын осынау тамаша мешіт соңғы уақытқа дейін мұсылман әлемінің ең үлкен және ең әсем дін орталығы болып есептелген. Оның ішінде бір мезгілде 13 мыңнан артық адам намаз оқи алады.

1174 жылы Сирияны түрік Салах-ад-дин өз иеліктеріне қосты. Оның есімін Сирия халқы күні бүгінге дейін құрметпен атасады. Өйткені оның заманында Сирияның мәдениеті мен экономикасы қатты дамыған. Ең бастысы Салах-ад-дин үшінші крест жорығын талқандап, Иерусалимді арабтарға қайтарған ер. Ислам дінін таратуға да үлкен күш жұмсаған, өзі де діндар адам болған. Дамаскіде оның кезінде көптеген сәулетті ғимараттар тұрғызылған. Салах-ад-диннің өзі 1193 жылы қаланың тарихи бөлігіндегі қызыл күмбезбен көмкерілген әсем кесенеде жерленген. Осы кесене 19-шы ғасырда қалпына келтіріліпті, қазір ол сириялықтардың мақтан тұтатын тарихи әрі құрметті орны.

XIII ғасырдың екінші жартысынан Сирияны египет мамлюктерінің мемлекеті басып алады. Сөйтіп елде қайтадан арабтандыру саясаты жүргізіледі. Бұл кезеңді де сириялықтар құрметпен еске алады. Өйткені, мамлюктердің сұлтаны Бейбарыс Сирияны монғолдардың шапқыншылығынан сақтап қалған.

Бейбарыс сұлтанның кім екенін қазіргі казакстандықтар жақсы біледі. Дегенмен еске сала кетейік. Оның Дешті-Қыпшақтың батысындағы Каспий теңізі жағалауын мекендеп жүрген казак тайпаларында дүниеге келген қандасымыз екені дәлелденген. Толассыз шапқыншылық жүріп жатқан астасқан заманда ол бала кезінде тұтқынға түсіп, Мысырға құлдыққа сатылған. Өзінің қайраткерлік дарыны мен жеке басының ерлігінің аркасында ол араб елдерінің билеушісіне айналған. Мысыр мен Шам жерінде (қазіргі Сирия, Иордания, Палестина, Ливан және Израильдің аумағы) бастары бірікпей жатқан араб иеліктерін бір орталыққа

бағындырып, халифат құрған және оны 17 жыл билеген қайраткер. Ол 1260 жылы Айн-Жалуд деген жерде монғол шапқыншыларын талқандаған. Одан кейін Алтын Ордамен әскери-саяси одақ құру туралы шарт жасап, дипломаттық сәтті кадам жасаған. Бейбарыстың кезінде халифат қатты гүлденді. Оның орталығы Каир қаласындағы әл-Азхар университетінің негізінде Ислам діні сүннит тармағының төрт ағысы да бірлесіп, татулықта болған. Ғылым, мәдениет, әдебиет, сәулет өнері де қатты дамыды. Қазіргі Каир қаласында сәулет өнерінің сол кездегі жүздеген жәдігерлері сақталған. Бейбарыс халифатта тұңғыш рет тұрақты әскер, теңіз флоты және тиімділігі орасан зор болған барлау жүйесін қалыптастырған. Оның мемлекеті Ислам тарихында ғана емес, бүкіл адамзат тарихындағы тамаша жетістіктің бірі ретінде бағаланады.

Осы Бейбарыс бабамыз да Дамаскіде жай тапқан. Қазақстан үкіметі оның кесенелік кешенін қалпына келтіруге қаражат бөліп отыр. Кесене халық көп жүретін, сауда орнының дәл түбінде, бірақ оның қалың қыштан құйылған жалпақ қабырғалары сырт көзден қорғап, кіретін аумақты шағын ауламен бөліп тұр.

Бейбарысқа дейін, X ғасырда Сирияны Қазақстаннан шыққан тағы бір ұлы тұлға, әлемнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби да мекен еткен. Ол Дамаскінің бай кітапханасында, ғылыми орындарында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, өзінің ғылыми трактаттарын жазған және 80 жасында осы қалада өмірден өткен. Қабірі қаланың “Шағын қақпалар” атты ескі қорымында жатыр. Елбасы оның басына да барып, зиярат етті. Қазақстан Үкіметінің күшімен ұлы бабамыздың басына мемориалды кесене салынбақшы.

Осындай, өзге жұрттың алдында иығымызды өсіріп тұратын екі бірдей ұлы тұлғамыз жатқан ел қазақтар үшін ыстық екені даусыз. Сондықтан да Сирияның тарихын тереңірек біле түсуге құмартқанымыз рас.

Жалпы тарихына оралар болсақ, Сирияны мамлюктерден кейін үш жүз жылдай Осман империясы биледі. Бұл уақыт Сирия үшін шапқыншылық емес, керісінше гүлдену кезі болды деседі білетіндер. Елдің астанасы Дамаск қаласы осы кезеңде қатты дамып, көп құрылыстар салынған. 19 ғасырдың соңғы ширегінен бастап Сирияға Еуропаның капиталы бойлап ене бастайды. Соның ішінде, әсіресе Францияның ықпалы артқан. Сөйтіп, осы кезден Сирия осы елдің жартылай отарына айналады. ХХ ғасырдың 20 жылдарының ортасынан Сирияда ұлт-азаттық көтерілістер белең ала бастайды. 1943 жылғы сайлауда Ұлттық блок жеңіп шығып, Ш. Куатли президент болып сайланады. Осы жылдың аяғында Сириядағы француз мандаты тоқтатылып, ол тәуелсіз мемлекет болады. Ал 1946 жылдың 17 сәуірінде Сирияның аумағынан шет елдің әскерлері толығымен шығарылды. Осы күн Сирияның Ұлттық мерекесі болып есептеледі.

Сирия өзінің дамуында социалистік бағдар ұстанған ел. Мемлекеттік сектор экономикада басым позицияға ие болған. Күні бүгінге дейін ұлттық табыстың 50 пайыздан артығы соның үлесіне тиесілі. Сондай-ақ мемлекет қаржы, сыртқы сауда, темір және әуе жолдарын толығымен өз бақылауында ұстайды.

1971 жылғы 12 наурызда Хафез Асад президент болып сайланды. Ол КСРО-мен жақсы қарым-қатынас орнатып, экономикада мемлекеттік секторды нығайта түсу бағытын жүргізіп отырды. Елді отыз жылға жуық билеп, ол 1999 жылдың аяғында қайтыс болды. 2000 жылы оның 35 жасар ұлы Башар Асад президент болып сайланды. Үстіміздегі жылы ол екінші рет жеті жылдық мерзімге қайта сайланды.

Қазіргі Сирия

Сирияның астанасы Дамаск қаласы қазір көне мен жаңаның қатар астасқан шаһары. Дамаскінің арабша атауы аш-Шам, ал қазақтар оны ежелден Шам қаласы деп келген. Қаланың атауын алғаш рет Нұқ пайғамбардың ұлы Сим қойған

деген аңыз бар. Оның мағынасы “суы бар үй” дегенге саятын көрінеді. Сириялықтар Дамаскіні әлемнің ең көне астанасы екендігімен мақтанады. Өз араларында: әлемнің әрбір азаматының екі астанасы бар, оның бірі өз елінің астанасы, екіншісі Дамаск деген сөз бар.

Кейбір тарихшылар Дамаскіні Хауата мен Хауананың алғашқы қоныстанған жері деп дәлелдейтін көрінеді. Оған дәлел ретінде осы жерден қырық шақырымдай жерде, Касыот тауында Махарат ад-дам (қанды үңгір) деген жерде олардың екі баласы төбелесіп, Қабыл Абылды өлтірген. Бұл адамзат тарихындағы тұңғыш өлім деген аңыз бар.

Орта ғасырлар туралы киноларда үсті-бастарына ұзын көйлек, бастарына шалма орап алған немесе кап-кара пәренжімен жүрген алушылары мен сатушылары құмырсқадай быжынап жатқан каптаған базарларды көруші едік қой, Дамаскіге барсаңыз соны өмірде көресіз. Араларында айғайлап, өздерінің тауарларын жарнамалап жүретіндер де кездеседі. Базар сөрелерінің бойында иісі мұрынды жарып ас та пісіп жатады. Адамдардың жүздері жылы, жүректері иманды екені көрініп тұр. Бір-бірімен ұрсысып, таласып жатқан бірін де көрмейсің. Бәрі де өз шаруаларымен ғана айналысқан.

Дамаскіде жабық рыноктар өте көп. Біз жоғарыда айтқан Омейя мешітінің жанындағы әл-Хамиди Сук жабық рыногының мың жылдан артық тарихы бар екен. Қазір онда үш мың дүкен, жайма, дүңгіршіктер бар. Мұнда құмырашы, мыстан бұйым жасаушы, семсер, канжар соғушы, кілем тоқушылар т.б. колөнершілердің, етікшілер мен ісмерлердің, зергерлердің өз алдына көшелері бар екен. Сонымен қатар бұл базардан осызаманғы тауарлардың да неше атасын, соның ішінде видеоаппаратуралардың ең соңғы үлгілерін табуға болады. Ұзын базарды аралап келе жатсаңыз жүзіңізге жымия қарап біреулер тұрады. Мынау көрген адамым болды ма деп қапылыста жүзіне жылы қарасаңыз бітті, жата келіп жабыса кетеді. Алдымен шала білетін ағылшын тілін-

де жөнінді сұрайды, содан соң қиылып, өзінің жаймасына алып келеді. “О, Қазақстан ба, білеміз-білеміз, хош келдіңіз” деп елпілдеп тұрған көңіліне карап бір нәрсе алмай кете алмайсыз. Сөзі көп, бірақ не айтып жатқанын бір Алла білсін, екеуміз де ағылшынша шала білеміз, бірақ қолмен, ыммен әйтеуір ойынды жеткізесің. Бізге әлдеқандай болып көрінетін орыс тілін мұнда жарты тиынға керек қылмайды.

Бірде жанымдағы серіктестерден адасып қалып, осы ұзын базардың тағы бір көшесімен келе жатыр едім қарсы ұшырасқан бір жанның жүзі сондай жылы көрініп, көзімді ала алмадым. Түрі қазаққа келінкірейді екен. Жанында басына ақ жаулық салған орта жастағы әйел бар. Ол да менен көзін алмайды. Бірақ құмырскадай жыпырлап, қайнап жатқан мына халықтың арасында қазақ кездестіремін дейсің бе, көп болса өзбек, қырғыз немесе ұқсайтын біреу шығар деп ойлап, әлгілердің қасынан өте шықтым. Бірақ бір құдірет артыма қаратып еді, о ғажап, ол да артына жалт қарады. “Әй, сен қазақсың ба” дедім шыдай алмай қазақша. “Иә” деді ол да жалт бұрылып. Мәссаған, құжынап жатқан халықтың арасында іздесең таппайтын қазағыммен осылай кездесіп қалдым. Екеуміз шұркыраса кеттік. Жат жерде ол да жалғызсырап жүретін сияқты. Аты-жөні Кәрім Байбоз екен. Тұратын мекені Иран елі. Сол жерден осында сауда жұмысымен келіпті. Жанындағы шешесі екен. Ол кісі “менің атымды сызбай-ақ қой” деп есімін жаздырмады. Кім білсін, бір білгені бар шығар. Әлгілермен ұзақ сөйлесіп, тұрып қалдым. Кәрім өзінің Қазақстанға барғысы келетінін, бірақ соның жолы болмай жүргенін айтты. Бір інім кетті, сонда Ақтау қаласында тұрып жатыр. Сол жақсы орналасып кетсе, біз де артынан жетеміз ғой деді ол жымыып. Елдері Адай екен. Аталары баяғыда Ауғанстанға өтіп, одан Иранға қоныс аударған қазақтардың сарқыншағы болып шықты. Сөйтіп, қандасымды кездестіріп, бір жасап қалдым...

Сирияның ғажаптарын түгел айтып шығу мүмкін емес. Әйтеуір сириялықтарды көне заманның қызықтарын бойы-

нан аластамай, ардақтап жүргеніне карап-ақ қасиетті халық деп айтуға болады. Мың, екі мың, тіпті бес мың жылғы дүниелерді ұстап, сипап, сол заманды түйсінудің өзі ғажап емес пе? Адамның жаны ондайда тазарып, санаң бүгінгі тіршіліктің бір күндік түйткілдерінен адаланып, сергіп қалады екенсің.

Жалпы арабтар қызық халық, бүкіл әлем олардың сандарын пайдаланып жатса олардың өзі үндінің сандарын қолданады. Қызық емес пе?.. Осының өзі біраз уақыт өз биліктері өздерінде болмағандығының кесірі сияқты.

Тағы бір қызық, Дамаскінің көшесінде көлік сондай көп, бірақ апатты көрмейсіз. Тіпті бағдаршам да барынша аз. Адамдар бір-біріне түсіністікпен карап, таласпай, біздегідей боқтаспай жол беріп жатады. Соның арқасында апат та болмайтын сияқты. Бірақ көшелерін таза ұстайды деп айту қиын. Оған иесі жоқ қоғамдық меншікті қоншынан бас деген социализмді мұрат тұтқан қоғамдық құрылым кінәлі секілді. Біз де сол санадан арылмай келеміз ғой... Әйтпесе дәл сондай араб елі Біріккен Араб Әмірлігінің көшелері жылан жалағандай тап-таза... Көшеде келе жатып, алдымызда өтіп бара жатқан мәшинеден лақтырылған коқыс, қағаз сияқтыларды көріп отырдық.

Сирияның экономикасы қазір жақсы дамып келеді. 1991 жылғы Ирак-Кувейт соғысынан кейін сыртқы дипломатияны дұрыс жүргізе білген ол батыс Еуропа және Жапон елдерінен үлкен қаржылық көмек алған. Бұл сыртқы қарыздардан құтылуға және ел экономикасының дәстүрлі саласы – сауданы жандандыра түсуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге Сирияның ауылшаруашылығы да жақсы дамыған. ІЖӨ жан басына шаққандағы үлесі бес мың доллардан артық.

АСТАНА-ДАМАСК-АСТАНА
2007 жыл

ЖҰМЫР ЖЕРДЕГІ ЖҰМБАҚ ЕЛ

Түркіменстан – Батыстан Шығысқа 1100, Солтүстіктен Оңтүстікке 650 шақырымға созылып жатқан, жер көлемі 488,1 мың шаршы шақырым мемлекет. Жерінің 80 пайызын Қаракұм шөлі алып жатыр. Халқының саны 6 млн. адамға жуық.

Түркіменстан казакстандықтар үшін жұмбақ ел. Өйткені, кезінде бір шанырақтың астында өмір сүрген елдің қазіргі күйінен шынайы хабар алу қиынға соғып кетті. Қазір ол өз қазанында өзі қайнап жатқан барынша жабық мемлекет. Қазакстандық телекөрсеткіштерді жерсеріктік табақтар арқылы келіп жатқан түркіменстандық «Алтын асыр» секілді бағдарламалардың шынайылығына сендіре алмайсың. Оларда тек біржақты жақсы хабарлар ғана айтылады. Сондықтан да осынау жұмбақ елге сапар шегуге біз де барынша күштар болдық.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан-ақ Түркіменстан өзге жұрттан басқа даму жолына түсетінін жария еткен болатын. 1991 жылдың 12 қазанында өз тәуелсіздігін жариялап және осы сәттен бастап ерекше мәртебелі ел болуды мақсат тұтып, әрекеттер жасаған. 1995 жылдың 12 желтоқсанында әлемнің 185 елінің қолдауымен ол БҰҰ-ның **бейтарап ел** деп таныған шешіміне қол жеткізді.

Халқының саны аз, оның үстіне жергілікті халықтың саяси-қоғамдық аренадағы белсенділігі төмендігін ескерген елдің басшысы ерекше даму жолын қалағаны - дұрыс шешім болғанын кейінгі тарих көрсетіп отыр. Соның арқасында түркімен халқының өкілдері елдегі барлық саяси және экономикалық тетіктерді өз қолына алған. Өз алдына дербестікке жаңа ғана қолдары жеткен басқа жас елдер әркімге бір еліктеп, біразы Еуропа, енді бірі АҚШ, тағы біреулері Түркиялық даму үлгілерін басшылыққа алып жатқанда Түркіменстан мүлде басқа жолды қалап, өз халқының қоғам-

дық-саяси өмірде өзіндік жолмен өсуіне сөйтіп жол ашты.

Егемендік қолына тиген алғашқы сәттен Түркіменстан басшысының мақсаты өз халқының рухын көтеріп, оның саяси-қоғамдық, экономикалық аренадағы салмағын арттыруға ұмтылу болған секілді. Қазақтар секілді негізінен ауылшаруашылығымен айналысқан түркімендерді ірі орталықтарға тартып, олардан аса қажетті түрлі мамандар дайындауда елдің біршама үлкен табыстарға жеткені көзге ұрып тұр. Егер Сапармұрад Ниязов шу дегеннен барынша либералды, рыноктық саясат ұстанған болса, бәлкі қазір түркімен жерінің байлығына түрлі ұлт өкілдері ие болып отырған болар еді. Түркіменстанда шетелдік капиталдың араласуымен құрылған бірлескен кәсіпорындардың 50 пайыздан артық үлесі түркімен өкіметіне тиесілі екендігі заңмен бекітілген. Сондықтан да шетелдік капитал түркімен жерінде еркін көстендей алмайды.

Түркіменстанды капитализм мен социализмнің саяси экономия оқулығын тауысқан біздер қандай қоғамдық формацияға қосуды білмей далмыз. Өйткені, онда шағын ғана элементтері болмаса классикалық үлгідегі капитализм жоқ. Барлық дерлік өндіріс құралдары өкімет иелігінде. Ірі жекеменшік бизнес (олигархтар) деген мұнда атымен ауызға алынбайды, ал орташа және шағын бизнестің ықпалы шамалы. Экономиканың барлық саласында да мемлекет үстемдік етіп отыр. Соған қарап мемлекеттік-монополистік капитализм деп тағы айта алмайсың. Өйткені, капитализм элементтері басымдыққа ие болып отырған жоқ. Бірақ мүлде жоқ деп те айтуға болмайды. Осы себепті Түркіменстанда социализм деп те айта алмайсың. Бірақ мұнда авторитарлық режимнің барлық дерлік атрибуттары сол калпында өзгермей қалған. Елде бір-ақ саяси партия бар. Демократиялық партия деп аталатын оның құрамында 100 мыңнан артық мүше бар. Бір жағынан Түркіменстанды КСРО халықтарының бір кездегі арманы болған коммунизмге қол жеткізген

деп айтуға болады. Өйткені мұнда электр қуаты, газ, су, тұз мүлде тегін. Қоғамдық көліктің бағасы 50 манат. Ал бір доллардың ресми бағамы 5200 манат, базардағы нарқы 23500 манат. Сонда 50 манат дегеніңіздің түкке тұрмайтын ақы екенін білесіз. Бензин де мұнда барынша арзан. Жеңіл автомобильдің бағын (40-50 литр) 1 долларға толтырып алуға болады. Барлық оқу орындарында оқуақы деген мүлде жоқ. Оның үстіне ЖОО-ларда стипендия төлейді. Емделу де тегін. Барынша әдемі, оның үстіне барлық жәйлі жағдай қарастырылған кең пәтерлер қызметкерлерге жарты бағасына беріледі. Ең қымбат деген үш бөлмелі пәтер 35-40 мың доллар болса соның жартысын ғана қызметкер банкіден несие алып төлейді, қалғаны үкіметтің есебінен. Үлкен қызметкерлерге банкіден несие алу қиын емес.

Бірақ бұл елдің де өзіндік проблемалары баршылық екен. Оларды өзіміз көрген күйінде баяндайық.

Ақ мәрмәрден соғылған қала

Түркімендер өз елінің астанасын осылай деп дәріптейді. Бұл сөздің шындыққа сай екендігін көзіміз көрді. Тәуелсіздік алған жылдары Түркіменстан астанасында аңшаңқан үйлер көптеп салыныпты. Әсіресе зәулім сарайлар, әкімшілік ғимараттар, әлеуметтік саланың алып құрылыстары, әсем тұрғын үйлер көз тартады. Және соның бәріне жуығы «ұлы сардар Түркіменбашының» атында. Тіпті салынған тас және темір жолдар, тартылған газқұбырлары, ашылған стадион т.т. бәр-бәрі бір соның атында. Құдай алдында күнәлі болсақ та ХХІ ғасырда адамға табындырудың тым ерсі осындай көріністері көзге ұрып тұрғанын жасыра алмадық. Адамның ісі ұлы екендігінің бағасын тарих берсе керек еді. Ал өз атын өзі тірі кезінде «ұлы» дегізіп дәріптетудің қаншалықты әділеттігін марқұм «сардардың» үлкен алаңдардың бәрінде тұрған алтын түстес жарқыраған мүсіндері айтпаса басқа ешкім білмейтін шығар...

Қала көшелері айнадай жарқырайды, әсем хауыздардан сарқырап жатқан сулар ми кайнатар ыстықтың бетін сәл де болса қайтаратын секілді. Ашхабад деген сөздің өзі «ышық-абад» яғни, «ыстық абад» деген сөзден алынған екен. Шынында мұндағы ыстық Астанамен салыстырғанда оттай лапылдап тұрады. Кондиционері бар жеңіл мәшinedен түсе қалсаңыз даланың тұтанып кетуге шак қалып, лапылдап тұрғанын көрер едіңіз. Күндіз, шаңқай түсте ашхабадтықтар қала көшелерінде мүлде көрінбейді деуге болады. Бәрі де ыстықтан қорынып үйлерінде болатын секілді.

Ашхабад көшелерінде біздегідей емес, азық-түлік дүкендері сирек. «Коммерциялық» деген жекеменшік дүкендер көбіне-көп үйлердің жертөлелерінде орналасқан. Олар өкіметтің супер-маркеттеріне карағанда анағұрлым кедей және тауарлары да сапасыз болады екен. Осындай бір дүкеннен бізде баяғыда құрып кеткен шыныдағы кефирді көрдім. Сол баяғы төртбак шыны-құтыда, аузы да сол кездегідей жылтыр қағазбен көмкерілген калпында тұр. Мұндай дүкендерге тұрмысы төмендеу, көп балалы жас отбасылар баратын секілді. Ауқатты адамдар супер-маркеттерде жүреді. «Импаш» атты түріктердің супер-маркетінде азық-түлік қымбат. Бірақ мұнда алушы да көп. Соған карағанда көптеген ашхабадтықтардың табысы жаман емес секілді.

Елінің тәуелсіздік алғаны карапайым түркімендерге нақты пайдалар әкелген. Соның ең бастысы 1991 жылға дейін үштен біріне жуығы тезек, сексеуіл жағып отыратын ауылдардың бәріне тегін газ жеткізіліп, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болып отыр. Жоғарыда аталған жеңілдіктерден басқа коммуналдық төлемдер де тым төмен, ешкімнің оған өкпелейтін жөні жоқ. Бірақ еңбекақы да аз. Өзіміз сөйлескен бюджеттің мекеменің, соның ішінде кітапханашылар, музей қызметкерлері 2 млн. манаттың төңірегінде ғана еңбекақы алады. Дүкен сатушысы тіпті 500-600 мың манат алатынын жасырмады. Ал дүкендегі сапалы тұтыну тауарларының

бәрі шетелдік. Сондықтан олар түркімен акшасына шаққанда өте қымбат. Мәселен, кітапханашы болып істейтін бір қыз «Филиппс» фирмасының өтегін алу үшін еңбекақысының 50 пайыздан артығын беруі керек. Ерлердің шолақ жен сапалы көйлегінің бағасы да 1 млн. 200 мың манат. Музейдің қарауылы болып еңбек ететін жігіт те оны алу үшін еңбекақысының жартысынан көбін жұмсауға мәжбүр...

Ал біздің кітапханашы болып істейтін қыздарымыз 25 мыннан артық алады, сонда ол жоғарыда аталған өтекті сатып алу үшін еңбекақысының 15-18 пайызын ғана жұмсайды. Біз сөйлескен көп адам бәрін тегін, тым арзан қылғанша дұрыс еңбекақы төлесе ғой, сол артық болар еді дегенді айтты. Демек, жақсы тұрмысқа ұмтылатын, көп еңбек ететін адамдар тегін болғаннан көрі, дұрыс еңбекақыны қалайды екен. Ал барға қанағат, жоққа салауат айтып жүре беретін жалқау иісалмастарға осы өмірдің өзі артық көрінді. Ондайлар үстеріндегі жүйеге барынша разы.

Әрине, түркіменнің өзінде өндірілетін тауарлар өте арзан. Мәселен, нанның бағасы 1400 (кішісі), 2500 (үлкені) манат, еттің kilosы 50 мың манат. Семіз қойдың бағасы 50 доллар көрінеді. Бұл біздің акшаға шаққанда жуық шамамен тиісінше 7, 12,5 және 250 теңге. Қойың тіпті бізбен салыстырғанда су тегін деуге болады. Көкөніс, жемістер де арзан. Ал супермаркеттегі шетелдік тамақ өнімдерінің бағасы біздікімен қарайлас. Сәл-пәл ғана арзандау болуы мүмкін. Мәселен, майдағы шпрот 31 мың, қоюлатылған сүт 16 мың, жарты килолық макарон 13 мың, сары май 63 мың, «Липтон» шәйі 57 мың манат. Бір теңге жуық шамамен 200 манат. Ендеше аталған өнімдер тиісінше 155, 80, 65, 315, 285 теңгеге жуық. Қазақстандықтардың орташа табысына шаққанда бұл аса қымбат емес, ар түркімендер үшін өте қымбат, әрине.

Түркімен халқы қазақтарға қатты ұқсайды. Жүздері жылы, меймандос, әрқашан жақсы көңілмен тұрады. Қазақтарды жайлы үнемі ұнамды пікір білдіріп жатады. Ешқашан ал-

дамайды. Мұндай қарым-қатынастарды өзбек жерінде көре алмап едік, түркімен жерінде өз үйімізде жүргендей еркін болдық. Көптеген сөздерді де дәл біздей атайды. Түбі бір болғанымен көптеген түркітілдес ағайындарымыздың сөздерінің айтылуы өзгеше болады ғой. Ал мыналар нақпа-нақ казак секілді айтады екен.

Түркімен елінде валютаны банкіден айырбастасаныз ұтыласыз. Өйткені ресми бағам нақты нарқынан төрт есеге жуық қымбат екенін жоғарыда айттық қой. Рұхсат етілген айырбас пункті жоқ, бірақ базарда айырбастаушылар толып отырады. «Доллар шашам-доллар шашам» деп отырған ұзын көйлекті апайға барып 100 доллар ұсынсаңыз, отырған жерінің ар жағына кіріп кетіп жарты дорба манат алып шығады. Түркімен ақшасының ең үлкен банкноты 10 мың манат. Сондықтан қолыңызға тиген ақша өте қомақты. Оны санап тұруға уақыт та жоқ, салып алып тарта бересіз. Бірақ айырбастаушы бір тиынын да кем бермейді. Алдамайтының бір көрінісі сол. Ал таксишілер үшін қаланың ең алыс түкпіріне апару бар жоғы 40 мың манат. Бұл біздіңше 200 теңге.

Түркіменстанда қандай да бір ақпарат алу үлкен проблема. Орыс тілінде шығатын «Нейтральный Туркменстан» атты жалғыз-ақ газет, «Возрождение» атты бір-ақ журнал қалыпты. Үкіметтің үні болғандықтан, оның үстіне ақпаратты барынша шектеп беретін ел болғандықтан олардан бір тұшымды жаңалық табу қиын. Президенттің атына айтылған мадақтар сонау жылдары сталин-брежневке айтылатын одаларды еске салады. Мәселен, «—основатель нового Турменского государства, за исторический короткий отрезок времени прославивший его на весь мир, великий творец и созидатель Сапармурад Туркменбаши... и т.д.». Теледидар орысша жаңалықтар айтпайды. Президенттің мәдени орталығындағы кітапхана өте ғаламат. Бір-ақ керекті әдебиетінді таба алмай дымың құриды. Соңғы жылдардағы мәскеулік

сараптамалық журналдар жоқ. «Түркменстан» атты Мәскеуден шығатын бір түрлі-түсті журнал бар екен, бірақ оны мемлекеттің имиджін көтеру үшін осы елдің өкіметі демеушілікпен шығаратын болса керек. Өйткені жазылған ақпаратының бәрі бір жақты ода. Қала берді мәскеулік журналистер Түркіменстанға келгендегі жеген тамағын, ішкен арағын мадақтай берген.

Түркімендердің ниетінің дұрыстығы, мінездерінің ашықтығының аркасында болса керек, Алладан бұйырған несібесі де мол болыпты. Бір карағанда барынша құнарсыз болып көрінетін оның жерінің бар байлығы қойнында жатыр. Мұнда Менделеев таблицасындағы элементтердің бәрі де бар көрінеді. Жерінің 80 пайызында мұнай мен газ бар екен. Осы уақытқа дейін олардың 144 кен орны табылған. Бірақ соның әзірге 40-қа жуығы ғана игерілуде. Газдың болжалды ресурсы 21-23 трлн. текше метр, ал мұнайдікі 12 млрд. тоннаға жуық делінеді. Жерінің 80 пайыздан артығын аптап шөл, құм көшкіндері, тасты таулар мен ащылы алаптар басып жатса да қойнында осынша байлық жатқан Түркіменстан қазір дүниежүзілік алпауыттардың назарында. Елдің қыс айларындағы орташа температурасы 26-32 градус, ал жаздағы ыстық 70 градустан асады.

Түркіменстанның ең үлкен өзені Әмудария. Оның барлық ұзындығы 1415 шақырым болса, соның 1000 шақырымы осы елдің аумағында. Осы өзеннен бастау алып, Түркіменстанның Ашхабад, Мары, Бюзмейк, Небит-Даг, Түркіменбашы сияқты ең үлкен қалаларына ауыз суын жеткізіп жатқан Қаракұм каналы. Сонымен бірге канал 1 млн. га жерді суландырады. Оның ұзындығы 1100 шақырым. Бұрын ол «ұлы» Лениннің атында болушы еді, қазір «ұлы» Түркіменбашының атында.

Жерінің Иран секілді мұсылман елімен шектесуі Түркіменстанға өте тиімді болған. Тәуелсіздік алған бойда олар біз секілді Ресейдің құбырлары мен жолдарына телмір-

мей өз шикізатын бірден шетелге шығаруға мүмкіндік алды. Соның арқасында да Түркіменстан экономикасы күрделі дағдарысқа ұшырамай, өтпелі кезеңнен сәтті өтті.

Түркімен халқының жалпы саны қазір 20 млн-нан артық деген дерек те бар көрінеді. Бірақ өз арасында «біз тәуелсіздік алған жылдардан бастап геометриялық прогрессиямен өсе бастадық» деген әзіл де бар... Түркімендер Ауғанстан, Иран, Түркия, Ирак, Сирия т.б. секілді елдерге де жайылған. Елдегі түркіменнен кейінгі көп халық өзбектер, одан кейін орыстар. Қазақтардың саны бұрын 120 мыңнан асады екен. Қазір соның жартысына жуығы атажұртқа көшіпті. Қазір 60 мыңға жетер-жетпес қазақ бар көрінеді. Бұлардан басқа армяндар, әзірбайжандар, ирандар, түріктер т.б халықтардың өкілдері де тұрады. Солардың ішінде ирандар мен түріктердің ғана ұлттық орталықтары бар екен.

Түркіменстанның ерекшеліктері

Түркімен халқының бір мақтанышы **ахал-теке** жылқысы. Бұл табиғаттың осы халыққа тарту еткен ерекше сыйы. Оны түркімендер орынды мақтаныш етеді. Қаз мойынды, қамыс құлақ, артық майды бойына дарытпайтын сыйда арғымақтар біртүрлі пандықтың, асыл тектіліктің айғағындай. Жәудіреген үлкен көздері де бойына кіршік қондырмайтын тазалықтың өзі іспеттес.

Бұл тұқымды қазіргі кезде өте ертеде шыққан деп дәлелдеушілер көп. Бірақ кеңес заманындағы ғалымдар оның XIII ғасырдың 20-40 жылдарында Каспий жағасында көшіп-қонып жүрген түркімен тайпаларында түзіліп шыққанын дәлелдеген. Соның ішінде теке руында - теке, жәуміт руында – жәуміт тұқымы түзілген. Сөйтіп арғымақтардың жалпы атауы алдымен «текежәуміт» атаныпты. Кейін түркімендер Ахал оазисіне келіп қоныстанған. Осы сәттен асыл тұқымды жылқылар «ахалтеке» атаныпты. Түркімен халқында оның шығуы жөнінде толып жатқан аңыздар бар. Соның ішінде

судан шыққан пырақ дегенге халық көбірек ден қоятын көрінеді. Бұрын бұл жылқыны араб жылқысының тұқымынан шыққан деген болжам болған екен. Бірақ араб жылқысы «ахалтекеден» кейін пайда болғанын кеңес ғалымдары дәлелдеген. Ағылшынның таза қанды мініскер жылқысы осы тұқымнан алынған. КСРО аумағында өмірге келген Дон жылқысы, Қарабайыр, Қарабах, Орлов желгіштері т.б. да арғы бастауын осы ахалтекеден алады. Бүкіл еуропалықтар өз жылқысын асылдандыру үшін осы түрікмен жылқысын қолданады екен. Өз билігі өзінде болмай, бөтен елдің боданы болып отырған ХІХ ғасырдың аяғында жаппай тасып әкетудің салдарынан ахалтеке тұқымы саны мен сапасын жоғалта бастайды. Сонда басқа жылқылармен қаны араласпаған айғырлар ұстап қалған дана ақсақалдар ауыл-ауылды өздері аралап жүріп, ахалтекенің тұқымын таратқан екен. Олардың Бойноу, Мелекуш, Бекназар-кара, Бекназар-ала атты айғырларының да есімдері де қазіргі ахалтекенің тарихында ерекше құрметпен аталады.

Қазір ахалтекені сыртқа сатпайды. Жылқы зауыттарында оның санын барынша көбейту жұмыстары қолға алынған. Түркімендердің оны қатты сыйлайтыны соншалық, тіпті мемлекеттік елтаңбасына да Янардақ деген бірінің суретін салып қойған.

Айта кететін жәйт, табиғи сұлу қалпымен қатар ахалтеке жылқысы барынша төзімді де болып келеді. 1935 жылы түркіменнің 30 жігіті оның төзімділігіне, ерекше қасиетіне әлем назарын аудару үшін Ашхабадтан Мәскеуге атпен сапар шеккен. Бұл сапардың ұзындығы 4300 шақырым болып, жүргіншілер 84 күнде Мәскеуге жеткен екен. Бұл сол кездегі КСРО қоластына белгілі болған ерекше шаралардың бірі болыпты. Сонда 30 ат та болдырмай, талмай аман-есен Мәскеуге жетіпті. Жорыққа қатысқан жігіттердің бәріне орден беріліп, бір-бір құсмылтық сыйға тартылған екен. Осындай сапарды түркімен жігіттері 1988 жылы да қайталапты.

Түркіменнің тағы бір мақтанышы қалы кілем тоқу өнері. Алғаш, 1869 жылы түркімен шеберлерінің жәдігері Санкт-Петербургтегі көрмеге қойылып, бәйге алған екен. Содан бері Еуропа жұртшылығы түркімен кілем тоқығыштарынан хабардар болады. 1937 жылғы Париждегі үлкен көрмеде түркіменнің қалы кілемі алтын медаль алды. Қазір қай жерде этнографиялық көрме болса, түркімен қыз-келіншектерінің шебер қолынан шыққан туындылары сонда қойылып, бәйге алып жатады. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы «Туркменковер» фирмасының орнына «Түркіменхалы» атты мемлекеттік бірлестік құрылған. Қазір оның өнімдері дүниежүзінің көптеген елдеріне шығарылады. Соның арасында АҚШ, Италия, Ұлыбритания, Германия, Швейцария, Ресей, Түркия т.б. елдер бар. 1993 жылдың 20 наурызында елде түркімен кілемінің музейі ашылған. Онда XIII ғасырдан бергі уақыттағы түркімен кілемінің тамаша үлгілері жинақталған. 1996 жылы Ашхабадта осы кілем тоқу өнеріне арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік симпозиум өткізіліпті. Түркімен кілеміне ТДС 52-97 халықаралық стандарты берілген. 2002 жылы Женевада өткен «Ғасырлық сапа кезеңі» атты көрмеде түркімен кілемі алтын жүлде алған.

Кеңес заманында тоқылған ең үлкен кілем «Түркімен рухы» деп аталады. Ол 1942 жылы тоқылған, ауданы 193,5 шаршы метр. Тәуелсіздік жылдарында өкімет тарапынан күшті қолдау көрген түркімен кілемшілері өз өнерлерін жаңа сапалық деңгейге көтерген. 1996 жылы «Түркіменбашы» атты ауданы 266 шаршы метрлік кілем тоқылыпты. Кілемшілер мұнымен де шектелмеген, ел тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналып 2001 жылы тоқылған кілем Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген. «Ұлы Түркіменбашы Сапармұрадтың алтын ғасыры» деп аталған бұл кілемнің аумағы 301 шаршы метр, биіктігі 14 метр, салмағы 1 тонна 200 кг.

1992 жылдан бастап Махтымқұлы айының соңғы жек-

сенбісі «Түркімен кілемінің күні» деп мерекеленіп келеді. Айткандай тәуелсіздік алғаннан кейін Түркіменбашының бұйрығымен мұндағы айлар жаңаша атау алған. Оны да жаза кетер болсак, кантар – түркіменбашы, акпан–байдак, наурыз сол калпында, сәуір – Горбансолтан (президенттің шешесі), мамыр –Махтымқұлы, маусым – оғыз, шілде – Қоркыт, тамыз – Алпарслан, қыркүйек – рухнама, қазан – гарашсырлық, қараша – санжар, желтоқсан – бейтараплық деп аталады.

Түркіменстанда 23 ұлттық мереке бар. Сонын ішінде 19 акпан – Мемлекеттік Ту және Түркіменбашының туған күні, 18 мамыр – Қайта өрлеу және бірлік, 21 маусым – Бірінші президентті сайлау, 6 қазан – Қасірет шеккендерді еске алу, 12 желтоқсан – Бейтараптық күні мерекелері деп аталады. Жыл сайын құрбан айтына 3 күн демалыс беріледі. Ал Түркімен тұлпары, кілемі, Махтымқұлы поэзиясы т.б. мерекелік күндер демалыс болмаса да кеңінен аталып өтеді.

«Қызыл күндердің» ішінде «Қасірет шеккендерді еске алу күнінің» мәнісіне тоқтала кетейік. 1948 жылдың 6 қазаны түнгі сағат бірден он екі минөт өтіп, халықтың бәрі қатты ұйқыда жатқанда Ашхабадта 9 баллдық жер сілкінісі болған. Бар-жоғы 15-20 секөнтке созылған сол зілзала бір мезгілде 160 мың адамның өмірін кифан. Қала құрылыстарының 98 пайызы қатты бүлінген. 200-ден артық өнеркәсіп ошақтары жермен-жексен болған екен. Ұйқыдағы адамдардың бәрін құлаған құрылыстар басып қалған. Сілкіністің күштілігі сондай, көрген адамдардың айтуына қарағанда рельсте келе жатқан темір жол составы тепловозымен бірге қаңбақша ұшқан.

Апаттын ауыр халін кеңес адамдары толық білген жоқ. Өйткені «Правда» газеті сол кезде бар болғаны: «Сообщение ТАСС. В районе города Ашхабада произошло землетрясение силой в 9 баллов. Разрушено большое количество жилых домов» деп жұқа мәймөңкелеп қана ақпарат берген.

Бұл жолдардан апаттың әлегін ешкім де болжай алмаған. Ал оның зардабы атом бомбасының жарылысынан кем болмапты.

Сол зілзала кезінде Ашхабадтың Қыпшак деп аталатын шағын ауданы жақтағы балшық үйде ұйықтап жатқан 8 жасар болашақ президент Сапармұрад Ниязов та апатты өз басынан өткерген. Алланың күдіретімен анасы Горбансолтанды, ағасы Ниязмұрад пен інісі Мұхамедмұратты құлаған балшық үй басып қалғанда ол аман қалған. Содан туыстарының үйінде көгенкөз болып жүрген бала бірде бағып жүрген лағын іздеймін деп қар астында қалып қояды. Одан ауырып, акыры бір жанашыр жандардың қолдауымен балалар үйіне алынады. Осы жерде өсіп, артынан Ленинградта институт бітірген екен.

1998 жылы Ашхабад трагедиясының 50 жылдығы кеңінен аталып өтті. Сол жылы Бабасары Аннамұрадов деген мүсінші «Зілзала» атты скульптуралық-композиция салады. Онда «көк өгіздің мүйізіндегі» жер шары бейнеленген. Ол жарылып, қара күштер бел алғанда ананың қолындағы алтын бала болашаққа ұшып кеткелі тұрғандай әсер етеді. Сөйтіп, сол бала президенттің алтын түсті алып ескерткішіне ұласқан. Композицияның аяқталу сәті қарсы алдында тұрған Түркіменбашының алып мүсінімен аяқталады. Қолдан құйылған «көк өгіздің» биіктігі 15 метр болғанда қарсы тұрған президенттің мүсіні одан 4 -5 есе биік.

Түркіменбашы өз халқының рухын, материалдық жағдайын, әлемдік аренадағы беделін көтеру үшін ұлан-ғайыр қызметтер атқарған. Өзінің «Рухнама» атты атакты шығармасын де сол мақсатпен жазған. Сонымен бірге кейбір солақай тұстар да баршылық екен. Мәселен, барлық мектептердегі оқу мерзімі тоғызжылдық бағдарламаға шакталған. Барлық әлем 12 жылдыққа көшіп жатқанда бұл заман талабымен сәйкеспейді-ақ. Бірнеше, аса қажет деген пәндер бағдарламадан шығып қалған. Мұндай біліммен түркімен

жастарының шет елдерде өз білімін жалғастыруы қиын-ақ. Сонымен бірге 2005 жылы барлық ұлттық мектептер жабылған. Соның ішінде үш қазақ мектебі де бар. Жалғыз-ақ Ашхабадтағы бір орыс мектебі ғана аман қалған. Ауылдық, аудандық жерлерде дәрігерлік пункттерді да жаптырып, ем орындарын тек үлкен қалаларға ауыстырған. Зейнетақы мөлшерін қысқартқан, кейбір категорияларға тіпті мүлде бергізбей қойған. Интернет кафелер мүлде болмаған т.т.. Әрине, төрт мәрте «Түркіменстанның батыры» атағын алған, барлық жерде тұрған ескерткіштеріне халқы бас иіп жатқан сардардың мұндай қателіктерін заман тезірек түзетуді талап етеді. Елдің жаңа Президенті Гурбангулы Бердымұхаммедов те осыны ескерсе керек, қазірдің өзінде көп нәрсені түзетіп үлгірген. Ал 2008 жылдан бастап ол бюджет қызметкерлерінің еңбекақысын, зейнетақы мен жәрдемақыларды және стипендияны 2 есе өсіруді қолға алып отыр.

Түркіменстанда ең үлкен лауазым иесі, әрі атқарушы биліктің басшысы - елдің президенті. Ал Халық Маслахаты елдегі халық билігінің ең жоғарғы өкілді органы болып есептеледі. Оның құрамы 2 мың адамнан артық. Осы органның да төрағасы президент. Елдегі заң шығарушы орган Меджлис деп аталады. Оның құрамында 5 жыл мерзімге сайланатын 50 депутат бар.

Түркіменстан 5 әкімшілік-экономикалық аумаққа бөлінген. Олар велляят (уәлляят) деп аталады. Ахал, Балкан, Дашховуз, Лебан, Мары велляяттарын және Ашхабад қаласын президент тағайындаған хақимдер басқарады. Велляяттардың құрамына 46 этрап (атырап) және 528 генгеши (кеңес) енеді.

Түркіменстанда азаматтық қоғамның да атрибуттары бар. Кәсіподақ, Ақсақалдар кеңесі, Мақтымқұлы атындағы жастар одағы, Горбансолтан - әже атындағы әйелдер одағы, Дін жөніндегі кеңес және т.б. мемлекеттік бюджеттің есебінен жұмыс істейді.

Мемлекеттің қатаң бақылауының астында дамып келе жатқан елде ұрлық-қарлық жоқ. Рыноктық қатынастар да аздап дамып келеді. Мемлекеттік бюджет кірісінің қомақты бөлігін мұнай мен газды сыртқа шығарудан басқа мақта иіру кәсіпорындарының тізбесінен түсетін салық та құрайды. Жоғары технологияға негізделген ондай кәсіпорындар саны қазір 63-ке жеткен. Жыл сайын бұл елде 158 млн. шаршы метр мақта-қағаз матасы мен 82 мың тонна жіп иіріледі. Осы өнімдерін Түркіменстан әлемнің жоғары дамыған 30-дан артық еліне шығарып тұрады. Жалпы, бұл ел әлемнің 80-нен артық елімен белсенді сауда-экономикалық байланыстар жасайды. Соның ішінде біздің елімізбен байланыс жоғарғы қарқынмен дамып келеді. Биылдың өзінде төрт рет жоғары деңгейдегі кездесулер болды. Каспий бойы газ құбырын салудан басқа екі елдің аумағына темір және тас жолдар салу туралы келісімдерге қол жеткізілді. Түркіменстанға тиесілі Каспий шельфін бірлесе игеру туралы да жоғары деңгейде пікірлер айтылды.

Қазақстан мен Түркіменстан арасындағы құрылықтағы шекараның ұзындығы 426 шақырым. Ол 2001 жылдың 5 шілдесінде ратификацияланған екіжақты Келісімшартпен толығымен шегенделген. 2006 жылы екі елдің арасындағы тауарайналымы 153 млн. 299 мың АҚШ доллары көлеміне жетті. Бұл 2005 жылмен салыстырғанда 2,2 есе артық. Соның ішінде экспорт 20 млн. 689 мың доллар, ал импорт 132 млн. 610 мың долларды құрады. Түркіменстан жағы бізден негізінен өсімдік өнімдерін, қала берді темекі, ұн және химия өнеркәсібі өнімдерін алған. Ал біз минералды және химиялық өнімдер аламыз. Бұрын біз Түркіменстаннан негізінен табиғи газ бен электрқуатын экспорттаған едік. Кейін біздің еліміз түркіменстандық газды қолданатын оңтүстік аймақтарымызды өзіміздің газбен қамтамасыз ету бағдарын қолға алды. Ал Түркіменстан бізден бұрын негізінен астықпен ұн ғана алса, кейінгі жылдары өзін-өзі астықпен толық

камтамасыз ету бағдарын қолға алып, оны бізден алуды азайтқан.

Түркімен жерінде 2006 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының халық әртісі Роза Рымбаеваның, ал биыл Нұржамал Үсенбаеваның концерттері болып өтті. Енді түркімен өнер шеберлерінің біздің елімізде де концерттері болады деп күтілуде. Бармасаң, көрмесең жат боларсың дегендей, түбі бір туысқан халықтардың араласа түсуі осылайша жиілікке бет алған секілді.

Түркіменстандағы қазақтар

Жоғарыда айтқанымыздай Түркіменстанда ТМД халықтарының ұлттық-мәдени орталықтары жоқ. Ал біздің елімізде үш түркімен мәдени орталығы бар екен. Ендеше жақын болашақта қазақ мәдени орталығын ашу мәселесі де қозғалатын шығар.

Ашхабад қаласында біз Михаил Отарбаев деген килы тағдырлы бір казакты кездестірдік. Ақсақал 1920 жылы туған екен. Өмірдің талай сокқысын да, соғысты да бастан өткеріпті. Үш жасында Новосібірдің балалар үйіне берілген екен. Ұлты казак, фамилиясы Отарбаев деп құжатқа жазылғаннан баска казактыктан жұрдай болып калған. Есімін орыстар Михаил деп өзгертіп алған. Әкесінің аты көрсетілмеген. Қазак кырык жыл кырғын болса да ажалды өледі демей ме, артында амандығын аңырап, мойнына бұршак салып тілеп отырған туыстары бар жалғыздар шейіт боп жатқанда тілеушісі де, тілекшісі де жоқ Михаил төрт жылға созылған кырғыннан шашасына шаң жұқтырмай аман келеді. Сосын Саратовта құрылыс техникумын бітіріп, бүкілодактык «Гидромонтаж» атты кәсіпорынға жұмысқа тұрады. Одактын түкпір-түкпірінде құрылыс нысандарын салатын сол кәсіпорынның катарында жүріп сегіз жыл Шығыс Қазақстан облысында да тұрады. Осында тұрғанда өзінің ана тілі – казакшаны да үйреніп алады. Әйелі казандык татар

кызы Самания Ханафия кызы екен. Екеуінің кіндігінен үш кыз өмірге келген. Ақсақал 1971 жылдан бері Ашхабад қаласында тұрады. Түркімен тілін де бір кісідей сөйлейді. Үш кызы да осында тұрмысқа шыққан. Әкесін асырап отырған үлкен кызы Людмиланың күйсуі грузин екен. Тағдыр жазуымен өз Отанның өспеген ол бәрібір Қазақстан десе жаным ашып елендеп отырамын дейді. Төлқұжатында да ұлты «казак» деп көрсетілген екен.

Ақсақал өзін казак баласы деп біздің іздеп келгенімізге қатты қуанды. Біздің елшілік те Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде оны Жеңіс күнінде құттықтап, сыйлық берген екен. «Менің де елім барына, менің де іздеушім барына жүрегім жарыла қуандым, сонда» дейді ақсақал. Өмірім жетсе еліме жетер едім, бірақ оған қайда-а... дейді 90-ға жетіп қалған қарт. Ал қыздары мүмкіншілік болса Қазақстанға бүгін кетіп қалуға әзір. Біз Қазақстанның жетістігін естіп, қуанып отырамыз дейді олар.

Ашхабад маңындағы Анау деген станцияда тұратын Қожалаков Бекбауыл деген ақсақалдың отбасында да болдық. Маңғыстаудан аштық жылдарында көшкен 1927 жылы туған адай табының баласы екен. Өзінің он екі баласы, 24 немере-жиені бар көрінеді. Зейнет демалысына шыққанша темір жолда жұмыс істепті. Бұрын 2 млн. манат зейнетақы алатын едім, өлген президент қысқартып тастап, 1,7 млн-ға түсірді. Қазіргі президент қайтадан көбейте ме деп үміттеніп отырмын дейді ақсақал. Өзінің бұрынғы үйі станцияның маңында болған екен. Ол жердегі үйін бұзып, жерін өкімет алыпты. Бірақ, айтуларына карағанда ешқандай өтемақы бермеген. – Бұл Қазақстан дейсің бе, тәртіп шамалы, мұнда дейді ақсақал кейіп. Қазіргі тұрып жатқан үйін өздері тұрғызып алыпты. Бір сиыр, бір қойы ғана бар екен. Қолында үйленбеген бір баласы ғана тұрады. Екі ұл, бір кызы Қазақстанға қоныс аударыпты. Қалғаны Түркіменстанда тұрады екен. Бірақ олар да елге жетуді ойлап жүрген көрінеді. Өзіміз де

Қазақстанға жетіп өлсек арманымыз жоқ дейді қарттар. Айтуларына қарағанда бұрын осы жерде қазақтар көп болған. Барлық басшы қызметкерлер де қазақтар болыпты. Қазір шамалы қалдық, той-томалақта, садақада ғана кездесеміз дейді ақсақал.

Сөз соңы: Сөйтіп жұмбақ ел деп жүрген Түркіменстанға жасаған сапарымыз да аяқталды. Олардың бізден тым алға кетіп, немесе артта қалып қоймағанын көзіміз көрді. Өз жолдарымен өмір сүріп жатыр. Біз барған уақыттарда біздің елшілігіміздегі жас қызметкер Махметов Әсеттің отбасында Аянат деген қыз бала осы жерде өмірге келді. Біз түрікмен жерінде туған жас сәби түбі бір туыскандармен жақсы қарым-қатынастың ақжолтайы болсын деп тіледік.

АСТАНА-АШҒАБАТ-АСТАНА
2007 жыл

СӘТТІ БОЛҒАН САПАР

Президент сапарын жазуға Австрияға барған БАҚ өкілдеріне осы елді алты жүз жыл бойы армансыз билеген Габсбург фамилиялы императорлар династиясының бас сарайын еркін аралауға мол мүмкіндік туды. Айта кететін бір жәйт, елдің бас сарайында біздердегідей «өйтуге, бүйтуге болмайды» деген жан жоқ. Австрия императорларының бұрынғы ұлылығын әйгіліп тұрған әсем сарайдың кез-келген жерін аралап, біз суретке түстік.

Гот стилімен салынып, алтынмен апталған сарайдың кабырғаларына қылқалам шеберлерінің баға жетпес құнды жәдігерлері ілінген. Соның ішінде Кайзер Франц Иосиф І-дің де кісі бойы портреті тұр. Императордың жүзі сұсты емес, қай күндегі немістерге тән тәртіпті, тіп-тік қалыппен бейнеленген екен. Он сегіз жасында таққа отырып, елді 1848-ден 1916-шы жылға дейін 68 жыл бойы билеген осы императордың тұсында бұл ел аса құдіретті Австрия-Венгрия империясы болып, барша әлемді тітіреткенін тарих әлі ұмыта қойған жоқ. Франц-Иосифтің кезінде Вена қаласы да адам танымастай болып өзгерді. Ол бұрынғы ескі қорғандардың орнына әсем парктері мен сарайлары көздің жауын алатын қазіргі Рингштрассе көшесін салдырған екен.

Императордың сарайын аралап жүрген кезде біз тағдыры қызық екі адаммен кездестік. Орысша шыққан дыбысқа жалт қарасақ, БАҚ өкілдерінің арасында тұрған ұзын бойлы, жас шамасы 65-70-ті еңсерген адаммен ақ самайлы бір қарт амандасып жатыр екен. Қарттың шаршаңқы жүзінен, ескі сәнмен тігілген костюмінен оның «бұрынғының адамы» екені сезіліп тұр. Журналистік әуесқойлығымыз жеңіп, ақсақалмен амандасуға тура келді. Біздің жобамыз дұрыс боп шықты, ақсақал бір кезде атағы жарты әлемге жария болған, Кеңес империясының баспасөз үні «Правда» газетінің Венадағы 1973-ші жылдан бергі меншікті тілшісі

Игорь Мельников деген кісі екен. Империя ыдырап, коммунистік партияның қолынан билік кеткенде ол Венадағы жылы жерінде қала беріп, Австрияның азаматтығын алыпты... Ақсақал біздің Президентке құрметпен қарайтынын, сондықтан осы кездесуге келіп, қазір өзі Венадан хабар жіберіп, істес болып жүрген Ресейдің парламенттік газетіне ақпарат алу үшін келгенін айтты. Ал ол амандасқан екінші адамның тағдыры тіпті қызық болып шықты. Ол бұрынғы КСРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымының докторы, халықаралық журналист Леонид Николаевич Сумароков деген азамат екен. Ең қызығы, оның әйелі Мая Михайловна Сулова баяғы «тфу» десе түкірігі жерге түспейтін, КСРО-ның бас идеологы болып «сұр кардинал» атанған Михаил Андреевич Сусловтың қызы екен... Мұның да біздің Президентке деген құрметі ерекше көрінді. Тіпті қолында Нұрсұлтан Әбішұлының 1993-ші жылы әйеліне қолтаңба жазып сыйлаған ағылшын тілінде шыққан кітабын да ұстап жүр. Онда Президент: «Құрметті Мая Михайловна! Сіздің Михаил Андреевичтің қызы екеніңізді біліп, аса қызығушылықпен таң қалдым. Мен өзімнің өмірімде өшпес із қалдырған өте ақылды, білікті әрі қарапайым бола білген аса көрнекті мемлекет қайраткері – Сіздің әкеңізбен болған барлық кездесулерімді ешқашанда ұмытпаймын. Сізге және сіздің отбасыңызға бақыт тілеймін» деп жазып, қолын қойған екен.

Осында тағы бір қызық тағдырлы адаммен кездестік. Иманжүзді, жас шамасы 50-лерге келген қазақтың бізбен жүргендердің арасында болмағанын көрген соң қазақшылықпен амандасып, жөн сұрасақ ол Венада тұратын қандасымыз Ақпар Қыран екен. Өзі осында тұратын 20 үйлі қазақ диаспорасының жетекшісі болып шықты. Кезінде Қытайдан ауып, Түркияны паналаған қандастарымыздың өкілі екен. Мындағы кәсібі қолдан кілем тоқып, сату көрінеді.

1980 жылдан бері осы Австрияда тұрып жатырмыз. Тұр-

мысымыз жаман емес. Екі қыз балам бар, осындағы неміс мектептерінде оқиды. Қазақстанның тәуелсіздік алғанын естігенде қатты қуандық. Қазір елге анада-санда барып тұрамыз. Әзірге, елге түпкілікті қайтуға асықпаймыз. Бірақ хабар алып тұрғымыз келеді. Латын әрпімен шығатын газет болса, дұрыс болар еді, – деді Ақан.

Келіссөздер аяқталған соң екі елдің Президенттері журналистерге арнап баспасөз мәслихатын өткізді.

Президенттердің сөзінен кейін журналистерге кезек тиіп, олардың барлық сұрақтары біздің Президентке арналды. Бұлардың арасында Ресей Президенті В.Путиннің жуырда болған мәлімдемесінде ланкестердің ұясын талқандау үшін біз көрші мемлекеттерге де превентивтік соққылар беруден қашпаймыз деген сөзіне баға беру секілді құйтырқы сұрақтар да болды. Олардың күткені Елбасымыздың Путиннің сөзіне қарсы келіп, сын айтып, даттағанын есту секілді. Бірақ Нұрсұлтан Әбішұлы арандатуға құрық бермей, екі бірдей ұшағы, өрімдей балалары ланкестік құрбаны болып ашынған елдің басшысының қатаң сөздерін түсіністікпен қабылдау керек екенін, бір кезде, 11 қыркүйек оқиғасынан кейін осындай мәлімдеме жасаған АҚШ Президентіне де жұрт жеңілдікпен қарағанын еске салды. Ал превентивтік соққыларды жерлерінде ланкестік ұялары белгілі болған елдің өз басшылары жасауы керек, деді ол. Бұл жауап бәрімізге, әсіресе Ресей БАҚ-тарының өкілдеріне қатты ұнап, олардың арасынан өз тілдерінде «азамат» деп қалғандарын да естіп қалдық.

Сұрақтардың бәрі біздің Президентке арналуының бір себебі мәслихатты жүргізіп тұрған Австрия Президентінің баспасөз хатшысының «кесірі» еді. Ол кезекті өздерінің ғана журналистеріне беріп, біздің көтерген қолымызды көрмегенсігені ғой. Бірақ оның бұл бұлталағына Нұрекең ерік берген жоқ, Қазақстан журналистеріне сөз бермей мәслихатты жаба берген хатшыны тоқтатып тастап, кезекті бізге

бергізді. Сөйтіп, біз Президентке қатты риза болып қалдық. Ал жаңа ғана жонына қол апартпай тұрған неміс қайта-қайта бас изеп кешірім сұрап, бұлғақтап қалды...

Өзіне сұрақ қойылған Хайнц Фишер алдыңғы айтқандарынан өзге ешнәрсе деген жоқ. Сонымен баспасөз мәслихаты жабылған еді. Сол кезде жоғарыда аты айтылған Л.Сумароков мырза маған Қазақстан Басшысына ыстық сәлем жолдаған Сусловтың қызының шағын хатын берді. Онда сәлемнен басқа «біз Қазақстан республикасының табыстарына қатты қуанамыз. Сізге мықты денсаулық және ұзақ өмір тілейміз», деген жазулар бар екен...

Баспасөз мәслихатынан кейін Австрия Президентінің атынан Қазақстан президентінің құрметіне ресми қонақасы берілді. Өте жылы, әрі жарқын жүзді болған осы дастархан басына қазақстандық журналистер де шақырылды.

Осыдан кейін Елбасы Австрия үкіметінің жақұт, лағыл, гауһар тастарынан жасалған аса қымбат тарихи бұйымдары сақталған мұражайды көрді. Ал осы күннің кешінде Шварценберг сарайында Қазақстанның Австриядағы елшісінің атынан қабылдау болды. Оған Вена қаласындағы көптеген елдердің дипломатиялық өкілдіктерінен мәмілегерлер қатысты. Қабылдауда біраз уақыт бойы қызылды-жасыл отшашу болып, оның ортасынан «Қазақстан» деген сөз жанып шыққанда, жұрттың бәрі жамырай қол соқты...

Жалпы алғанда Австрия сапары сәтті аяқталды. Ол екі елдің ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеретіні сөзсіз.

АСТАНА–ВЕНА–АСТАНА
2004 жыл

ТАҒДЫРДЫҢ ТАЛАЙЫНАН ТАЙСАЛМАҒАН

Татар халқы ежелден етек-жеңі жинақы, түркі тілдес жұрттың ішіндегі еті тірі жандысы, пысығы саналады. Дүниеге де епті. Абай: «солдатқа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, казаға да шыдайды, молда, медірессе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда» дейтіні осы татарлар. Халқының саны жағынан татарлар Ресей Федерациясында орыстан кейін екінші орын алады. Сонымен бірге ықпалы, зиялы қауымының беделі, өнері, кәсіби мамандануы, спорттағы жетістігі т.б. жағынан да татар Ресейдің екінші санаттағы жұрты.

Ал бір кезде ол қазіргі Ресей аумағында екінші емес, барлық салада бірінші орында тұрған халық еді. Бірақ тарихтың аумалы-төкпелі бұраланы оны екінші орынға ғана емес, өз басында дербес билігі жоқ, тобанаяк күйге ұшыратты. Тарихты қайта жасауға болмайды, қайтеміз енді деп өздерін-өзі сырттай жұбатса да татар зиялы қауымындағы есті кәрісінің, жілігінде намысы бар жасының жүрек түкпірінің бір бұрышында іштей тынған бір шерлі сыры да сол секілді.

Татар халқы кешегі Ұлы Отан соғысында да өздерін нағыз мықты, жауынгер халық ретінде көрсете білді. Кеңес Одағының Батыры атағын алған 161 ерінің саны бойынша ол өз жерінде соғыс болған орыс, украин, беларусь халықтарын ғана алға салып, төртінші орында тұр. Соның ішінде, кеудесімен ажал шашып тұрған ДОТ-ты алғашқы болып жапқан татар баласы Александр Матросовтың ерлігі бар әлемге аян болды.

Александр Матросов деген ердің өзі – татар баласы Шәкіржан Мұхамедзянов екен. 1923 жылы Башқұртстанның Қонақбай ауылында туған Шәкіржан Мұхамедзянов есімді татар баласы жетімдік пен жокшылықтың зардабынан қаңғып жүріп, балалар үйіне алынған. Одан теңізші болғы-

сы келіп, солармен жақындасып, солардың киімін киіп, биін билеп жүрген аккөңіл баланы орыстар қай күндегі әдетімен өздеріне бұрып «Шурик» деп атап кеткен. Ал Шуригі өсе келе «Александрға» айналып, ал фамилиясы «Мұхаметзяновтан» «Матросовка» бұрылған. Сөйтіп, аты төрткүл дүниеге «Александр Матросов» болып танылған батырдың шын есімі Шәкіржан Мұхамедзянов деген татар баласы болып шықты.

Қатал тағдыр, қапас түрме сағын сындыра алмаған, сол жерде отырып-ақ ерлік пен елдікке үндейтін қаһарлы жырлар жазған акын Мұса Жәлелдің есімі де татар халқының иығын басқалардан асыратын бір белі, арқа сүйер тұғыры. Мұсаның қапастың қасіретіне қасқайып, қарсы тұрған өр жырлары «Не көрсем де Алаш үшін көргенім, Маған атак ұлтым үшін өлгенім. Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер, Істей берсін қолдарынан келгенін» деген исі түркінің есті акыны Мағжан сарынымен үндес.

Сол Мұса Жәлелдің тағдыры да татар халқының өз тарихы секілді аумалы-төкпелі болған. 1945 жылы Берлиннің солтүстігіндегі Моабит түрмесін босатқан Кеңес жауынгерлері аулада шашылып жатқан қағаздар арасынан: «Мен татар акыны Мұса Жәлелмін, Моабит түрмесіне тұтқынға түскен соң әкеліндім. Мені жақында ататын шығар. Осы қағазымды тауып алғандар Мәскеудегі жазушы жолдастарыма жеткізіндер» деген сөздер жазылған хат тауып алады. Жауынгерлердің бірі оны көрсетілген мекен-жайы бойынша Мәскеудегі Жазушылар одағының төрағасы А.Фадеевке салып жібереді. Бірақ – есіл ердің елге жазған осы соңғы хаты күні бүгінге дейін із-түзсіз жоғалып кеткен. Ең бастысы оны А.Фадеев алған, тіпті 1946 жылы Мәскеуде тұратын Мұсаның әйелі Әминә Жәлеловаға да хабарлаған. 1942 жылы Волхов майданында болған жерінен хабарсыз кеткен жарынан 4 жылдан кейін бір хабар алғанда жүрегі жарылардай қуанған ол құстай ұшып А.Фадеевке жеткен екен.

Жазушы Әмина-ханумды жылы кабылдап, арнаулы бөлімде жатқан Жәлелдің хатын көрсетеді. Жарының қолтаңбасын танып, ебіл-дебіл жылап, бір жағы қуаныш, бір жағы күйінішпен Жазушылар одағынан шыққан Әмина ханумға Татар жазушылары одағының сол кездегі төрағасы Ахмет Ерикеев кездеседі. Әмина ханым оған болған жайды айтып, Мұсадан бір хабар біліп беруін өтінеді. Сонда А.Ерикеев: «Сатқынның әйелі, бұл жерге неге келдің, тезірек көзіңді құрт» деген екен. Әрине, мұндай сұмдықты есту кез келген адамға жеңіл емес, Әмина ханым бойын әзер билеп, үйіне зорға жетіпті.

Осы оқиғаға дейін Моабит түрмесінің тағы бір тұтқыны болған татар азаматы Нығмет Терегулов Татарстанның жазушылар одағына Жәлелдің «Моабит дәптерінің» бірін әкеліп берген екен, оны білген НКВД Н.Терегуловты дереу тұтқындап, із-тұзсыз жоқ қылып жіберген көрінеді. Міне, сондықтан да Ахмет Ерикеев Жәлелді сатқын деп айтқан секілді, деп жазады татар жазушысы Рафаэль Мұстафин. Кейін, Мұса Жәлелдің атағы барша әлемге танылып, оған Батыр атағы да, ең жоғарғы Лениндік сыйлық та берілген уақыттарда Ахмет Ерикеев талай рет Әмина ханумнан кешірім сұрап, кездескісі келіп жалынса да діні қатты татар қызы оның қылығын өле-өлгенше кешірмей өтіпті. Міне, сөйтіп Мұса Жәлелді түрмеде болғаны үшін алғашында «сатқын» деп жазғырған да екен.

Татарды казактар ноғайлар деп те атайды. «Татар» деген атаудың өзі моңғол шапқыншылығы тұсынан қалған, олар Алтайды мекендеген түрік тайпаларының бірі, Шыңғыс ханның қосындарымен жеткен. Енді сол атау Еділ булгарларының (болгарлар) есімі болып қалыптасып кетті. Ресейдің қоластында болған барлық түркі тілдес халықтарға жәдидше, (ескі оқу хадимше болған) яки өз заманының озық оқу әдісімен Қазанда, Уфада, Орынбор т.б. қалаларда ашылған мектеп, медіресселерде мұсылман оқуын татарша оқытып,

білімді азаматтардың бірнеше легін шығарған осы ноғай оқымыстылары. Бұл мектептерде дін оқуынан басқа философия, география, тарих, арифметика т.б. пәндер де оқытылады екен. Ал сол кездегі газет, іс-қағаздары, хат-хабар тілінің бәрі татар (кітәби) тілінде болған. Сөйтіп, ісі мұсылманға татар мәдениетінің сіңірген еңбегі зор. Соның ішінде қазақтың талай марқасқалары оқыған «Ғалия» медресесінің де еңбегін айтуға болады. Ал құрылғанына 200 жыл болған Қазан университеті кәрі Еуропаға танымал білім ордасы. Оның қабырғасында аты әлемге әйгілі Н.Лобачевский, А.Бутлеров, А.Арбузов т.б. секілді ғалымдармен қатар Владимир Ленин де оқыған. Бөкей ордасының ханы Жәңгір оның ғылыми-кеңесінің мүшесі болған.

Қазан қаласының іргетасы Шыңғыс хан шапқыншылығынан әлдеқайда бұрын қаланған. Бірақ оны моңғол әскері талқандағаннан кейін қайта қалпына келтіріп, әсем қалаға айналдырған да солардың Бату хан құрған «Алтын орда» мемлекетінің билеушілері. Атап айтқанда оның (Алтын орданың) Батудан кейінгі 20-шы ханы Ұлық-Мұхаммед екен. Оның есімі татар әдебиеті мен өнерінде жоғары пафоспен жырланады. Ал енді ол қалай Қазан ханы болғаны жөнінде де айта кетелік.

1431 жылы, сол кезде өзінің қол астында болған Мәскеуге билеуші етіп Василий II-ні тағайындаған соң Алтын орда ханы Ұлық-Мұхаммедтің қол астындағылары жоқ жерден көтеріліс жасап, оны тақтан тайдырады. Сенімді серіктерімен Қырым асып кеткен Ұлық-Мұхаммед артынан орыс шекарасындағы Белев қаласына келеді. Сол жерден өзі тағайындаған Василий II-ге хат жазып, көмек сұрайды. Сөйтсе, ана қаніпезер көмектесудің орнына оның көзін жою үшін 40 мың адамдық қол аттандырады. Батыр туған Ұлық-Мұхаммед жауынгерлерін бастап, аз әскермен орыстардың қолын талқан қылады. Содан Еділдің жағасына келіп, ежелгі Бұлғар мемлекетінің астанасы, жартылай бұ-

зылып қалған Қазан қаласына тоқтайды. Осы жердегі халықты өзіне бағындырып, күшті мемлекет ұйымдастырып, қаланы да қайта жанғыртып салады. Сөйтіп Қазанның екінші рет тууы осы Ұлық-Мұхаммед есімімен байланысты болады. Сол, 1437 жылдан бастап оның ұрпақтары осы хандықтың билеушілері болады.

Ал Қазанды Мәскеу патшасы Иван Грозныйдың басып алуы Сүйімбике ханшайымның тұсында болғанын тарихтан білеміз. Байкамай қалып бас имегені үшін аяғы ауыр келінін ұрып өлтірген, туған баласын өз қолымен бауыздап тастаған қанішер, тасжүрек патша аңызға қарағанда ноғай мырзасы Жүсіптің (Юсуфтың) сұлу қызына ғашық болады. Сүйімбике оны көзіне де ілмейді, бірақ күйеуге шықпаса қанішердің соғыс ашып, халқының қырылатынын көрген ақылды қыз оның алдына жеті күнде жеті қабат мұнара соққыза алсаң тиемін деген шарт қояды. Патша он саусағынан өнер тамған жүздеген шеберлерді жинап, жеті күнде мұнара соғып береді. Ал ару қыз оның төбесіне шығып халқымен қоштасып, төмен секіреді. Сүйімбикенің сол мұнарасы әлі күнге Қазан кремлінің ішінде тұр.

Грозныйдың әскерлері Қазан қаласын 1552 жылы басып алады. Оның ханы Жәдігер ерліктің тамаша үлгісін көрсетіп, жауға берілмей бірнеше ай бойы шайқасады. Құл Шәріп бастаған дінбасылар да қорғаныс ісіне көп көмек береді. Бірақ күші артық жау қала қорғаушыларын әлсіретіп барып, басып алады. Қанішерлер қаланың бейбіт халқын қырумен қатар сәулет өнерінің жәдігерлерін де тегіс талқандайды. Оқу орындары мен медіресселерді, хандықтың мұрағатын, әдемі үйлерді, мешіттерді жағып жібереді.

Жалпы, Орыс патшалығы 20 жылдың ішінде Татарстандағы 536 мешіттің 418-ін жойған. Татар ғалымы, академик Индус Тагировтын: «Эта была потеря для мировой цивилизации в целом» деп жазуы тегін емес. Татарларды күшпен шокындыру ісі де осы кезден қолға алынады. Бұл іс кейінгі

жүздеген жылдарға созылды. Содан бері татар халқы Ресей қоластында. Бірақ татардың алдыңғы қатарлы азаматтары егемен ел болу идеясын ешқашан басынан шығарған емес. 1920 жылғы 27 мамырдағы декретпен Татарстан автономиялы республика болды. Ал 1990 жылғы ұлттың бостандық сүйгіш, еркін ойлы қауымының талабымен Татарстан егеменді ел болып жарияланды. Осы жылғы референдумда халықтың басым көпшілігі оны қолдады. Сөйтіп, Татарстан егеменді ел болды, бірақ Ресей Федерациясының құрамында...

Шу дегенде демократиялық қозғалыстың талабымен оның егемендігін таныған орталық артынан, вертикальды билікті күшейту барысында бастапқы еркіндікті біраз шектеген еді. Әсіресе, В.Путин үкімет басына келгелі ұлттық ұйымдастыруларды ештеп жоя бастады. Орыстың көптігін пайдаланып, референдум шешті деген желеумен Коми-пермяк ұлттық округын жойып Пермь облысына, Таймыр және эвенк ұлттық округын Краснояр өлкесіне, Усть-орда бурят ұлттық округын Иркут облысына т.б. қосып жіберуі осы сөздерімізге дәлел.

Татарстан астанасы Қазанның 1000 жылдығына барған сапарымызда ұлттық мүдделердің ескерілмеуі немесе жауырды жаба тоқып, көзге ілмеуі – татар зиялыларының ішінара наразылығын тудыратынын көрдік. Мәселен, федерацияның Татарстаннан басқа өңірлерінде тұратын татар халқының өкілдері ұлттық мектеп, мәдени орталық ұйымдастыруды сұрап жергілікті өкіметке барса оларға Татарстан Республикасы көмектессін деген сынайлы жауап беретін көрінеді. Сондықтан Татарстаннан басқа жерде топпен тұратын татарлар ұлттық тілін дамытуға, салт-дәстүрін үйренуге мүмкіндігі жоқ екен. Міне, бұл орыстан кейінгі «екінші ұлттың» көрген құқайы. Ал аз санды, ұсақ ұлттар тіптен көзге ілінбейтіні сөзсіз ғой. Татарлардың тарихи отаны болмаса да Қазақстандағы татарлар барлық облыстарда өзінің ұлттық

мәдени орталығын ашып отыр. Ал кейбір облыстарда тіпті ондай орталықтар аудандар да бар. Біздің Үкіметіміз оларға, тіпті олардан бәлен есе аз санды ұлттарға да қолдан келген қамқорлықтың бәрін жасауда.

Тең құқықты мүшесі болып кірген федерацияда өзінің ұлттық ерекшелігін, тілін, салт-дәстүрін сақтауға мүмкіндік ала алмағандықтан Ресейдің көп жеріндегі татарлар өз халқынан тек фамилиясын, кескінін ғана сақтап қалған, дейді татарлардың Федералдық ұлттық-мәдени автономиясы кеңесінің төрағасы Римзил Валеев. Ол «Татарстан» журналына: «без собственных этнокультурных корней можно остаться убогим синтетическим роботом, зомбированным субъектом, каких, к сожалению становится с каждым годом все больше и больше», деп жазыпты. Тағдырлары біреуге байлаулы болып қалған бауырлас халыққа кейде жанын ашиды. Олар Ресейдің қазіргі Президенті В.Путиннен көп қайыр күтеді екен. Татарлардың былтырғы, үшінші Ұлттық конгрессіне оның келгеніне, онда ұлттың лидерлерімен кездескеніне мәз болатын секілді. Сол жолы Путин көп нәрсені жақсартуға уәде еткен екен, бірақ амал не, империялық мүддені бәрінен жоғары қоятын орталық үкіметтегі төрешіл шенеуніктер оның бәрін құрдымға жіберіпті. Мәселен, В.Путин ұлт саясаты жөніндегі Концепцияға өзгерістер енгізу жөнінде тапсырма берген болатын. Соған үміттеніп қалған татарлар жүздеген ұсыныстар жасайды. Бірақ— жоғарыда айтқан пиғылдағы сарапшы-шенеуніктер Тұжырымдаманы дәл бұрынғы қалпында қалдырыпты. Тіпті, Ұлт істері жөніндегі министрлікті, ол түгіл соңғы, Ұлттық-мәдени автономиялар істері жөніндегі консультативтік кеңесті де жойыпты. Татарстан мен Башқұртстан тіпті, Кеңес өкіметі жылдарында да, автономиялық республикалардың ішінде айрықша статуска ие болған еді. Олар одақтас республика болмаса да КСРО Жоғарғы Кеңесінің дербес мүшесі болған. Ал енді айрықша

статус түгіл, ұлттық мәселеде ешқандай ұсынысын да өткізе алмайтын халге жеткен.

Әрине, татар халқының тамағы тоқ, көйлегі көк. Данышпан Абай айтқандай дүниеге епті олардың өкілдері өз еліндегі ірі кәсіпорын, банктердің басында отыр. Үлес салмағы да аз емес, соңғы санаққа карағанда республикада 53 пайызға жетіпті. Бірақ алдыңғы қатарлы, елшіл, ұлтжанды интеллегенциясының басында жоғарыда аталған проблемалар сияқты мұң бар екен. Оны көре тұра, біле тұра жазбай кетуге дәтіміз бармады. Олар Ресейдің барлық аймақтарындағы татарлар өзінің туған отанында екенін сезінуін, ол үшін мемлекет барлық аймақта тіл үйренуге, ұлттық мәдениетті дамытып, рухани тынысын қанағаттандыруға мүмкіндік жасауын, қазіргі ұлттық саясаттың Тұжырымдамасында федералдық өкімет, субъектілер мен муниципалды ұйымдарға ұлттардың мәдени талабын қанағаттандыру ісінде нақтылы міндеттер көрсетілуін, Татарстанның басқа аймақтардағы татар халқының өкілдеріне қамқорлық жасау құқығын заң жүзінде нақтылауды т.б. талап етеді. Бірақ әзірге бұл талаптарға құлақ асып жатқан орталық жоқ.

Қазанның 1000 жылдық тойына татарлар мұқият дайындалып, ондаған жаңа нысандар салғанын Елбасымен бірге барған сапарда көрдік. Соның ішінде ипподромға келгенде біреулердің: қандай тамаша сәулет, мынанша қаражат бөлінген құрылысты КСРО БАМ-да ғана салған еді, енді бізге келіпті деп қуана әңгімелеп келе жатқанын естідік. Бұл да болса сол, мұзға айдалған түйедей кібіртіктегеннің бір көрінісі. Тәуелсіз Қазақстан астанасының кез келген тұрғыны дүниенің қай бұрышына барса да, ешқандай құрылысқа таңырқамас еді, өзіндегі қандай сәулетті де баяғы КСРО-ның «ұлылығымен» байланыстырмас еді. Өйткені, иншалла дейікші, өзіміз байқамағанымызбен біз ондай ойдан әлдеқайда биікке өсіп кеттік қой.

Татар ағайындардың Ресей президенті В.Путиннің өз-

деріне келгеніне, татаршылап бір-екі ауыз сөйлегеніне мәз болғанын, токмейілсіп, санаттанып калғанын да көрдік. Құтты баяғыда біздің Брежневтің келгенін мақтаныш көретініміз секілді. Қазан тойының үлкен салтанатын В.Путиннің ашканы да елдің егесі кім екенін, негізгі билік кімнің қолында екенін айқындап бергендей болды. Тіпті татарлар Мәскеуден келгендерге жалтақтап, әлденеден кінәрәт тауып калмас па екен дегендей секемденіп, сактанып, кішілік мінезбен жүретінін де сезіп калдық.

Осының бәрін көргенде еліміздің егемен болып, ешкімнің алдында бүгежектемей, басымызды биік, иінімізді тік ұстайтынымызға мың шүкірлік айтады екенсің. Алланың жаратқан барлық пендесіне еркіндіктен артық, өз қолынның өз аузына жеткенінен артық қандай бақыт болушы еді? Ол үшін тіпті аш та, жалаңаш та болуға болады. Бірақ, иншалла, ел бастаған еңселі ұлдарының арқасында казактың көші көлікті, жүзі жарқын. Алла бізді осыдан айырмасын.

АСТАНА-ҚАЗАН-АСТАНА
2004 жыл

ТАНЫС ТА БЕЙТАНЫС МОҢҒОЛИЯ

Кезінде жарты дүниені жаулап алып, өзіне бағындырған, азиялық алып империяның сарқыншағы осы ел болған сон да оған деген қызығушылық көңілде еріксіз туып тұрады. Әрине, қазір көптеген ғалымдар да, зерттеуші журналистер де сол кездегі жеңімпаз әскерді де, тіпті Шыңғыс ханның өзін де Моңғолияға «кимай», шыққан тектерін әр сакқа бір жүгіртіп жатады. Бірақ кім болса да солардың бәрі Моңғол елінің туының астында шайқасып, сол елдің атағын аспанға шығарғаны ақиқат. Оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Сондықтан да қазіргі моңғол халқы Шыңғыс ханның есімін орынды мақтан тұтады. Қазақ та, қытай да, жапон да т.б. моңғол нәсілді халықтар оны әртүрлі дәлелдермен өзіне тартқанымен ұлы хаһанды ешкімі де басыбайлы өзіне алып кете алмайды. Ол тек моңғолдікі, соның ғана туын көтеріп жер жаһанның жартысын өзіне бағындырды. Тіпті моңғолдар оны азиялықтардың бәрі өзіне тартқысы келетініне де мақтанатын секілді. Бұл да миықтан күліп, төбеден карауға тұратын орынды мақтаныш.

Моңғолдар ұлы хаһандарының есімін мүмкін болған барлық дүниеге қойып алыпты. Әуежай, қонакүй, көше, дүкен, дәмхана т.б. түгіл түрлі тағамдар мен заттар оның ішінде арағы, сырасы, темекісі де «Шыңғыс хан» есімінде. Бірнеше ескерткіші, соның ішінде тау бөктеріне жарқыратып салған бейнесі де тұр. Осыған қарағанда моңғолдар оның есімін саналарға әбден сіңіріп, ұлттық рухты көтеруде оны өтімді пайдаланғысы келетін секілді. Бұл орынды мақсат. Бірақ жалпының бәріне жайылып кеткен бұл есім діндеген жерге жетпей, шашылып қалатын сияқты ма деген де ой туады. Өйткені, алтынды алкалап ұстай білсең ғана ол жарқырайды емес пе, ал кір-қоңыстың арасына салып жіберсе, оның да қасиетінің жоғалуы кәдік қой? Сол сияқты Шыңғыс хан есімін де кез келген жерге орынды-орынсыз тықпалағаннан

оның қаһарлы рухы төмендеп кетпес пе екен деген ойға қалдық.

Көргенімізді Шыңғыс ханға байланысты бастап жатқанымыз да оның есімінің молдығынан, тіпті аяқ алып жүруге болмайтындығынан, әйтпесе бұл елде одан да басқа қызықты жәйлер баршылық. Біз орналасқан тау бөктеріндегі үкіметтік «Их тенгир» қонақүйіне бара жатқан жолда Будданың алтынмен апталған алып ескерткіші тұр. Әлгінің маңында кара-құра халықтың да көп болып жүргенін көрдік. Демек халықтың Шыңғыс ханнан кейінгі пірі, сиынатын діні қандай екендігі анадайдан менмұндалап тұр. Бұл елге кешегі Кеңестің ықпалы да аз болмағаны қалған белгілерімен анадайдан көзге ұрады. Тау бөктеріне кеңестік танқы де қойылып, астына «Моңғол-совет қаруластарының достығы мәңгілік» деген жазу ойылыпты. Бұлардан басқа көзімізге ерекше болып түскен Ю.Цеденбалға қойылған ескерткіш болды. Социалистік ел болғанда ұзақ жыл басқарған көсемге көркем ескерткіш қойылған екен. «Мынау кім?» деп бізді әкеле жатқан жүргізушіден сұрағанымызда «ол біздің Цеденбал ғой» деген үнінде мақтаныш сезімі барын аңдап қалдық.

Ұлан-Баторға ұшағымыз төмендеп, үйлер анық көріне бастағанда таң қалдырған көрініс – одан тас пен темір жолдардың мүлде шықпайтындығы болды. (Бәлкі басқа бағытта бар шығар, әйтеуір біздің көзімізге түспеді). Айқыш-ұйқыш тартылған ауылдың кара жолдары (мұнда тіпті сары) бұл қаланы білдей бір мемлекеттің астанасы емес, Шымкент, Қызылорданың түкпіріндегі әшейін бір аудан орталығы секілді әсерде қалдырды. Оның үстіне қала маңында қалың мал жайылып жүр, тігілген киіз үйлер де баршылық. Бірақ қаланың өзі біршама үлкен, Моңғолияның 2,5 млн. халқының жартысы осында тұратын көрінеді. Демек елдің өнеркәсіптік те, мәдени де орталығы бір өзі сияқты. Одан басқа Дархан, Эрденет секілді ірі қалаларындағы халық саны 100 мың о жақ, бұ жағында ғана. Ұлан-Батор Тул өзенінің

бойында, Хэнтей тауының етегіне орналасқан. Бірақ тауы сұлу емес, біртүрлі тақыр екен.

Әуежайдан қала орталығына тартылған тас жол да әбден тозып иті шыққан, тым жәйсіз болды. Бірақ жол сондай болды екен деп мұнда жеңіл мәшинелер аз немесе арзанкол екен деп қалмаңыз. Жеңіл көліктер құжынап жатыр және бәрі де алыс шетелдің қымбат мәшинелері. Арасында жол таңдамайтын орыс мәшинелері тіпті жоқтың қасы. Демек елдің басқа жұртпен араласуы, халықтың тұрмысы да жаман емес сияқты.

Моңғол астанасы үйлерінің көбі 3 - 4 қабаттан аспайтын, аласа әрі жұпыны екен. Бірақ солардың арасында жарк еткен бірлі-жарым еңселі үйлер де көрініп қалады. Жалпы, шаһардың анау айтқандай өзгешелігі жоқ, кәдімгі басқа да өркениетті елдердің қалаларындай. Такси де ағылып жатыр, халқы да қонақжай қалып танытады, ақша айырбасы да кез келген банкіде ашық жүріп, дәмханалар мен мейрамханалар да шектеусіз жұмыс істеуде, теледидар да бірнеше тілде емін-еркін көрсетіп тұр. Бұл жағынан алғанда Ұлан-Батор Ташкент (ақша айырбасы тек қара базарда) пен Ашғабаттан анағұрлым ілгері кеткен жәйлі қала ма дерсің.

Ұлан-Батордың адамға қолайсыздығын ғимараттарға кіргенде ғана сезініп, басқа емес үкімет үйінің өзінде тамыздың ми қайнатқан ыстығында ешқандай кондиционер орнатылмағанынан көріп таң қалдық. Бұл моңғолдардың кондиционер орнатуды қалтасы көтермейтін кедейлігінен емес, жағдайдың бәріне көнбістікпен қарайтын және аса жәйлі жәй іздемейтін табиғи қарапайымдығынан ба дейміз. Әйтпесе, өзгенің бәріне қол жеткізіп тұрғанда сондай ұсақ дүниені құнттауға болады ғой.

Бізді орналастырған жәй – Үкімет үйінің демалыс орындары екенін жоғарыда айттық. Төрт жұлдызды қонақүйге бергісіз, тау етегіндегі осынау жәйлі үйде де тымырсық ыстықта кондиционер болмай, тұншығып қала жаздадық.

Ал тау самалы енер ме екен деп терезені ашсаң болды қарақүйенің көбелектері мен қайдан шығатынын кім білсін, ылғал жерді андитын қара шыбындар қаптайды да кетеді. Бұл да бір қызық болды.

Ұлан-Батордың негізгі халқы жастар секілді, олар тек қана өз тілдерінде сөйлейді. Араларында азды-көп ағылшын тілін түсінетіндер де ұшырасып жатты, ал орыс тілін көбінесе жасы үлкен адамдар ғана ұғатынын байқадық. Бұл кезінде Кеңес үкіметінің ықпалы мол болып, мектептерде шет тілі ретінде тек орыс тілінің ғана үйретілгенінен екені көрініп тұр. Қазір мұнда ресейліктердің бизнесі де аз емес екенін паш етіп әрбір жерлерде орыс тіліндегі жарнамалар да жолығып қалады.

Моңғолдардың әліпбиі кириллицаның негізінде жасалыпты. Бұл біздің оқуымызға оңай болды. Бір қызығы ағылшын, қытай тіліндегі жарнамалар көзге түсе қойған жоқ.

Моңғолияның біз үшін ең басты ерекшелігі – мұнда қазақ диаспорасы барынша мол және ықпалды. Қытай, Ресей, Өзбекстанға қарағанда оның саны бәлен есе аз болса да 2,5 млн. ғана халқы бар елде ықпалы жағынан басқа елдермен салыстырғанда әлдеқайда артық. Қазақтардың бәрі дерлік Баян өлкеде туғанымен моңғол астанасындағы саны да аз емес. Айтуларына қарағанда дәл Ұлан – Батордың өзінде он мыңдай қазақ тұрады екен, ал оның төнірегінде қоса есептесе 20 мыңға жетіп жығылатын көрінеді.

Солардың арасынан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесуге жеті адам келді. Әңгімені кәсіби дипломат Қадыр Сайран бастап отырды. Ол кезінде Мәскеудің Халықаралық қатынастар институтын бітірген екен, біраз жылдар Моңғолияның Египеттегі елшісі болып қызмет істепті. 2004 жылы Моңғолияның Парламентіне депутат болып сайланған. Ол Президентке «Күлтегін» ескерткішінің жанынан қазылып алынған мұралардың қазақ тарихы үшін маңызы зор екенін айта келіп, осы жобаны одан әрі іске асыру үшін «Мәде-

ни мұра» бағдарламасының шеңберінде қаржыландыруға көмектесуді ұсынды. Екінші болып сөзді дәрігер-онколог Асай Рәміш алды. Ол моңғол астанасында тұратын казактардың ұлттық мәдениеті ұмытылып, тілі жұтанданып бара жатқанын сөз ете келіп, осында мәдени орталық ашуға кол үшін беруді өтінді. Елбасы оның ұсынысын орынды көрді. Егер казактың зиялы қауымы ел астанасына ауысып жатса, Баян-Өлгийден гөрі ұлттық мәдени орталықты осында ашу жөн шығар, деді ол. Тарих ғылымының докторы, Моңғол Мемлекеттік университетінің профессоры Мәулет Зұлкәпіл Елбасының «Тарих толқынында» кітабын моңғол тіліне аударған адам екен. Өзінің акындық өнері де бар көрінеді. Осы уақытқа дейін «Мөлдір тамшылар», «Ғашық жүрек», «Армысың аппак дүние» атты бірнеше жыр жинақтарын да шығарыпты. Ол да Ұлттық университетте мәдени орталық ашылғанын қалайтынын жеткізді.

Бұлардан баска Моңғолиядағы казактар арасынан шыққан генерал Жекей Халидолда, Мұсылмандар ассоциациясы одағының атқарушы директоры Батырбек Хажыс қажы, Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген заңгер Айнагүл Көпен және инженер Энхтөр (моңғолша) Хангелділер де болды. Бұлардың арасынан елге жетуді аңсап тұрған кұлықты көре алмадық, бәрі де Моңғолияға жақсы сіңіп алған тәрізді. Жалпы Моңғолияда казір 90 мындай казак бар екен.

Міне, Моңғолиядан аз уақытта көргеніміз осындай болды. Айта кететін жәйт, моңғол астанасының көшесінде кытайдың қаптап кеткені көріне қоймады. Әрине, экономикалық дамуы жағынан да, еуропалық үлгідегі өркениетке жақындығы жағынан да ол бізден едәуір артта екені сезіліп тұр. Бірақ Моңғолияның да қызығарлық қылықтары бар екен. Соның ішінде ханы да, қарасы да тегіс өз тілдерінде сөйлейтіндігі қызықтырды. Теледидардан моңғол тілінде бірнеше арналар жұмыс істеп тұр, ешқайсында да біз

Шахсыбай Саурап

сияқты өзгелерге еліктеп-солықтап жатқан жоқ. Өркениеттің үлгілерін ала отырып, өз беттері мен өз жолдарында дамып келеді екен. Моңғолияда тұратын басқа ұлт өкілдері де оның тілінде сөйлеуге мәжбүр. Өйткені, өмірдің барлық қырында ол өзгелерден озық тұр. Бұған қалай қызықпассың.

АСТАНА–ҰЛАН-БАТОР–АСТАНА

2008 жыл

ӨТКЕНГЕ ЕМЕС, ӨРТЕҢГЕ ҰМТЫЛҒАН ҰТАДЫ

Тәуелсіздік алғаннан бергі 21 жылда Арменияда алтыншы рет президент сайлауы өткелі жатыр. Осы жылдарда Левон Тер-Петросян екі, Роберт Кочерян екі және Серж Саргсян бір рет президент болып сайланған еді.

Президенттерінің көп ауысканына карап бұл мемлекетті демократияның даңғыл жолына түскен, ашық қоғам деп айту қиын. Өйткені, осынау шағын мемлекеттің үлкен проблемасы бар. Сондықтан да шығар бұл елдің қоғамы демократиялық ашықтықтан гөрі біртоға, томаға-тұйықтыққа бейімдеу. Оны ЕҚЫҰ-ның Астана Саммитінде өз көзімізбен де көрдік. Саммит туралы пікірлерін білмек болып, бірнеше елдің журналистеріне микрофон ұсынғанда жалғыз-ақ осы армян өкілдері өздерінің ойларын айтудан ат-тондарын ала қашты. Шамасы «бірдеме» айтып коюдан сактанатын секілді. Олармен салыстырғанда әзербайжандық әріптестеріміз әлдеқайда ашық екен, олар өз пікірлерін ешкімнен именбей айтып бере алды.

Шын мәнінде бүгінгі таңдағы Армения мемлекеті оқшауланған күй кешуде. Жер көлемі 29 мың шаршы шақырым, халқының саны 3 млн. адамға жетер-жетпес бұл ел күрмеуі қиын жер дауының құрбаны болып отыр. Қазіргі, негізгі даугері Әзербайжан, бірақ армян сепаратистері болашақта Түрік Республикасына да территориялық наразылық жасалуы мүмкін екенін жасырмайды. Армян парламентіндегі белсенді депутаттардың бірі Эдуард Шармазанов: «...хотя ни один из трех президентов Армении не предъявлял Турции каких-либо территориальных претензий, он вовсе не исключает возможности этого в дальнейшем. Кроме нашего государства есть еще и историческая родина армян с территорией 300 тысяч кв.км, находящаяся на Армянском нагорье. Это такая же историческая родина для армян, какой

для кочевых турецких племен являлись горы Средней Азии и Алтая. ...так как именно там и появилась армянская цивилизация» деп жазыпты. («Голос Армении» газетінен, 2010 жыл, мамыр). Бұл – армян қоғамының ертедегі тарихын естен шығармай, оны аңсайтын белсенді бөлігінің үнемі мазасын алып жүрген арманы.

Қазіргі жұрттын есінде жоқ, бірақ ІІ дүниежүзілік соғыстан кейін туған «қырғи-қабак» соғыстың басталуына да осы армян белсенділерінің жер дауын қаузауы бір себеп болған еді. Соғыстан моральдық тұрғыдан күшті шығып, жеңістің буына мас болып жүрген КСРО басшыларына Түркияның Карс, Артвин және Ардаган провинцияларының бір бөлігін «ежелгі армян жерлері» деп қосып алу идеясын тықпалаған Армения КП басшысы Г.Арутюнов, барлық армяндардың католикосы Геворг VI және басқалар болатын. (Бұрын үнемі таласта болып келген бұл жерлерге түріктердің иелік етуі 1921 жылғы Түркия мен РКСФР арасындағы келісіммен бекітілген). Артынан бұл пікірді Грузия басшылары да қолдады. 1945 жылғы Потсдам конференциясында одақтастарға Түркияның осы жерлерінің КСРО-ға қосылуы керектігі туралы В.Молотов баяндаған. Бірақ одақтастар тарапынан бұл ұсыныс қолдау таппады, өйткені халықаралық нормаларды оңай бұзуға болмайтын. Оның үстіне Түрік басшылығы бұл наразылықты бірден серпіп тастаған. Бірақ «қарғанынын жер қыламын» дейтін жердегі жарты құдай, қанды қол диктатор Сталин Түрік шекарасына әскер тоғытуды осы кезде бастады. Ешкімді елең қылмайтын, халықаралық нормалар мен құқыларды қалтасына салып жүре беретін кеңестің басқыншылыққа құмар басшыларының қорқау тәбетінен жасқанған АҚШ пен Ұлыбритания да Түрік мемлекетіне көмек қолын созуға асықты. Іс-жүзінде «қырғи-қабак» соғысты жариялаған 1946 жылғы Фултондағы сөзінде Уинстон Черчилл КСРО-ның Түркия мен Иранға жасап отырған орынсыз территориялық наразылығы мен қысымына да

сілтеме жасаған-тын. Иран аумағының біраз бөлігін қосып алу идеясын да осы армяндық және оған артынан қосылған әзербайжандық белсенділер ұсынған болатын.

Нак осы, Түркия мемлекетінің айналысындағы дағдарысқа байланысты АҚШ КСРО-ға қарсы ядролық соғыс ашу жоспарын жасаған. Сөйтіп, әлем ядролық соғысқа алғаш рет кавказдық жер дауы дағдарысының кесірінен бетпе-бет келген. Осыған байланысты естелігінде В.Молотов артынан: «Хорошо, что вовремя отступили» деп жазған екен. КСРО тек 1953 жылдың 30 мамырында ғана Түркияға қарсы территориялық наразылығынан бас тартты.

Міне, кішкентай ғана елдің үлкен проблема жасай жаздаған әлегі осындай. Осыған байланысты акын Темірхан Медетбектің бір тәмсілі ойға оралады. Онда бір торғай жын-данып, бүркітке шабуыл жасағаны айтылады. Бүркіт оны не қылсын, бір-ақ толғап, жұта салыпты. Бірақ соның кесірінен өзі жынданып, үлкен ұшакка шабуыл жасайды. Ұшак апатқа ұшырып, жүздеген адам қаза болады. Сөйтіп, жынданған бір торғайдың әлегі қанша қасірет әкелетіндігі көрініп тұр...

Әрине, ата-бабасының қонысынан айрылу барлық халыққа да қиын. Жер бетіндегі барлық халықтар да ежелгі қоныстарынан айрылып қалғанға қамығады. Оның ішінде неміс, грек, француз, поляк, фин, беларусь және т.б. сияқты еуропа халықтары да бар. Біз де Қытайдағы Шығыс Түркістанда, Ресейдегі Орта және Батыс Сібірде, Жайық бойында, Өзбекстан аумағында қалып қойған бабаларымыздың ежелгі ата-қоныстарын аңсаймыз. Бірақ өмір шындығымен санасып, қалғанына тәубе дейміз. Әрине, қазаққа бұйырған жер ұланғайыр, сондықтан армян мұнымен оны салыстыруға да келмейді деп айтуға да болар, бірақ, барлық дінде де, адамзаттың ақыл-ойында да жер Құдайдікі, оның қаншасы қай халыққа бұйыртатынын Сол біледі деген дана пікір бар емес пе? Ендеше барға қанағат ету керек қой. Жер бетінен жойылып кеткен халықтар да аз емес, оған қарағанда армян

халқы аты да, заты да, тіпті өзіне лайық атағы да бар іргелі ел емес пе деп тәубеге келуге болады. Армян халқының да озық ойлы адамдары, карапайым жұрты осылай ойлайтынына талас жоқ, бірақ әсіреұлтшыл саясаткерлері мұндайды керек қылмайды. Олар тіпті бүгінгі күні Таулы Қарабахты ғана емес, Әзербайжан Республикасы жерінің біршама бөлігін басып алғанына да місе тұтып отырған жоқ. «Жер біздікі, біз қайтаруымыз керек» деген өзімшіл ұранды ғана бастарына әбден сіңіріп алған олар халықтың тыныштықты қалайтын ахуалымен санасар емес. Оларға салсаң б.д.д. II ғасырда құрылған Ұлы Армения жерінің тым болмаса Тигран II-нің тұсындағы территориясын қалпына келтіруді әділдік деп санайтындай. Ал бұл дегенің 220 мың шаршы шақырымға жуық аумақ...

Осындай абицияның кесірінен елдің Әзербайжан және Түркия арасындағы шекарасы мүлде жабық. Армения теңізге де шыға алмайды. Тек солтүстігіндегі Грузиямен екі арадағы шекара ғана елді сыртпен байланыстыруда. Екі елдің арасына темір жол тартылған. Сондықтан да Арменияның сырттан келетін тауарларының төрттен бірі Грузияға тиесілі. Бірақ осы елмен де кей-кейде қарым-қатынас салқындап қалады. Оның басты себебі Грузияның Армения мен Ресейдің жақындасуына қырын қабақ білдіргендіктен туындайды.

Армения оңтүстігінде Иранмен шектеседі. Исламның шиит тармағын ұстанатын Иран өзінің діндес қарындасы Әзербайжанмен теке-тіресте екендігіне карамай Армениямен соңғы жылдары жақсы қарым-қатынас орнатып келеді. Бұған Ирандағы армян лоббиінің ықпалы бір себеп болса, екінші себеп мыңжылдық достық болмаса мыңжылдық қастық жоқ екендігін ескерген Иран басшылығының прагматикалық ұстанымы сияқты. 2007 жылы екі елдің арасында газқұбыры ашылды. Оның бойымен Арменияның Раздан ЖЭС–не газ беріліп тұрады. Есесіне Иран жағы электр энергиясын алады. Ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге Ар-

менияның «Армосгазпром» кәсіпорнын сатып алу арқылы осы рынокка тұтастай бақылау орнатқан Ресейдің «Газпромы» рұқсат етпейтін көрінеді.

Территориялық наразылық білдіру арқылы аймақта дүрбелең орнатып отырғандығын және сол себепті Әзербайжан мемлекетімен теке-тіресте болғандығына наразылық ретінде Ислам әлемінің ең үлкен елдерінің бірі – Пәкстан Республикасы Арменияны танымайды. Екі елдің арасында дипломатиялық байланыс жоқ.

1992-94 жылдардағы Әзербайжан мен Армения арасындағы соғыстың нәтижесінде Таулы Қарабах Арменияға қосылды. Бірақ, кейбір армян басшылары Таулы Қарабах Республикасын (Арцах деп те атайды) өздерінен бөлек мемлекет деп қарап, соғыс әзербайжан–армян арасында емес, әзербайжан-қарабах арасында болғанын тануды қалайды. «Шын мәнінде тәуелсіз Әзербайжан Республикасының құрамында Қарабах ешқашан болған емес, ол екеуі де КСРО меншігінде болған. Кейін, Кенес одағы ыдырағаннан кейін екеуі екі мемлекет болуды қалады» деп жариялады Арменияның бұрынғы президенті Р.Кочарян.

Сонымен Таудағы Қарабах соғысының нәтижесінде Әзербайжан өзінің 13,4 пайыз территориясынан, яғни 11722 шаршы шақырым жерінен (оның ішінде 92,5 пайызы ТҚАР территориясы) айырылды. Қазір ол Таулы Қарабахтың 15 пайыздай жеріне ғана иелік етеді. Ал армян жағы Таулы Қарабахты ғана емес, Әзербайжанның бұрынғы аумағындағы Келбазар, Лачин, Қуатлы, Жебраил және Зангелан секілді бес ауданын тұтас және Ағдам мен Физули аудандарының біраз бөлігін өзіне қосып алды.

Бұл соғыс екі елді де бейбіт өмірге жеткізген жоқ, керісінше бүгінгі күні теке-тіресті барынша үдетіп тұр. Әзербайжан барлық дипломатиялық, саяси каналдарды қолданып, өз аумағының тұтастығын халықаралық қауымдастықтың көмегі арқылы қалпына келтіруді сұрап, талай жүгініске

түссе, армян жағы соншалық белсенділікпен өз жерлерін «құтқарғандарын» дәлелдеуде. Екі жақтың да бір-біріне түсіністікпен қарауға деген ұмтылыс қадамдары жоққа тән. Талай танымал саясаткерлер мен халықаралық дәрежедегі дипломаттар, халықаралық ұйымдар теке-тіресті бейбіт жолмен реттеу туралы екі жақтың да мүддесін ескерген жоспарларын ұсынды. Соның ішінде Қазақстан мен Ресей президенттері Н.Назарбаев пен Б.Ельцин де болды. ЕҚЫҰ-ның қазақстандық төрағалығы да бұл істен шет қалмай, теке-тіресті біршама әлсіретуге тырысты. Бірақ қиын түйін әлі де шешілер емес.

Нәтижесінде Армения экономикасы, жоғарыда айтқанымыздай, оқшаулық күй кешіп, халықтың әл-ауқаты жақсармай отыр. Қарапайым елдің қамы үшін бейбіт жағдайда өмір сүруге қол жеткізуді көздеген лидерлер болғанымен бастарына ұлтшылдық ұранының бацилласы әбден сіңіп алған белсенділер ондайларға жол берер емес. Мәселен, 1998 жылы сол кездегі президент Левон Тер-Петросян 1992-94 жылдардағы соғыста басып алынған Әзербайжанның бірнеше ауыл-селоларын өздеріне қайтарып, есесіне сол елмен Таулы Қарабах мәселесін біржолата аяқтау туралы келіссөзге баруды ұсынды. Бұл икемді келісімге ұмтылған біршама орынды ұсыныс еді, бірақ президентті сол кездегі премьер-министр Р.Кочарян, қорғаныс министрі В.Саргсян, ішкі істер министрі С.Саргсян қолдамай, ақырында Л.Тер-Петросян отставкаға кетуге мәжбүр болды.

1999 жылдың 27 қазанында Армения парламентінде болған теракт та Қарабах оқиғасына байланысты болды. Онда бұрынғы журналист Н. Унанян бастаған террорлық топ парламенттің спикері, премьер-министр бастаған 6 депутатты атып өлтірген еді. Оның себебі әлі де толық ашылған жоқ. Ресми емес, бірақ барынша көп тараған версияға қарағанда террористер ЕҚЫҰ-ның 1999 жылдың аяғында Ыстамбұлдағы саммитінде Әзербайжан мен Армения арасында

кол қойылуға тиісті келісімге қарсы шыққандарды жойған. Онда Армения Таулы Қарабахқа шыға алатын Лачин дәлізін, есесіне Әзербайжан Нахичеванға шыға алатын армянның Мегрин ауданының біраз бөлігін иемденбекші екен. Бірақ бұл келісімге Арменияның премьер-министрі В.Саркисян мен спикер К.Демирчян үзілді-кесілді қарсы болыпты. Бірақ ланкестік әрекеттің кесірінен ешқандай құжатқа кол қойылған жоқ. Бұл оқиғаның себебі басқада екенін айтқан версиялар да көп.

Қазір екі елдің халықтары арасындағы өзара өшпенділік үдеп барады. Армения қоластында қалған жерлердегі әзербайжанның барлық мәдени мұраларын, тарихи ескерткіштерін, тіпті зираттары мен мүрделеріне дейін жойып, аттары мен заттарын жер бетінен мүлде өшіруде. «Еруліге қарулы» дегендей әзербайжан жағы да соны істеуде. Өлісін сыйлайтын шығыс жұртының екі өкілі осы үшін де қарсыластарына әбден қандары қарайып алған.

Екі ел бюджеттерінің әскери шығындары да жылдан жылға өсе түсуде. Экономикалық әлеуеті біршама әлсіз Армения үшін бұл шығынның зардабы үлкен. 2011 жылы ол 387 млн. АҚШ долларын құрады. 1970 жылдары Армения аумағында АЭС салынған еді. Бірақ 1988 жылы, Спитак зілзаласынан кейін оның қаупі зор болғандықтан жұмысы токтатылған. Бірақ армян үкіметі жоқшылықтың кесірінен 1995 жылы оның екі реакторын қайтадан іске қосуға мәжбүр болды. Қазір осы АЭС елдің электр қуатына деген сұранысының 40 пайызын өтеуде. Экономиканың осы саласының дамуында да Армения Ресейдің көмегіне мұқтаж. Соны пайдаланған ресейлік РАО ЕЭС Арменияның барлық энергетикалық нысандарын жекешелендіріп алған.

Армения экономикасының оқшаулануға ұшырап отырған себепті дами алмағандығының есесін халықаралық көмектер, соның ішінде армян диаспорасының қолдаулары, шет елдерде жұмыс істейтін жандарының аударған қаражаттары

біршама толтыруда. Соның арқасында ЖӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі бес мың доллар төңірегінде. БҰҰ-ның 2010 жылғы сарабы бойынша Армения адам әлеуетінің даму индексі жөнінен 76, сыбайлас жемқорлық жөнінен 123 орын алады. 2011 жылы Форбс журналы әлемдегі ең үмітсіз экономикалардың арасынан Арменияға Мадагаскардан кейінгі екінші орынды берген...

Енді мына сайлауда мемлекет басына алдымен елдің іші-сыртында тыныштық орнауын көздейтін, әсіре ұлтшылдардың арынын басуға жарайтын, саяси ерік-жігері мықты тұлға келіп, қоғам мен экономиканың дамуына даңғыл жол ашылса барлық іске де епті келетін армян халқының өкілдері өз мемлекеттерін алдыңғы қатарлы дамыған жұрттардың қатарына қосар еді-ау деп үміт етуге болады. Бірақ президенттікте үміткер ретінде тіркелген сегіз адамның ішінде қазіргі президент Серж Саргсянның шансы 70 пайызға жуық екен. Бұл Арменияда алдағы бес жылда билік өзгермейді деген сөз.

2008 жылдың наурыз айындағы билікке келуі өте үлкен қарсылық акциясына ұласып, соның салдарынан 10 адам қаза тауып, жүздеген адамның жаралануы С.Саргсянның беделін көтерген жоқ. (Үнемі «Саркисян» деп жазылып келген армян фамилиясын алғаш өзгерткізген адам осы болды). Бірақ сауалнамалар бүгінгі күні оны сайлаушылардың басым бөлігі қолдайды десе, демек одан күтетін үміттері жоғары болғаны.

Интернетте «әлемге танымал армяндар» деген сауалды бассаныз болды, алдыңыздан қаптаған қалың тізім шыға келеді. Аз ғана халықтан осынша дарынның шыққанына таң қаласын. Әрине, бұл тізімге ата-бабаларының арасында фамилиялары «ян» түгіл «ан», «н» жұрнақтарымен аяқталған талай адамдар да кіріп кетіпті. Мәселен, Ирина Хакамада, Юлия Тимошенко, тіпті Михаил Саакашвили және т.б. енгізілгеніне езу тартқаннан басқа не дерсің? Таза армян-

дардың өзін ғана айтса да бұл халықтың дарынды өкілдері аз емес еді. Мәселен, Арам Хачатурян, Арно Бабаджанян, Шарль Азнавур, Евгений Петросян, Армен Джигарханян, Роман Балаян және т.с.с. тұлғалардың шығармалары, өнерлері барша әлемге рухани азық болып отырғанын жоққа шығара алмайсың. Аталмыш тізімде армяндардың бұрынғы КСРО-ның еуропалық бөлігіне танымал адамдар ғана бар. Ал Өзбекстандағы Тамара ханум сияқты тұлғалар тіпті енгізілмей де қалыпты.

Армян өкілдерінің Қазақстанға сіңірген еңбегі де аз емес. Олар бізде өмірдің барлық саласында да өздерінің белсенділіктерімен, іскерлігімен көрінді. Осы қатарда алдымен «Мырзажанды» (Л.Мирзоян) ауызға аласың. Көрген жақсылығын ұмытпайтын қазақ халқы оның есіміне ірі қалаларда көше аттарын беріп, күні бүгінге дейін оған құрмет білдіріп келген, бірақ сталиндік репрессия жылдарында орталыққа тағы да мындаған адамның көзін жоюға рұхсат сұраған хаты табылған соң оның есімі Қазақстан тарихының сәулелі беттерінен шеттетілді. Сонымен бірге, бүгінгі елімізде «Бахус» АҚ президенті А.Карапетян, Лермонтов атындағы орыс драма театрының бас режиссері Р.Андреасян және т.б. танымал армян өкілдерінің есімдері белгілі. Сондықтан да қазақстандықтар ежелгі армян жерінде қан төгілмей, әрдайым тыныштық пен түсіністік болғанын қалайды.


2012 жыл

Ғажыбай Сауран

II БӨЛІМ



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР



«АЛТЫН ОРДА» – БІЗДІҢ ОРДА

Қазір тарихымызды түгендейік деген жақсы бастама көтеріліп жатыр. Бұл мәңгілік ел болмақты көздеген көреген адам ретінде Президент Н.Назарбаевтың аузынан шығып отырған маңызы өте терең бастама. Енді соған «көкірек көзі ояу» жанның бәрі атсалысып, жоғалтқанымыздың бәрін тауып, айтуға болмай келгеннің бәрін камтып, жинап алуымыз керек. Отандық тарихты оқытуда мемлекетшілдік дүниетанымның жаңа моделін жасап, осыған байланысты ұлттық құндылықтар мен тарихи жетістіктер бағдарларын ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында айқындап алу міндетінен зор талап жоқ. Тіпті, мұндай сәттер алдағы уақыттарда туа бермеуі де мүмкін. Алда-жалда тағы да тартыншақтап, әлдекімнен қорғалақтап, «ананың керегі бар ма, мынаны айтпай-ақ қояйық» деп тарихымыздың тұтас, қалың қыртыстарын тағы да аттап кететін болсақ, тек шындықты ғана білгісі келетін бүгінгі басы азат ұрпақ біздің қылығымызды болашақта кешірмейді. Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин де: «өзінің өткенін ұмытатын халықты болашақ та ұмытады» деді емес пе? Сондықтан, «сый қылсаң – сыпыра қыл» дегенді басшылыққа алып, осы уақытқа дейін басымызды ала қашып, «ойбай, ол біз емес» деп жанымыз шошып келген бар шындықты айтуға тиіспіз.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Қытай киноматографистері «Моңғолдың құпия шежіресі» мен өздеріндегі бай деректерге сүйене отырып, «Шынғыс хан» атты 30 сериялы тарихи фильм түсіріп шықты. Ондағы оқиғалардың белгілі шындықтармен барынша сәйкес екендігі, ешқандай ауытқудың, біздегі кеңестік кездегідей әсіре саясиландырып, бұрмалаушылыққа жол берушіліктің салқыны жоқ екенін талай тарихшы мамандар атап өтті. Ал Кенес тарихы, соның ішінде казак, орыс тарихы барлық шығармашылық өнімдерде бізге бұрмаланып жеткізілді. Бір ғана мысал айтатын болсақ, күні бүгінге дейін, кейбір объективті көзқарастағы тарихшылар

болмаса, орыстың ресми тарихы Александр Невскийдің Чуд көлінде 1242 жылы неміс крестшілерін талқандауы жалғыз өзінің «ерлігі» деп дәріптеп келеді. Шын мәнінде бұл кезде орыс княздіктері Алтын Орданың қол астында (1237 жылдан) болған, сондықтан Бату хан өз бағыныштыларын қорғауға әскери күш бермеуі мүмкін емес. Википедия энциклопедиясы да неміс рыцарьлары талқандалған соң Александр Невскийдің әкесін хан өзіне дереу шақыртқанын айтады. *«Согласно новгородской летописи, русские 7 вёрст преследовали немцев по льду. По условиям мира Орден отказался от всех недавних завоеваний и уступил новгородцам часть Латгалии сразу после чего отец Невского был вызван к Батюю».* Осымен барлық әңгіме тамам болады. Егер Чуд көліндегі жеңіске ханның қатысы болмаса дәл осы кезде Невскийдің әкесін ол неге дереу шақыртқан? Ол туралы орыс тарихшылары жұмған ауыздарын ашпайды...

Сол сияқты кезінде Ұлы литвин княздігі деген мемлекет болып, артынан поляк корольдігімен бірігіп Речь Посполита конфедерациясын құрған литвин деген халықты да 1840 жылы патшаның пәрменімен «өздеріне туыс» беларусь қылып жібергені өз алдына әңгіме. (В.Деружинский., «Тайны беларусской истории, Минск).

Ал қытайлықтар болса, кейін өздерінің ұланғайыр империя болып бірігуінде Шыңғыс ханның рөлі зор екенін жасырмай, оған ішінара мадақ та арнайды. Керісінше, орыстың уделдік князьдарының басын қосып, бірігуіне ықпал еткен Алтын Орданы орыс тарихшылары әлі күнге «монғол-татар езгісі» деп атап, қаралаумен келеді. Біздің ұстанымымыз осы Қытай тарихшылары сияқты ақиқи шындық жолында болып, «саясатқа бұрмаланған тарихтың» (СБТ) кейбір зиянды запырандарынан арылуға бағытталғаны дұрыс. Алтын Орданың тарихы қазақ үшін ұранды жылдар, ерлік пен өрліктің ұлан-байтақ үлгісі екенін ұмытпауымыз керек. «Батыр, хандар – асқан жандар...» бәрі сол кездерде болған. Рухы мықты, «күндей күркіреген ел» болғанымыз осы ке-

зен. Қазақты жеке ел болуға, басқалармен терезесі тең болуға бастаған да осы Алтын Орда. Сондықтан оны барлық жағынан өзіміздің Орда болғанын мақтан тұтып отырудың ендігі жерде еш әбестігі жоқ.

Әңгімені осы күні қалың жұрт білетін фактіден бастайық. Шыңғыс ханның ұлы жорықтары қазіргі моңғол аумағынан басталды. Барлық түркі тілдес казак, өзбек, ноғай, каракалпак және Қап тауындағы біршама халықтарды құрап, әрқайсының ішіне сіңіп кеткен керей, найман, меркіт, қоңырат, жалайыр және татар сияқты түркітілдес тайпалар кезінде қазіргі Моңғолия территориясында отырған. Қазақтың «алты алаш» деп жүргені осылар екенін академик Сайдолла Тілеубердин жазды. («ЕҚ» 23.07.2013 жыл).

Шыңғыс хан моңғолдың Қият тайпасынан шыққан. Оның ар жағын таймуыт (кейде тайжуыт деп аталады) деген ел. Осының бір тармағы Қият-бөржігендерден (бөрі жегендер) Шыңғыс хан шықты. Ол әртүрлі себептермен өз маңында жеке-жеке ел болып, ту көтеріп отырған Керей, Найман, Татар, Қоңырат, Меркіт, Жалайыр мемлекеттерінің бәрін шауып, өзіне қосып алды. Осы әдіспен құрылған Шыңғыс хан империясында моңғолдардың өзі 20 пайыздай ғана болған. Қалғанының бәрі кейін Қазақ және басқа да түркітілдес халықтар одағын құраған жоғарыда айтылған тайпалар (рулар) еді. Қазіргі күнгідей қатан бекітілген мемлекеттік тіл ол кезде болмаған, бірақ білетіндердің айтуына қарағанда барлық бұйрықтар түркі тілінде жарияланғаны, жазулар көне ұйғыр графикасының негізінде болғанын белгілі ғалым Л.Гумилев жазды. «...многочисленные факты свидетельствуют – среди племен и народов, которыми управлял Чингисхан, племена под названием монгол не было. Его окружали тюркские племена: татары, жалаиры, керейты, найманы, онгуты, меркиты, уйгуры и др. Все они говорили по-своему, на языках тюркской основы...» деп жазды тіпті «Шыңғысхан» академиясының академигі А.Оловинцев. («Тюрки и монголы? Эпоха Чингисхана», А-ты, 2012 г., с.86).

Алайда, Кеңес тарихнамасы мұндай ойларға құрық берген жок, ол Шыңғыс хан империясы тегіс моңғолдар болды, олар жаулаған елдерін өздеріне сіңіріп алды дегенге саятын тарихи қате ұстанымды қатаң сақтады. Л.Гумилев: *«Каким образом немногочисленные монголы, которых было чуть больше полумиллиона, могли захватить полмира?! Тут что-то не так. Очевидно, мы упустили какой-то фактор»*, («Ритмы Евразии», М.2004. 128-б.), деп дүдәмал келтіруімен-ақ ресми, саясатқа бұрмаланған тарихқа жеккөрінішті болды. СБТ шындық айтылатын болса, казак, өзбек, татар және т.б. халықтар «біз Алтын Орданың адамдарымыз, сендер үш жүз жыл бойы біздің қоластымызда болғансындар» деп шыға келуінен сақтанып, оларды моңғолдардан бөліп тастағанын аңғару қиын емес. Кеңестік идеология ешқандай обал-сауапқа қарамай, әсіресе бізді қой соңында жүрген іс алмас, әрі надан, әрі жасық, ит те, құста иығына мініп алған, сорлы халық деп қана танытты. Алда-жалда күштілігімізді білдірген шығарма туа қалса, ол казактікі емес, ананікі, мынанікі, казактардың қолынан ондай іс келмеген, өтірік жазылған деп тұқыртып тастайтын. Ал авторы қудалауға түсетін. Шыншыл тарихты жазған ғалым Е.Бекмаханов осындай жолмен қудаланған.

Енді негізгі әңгімемізге көшіп, Алтын Орданың біздің орда екенін дәлелдеп көрейік. Шыңғыс хан қазіргі Қытай аумағындағы мемлекеттерді, Ібір-Сібір халықтарын, Жетісуды, Хорезмді түгел бағындырған соң хандықты Бөртеден туған төрт ұлына 1223 жылы Құланбасыда болған құрылтайда бөліп берген. Ең үлкені Жошыға қазіргі Қазақстан аумағы түгелге жуық қараған. Шығысында Алтай, Ертістен, батысында Еділге, оңтүстігінде Жетісу, қазіргі өзбек жерлерінен солтүстігінде Сібірге дейінгі бұрынғы Дешті Қыпшақ аталған ұлы дала енді «Жошы ұлысы» деп аталып, ол біршама уақыт орталық моңғол мемлекетіне бағынышты болды. Шыңғыс хан әскеріндегі түркілер қазіргі казак жеріне ханмен бірге жаугершілікпен келсе, енді Дешті

Қыпшақтағы бұрыннан отырған түркі тайпаларымен бірігіп, ұлыстың негізгі халқы болды. Жошының шешесі Бөрте қонырат қызы екені белгілі, ендеше анасының тілі де түркі болғандықтан ханға мұндағы жұрттың тілі жат болмағаны хақ. Сөйтіп, халқы қазақ сияқты түркі халықтарын құраған рулар, жері түркінікі, тілі түркінікі болған жаңа ел бүгінгі Қазаққа еш жаттығы жоқ болатын. Тіпті ханы моңғол дегенмен оның да шешесі қазақ.

Кейбір деректер Жошының әкесінен бөлініп, дербес мемлекет құруды қалағанын айтады. Алайда Жошының кезінде оның ұлысы әлі де орталық моңғол империясына бағынышты болған. Жошының өзі қазіргі орталық Қазақстанда қаза тауып, Жезқазған қаласынан 50 шақырым жерде жерленген. Күмбездеп жасалған мазарының әлі күнге мұрты да қисаймай, Ұлытауда жарқырап тұр. Демек сол кезде де мынжылдық құрылыстарды салу өнері қазақ даласында болған. (Алтын Орданың соңғы билеушілері Токтамыс пен Едіге де қазақтың осы тауында жерленген).

Википедия ашық энциклопедиясы Жошы ұлысы 1224 жылы құрылып, 1266 жылға дейін (42 жыл) ғана Моңғол империясына бағынышты болғанын айтады.

Жошы ұлысын «Алтын Орда» атандырып, атағын аспанға шығарған баласы Бату. Әкесі өлгеннен кейін хан болған ол 1236-1242 жылдары Батысқа қарай жаугершілік жорықтар жасап, хандықтың аумағын еселей кеңіткен. Еділдің төменгі сағасына Бату Сарайы қаласын салдырып, елдің орталығын осында ауыстырған. Қазіргі орыс елі ол кезде бір-біріне бағынбайтын ұсақ княздіктерге бағынған мемлекеттер. Бату олардың бәрін де өзіне бағындырып, алым-салық салып тұрған. Соның ішінде, орыс жерінің ең жоғарғы – солтүстік-батысындағы А.Невскийдің Новгород княздігі де бар.

20 жылдан артық хан болған Бату өлген соң орнына інісі Берке тұрады. Ислам дінін алғашқы болып қабылдаған хан осы. Ол қалалар, мешіттер салуға көп көңіл аударған. Кеңес тарихшыларының жазбаларында Алтын Орда тек қа-

Жақсыбай Самрат



Жақсыбай САМРАТ. Ізденіс жылдарында

Ізденіс жолдары



*Сенат Төрағасы Қ.Тоқаев авторға
Алғыс хат тапсыруда. 2016 жыл*



*Мәжіліс Төрағасы Н.Нығматулиннің Алғыс хаты.
2017 жыл*



*Президент Н.Назарбаевтың Грантын
Мемлекеттік хатишы Қ.Саудабаев тапсыруда. 2011 жыл*



*«Адамзаттың Айтматовынан» сұхбат алудың
сәті түскен. Бішкек, 2007 жыл*



Ақмола, Торғай даласына Шерхан Мұртаза бастаған топпен сапар. Түрекеліп тұрғандар белгілі журналистер Ж. Ергалиев пен Ә. Дүйсенбек. 2004 жыл



Елбасы Н.Назарбаев шетелдік сапарлар сәтті аяқталғанда журналистермен суретке түсетін. Соның бірі – Нидерландия сапары. 2012 жыл



*«Егеменде» ұстазым, жанашырым болған
Ержұман Смайыл ағамен бірге. 2014 жыл*



*Шам қаласында жай тапқан әл-Фараби бабамыздың
басында. Сирия, 2010 жыл*

Әуеніс жылдары



*Алыс шетелге шыққан ең алғашқы сапар.
Австрия, Вена қаласы, 2004 жыл.*



*Малайзияға барған бір сапарда әніші Ақжол Мейірбеков те
болған еді. Куала-Лумпур, 2007 жыл*

Ахмедбай Сапаров



*Түркіменстанға барған бір сапарда алтыннан соғылған
Түркіменбашының ескерткішін көрдік. Ашгабад, 2010 жыл*



*Испанияның астанасы Мадрид қаласында Қазақстанның
ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету мәселесі шешілген күні.
Мадрид, 30 қараша, 2007 жыл*

Туған күні



*Біздің отбасымыз: қосағым Манар мен ұлым Абай.
2018 жыл*

наушылықпен, жаугершілікпен ғана айналысқан ел секілді әсер қылдырады. Шын мәнінде ол кезде де сәулет өнеріне, ғылымға, қала салуға, әдебиетке көп көңіл бөлінген. Өздерінің ақшасын да шығарған. Ең үлкен ақшалары да «теңге» деп аталған (А.Оловинцев, «Тюрки или монголы», А-ты., 1446). Осы Берке ханның тұсында (1257-1266) Еділ бойында әсем қалалар, мешіттер мен медреселер, керуен-сарайлар көп салынған. Елдің астанасы жаңадан салынып, ол Берке Сарайы атанған. Хан Иран мен Мысырдан оқымыстылар, дін ұстаздарын, ақындар шақырып, халықтың рухани өмірінің дамуына үлкен мән берген. Кейінгі уақыттарда бұрынғы ноғай жерлеріндегі, қазіргі Ресейдің Еділ бойы республикаларында мешіт, медреселердің көп болу тарихы сол уақыттардан бастау алған.

Беркенің орнына хан болған Мөңке Темір (Менгу-Темір) (1266-1280) Алтын Орданы тәуелсіз мемлекет дәрежесіне көтерген. Ол Шағатай ұлысының ханымен мәмілеге келіп, өзара дербестіктерін танитындығы туралы екіжақты Келісімге келген. Ал егер, сол кездегі Құбылайдың басқаруындағы Монғолдың орталық мемлекеті бұған қарсы болып, шабуыл жасаса, екеуі одақтас болып, қарсы тұруға шарт жасасқан.

Сөйтіп, іс жүзіндегі алғашқы Қазақ ордасы 1266 жылы құрылған деп айта аламыз. Өйткені бұл мемлекеттің негізгі бөлігі казак жерінде құрылды, тілі қазақша, діні ислам болатын. Араб тарихшысы әл-Омари монғолдардың түркі тайпаларының арасына әбден сіңіп, тілдері қыпшақ (казак) болып кеткенін айтады. Кейінгі, Қазақ ордасының хандары да солардың ұрпағы ғой. Ендеше, балаларын казак десек, аталарын неге казак демеске?

Біз 1922 жылы құрылған **КСРО-ны 70 жыл бойы біздің еліміз** деп келдік. Бойымыздағы барлық өнерімізді, білімімізді, күш-қайратымызды соның дамуы мен гүлденуіне жұмсадық. Оның кез келген жерін өзіміздің Отанымыз

деп карадық. Керек болғанда қанымызды төгіп қорғадық. Ал дәл сондай Алтын Орданы неге біздің ел деп атамасқа? Алтын Орда бізге КСРО-ға қарағанда әлдеқайда жақын емес пе? Оның тілі де, ділі де, діні де біздікі болды. Енді не керек?

Біз секілді татар хандықтары да Алтын Ордадан бөлінген, бірақ қазіргі татарлар Алтын Орданы «біздің мемлекетіміз» деп жеке меншіктегісі келеді. Мәселен, «История татар с древнейших времен. Улус Джучи (Золотая Орда). XIII – середина XV в. Казань, 2010 г.» деген кітаптың өн бойынан осындай сарын еседі. Шын мәнінде татар дегеннің өзі қытайдың моңғолды солай атағанынан шыққан ғой. *«Китайцы называли монголов «татарами» (тар-тар). Позже это название проникло в Европу и земли, завоеванные монголами стали именоваться «Татарией», дейді Википедия энциклопедиясы.* Ал қазіргі татар дегеніңіз булғар деген Волга (өзеннің аты да солардың Булга деген сөзінен алынған) бойындағы түбі көшпелі түркі болғанымен Алтын Орда келгенше отырықшылыққа көшкен халық болатын.

Әрине, Алтын Орда қазіргі казакқа да, татарға да, ноғайға да, башқұртқа да, Қап тауындағы түркітілдес халықтарға да т.б. бәріне ортақ. Өйткені, осы халықтардың бәрі де оның құрамына еніп, толып жатқан жорықтарға да қатысып, әлеуметтік-мәдени өмірде де үлкен жетістіктерге жетті. Сондықтан ол жеке дара біреуге тиесілі емес, бәрімізге ортақ Отан. Сонымен қатар оның қатарындағы әрбір халық оны өз Отаным деп айтуға қахы бар. Алайда осы уақытқа дейін Кеңес одағының қоластындағы түркі халықтары, соның ішінде біз де бармыз, оны моңғолдікі деп өз бойларымызды аулақ салып келдік. Ақын-жазушыларымыз да оны «біздің отанымыз» деп атаудан ресми саясаттың талабынан қорықты. Алтын Орданың жетістігін мақтан тұтқан жалғыз-ақ Мағжан ақын ғана шығар. Ол исі түркі әлемін Шыңғыс хан және оның ұрпақтарымен қоса жырлап, мадақтады. Мысалы:

Адамзатта тумайды Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғиық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның күр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.
Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле –
Атаға тартып туған бәрі бөрі.
Шыңғыстың кол бастаған екі көзі –
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе...

Міне солай, ұлтымыздың ұлы ақыны ұлысты ұйыстыру, жігерді жанып, намысты қайрау үшін кімді ұлықтау керек екенін сол кезден білген.

Алтын Орданың дәуірлеуі Өзбек хан (1312-1342) мен оның баласы Жәнібек ханның (1342-1357) тұсында болды. Осы кезде Ислам мемлекеттік дін болды. Асан қайғы сияқты ойшыл, философ, акын адамдар мемлекет қайраткері болып, ханның ақылшысы болған. Егер Орданың ресми тілі басқа болса Асан қайғының бізге жеткен:

Таза мінсіз асыл тас - су түбінде жатады,

Таза мінсіз асыл сөз - ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан тас - жел толқытса шығады,

Ой түбінде жатқан сөз - шер толқытса шығады, деген сияқты асыл сөздері де өзге тілде болар еді ғой.

Өзбек пен Жәнібектің тұсында қала салу, сауда істері қатты дамыған. Орда бір шеті Мысыр, Үндістан, Қытай, бір шеті Батыс Еуропа елдерімен сауда жасап, керуен жүргізіп тұрған. Оқу, білім, өнер де қатты дамыған. Қазақ «Әз Жәнібек» дейтін ханымызды тіпті орыс жылнамалары да «мейірімді» деп атаған. Бірақ ол кезде орыстың айтарлықтай ықпалы жоқ, ол Орданың бір ұлысы іспеттес бағыныштылары ғана болатын. Княздерді тағайындау құқы да Орданың еншісінде еді. Ханның көңілінен шығып, оған берілгендігін іс жүзінде дәлелдеген адамдар ғана князь ретінде тағайындалып, дуанбасы болған.

Бүгінгі күнгі археологиялық қазба жұмыстары осы XIV ғасырда Алтын Орданың Дунай мен Ертістің арасында мә-

деңісігі өз заманында барынша жоғары дамыған 110 қаласының болғанын айтады. Кейбір деректер тіпті олардың саны 150-ге жақындаған дейді.

Жәнібектен кейін Алтын Ордадан бак тайды деп айтуға болады. Алдымен, оның орнына тұруға тиісті баласы Бердібек қастандықпен өлтіріліп, Бату династиясы аяқталды. Осы, Жәнібек өлген 1359 жылдан 1380 жылға дейінгі 21 жылда Алтын Ордада 25 хан ауысқан... Хан атануға құқы болмаса да бегдербек (ханнан кейінгі екінші лауазым) Мамай да билікке таласып, хандықтың көп бөлігін өз ұлысына қаратып алады. Осының кезінде, Ордаға бағынғысы келмеген орыстармен Куликов даласында болған шайқаста Алтын Орда әскері алғаш рет жеңіліс тапты.

Алтын Орданы ыдырап кетуден Шыңғыс ханның ұрпағы саналатын Токтамыс алып қалды. Ол алдымен Сырдария бойындағы ұлыстарды бағындырып, артынан Сарайды да басып алды. Мамайды да қуып шығып, оны жеңген Мәскеу княздығын да қайта шауып, өзіне бағындырды.

Алтын Орданы өзге емес, өз ағайындарымыз құртты. Токтамыстың (1380-1395) кезінде 15 жыл бойы тұтастығын бұзбай, керісінше іргесін бүтіндеп алған Орданы Әмір Темір шауып, ақырында ыдырауға соқтырды.

Осы арада бір ауыз сөз Әмір Темірдің қайдан шыққанын да айта кетелік. Шыңғыс хан өз хандығын Бөртеден туған төрт ұлына бөлгенде екінші ұлы Шағатайға Әмударияның оңтүстігін (Мәуренақырды) берген. Қазір бұл аумақта Өзбекстанның үлкен бөлігі, Тәжікстан мен Қырғызстанның батысы және Қазақстанның оңтүстігі орналасқан. Шағатай хандығы да біршама өмір сүріп, ақыры 1340 жылы бірнеше ұлыстарға ыдырап кетті. Бірақ біразы қайта бірігіп, әйтеуір 1347 жылдан Мәуренақыр мен Моғолстан секілді екі мемлекеттің пайда болғаны белгілі. Осының Мәуренахырының билігін моңғолдардың түркіге сіңіп кеткен Барлас руынан

шыққан дарынды қолбасшы Темір исленді. Оның әкесі мұсылманша терең білімді Тарағай би, ал атасы Шағатай ханның оң қолы, Қарашор ноян екен. Темірдің тілі шағатай тілі болды деген дерек бар. Шағатай тілі деген Орта Азия түркілерінің әдеби жазба тілі, ол XV-XVI ғасырларға дейін қолданылған. Оның құрамына араб-парсы лексикасы да молынан араласқан. Қазір бұл тілді «көне өзбек» немесе «көне ұйғыр тілі» деп атаушылар көп.

Темір өзін хан деп атамаған, өйткені ол төре тұқымынан емес, сондықтан биліктің төбесіне шыққанда Ұлы Әмір деп аталды. Темір Шағатай ұлысын толығымен жинап, қайтадан бір орталыққа бағындырды. Онымен де қоймай барлық Орталық Азиядағы үлкенді-кішілі мемлекеттерді басып алды. Одан әрі Сирия, Персия, Үндістанды т.б. да бағындырды.

Әмір Темір 1391-1396 жылдары Тоқтамыспен соғысып, ақыры Алтын Орданы түпкілікті жеңді. 1402 жылы ол Осман түркілерінің басшысы Баязидті де жеңіп, Кіші Азияны бағындырды. Қарсақпайдан Қаныш Сәтбаев тапқан Әмір Темірдің 1391 жылы ойып жаздырған тасында ол өз мемлекетін Тұран деп атайтыны белгілі болған.

Әмір Темірдің жеңімпаз әскерінің қатарында кейін Қазақ халқының құрамына енген дулат, қыпшақ, найман, жалайыр, қият т.б. рулардың ұлдары көп болса да бүгінгі күні оның қол жеткізген табыстарын, ұлы тарихтың бетінде қалдырған мол мұрасын негізінен Өзбекстан Республикасы жеке дара иеленіп отыр.

Сонымен... Алтын Орда ыдырап, бірнеше хандықтарға бөлініп кетті. XV ғасырда оның орнында Сібір, Өзбек, хандықтары, артынан Ноғай ордасы, одан Қырым, Қазан, Қазақ т.б. хандықтар құрылды... Ал Ақ Орда мен Көк Ордаға бөліну Алтын Орданың кезіндегі елді батыс пен шығысқа айырған әкімшілік-территориялық бөліністер-тің, сондықтан оларды жеке хандықтар деп атауға болмайды. Дегенмен бұларды да жеке хандықтар деп танитын ғалымдар көп.

Мәселе онда емес. Бізге керегі бәріміздің түп атамыз Ал-

тын Орда болғандығы. Қазак хандығы бізге үйреткеніндей «көшіп жүрген тайпалардан» бір кездері ес жиып, Әбілқайырға өкпелеп, Керей мен Жәнібектің сонынан еріп келіп хандық құрған жоқ. «Құл жиылып бас болмас» дегендей бұрын іргелі ел болмаса оның бірден хандық құрып, іргелі ел болып кетуі мүмкін емес-ті. Сондықтан Қазак хандығының тарих сахнасына келуінің өзі – Алтын Орданың арқасы екенін ұмытпауымыз керек. Ол Алтын Орданың тікелей мұрагері. Оның елдік, мемлекеттілік құрылымдарын жетілдіре қолданып, құрылған дербес мемлекет. Сөйтіп, ежелгі түркі қағанаттарынан кейінгі Қазак мемлекеті тарих сахнасында Алтын Орданың 1266 жылы орталық моңғол империясынан тәуелсіздік алуымен құрылды. Ал таза Қазак мемлекеттері Алтын Орданың ыдырауымен 1457 жылы, осы заманғы мемлекетіміз КСРО империясының күйреуімен 1991 жылы құрылды деп айтсақ сөзіміздің катесі бар ма? Ендеше «Алтын Орданы» біздің орда демеітін несі бар?

2013 жыл

ДИВЕРСАНТ БАЛАЛАР

II Дүниежүзілік соғыстың кейбір құпиялары

Ұлы Отан соғысы деп аталған қызыл қырғынның ашылмаған құпиялары әлі де көп. 1940-шы жылдардың басында әлемдегі ең үздік соғыс қаруы және техникасымен қаруланған, әскері оқ-дәрімен, киіммен, тамақпен, басқа да тұрмыстық қажеттілікпен толық қамтамасыз етілген, соғысқа дайындығы жағынан ең жетілген, жойқын армияны дайындығы мүлде жоқ, кеше ғана бухгалтер, мұғалім, журналист болып жүрген интеллигенция өкілдері және мал бағып, жайлауда есінеп жүрген, зауытта сегіз сағат бойы аяғынан тік тұрып, үйіне тез жетуді ғана армандаған ауыл мен қала жұмысшылары қалай жеңді деген сұрақ күні бүгінге дейін қойыла беретіні заңды. Соның біршамасы орыс тілін де түсінбеген, берілген бұйрықты теріс ұғып, артқа кетудің орнына алға барып жатқандары да болмай қалмаған. Ал дайындығы біршама жоғары болып, Батыстағы шекараға жайғастырылған кәсіби қызыләскер соғыстың алғашқы айларында-ақ жаудың жойқын күшіне төтеп бере алмай қырылды немесе миллиондап тұтқынға түсті. «Они нам не товарищи» деген еңбегінде неміс зерттеушісі К.Штрайт фашистердің «Солтүстік», «Орталық» және «Оңтүстік» топтары 1941 жылдың 5 тамызынан 16 қарашаға дейінгі үш айда ғана 2 465 000 кеңес әскерін тұтқындағанын айтады. (Штрайт. К., «Они нам не товарищи», М., «Русская панорама», 2009., с 87). Ал қаза болғандары қанша екенін ешкім әлі нақты айта алған жоқ.

Кеңестік зерттеушілердің есебі бойынша алғашқы төрт айда тұтқынға түскендердің саны бұдан да артық. Мәселен, жазушы-публицист, соғыс тарихын зерттеуші Александр Осокин өзінің «Великая тайна Великой Отечественной» деген еңбегінде тұтқынға түскен кеңес әскерілерінің саны 3,8 млн-ға жеткенін айтады. Ал ресми тарих тұтқынға түскендер санын 3,9 млн. дейді.

А.Осокин 2008 жылы шыққан аталмыш кітабында КСРО мен Германия 1940 жылы Берлинде Ұлыбританияға қарсы бірігіп соғысу туралы кұпия келісімге кол койғанын айтып біраз шулатты. Сталиннің ең басты максаты – Гитлердің көмегімен өзінің армиясын Солтүстік теңіздің жағасына алып шығу болды, содан кейін ағылшындармен бірге Германияны немесе немістермен бірге ағылшындарды ұруды жоспарлаған еді дейді ол. Осыған ұқсас идеяны бұдан бұрын атышулы «Ледоколдың» авторы, бұрынғы КГБ қызметкері Виктор Суворов та айтқан болатын. Ол да Сталиннің қорғаныстағы әскер емес, шабуылдайтын армия ғана жасақтағанын және түпкі максаты Германияға алдымен басып кіру екенін дәлелдеп баққан. Әрине, Сталиннің соғыс басталмай тұрғанда қандай китұркылықты басшылыққа алғанын тап басып айту қиын. Ал енді одактас болып 4 жыл бірге соғысқан АҚШ-тың Вашингтондағы ІІ-ші Дүниежүзілік соғысқа арналған музейінде оның бірде-бір суреті жоқ. Керісінше, ортақ жау болған Гитлердің 2-3 суреті бар... Төрт жыл бойғы қанды қырғында бірге болып, қуаттылығы орасан жауға қарсы бірге айкасып тұрып, соғыс біткен бойда «қырғи-кабақ соғыстың» басталуы да тегін емес. Осыдан-ақ Кеңес жағының айнымалы-толқымалы, болжалсыз саясаты одақтастарға да жақпағанын көруге болады.

Соның ішінде 1945 жылы, жеңіске кол жеткен соң өзімен тікелей соғыспаған Түркия мен Иранның біраз жерін басып алуды көздегенін агрессия емес деп айта алмайсын. Одақтасы гитлерлік Германияның Шығыстан басып кіру туралы қысымына шыдап, КСРО-мен 1941 жылдың сәуірінде жасаған бейтараптық туралы келісімін бұзбай, шабуыл жасамаған Жапонияға 1945 жылдың 9 тамызында арсыздықпен басып кіруді де адал саясат деу қиын. Оның үстіне дәл сол күні Жапонияға АҚШ тарапынан екінші ядролық соккы берілген еді...

Кеңес өкіметінің жақсы жаракталған, моральдық – патриоттық рухы жоғары, саяси көзқарасы әбден пісіп-жетілген

Батыстағы әскері жауына әлеуетті қарсылық көрсете алмай, негізінен тұтқынға беріліп немесе қырылып, айналасы 4 айдың ішінде 3 млн. шаршы шақырымдай жерден айрылып қалғаны әлі күнге көптеген сұрақтар тудырады. Бізге «күтпеген жерден шабуыл жасалды», «алғашында әскерге атуға бұйрық берілмеді» деген сылтаулар көп айтылды. Әрине, ең басында, маусым айында сондай болған-ақ шығар, алайда Қызыл армия одан кейінгі айларда да қауқарлы қарсылық көрсете алмаған ғой.

Гитлер нақ осы, кәсіби әскерді қан-жоса қылып жеңсем, ар жағында қарсы тұратын қауқарлы күш бола алмайды деп есептеген. Және ол КСРО-ның ең жақсы дайындықтағы әскери күші Батыс бағытқа шоғырланғанын да біліп отырған. Іс жүзінде ол өзінің стратегиялық мақсатына қол жеткізді де. Кәсіби әскерді толығымен талқандады, КСРО-ның еуропалық аумағын тұтасқа жуық басып алды. Алайда ол әскерде ешқашан болып көрмеген, көбісі тірі адам түгіл тірі аң атуды да білмеген қарапайым еңбек адамдарының қан-жоса болып қырылғанына қарамастан жошын қайсарлықпен әлемет қарсылық көрсететінін болжай алмаған.

Кенес деректеріне қарағанда Вермахттың тұмсығын тасқа тигізген Мәскеуді қорғау бағытында құрылған Батыс, Резерв, Брянск, Калинин майдандарында 1250000 адам гитлершілерге қарсы тұрған. «Википедия» энциклопедиясында да солай айтылады. Ал енді мына қызыққа қараңыз... Сол энциклопедия Мәскеу үшін шайқастағы КСРО жағының шығыны 1 млн 806 мың адам екені көрсетіледі. Демек, шығынның өзі қару ұстап қарсы тұрғандардан 600 мыңға жуық артық... Сонда барлық қарсыласқандар қанша болғаны?

Ал немістер жағының барлық шығыны 457 мың адам. Бұл жердегі мәселе - жау шығынының 4 есеге жуық аздығында да емес, адамдардың шыбындай қырылғандығында. Бір қала үшін 2 млн-ға жуық адам құрбан болған. Қалай десек те мұны әскер басшыларының үздік тактикасы деп еш айта алмайсың.

Бізге жеңісті бұрын қолына қару ұстап көрмесе де қандай қатал бұйрық болса да орындаудан бас тарта алмаған көнбіс жандар өздерінің қанымен алып берді. Әйтпесе Сталин, Жуковтар бастаған кеңестік генералитеттің ешқандай да артық қабілеті болған жоқ. Қызыл армия жауды тек адамның көптігінің және оны еш аямай, қырғынға қынадай қыра отырып салғанының арқасында ғана жеңе алды. Сонымен бірге құрамалардағы жеке командирлер мен қолбасшылардың дарындылығы мен тапқырлығы, «кеңес өкіметі ғана қара халықтың жоғын жоқтайды» деп саналарға ұзақ жылдар бойы көбінесе қорқытумен, күшпен әбден сіңірілген кеңестік насихаттың күштілігінің арқасында туған көзсіз ерлік қана жауды тоқтатуға мүмкіндік берді. Бұл туралы қазір әділетті зерттеушілер мен мамандар тегіс айтып жатыр.

Кеңес одағының соғыстағы барлық шығынын 1988-1993 жылдары академик Григорий Кривошеев бастаған тарихшылар ұжымы ұзақ есептеп 27 млн. адамға жеткізді. Бірақ бұл сандарды да аз деушілер көп, өйткені Г.Кривошеевтің ұжымы барлық құпия құжаттарды қарау құқығын жалғыз өздері ғана иеленіп, «монополиялық үстемдік» жасаған. Сондықтан олардың барлық шындықты айтқанына күдіктенушілер көп. Осы ұжым Германия мен оның одақтастарының барлық шығыны 11,8 млн. адам екенін айтады. Ал Кеңес одағының жалғыз өзінің шығыны 30 млн-ға жуық болғанымен мұның ішінде соғыстан жараланып келіп өлгендер, «бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен қолындағының бәрін өкіметке өткізіп, өздері аштықтан, түрлі аурулардан, ауыр жұмыстан бұралып өлген тылдағы адамдардың шығыны ескерілмегені хақ. Кейбір зерттеушілер және осы тақырыпқа қалам тартқан жазушылар (И.Курганов., Б. Соколов және т.б.) КСРО-ның адам шығыны 43-44 млн-ға жеткенін айтады. Егер тылдағы «қырғынды» ескерсе олардың айтқаны да дұрыс шығатын секілді. 1937 жылғы халық санағына (Сталин оның деректерін «ақаулы» деп тауып, жасырып тастаған) қарағанда КСРО-ның барлық халқы

156 млн. адам болған. Демек халықтың үштен біріне жуығы қырылған және оның негізгі бөлігі кару ұстауға, жұмыс істеуге қабілетті адамдар екені даусыз. Осынша адам шығынының арқасында қол жеткізілген жеңіс бұрын соңды адамзат тарихында болмаған. Барлық патшалықтар, корольдіктер, демократиялық жүйе басқаратын қоғамдар мұндайда жеңілгенін мойындап, контрибуция төлейтінін айтып, келісімге келіп жататын. Ал большевиктер өкіметі жеңілгенін ешқашан мойындай алмайтын, өйткені ондай жағдайда билік басынан мәңгіге кеткенімен қоймай қанды қасаппен құрған жүйелері толығымен жойылатын және ұзақ жылғы қырғындары үшін тарих алдында, халық алдында жауап беруге тура келетін еді. Сондықтан олар барлық халықтың үштен бірінің қырылғаны түгіл соңғы жауынгер қалғанша соғыс жүргіземіз деген сертті ұстаған болуы керек. Міне, бұл қырғынның осындай да сыры бар.

Большевиктік насихат құралдары фашистерді қаншама құбыжық етіп көрсетсе де олардың істегендері қызылдардың қырғынынан артық емес—ті. Егер басып алынған жерлердегі бейбіт тұрғындарды қырса, деревняларын өрттесе — тұрғындардың Кеңес өкіметінің талабымен партизандық соғыстар жүргізіп, адамдарын өлтіріп, жолдарын жарып, үйлерін өрттегендігіне орай жасаған істері. Әрине, фашистерді еш ақтауға болмайды. Олардың идеологиясы да адамзатқа жат, Алла әртүрлі етіп жаратқанына қарамай, ұлтшылдықты ту етіп, өздерін өзгеден артық санауға бағытталған. Басқа жұрттың бәрін олар өздерінен кем көрген. Кейбір халықтарды, тіпті адамша еркін өмір сүруге құқы жоқ (мысалы еврейлер, сығандар) деп санаған.

Енді осы фашистер басып алған аймақтардағы көп адам біле бермейтін бір оқыс оқиға туралы айта кетелік.

Басып алған Кеңес аумағында немістер өздерінің билігін жүргізіп, жаңа өкімет құрған. Мәселен, Украинада 1941 жылдың 22 тамызынан 1944 жылдың 10 қарашасына дейін Рейхскомиссариат атты билік орталығын құрған. Бұл билік-

тің «мемлекеттік тілдері» неміс және украин болған. «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деген сияқты большевиктердің ұранының орнына барлық жерге «Гитлердің жасағы – халықтардың досы!» деген ұран ілінген.

«Халық деген ақ қағаз, оған кез келген нәрсені жазуға болады» деген сөз Шығыстың бір ойшылы. Сол айтпақшы фашистерді «күтқарушы» деп дәріптеп, ал коммунистерді жағы талмай жамандап жатқан насихат құралдары да өздеріне керек нәтижелерге тез арада қол жеткізеді. Сондықтан да фашистердің орнатқан өкіметіне кешегі Кеңес өкіметі жәбірлеген, жазықсыз зардап шектірген адамдар түгіл, жай қарапайым халықтың бәрі де аунап түсіп, қызмет ете бастайды. Ішкінара партизандық қарсылық көрсетулер болғанымен негізгі тұрғындар немістерді жат көрмейді. Тіпті оларды еркіндік әкелді, бостандыққа қол жеткізді дегенге сенгендер де көп болған. Немістерге қызмет еткені үшін Сталин мен Берия украиндарды да депортацияға ұшыратқысы келген еді, бірақ олар тым көп болғандықтан ғана шамалары келмей қалды, деген Н.Хрущевтің бір сөзінің жаны бар.

Неміс идеологиясының қулығына құрық бойламаған ғой. Ол КСРО жеңілгеннен кейін РКФСР-дің Орлов, Тамбов, Сарытау облыстарын да Украинаға қосамыз деп емексітіп қойған. Болашақтағы мұндай «олжа» украиндықтардың Рейхскомиссариатқа қызмет етуге деген құлшынысын арттыра түскені сөзсіз. Әрине, соғыстан кейін кеңестік идеология украиндықтардың неміс оккупациясына өшпенділікпен қарамағанын жасырып бақты, керісінше партизандық қозғалысты барынша дәріптеп келді.

Сондай-ақ КСРО аумағында Балтық республикалары мен Беларуссия жерінде «Остланд» атты, ал басып алынған Ресей жерінде «Московия» атты германиялық билік жұмыс істеген. Ресей жерінде де немістерге қызмет еткендер миллиондап саналады.

Ал енді мына қызыққа қараңыз. Немістер өздері басып алған Украина, Беларуссия және Ресей Федерациясындағы

аумақтарға орналасқан балалар үйлеріндегі 13-14 жасар жасөспірімдерден КСРО-ның тылына тастауға диверсанттар даярлаған. Оларды диверсант деп ешкім де күдіктенбейді ғой. Соны білген немістің қу мүйіздері елеусіз диверсанттардың пайдасы көп екенін бірден болжаған.

Бұл балалардың көбінің ата-аналарын НКВД репрессияға ұшыратқандар екен, сондықтан олар немістерге қызмет етіп, Кеңеске қарсы қастандық жасауға өз еріктерімен жазылған. Әкесін 1937 – 38 жылдары «халық жауы» деп атып тастап, ал шешесін лагерге әкеткенде 8-9 жаста қалған бала бәрін де біледі емес пе? Оның үстіне әке-шешеннен бас тарт, басқа фамилияны ал, сөйтсең ғана пионер қатарына аламыз, комсомолға кіргіземіз деп өзінің ең жақын адамдарын құбыжық етіп отырған кеңестік тәрбиешілер мен олардың режіміне деген өшпенділік баланың жас жүрегіне қан болып қатқан ғой. Кеңес өкіметінің әділетсіздігін, жауыздығын үлкендер айтуға қорққанымен мұндай балалар өзара кеңескенде бір-біріне сыбырлап айтып отырғаны да анық. Басқаның бәрін жапса да баланың ауызын жабу қиын. «Жаманшылыққа үйретеді» дейтін болуы керек, кеңестік балаларды бағу жүйесі олардың үлкен аға-апаларын кішкентай туыстарынан міндетті түрде айырып, бөлек-бөлек әкеткен. Тек тым кішкентайлары ғана өзара бірге болған. Қарындары біршама тоқ болғанымен жақындарын сағынғанда жүректері қан жылайтын есі кіріп қалған балалар өзара сырласпады, мұндарын бір-біріне шақпады дейсіз бе?

Енді немістер келіп, жылы сөйлеп, жазықсыз әкенді құртқан, шешеннен, туыстарынан айырған Кеңес өкіметіне қарсы күресуге, одан кек алуға мүмкіндік береміз дегенде ондай балалар алақандарына түкіріп шыға келген емес пе? Сондықтан да бәрі диверсант болуға өз еріктерімен жазылған.

Белгілі деректерге қарағанда Абвердің (немістің әскери барлаушылық қызметі) жас диверсанттарды даярлайтын арнаулы мектебі орталық Германиядағы Кассель қаласынан

70 шақырым жерде, қалын орманның ішіндегі Гемфурт деген мекенде болады. Осында орыс, украин, беларус және т.б. халықтар өкілдерінен жүзден артық баланы КСРО-ның тылында жарылыстар жасап, халықты қырып, қорқыту, шошыту, әбігерге салу істерін жасауға дайындайды. Неміс тілін білмейтін балаларға сабақты Юрий Евтухович деген кеңестік сатқын офицер берген. Не нәрсені болсын мұқият жасайтын немістер балалардың жолдорбасына салатын жарылғыш заттарды да көмірдің кесегі тәріздес қылып, қатты, жылтыр кара түсті қылып жасаған. Сондықтан кеңестік жауынгерлер диверсантты ұстап алса да жолдорбадан күдікті ешнәрсе таба алмайтын. Ал көмір кесегін кез келген бала ол уақытта отын ретінде жинап жүретіні анық. Оның үстіне дорбадағы 2-3 кесек тас көмірге бола күдіктеніп, баланы тұтқындау ешкімнің ойына келмеген.

Диверсанттар «көмір кесектерін» паровозға салатын тас көмірдің арасына қосып кетуге немесе рельстердің, үйлердің астына тығуға тиісті екен. Көзге ілінбейтін жібін тартып кетсе болды, бала ұзағаннан кейін «көмір» әлемет жарылыс жасайды.

Осындай диверсанттардың болғаны туралы деректер соңғы жылдары ғана жариялана бастады. Оған дейін бұларға қатысты қылмысты істердің құпиялық белгісі алынбаған еді. 2007 жылы Ресейдің орталық арнасынан «Диверсант балалар» атты деректі фильм көрсетілді. Әрине, ресейлік киношылар фильмді КСРО-ның мүддесіне сай етіп жасаған. Онда фашистердің жас балаларды да соғыс ісіне жегіп, тағылық әрекетке барғаны көбірек сыналады. Ал НКВД-ның сол балалардың сәби жүректеріне мұз қатырып, Кеңеске деген өшпенділігін қалай оятқаны туралы бір ауыз сөз жоқ.

Дерекке сүйеніп жасалған осы фильм бойынша 1943 жылы Ржев, Тула, Курск бағыттарына тасталған алғашқы 25 диверсанттың бірі де немістердің тапсырмасын орындамағаны айтылады. Бұған нану қиын, керісінше НКВД олар-

ды ұстай алмаған болуы мүмкін. Егер ұстаған болса КГБ-нің архивінде деректер болар еді. Ал үш бала НКВД-ға өз еркімен берілген. Осы үшеуінің айтуымен ғана СМЕРШ (барлауға қарсы ұйым, атауы орыстың «смерть шпионам» деген сөзінен алынған) Абвердің жас диверсанттарды даярлайтын арнаулы мектебі барын біледі.

Жас диверсанттардың 10 адамнан тұратын екінші тобы фашистердің тапсырмасын толығымен орындайды. Солардың арасынан 1928 жылы туған Анатолий Якубов деген ұсталып, 25 жылға сотталған. Бұлардан басқа Украина, Смоленск облысы және Белоруссия жерлеріне барлығы 48 диверсант тасталып, соның 25 ғана ұсталады.

Гемфурт мектебі СМЕРШ жіберген А.Скоробогатов есімді кеңестік жансыздың күш салуымен 1945 жылы ғана жойылған. Әрине, бұл уақытта майдан шебі Германия шекарасынан өткен болатын, сондықтан да мектептің қызметкерлері мен түлектері қарсылық көрсетуді қаламаған болулары керек. Алайда, өз еркімен берілген олардың бәрі де кеңестік құрсаудың азабынан құтылмаған. Соның ішінде Ю.Евнухович ату жазасына кесілген. Тіпті, Кеңес жеріне келген соң өз еркімен НКВД-ға берілген В.Яковлев секілді жас диверсанттар да 4-5 жылдан арнаулы лагерьлерде болған. Аталмыш фильмді жасаушылардың айтуына карағанда диверсанттар өздері туралы соңғы уақыттарға дейін жан адамға тіе жарып айтпаған екен. Осы оқиға белгілі болғаннан кейін ресейліктер олардың сатқындығына шамданып, біршама оректілі. Баспасөз беттерінде олардың тірі қалғандарын құрту керек деген әңгімелер де айтылды. Алайда, 13-14 жасар балалардың мұндай қылмысқа не үшін барғандығы туралы әңгімелер айтыла қоймады.

Міне, бұл да ҰОС-ның соңғы кезге дейін белгісіз болған бір құпиясы.

2014 жыл

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ТАҒЫ БІР СҰМДЫҒЫ

Жуырда, Санкт-Петербургте Ленинградтың жау коршауынан құтылғандығының 69 жылдығы аталып өтті. Біз 900 күн бойы коршауда тұрған «Ленин қаласы тұрғындарының» қаншалықты қиын ғұмыр кешкенін жақсы білеміз. Күніне 80 граммнан ғана нан алып тұрған шаһар халқының біраз бөлігі аштан бұралып, өліп қалғанын да құлағымыздың құрышы қанғанша естідік, оқыдық, кинолардан көрдік.

Қазақстандықтар қолынан келгенінше коршаудағы «Ленин қаласына» барын беріп жатты. «Ленинградтық өренім!» деп Жамбыл бабамыз өзінің құдіретті жырларының рухымен бір қолдаса, өзі аш-жалаңаш жүрген халқымыз «Бәрі де майдан үшін!» деген бұйрық болған соң, қолындағысының бәрін майданға, соның ішінде Ленинградқа жіберіп жатты.

Сол жылдарда бір сиыр ұстаған адам 10 килі май тапсыруы керек екен. Арық сиырдың сұйық сүтінен соншалықты май алу да қиын, бірақ ағасы майданда жүрген менің 13 жасар енем өгей шешесімен екеуі үш інісінің аузынан жырып сол майды тірнектеп, жылап жүріп жинайтын көрінеді. Ең қиыны, қандыауыз өкімет майды өзі де жинап әкетпейді. Оны тағы 30 шақырым жердегі орыс қаласына (біздің жақ орыс деревняларының бәрін «кала» дейді) жаяулап-жалпылап апарып тапсырып, қағазын ауылсоветке өткізіп қана міндеттен құтылатын көрінесін. Әйтпесе, сиырды айдап әкетеді. Ал сиырды әкетсе аштан өлетінің хақ. Аштан өліп жатқандар да жетерлік болатын. Бірақ оларды «аштан өлді» деп айтқызбаған. «Бұл майды бізден тартып алып кімге бересің, өзіміз де аш отыр емеспіз бе?» деп дау айту ешкімнің басына келмейді. Бәрі де басқа жерлерде жағдай бізден де қиын екен ғой деп ойлайды. Оның үстіне дымыңды шығарсаң болды, «шолок белсенділер» «халық жауы» етіп, тап беруден тайынбайды.

Енемнің үйіндегі төрт бала мен бір әйелдің бар тамағы – сиырдың сұйық сүтіне шыланған жарты уыс қарақұмықтың

(бидайдың өспей қалғаны) быламығы екен, онымен қалай күн көрерсің? Оның үстіне адамның аш, ағзаның әлсіз кезін пайдаланып бас көтеретін түрлі аурулардың коздырғыш микробтары да екінші жақтан қысып, алқымнан алып жатады. Олармен күресуге аш организмнің иммунитеті де әлсіз. Сондықтан, соғыс жылдарындағы толып жатқан кеселдердің кесірінен жан тапсырған жандардың бәрі аштықтың кесірінен кетті десек артық айтқандық емес...

Осы сұмдықтарды еске алып отырған себебіміз – Ленинград қоршауының бұзылғанына 69 жыл толған шаралардан туындап отыр. Елдің барлық түкпіріндегі халық осылай аштықтан, аурудан қынадай қырылып жатқанда майға шылқып жүрген адамдар да болған екен-ау. Жо, жоқ, олар біреудікін тартып немесе ұрлап жеп жүрген қылмыскерлер емес, бәрін де «занды жолмен» алып жатқан қызметкерлер екен. Және олар басқа жерде де емес, әлгі қоршауда қалып, халқының еңірегінде етегі жасқа толып жатқан Ленинградта болыпты.

REGNUM ақпараттық агенттігінің айтуына қарағанда журналистерге ұсынылған жинақтарда блокаданың бұрын жарық көрген және басылуға дайын тұрған толық материалдары көрсетіліпті. Соның ішінде, жуырда ғана, яғни 2013 жылдың басында жарық көрген беларустің белгілі жазушысы Алесь Адамович пен орыс жазушысы Даниил Граниннің және т.б. басқалардың еңбектері енгізілген «Блокадная книга» да бар екен. Бұл еңбектің дайындалғанына көп болса да түрлі себептермен, соның ішінде сол кездегі компартия бастаған өкіметтің халыққа жасаған әділетсіздіктері, қысастығы, ашық зорлығы, жөнсіз-жолсыз қырғынға ұшыратқан қанды қасаптары туралы архивтік материалдар мол болғандықтан оның жарық көруіне әлі де өкіметтің пұшпағын ұстап жүрген коммунистер іштей, сырттай қарсы болып, аяқтан шалып келген екен. Соның ішінде қоршауда болған жылдарда халықтың каннибализмге жол бергені, 1949 жылғы болған жаппай аштық және «Ленинград ісі» деген атау

алып, ғалымдар, дәрігерлер, инженерлер, қызметкерлерді жазалауды ғана мақсат еткен сотсыз ату фактілері де осы еңбекте үлкен орын алған. Жазаға ұшырағандардың бәрі де «блокадниктер» болыпты-ау. Аталған екі жазушы сол кезде көзі тірі болғандарымен әңгімелескені, кейіпкерлерінің күнделіктері мен суреттерін – бәр-бәрін қаттап, жинаған екен.

Ал енді мына қызыққа қараңыз... Сол, халық аштан қырылып жатқан Ленинградта, 1941 жылдың желтоқсан айында ТАСС-тың фотосуретшісі Александр Михайлов арнаулы цехта, «литерлік қызмет көрсетілетіндер үшін» түрлі шоколадтар мен «ромдық әйел» (ромовая баба) атты өте сирек адамдар ғана қол жеткізген кондитерлік өнімдер және басқалар дайындалып жатқанын фотоға түсіріп алған. «Литерлік қызмет көрсетілетіндердің» кімдер екені белгілі, олар партия мен өкіметтің жергілікті басшылары. Бұдан халық бір тілім нанға зар болып жатқанда олар «ромдық әйел» мен шоколадты тандап жегенін көреміз. Коммунистердің әділеттігін ауыздан тастамайтындар осы фактіге не дер екен?

Ол ол ма? Аталмыш жинақтың тарихшы Игорь Богданов жинаған материалдарының арасында «Спецснабжение» деген арнаулы тарау бар. Онда былай делінген: «В архивных документах нет ни одного факта голодной смерти среди представителей райкомов, горкома, обкома ВКП(б). 17 декабря 1941 года исполком Ленгорсовета разрешил Ленглавресторану отпускать ужин без продовольственных карточек секретарям райкомов коммунистической партии, председателям исполкомов райсоветов, их заместителям и секретарям исполкомов райсоветов». Демек, қоршаудағы қалада ресторан да болған екен. Онда қызметі жоғарылар үшін тегін тамақ та беріліп тұрыпты. Енді Ленинград қалалық партия комитеті кадрлар бөлімінің нұсқаушысы Николай Рибковскийдің 1941 жылдың 9 желтоқсанында, яғни блокаданың нағыз қызған шағында (ол 1941 жылдың 8 қыркүйегінде басталып, 1944 жылдың 27 желтоқсанында бұзылды) өз күнделігіне жазғанына қараңыз: «С питанием теперь особой нужды не

чувствую. Утром завтрак - макароны или лапша, или каша с маслом и два стакана сладкого чая. Днем обед - первое щи или суп, второе мясное каждый день. Вчера, например, я скушал на первое зеленые щи со сметаной, второе - котлету с вермишелью, а сегодня на первое суп с вермишелью, на второе свинина с тушеной капустой». Бұл коршаудың не екенін де білмеген казак даласындағы халықтың сол кезде түсіне де кірмейтін тамактар. Блокаданың басында бәрі де болған ғой, аштық кейін басталды емес пе деп күдік келтіретіндер үшін Н.Рибковскийдің 1942 жылдың 5 наурызында не жазғанын көрелік: «Вот уже три дня как я в стационаре горкома партии. По-моему, это просто-напросто семидневный дом отдыха и помещается он в одном из павильонов ныне закрытого дома отдыха партийного актива Ленинградской организации в Мельничном ручье... От вечернего мороза горят щеки... И вот с мороза, несколько усталый, с хмельком в голове от лесного аромата вваливаешься в дом, с теплыми, уютными комнатами, погружаешься в мягкое кресло, блаженно вытягиваешь ноги... Питание здесь словно в мирное время в хорошем доме отдыха. Каждый день мясное - баранина, ветчина, кура, гусь, индюшка, колбаса, рыбное - лещ, салака, корюшка, и жареная, и отварная, и заливная. Икра, балык, сыр, пирожки, какао, кофе, чай, триста грамм белого и столько же черного хлеба на день, тридцать грамм сливочного масла и ко всему этому по пятьдесят грамм виноградного вина, хорошего портвейна к обеду и ужину... Да. Такой отдых, в условиях фронта, длительной блокады города, возможен лишь у большевиков, лишь при Советской власти... Что же еще лучше? Едим, пьем, гуляем, спим или просто бездельничаем и слушаем патефон, обмениваясь шутками, забавляясь «козелком» в домино или в карты. И всего уплатив за путевки только 50 рублей!».

Ал, керек болса. Ұзағырақ болса да фактыны толық келтірдік және оны казакшаламай, түпнұскасын бергенді жөн көрдік. Автордың өзі таң қалады емес пе, «да, такой отдых...

возможен лишь у большевиков, лишь при Советской власти» деп. Шынында да негізгі халық бір түйір нанға қол жеткізе алмай қырылып жатқанда, екіжүзді большевиктер ғана ешкімнен ұялмай, өз адамдарын осылай майға шылқытып қоятын шығар. Осының өзі оның халыққа қас, надан, өзімшіл сұмырай өкімет болғанын көрсететін фактілер екені көрініп тұр.

Әрине, мұндай сұмдықтарға сену қиын, бірақ елден сол соғыс жылдарында да ет, сары май, уылдырық, шұжық, қызыл балық, бал жиналды емес пе? Ешбір кинода, құжаттарда олардың қайда жұмсалғаны айтылмайды. Бәрін Сталин мен оның төңірегіндегілер ғана жеді деуге тағы сенбейсің. Сөйтсек, оның қызығын партноменклатура ғана көреді екен-ау. Майдандағы әскер мұндайдың иісін де білмейтін шығар. Міне, большевиктердің, Кеңес өкіметінің осындай да «әділеттіктері» болыпты.

2013 жыл

ТЫҢДЫ ТЫРАҒАЙЛАП КӨТЕРУДІҢ СЫРЫ немесе Хрущевтің китұркылығы

Тың көтерудің Қазақстанға қаншалықты пайдасы мен тиімділігі болғаны жөнінде аз жазылған жоқ. Біз олар туралы емес, осы мәселенің басқа қырына тоқталып көрмекпіз.

Тың Хрущевтан бұрын басталған

Қазақстан тыңына қол сұғуды орыс патшалығы Транссібір теміржол магистралі іске қосылған ХІХ ғасырдың аяғынан бастап қолға алған. Көкшетаулық ғалым-экономист, Петербург университетінің түлегі Мәмбетәлі Сердалин сияқты өмімді де білікті адамдар жерді жаппай жыртуға сол кезде-ақ қарсы болған. 1890 жылы Сенат комиссиясының алдында жасаған баяндамасында М.Сердалин: «насильственное насаждение таких нетрадиционных видов деятельности как земледелие и производство зерна способно превратить эти земли в пустыни. В этих степях серьезное занятие земледелием затруднительно по двум причинам – природным и экономическим. Суровые зимы и засушливые лето в ряде районов приведут к гибели посевов, и все труды пропадут даром» деген сияқты толғақты пікірлер айтқан. Әлихан Бөкейханов та осындай пікірлер білдірген.

Алайда олардың сөзіне құлақ асқан империя болған жоқ. Мұның ең басты себебі 1861 жылғы шаруалардың басыбайлылығын жою туралы реформа еді.

Осы күнге дейін тарих ғылымы шаруалардың басы байлаулы болғанын құл иеленушіліктен бөлек атап, біршама ақтаған «басыбайлылық» деген атау берген. Ал шын мәнінде бұл құл иеленушіліктің бір формасы еді. Өйткені, помещиктің қарамағындағы шаруалардың жұмыс істеуден басқа ешқандай құқы жоқ-ты. Қолындағы барлық еңбек құралы мен өңдейтін жері помещиктікі. Иелері қаласа оларды тартып алады, ал өздерін сатып, айырбастап, тіпті өлтіріп тастап отырған. Барлық құжаттары да помещиктің қолында

возможен лишь у большевиков, лишь при Советской власти» деп. Шынында да негізгі халық бір түйір нанға қол жеткізе алмай қырылып жатқанда, екіжүзді большевиктер ғана ешкімнен ұялмай, өз адамдарын осылай майға шылқытып қоятын шығар. Осының өзі оның халыққа қас, надан, өзімшіл сұмырай өкімет болғанын көрсететін фактілер екені көрініп тұр.

Әрине, мұндай сұмдықтарға сену қиын, бірақ елден сол соғыс жылдарында да ет, сары май, уылдырық, шұжық, қызыл балық, бал жиналды емес пе? Ешбір кинода, құжаттарда олардың қайда жұмсалғаны айтылмайды. Бәрін Сталин мен оның төңірегіндегілер ғана жеді деуге тағы сенбейсің. Сөйтсек, оның қызығын партноменклатура ғана көреді екен-ау. Майдандағы әскер мұндайдың иісін де білмейтін шығар. Міне, большевиктердің, Кеңес өкіметінің осындай да «әділеттіктері» болыпты.

2013 жыл

ТЫҢДЫ ТЫРАҒАЙЛАП КӨТЕРУДІҢ СЫРЫ

немесе Хрущевтің китұркылығы

Тың көтерудің Қазақстанға қаншалықты пайдасы мен залалы болғаны жөнінде аз жазылған жоқ. Біз олар туралы емес, осы мәселенің басқа қырына тоқталып көрмекпіз.

Тың Хрущевтан бұрын басталған

Қазақстан тыңына кол сұғуды орыс патшалығы Транссібір теміржол магистралі іске қосылған ХІХ ғасырдың аяғынан бастап қолға алған. Көкшетаулық ғалым-экономист, Петербург университетінің түлегі Мәмбетәлі Сердалин сияқты білімді де білікті адамдар жерді жаппай жыртуға сол кезде-ақ қарсы болған. 1890 жылы Сенат комиссиясының алдында жасаған баяндамасында М.Сердалин: «насильственное навязывание таких нетрадиционных видов деятельности как земледелие и производство зерна способно превратить эти земли в пустыни. В этих степях серьезное занятие земледелием затруднительно по двум причинам – природным и экономическим. Суровые зимы и засушливые лето в ряде районов приведут к гибели посевов, и все труды пропадут даром» деген сияқты толғақты пікірлер айтқан. Әлихан Бөкейханов та осындай пікірлер білдірген.

Алайда олардың сөзіне құлақ асқан империя болған жоқ. Мұның ең басты себебі 1861 жылғы шаруалардың басыбайлылығын жою туралы реформа еді.

Осы күнге дейін тарих ғылымы шаруалардың басы байлаулы болғанын құл иеленушіліктен бөлек атап, біршама ақтаған «басыбайлылық» деген атау берген. Ал шын мәнінде бұл құл иеленушіліктің бір формасы еді. Өйткені, помещиктің қарамағындағы шаруалардың жұмыс істеуден баска ешқандай құқы жоқ-ты. Қолындағы барлық еңбек құралы мен өндейтін жері помещиктікі. Иелері қаласа оларды тартып алады, ал өздерін сатып, айырбастап, тіпті өлтіріп тастап отырған. Барлық құжаттары да помещиктің қолында

болған. Демек, оларды құл демеске әддің жоқ. Әрине, олар үйленген, отбасылы болған. Бірақ классикалық үлгідегі құлдар да отбасын құраған, бала өсіре алған. Сондықтан мұны құл иеленушіліктің бір түрі еді айтуға толық негіз бар. Демек, адамзат тарихындағы құл иеленушілік Ресейде XIX ғасырдың аяғына дейін келген. Осынау, адамды мал қатарына санайтын ұятты істі жоғалтуды Ресейдің прогрессивті көзқарастағы қайраткерлері үнемі айтып, оған қарсы күресіп келген. Құлиеленушілік Ресейде II Александр патшаның тұсында ғана, 1861 жылы жойылды. Алайда адамды құл есепті жұмсау орыс патшалығындағы түрлі биліктің санасында ұзақ уақыт қалып қойды. Кейінгі, Кеңес кезіндегі билеушілердің де адамның өмірін қара бақыр құрлы көрмеуі санада қалып қойған сол кездің зардабының әлі де толық еңсерілмегендігінің көрінісі.

1887-1889 жылдардағы халық санағы бойынша Ресейде 23,1 млн құл іспетті шаруалар болған. Барлық халық 62,5 млн. болғанда бұл оның 40 пайызына жуығы. Осынша халық құлдықтан босағанда қайда жіберерін білмеген патша ақыры оларды Сібір мен Қазақстанға айдауға кіріскен.

Өйткені... біріншіден, олар жаңа жерлерді колонизациялау ісіне қажет, екіншіден өздеріне жұмыс табады. Сөйтіп, осы XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасынан патша әкімшілігі Қазақстанда әскери колонизацияны аяқтап, енді шаруалар колонизациясын жасау саясатын қолға алды. Соның нәтижесінде қазақ даласына жүздеген мың «қарашекпендер» ағылып келді. Олардың әрқайсына 30 десятинадан (1 десятина – 1,092 га) тегін жер, 100 рубльден ссуда және салықтың барлық түрінен 15 жылға босату туралы тәртіп қабылданды.

Патшаның осындай саясатын еліміздің Солтүстік өңірінде іске асырған «Транссібір темір жолының» басқармасы еді. Оның айрықша комитеті (Особый комитет Сибирской железной дороги) көшіп келген 160 мың «қарашекпенге» Акмола облысының жерінен 2 млн. 241 мың 503 десятина

(2 млн. 447 мың 721 га) жер бөлген. Қазақ жерін зерттеген Ф.Щербина экспедициясының мәліметтеріне қарағанда 1896-1902 жылдары Ақмола, Торғай, Семей облыстарынан казактардың барлық жерінің жартысынан астамы және ең құнарлы деген жерлері «қарашекпенділерге» берілген.

Бұл 1860-шы жылдардың ортасынан басталып, 1910 жылдарға дейін 35-40 жылда болған оқиға. Демек, осы уақытта 2,5 млн гектардай қазақ жері жыртылған. Бұл да өте көп. Ата-бабамыздың қаны мен тері төгілген аяулы жерімізге «қарашекпендер» ойнақ салып, иелік етіп жатқанын көргенде намысы жер болып, қаны ойнап, қарсылық көрсеткен талай ерлер де болған.

Бірақ... Ол кеңестік кесапатқа қарағанда түк емес екен. 1954-55 жылдары, тек 1 жылда ғана Қазақстанда 18 млн. гектар жер жыртылған. 1954 жылдың наурыз айында ғана Қазақстанға 280 мыңдай тың көтерушілер келген. 1958 жылы егістік алқаптарының көлемі 28,7 млн гектарға жеткен...

Әрине, тың көтерудің жақсы жақтары көп болды. «Лузымыз ақ нанға селеншіктер келген соң ғана жарыды» деген сөздерді де естідік. Бірақ... Осынша жерді бірден жырту, соншама халықты біреудің ата-қонысына бірден тоғыту – ақылға қонымсыз істер еді. Бұл жердің де өзінің иесі бар, ежелден келе жатқан киесі бар, шаруашылық жүргізу тәсілі бар екендігімен еш санаспаған, тіпті көзге ілу де қаңіріне келмеген Кеңес өкіметінің сол кездегі басшысы Н.Хрущевтың қылығын не деп айтарға білмейсің.

КСРО-ның бұрынғы Премьер-Министрі В.Молотов Хрущевтың тың көтеру туралы идеясы туралы былай деп жазды: «Целину начали осваивать преждевременно. Безусловно, это была нелепость. В таком размере – авантюра. Я с самого начала был сторонником освоения целины в ограниченных масштабах, а не в таких громадных, которые нас заставили огромные средства вложить, нести колоссальные расходы вместо того, чтобы в обжитых районах поднимать то, что уже готово. Я предлагал вложить эти деньги в наше

Нечерноземье, а целину поднимать постепенно. Разбросали средства – а хлеб хранить негде, он гниёт, дорог нет, вывезти нельзя. А Хрущёв нашёл идею и несётся, как саврас без узды!».

Әрине, Хрущевтың бұл идеясын жеріне жеткізе, ғылыми түрде сынағандар аз емес. Соның бәріне Хрущев пысқырып та карамаған. Өйткені, оның өзіндік себебі бар еді.

1954 жыл кешегі қырғын соғыстың аяқталғанына 9 жыл ғана өткен мерзім болатын. Ресми деректерге карағанда 27 млн. кенес адамдары соғыста каза болды. Соның ішінде жау тылында 4 млн. партизандар мен астыртын қызмет атқарғандар өлтірілген. Бұлардың бәрі дерлік Украина, Беларусь және Ресейдің Батыс облыстарының халқы. Соның кесірінен елдің осы аймағындағы еңбекке жарамды адамдар мүлде азайып кетті.

Соғыс болған аймақтарда 1710 қала, 70 мың ауылдар мен деревнялар қирап қалды. Нәтижесінде 25 млн-нан артық адам баспанасыз қалды. 32 мыңға жуық кәсіпорындар, мыңдаған шақырым темір және тас жолдар бұзылды, 100 мыңға жуық ұжымшарлар мен кеңшарлар бүлінді. Егістік көлемі 25 пайызға азайып кетті...

Міне, осының бәрін соғыстан кейінгі толық емес 9 жылда қалпына келтіру мүмкін бе еді? Әрине, мүмкін емес. Оның үстіне жұмысқа жарамды жастағы адамдар негізінен қырылып немесе мүгедек болып қалды емес пе? Осындай, өздері де қираудан енді ғана есін жинап келе жатқан Батыстағы аймақтардан Хрущев 600 мыңға жуық адамды тың көтеруге неге айдаған? Тіпті, 1962 жылға дейін олардың саны 2 млн-нан асқан ғой.

Тыңды жастар көтерді, бастамашылық, белсенділік солардан шықты деген сөз –кенестік құр насихат. «Едем мы друзья, в дальние края...» деп әндетіп, күліп-ойнаған, көңілді жастарды қайта-қайта көрсету тек халықтың көзін алдау болатын. Рас, комсомолдар мен студенттердің, әскерден енді келгендердің бірер тобы арнайы ұйымдастырылып, бірне-

ше калалардан келтірілген, бірақ олардың саны барлық тың эпопеясы жылдарында 50 мың адамнан аспаған.

Хрущевтың қулығы қай жерде?..

Тың көтерудің астарында не бар? Соған үніліп көрелік. Әрине, Хрущевтің ойында казак даласын орыстандыру мақсаты тұрды деген тұжырым да көптен бері айтылып жүр. Оның да жаны бар сөз. Алайда ең бастысы ол емес.

Хрущевтің барлық мақсаты, күш-жігері тыңның сылтауымен өзінің жеке дара билігін нығайтуға бағытталған болатын. Өйткені оның билігі көп уақыт шатқаяқтап тұрған. Жанындағы азулы серіктестері бұрын Сталиннен қорқса да Хрущевтен қынбай оны тобықтан қағып жіберудің аз-ақ алдында еді...

Енді осы тұжырымның дәлелін ашып көрелік. Көптеген білікті адамдардың, сарапшы ғалымдардың айтуына қарағанда Хрущев тыңды елді астыққа кенелту үшін қолға алған жоқ. Егер, ол елді астыққа кенелтуді ғана ойласа жоғарыда Молотов айтқан жері құнарлы аймақтарды көтеріп, бұрынғы ұжымшарлар мен кеңшарларды қалпына келтіріп, солардан-ақ гектар берекелігі жоғары астық жинауына болар еді. Елдегі нан жетіспеушілігін сөйтіп-ақ жоюға болатын. Алайда Хрущев жолы жоқ, күз бен көктем айларында саз батпақтан шыға алмайтын, қысы болса ұзақ, боран-шашынды, суық, жазы кей жылдары аптап құрғақ, кейде жауыннан көз ашпайтын, тым ылғалды, ешқандай тұрмыстық жағдайы жоқ, бұрын адамдар аз тұратын жаңа жерлерге халықты айдады. Мұндай жобаны қазіргі тілмен айтсақ, ешқандай тиімді экономикалық жоба деп атауға болмайды. Ендеше Хрущев «тың көтеруге» неге дедектеп кетті?

Хрущев «сталиннің шекпенінен» шыққан «қайраткер». Ал Сталин елді құрсаулап, қорқытып, террористік қысым жасаумен ұстады. Хрущев соны көріп, өсіп-жетілді. Саясаткер ретінде сол мектептен өтіп, қалыптасты. Өзі де репрессиялық істерге белсене араласты. Талай жазықсыз жан-

дарды өлтіруге тікелей атсалысты. Сондықтан ол халықтан қорқатын, оны тек бұқтырып, басын көтертпей ұстау керек екенін жадына жақсылап жазып алған қорқау еді. Алайда...

Алайда Сталин өлгеннен соң оның серіктестері, соның ішінде әлі көзі жойылмаған Л.Берия да бар, жұмсақтық саясатын ұстануға бет бұрды. (Бұл кейін «хрущевтық жылымық» деп атау алған саясат болды). Осы бағытта бірқатар жұмыстар да атқарылды. Бұлар Сталиннің жолымен жүрсе де Сталин бола алмасын білді. «Екінші Сталинді» халық та көтере алмас еді.

Сондықтан ізбасарлар оның саяси бағдарын жұмсарту арқылы халық алдында ұпай жинауға ұмтылды. Соның ішінде, 1953 жылғы 27 наурызда амнистия жариялап, бір жақсы атты көрінді. Бұл акция бойынша 1 миллионнан артық қылмыскер түрмелерден босатылды.

Бірақ осы акция үшін Хрущев емес Берияның аты халық аузында көп аталды. Бірнеше миллион жан өздерінің жақын туыстарымен қауышып, қуанышка бөленді. Бірақ босатылғандардың арасында нешәтүрлі қауіпті, қылмыс әлемінде беделді, кәнігі баскесерлер де көп еді. Олар шыққан бойда жаңа қылмыстар ұйымдастыруға кірісті. Сондықтан қылмыс осы айларда жалпы КСРО бойынша еселеп көбейді. Кенгірде, Норильскіде және т.б. жерлердегі лагерлерде саяси қылмыскерлер көтеріліс жасап, жаппай толқулар да туып жатты. КСРО-да Сталиннің кезінде аталмаған «жаппай тәртіпсіздік» («массовые беспорядки») деген атау да осы Хрущевтың жылымығының кезінде белең алды.

Елдегі саяси курстың жылымыққа айналғанын естіген алыс-жақын шет елдердегі соғыс кезінде тұтқынға түскендер, тіпті оның алдында эмиграцияға кеткендер, соның ішінде Қытайға кеткендер де қайтуға сұрана бастады.

Олардың негізгі бөлігі орталықта, ірі қалаларда тұруды көздейтін пысық жандар еді. Алайда оларды қоныстандыруға мемлекеттің күші жоқ. Оның үстіне еуропалық еркіндікті көрген мұндай жандар тым-тырс жүре алмайды, бел-

сенді іс-әрекетке бейіл болғандықтан бірденені ойлап табады. Елдегі аштыққа, жетіспеушілікке наразы жандарды ұйымдастырып, ереуілдер, қарсылықтар да ұйымдастыруы да мүмкін. Ал сталиндік әдіспен халықты басып тастауға енді болмайтын еді. Міне, осының бәрін ойлай келе пасық кулықты Хрущев оларды орталыққа жолатпайтын жаңа айла іздейді. Бәрін де алысқа айдап, оңай келе алмайтын, бастары қосыла алмайтын жерге тоғытып тастамаса қауіптің жақын жерден шығатынын сұмпайы адам тез болжалды. Сондықтан оған халықтың назарын ерекше аударатын бүкілхалықтық бір шара керек болды. Және бұл шараны «халықтың жоғын жоқтаудан» туған жалғыз амал ретінде насихаттауға қатты көңіл бөлінді.

Сөйтіп... Партияның ең жоғарғы билігінің қоржынында көптен бері жатқан тың көтеру идеясын қолға алады. Бұл мәселені 1946 жылы Т.Лысенко мен В.Немчинов деген ғалымдар көтерген. Биолог Лысенконың қандай жалған ғалым екендігі артынан әшкереленген. Ал Немчиновтың мамандығы экономист болатын. Сондықтан бұлардың ұсыныстарының ғылыми дәлдігі жоғары деп айтуға ауыз бармайды. Алайда Хрущев соған шап беріп, нәтижесінде тыңның желеуімен Қазақстан мен Сібірді кезекті рет халықтарды есепсіз тоғытатын өзгеше лагерьге айналдыруды қолға алады. Міне, тыңның ең тереңдегі құпиясы осы.

Тың көтеру туралы жазған КСРО-ның насихат құралдары тек жолдамамен келген аз санды комсомолдарды ғана көрсетіп, соларды ғана айналдыра берді. Ал тың тарихының қалың қыртыстарында оны «көтеруге келген» адамдардың шынайы бет-бейнесі ешқашан толық ашылмай, жасырылып қалды.

Шын мәнінде мұнда келгендердің негізгі құрамы қоғамдағы бұзық, бұрын сотталған криминалды элементтер мен жоғарыда айтылған жандар еді. Украинаның, Ресейдің Батыс, орталық облыстарындағы барлық түрмеден шыққан, жұмыс істегісі келмейтін ең «қиын» жандар тегіс тыңға жі-

берілген. Мұнда келіп те олар тер төгіп жұмыс істемеген, көбісі қайта кеткісі келген. Алайда олардың паспорттарын жинап алған жергілікті органдар жоғарыдан келген бұйрыққа сәйкес қайтармай қойған. Осының өзі-ақ адам құқы мен еркін таптап, биліктің ойына не келсе соны істегендігін көрсетеді. «Целина - это некая мистификация. Это не экономический проект. Если это чисто экономическая программа, зачем бросать людей на целину – не освоенную, полунепригодную для сельхозработ, когда у нас было черноземье, у нас были даже субтропики. Вы туда вложите деньги, обустройте там фермерское хозяйство, и все у вас пойдет. Нет, он отправил на целину. Потому что это форма изоляции. Более того, целина превратилась в своеобразное место ссылки» деп жазды профессор Игорь Чубайс. Ал «Массовые беспорядки в СССР при Хрущеве» деген еңбегінде зерттеуші В.Козлов тың көтерушілердің арасында жаппай тәртіпсіздік пен ереуілдердің өте көп болғанын айтады.

Тынға келгендердің бір келбетін болған оқиғаның негізінде жазушы С.Шәймерденов өзінің «Ағалардың алақаны» кітабында үстірт болса да атап кетіпті. Онда тыңгерлердің казак ауылына көрсеткен қорлығы, малдарын, құстарын тартып алып, сойып жейтіндері айтылады. Жазушының әңгімесінде сондай зорлықтарға қарсы жалғыз азамат атқа мініп айқасады.

2007 жылы Қостанай облысына барған сапарымда тынның бел ортасында болған Мағауия Жүнісұлы деген ақсақалдың әңгімесін естігенім бар. Ол Хрущевтің кадрлық саясаты – тындағы барлық билікті тек келімсектердің қолына беруді көздегенін айтқан еді. Сонда билікке қол жеткізгендердің кейбірі 3-4 сыныптық қана білімі барлар болыпты. Міне, солар кеңшарларға директор, аудандық, тіпті облыстық атқару комитетінің төрағасы секілді жауапты жұмыстардың құлағын ұстаған. Ұрдажық, дөрекі, ешқандай білімсіз, мәдениетсіз надан болған ондайлар жоғары жақтан қандай бұйрық келсе де орындауды және өзі мен

жакындарының жағдайын жасауды ғана білген. Хрущевтің де максаты сол - ұрдажықтарды таққа отырғызып, қолына шексіз билік беріп, өзімен келгендердің және келетіндердің жағдайын жасауына мүмкіншілік беру сияқты. Сол үшін олардың жасаған зиянкестіктеріне, тіпті қылмыстарына да көзжұмбайлық жасатқан.

Сөйтіп, түпкі көздегені - оларды май шелпекке жүзгізіп, қайтып кетуді ойламауына қол жеткізген. Хрущевтың осындай қамқорлығын сезінген ұрдажық басшылар да тек соған ғана жағудың жолдарын қарастырған. Ал жергілікті, республика басшылығын олар көзге ілмеген. Сайып келгенде Хрущев үлкен тыңды өзінің жекеменшік вотчинасына, сенімді тылына айналдырған. Сондықтан да оған өкіметтің көңілін бөлдіріп, материалдық-техникалық жағынан жабдықтау мәселесін жоғары орынға шығарған. 1954-61 жылдары Тың КСРО-ның ауылшаруашылығына бөлестін барлық қаражатының 20 пайызын жұтып отырған.

Ал мұндай қамқорлықты Қазақстан үшін «артық» деп санаған ол кешікпей Тың өлкесін Ресей Федерациясына қосу туралы да бастама көтереді. Оның орындалуын Ж.Тәшенов секілді мықты қайраткерлердің жанкешті әрекеті ғана болдырмағаны белгілі.

Сөйтіп, Хрущев тыңның арқасында өте биік жеке табыстарға қол жеткізеді. Алдымен ол өзінің билігіне ықтимал қарсыластарды, қылмыскерлерді орталықтан сырып тастап, бір максатына қол жеткізді. Одан, Тың өлкесіне кез келген ұрдажық, әпербақан, сауатсыз басшыларды қою және оларға қамқорлық жасау арқылы одан өзіне сенімді тыл жасап алды.

Үшіншіден, тыңның алғашқы жылдарында үлкен астыққа қол жеткізіп, өзінің авантюрасына қарсы болған ғалымдарды, саясаткерлерді тықсырып тастады. Сондықтан да Хрущев тың өлкесіне жиі келіп тұрды.

Д.Қонаевтың жазғанына қарағанда 1960 жылы тыңға келген ол Қазақстанда 13 күн болыпты. Әлемдегі ең алып ел-

дің бірінші басшысы бір аймақта осынша болуы мүмкін бе? Мүмкін екен. Хрущев соны мүмкін қылған. Ал бұл уақытта оның келісімін, рұқсатын, шешімін күтіп каншама шұғыл шешілуге тиісті маңызды істер сарғайып жатқан ғой! Осыдан-ақ оның ел үшін каншалықты тиімді басшы болғанын біле беріңіз.

Сөз соңында Хрущевтың қалың көпшілікке белгілі дәрекіліктерінің бірі қатарында Д.Қонаевтың өз көзімен көргенін де айта кетейік. Қазақстанның 40 жылдығына келген оған Қазақстан басшылары ат мінгізеді. Хрущев оны ұнатып, күзет бастығына вагон-гаражбен Мәскеуге жеткізуді бұйырады.

Бірақ анау бұл сөзді құлағына да ілмей, вагон-гаражда орын жоқ деп тұрып алады. Сонда... Хрущев барлық адамдардың көзінше өзінің күзетшісімен салғыласып, оған ұрсып тұрып алған екен. Міне, осы фактіден-ақ оның жанындағы адамдарға да еш қадірі болмағанын көре беріңіз. Амал қанша, бізді ұзақ жылдар бойы осындай адамдар да басқарып, үш кластық біліммен тәлім беріп, жол, «жөн» сілтеді ғой.

2014 жыл

АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АЙТЫЛМАҒАН АҚИҚАТЫ

1979 жылдың 25 желтоқсанында Кеңес өкіметі басқарушыларының қарымсыз, дарынсыз саясаткерлігінің кесірінен Ауғанстанға әскер енгізіліп, ол 10 жыл бойы ешкімге пайдасыз соғыс жүргізді. Осы уақыт аралығында Ауғанстан территориясында 600 мыңнан артық кеңестік әскерилер болды. Оның 15 мыңнан артығы қаза тапты, 54 мыңға жуығы жараланды, 417-сі хабарсыз кетті. Соның ішінде соғысқа қатысқан 22 мыңнан астам казакстандықтың 1 мыңға жуығы қаза болып, 2 мыңнан артығы мүгедек болып қалды. Ал 21 казакстандық із-түзсіз кетті.

Бұл айтуға ғана оңай сандар. 18-ге жаңа толып, өмірді енді ғана бастаған боздақтың мәйітін жерлеудің қаншалықты қиын екендігін бастан кешіргендер біледі. Балалары әскерге алынуға тиісті ата-аналардың бәрі «Ауғанстанға жібермесе екен» деп 10 жыл бойы қыл үстінде жүргендей қиналатын... Мұның да жүйкеге қаншалық салмақ түсіргенін бастан кешкендер біледі. Сайып келгенде бұл соғыс Ауғанстанға барғандар мен онда қаза болғандар үшін ғана емес, сол жылдарда 300 млн-ға жуық халқы болған барлық КСРО халқы үшін үлкен трагедия болғанын ұмытпайық.

Сол жылдары КСРО Ауғанстан өкіметін қолдау үшін бюджеттен жыл сайын 800 млн. (10 жылда 8 млрд.) доллар бөлген. Ал 40-шы армияны ұстау үшін жыл сайын қосымша 3 млрд. доллар бөлінген. 1989 жылы сол кездегі КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Н.Рыжков бір топ экономистерге ауған соғысының барлық шығындарын есептеуді тапсырады. Алайда шығынның жан түршіктіретін орасан зор көлемде екенін көрген өкімет басшылары халықтың толқуынан қорқып оны жарияламау керек деп шешкен. Кеңес экономикасын тығырыққа тіреп, дағдарысқа ұшыратқан факторлардың бірі осы – Ауған соғысы екені әбден дәлелденген.

Ең қиыны бұл соғыс ешқандай нәтижесіз аяқталды. Кеңес жағы қолдаған Кабул өкіметіне қарсылар азаюдың орнына күн санап өсе түсті. Мәселен, Кеңес әскерінің барынша күш алған 1986 жылдың өзінде моджахедтер Ауғанстан аумағының 70 пайызына бақылау жасап тұрған... Кеңес одағының ықпалындағы Наджибулланың өкіметі Қызыл армия шығарылғаннан кейін 3 жылға ғана шыдай алды.

Аумалы-төкпелі Ауғанстан

Ауғанстан аумағын ежелден мұсылман халықтары қоныстанып келген. Мұндағы тілдері, түрлері, ішінара ділдері де бөлек халықтардың бәрін діндері біріктіріп тұратын еді. 1979 жылы ондағы 20 млн-ға жуық халықтың 40 пайызға жуығы пуштун, қалғанын тәжік, өзбек, хазар, түркімен, аймақ және т.б. 20 шақты халық құрады. Ішінде қазақ, қарақалпақ, қырғыз да бар. Әрқайсы өзінің қалың шоғырланған аймақтарында қоныстанған.

Ауғанстан аумағынан ежелден нешетүрлі соғыстар өтті. Соңғы уақытта болғандарын ғана ауызға алар болсақ, XVIII ғасырдың басында Ауғанстанды Иранның түркі нәсілдес шахы Нәдір басып алды. 1747 жылы Ахмадшах Дуррани көтеріліс ашып, Нәдірді құлатып, алғаш рет, Кандагарда қазіргі Ауғанстан аумағын түгел қамтыған империя құрды. Тарихта «Дуррани державасы» деп аталған бұл мемлекетті оның ұрпақтары тұтас ұстай алмай, 1818 жылы Пешавар, Кабул, Кандагар және Герат княздіктеріне бөліп жіберді. Бұл кезде Үндістанды түгел басып алған ағылшындар Ауғанстан аумағына да жиі көз алартып тұрған. XX ғасырдың басына дейін ол Ауғанстан аумағын басып алмақ болып екі рет соғысты. Алайда халықтың қайсар қарсылығының арқасында кәрі арыстанның азуы тасқа тиіп жас мемлекетке толық бата алмай, тек протектораттығын ғана мойындата алды. Оның үстіне қазіргі Орталық Азия елдерін түгел басып алған Ресей империясы да Еуразияның орталығында орналасқан, стратегиялық тұрғыдан маңызды бұл елдің ағыл-

шындардың ықпалында кеткенін қаламай, ауғандықтардың соғысын қолдап отырған. Сөйтіп, I - ші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Ауғанстан Англияның протектораты болса да бейтараптық ұстанымда болып, еш жаққа тартылмады. 1919 жылы Аманулла хан Ауғанстанның ағылшындарға ішінара бағыныштылығынан арылып, тәуелсіз корольдік жариялады. Оны Ресей, одан кейін, 1926 жылы Англия да танып, сол жылы дипломатиялық қатынастар орнатты. Айта кетерлігі сол, Ауғанстан корольдігі Ресейдегі большевиктер өкіметін ең бірінші болып таныған мемлекет.

Осы Ауғанстан корольдігі біршама дамып, алыс-жақын шетелдермен саяси-экономикалық қарым-қатынастар орнатты. Соның ішінде ағылшындардың жауы Германиямен де қарым-қатынасты ұлғайтқан. Немістер 1930-40 жылдары Ауғанстанды Үндістандағы ағылшын әскеріне басып кіретін плацдармға айналдыру үшін үлкен шаралар жасады. Соның ішінде әуежайлар, Кабулден Газниге және Үндістанмен шекаралас аудандарға көпірлер салып, жолдар тартқан. Мұның бәрі Үндістанға басып кіруге қажетті болған соң салынып жатқанын білсе де Ауғанстан өкіметі оған еш қарсылық білдірмеген.

Осы жылдарда Кеңестік Ресеймен арадағы әріптестік ынтымақтастықтар да барынша кеңейген. Кеңес өкіметі ауғандық әскерилерді дайындап, техникалық көмектер де көрсеткен. Есесіне, Кеңес өкіметінің талабымен Аманулла хан өздеріне келіп тығылған Орталық Азия елдерінде Кеңеске қарсы бас көтерген азаттық күрескерлері – басмашыларды ұстап беруге және оларды қыруға жол берген. Сондықтан да Амануллаға деген қарсылық халық арасында үдей түседі.

Осындай себептермен 1928 жылы Ауғанстанда мемлекеттік төңкеріс болып, өкімет басына Бачаи Сакао келеді. Ал Аманулланың өкілі Сталиннен әскери көмек сұрайды. Кеңес өкіметі 1921 жылы жасалған достық туралы келісімді сылтауратып көмек беруге келіседі.

Сөйтіп... **Кеңес әскерлері тәуелсіз Ауғанстан мемле-**

кетінің шекарасынан алғаш рет 1929 жылдың наурыз айында өтеді. Мұнда да тәжіктің Термез қаласының түбіндегі шекараны бұзып, қызыләскерлер басқа елдің аумағына шығады. Бұл отрядтың құрамында 2 мыңнан артық сарбаз, 4 зеңбірек, 12 станокты және 12 қол пулеметі болған. Ауған әскерінің формасын киген осы әскер де біршама лан тудырған. Олар Келиф, Ханабад және ауғандық түркілердің орталығы Мазари-Шариф қалаларын басып алған. Мамыр айының аяғына дейін Ауғанстанда соғыс жүргізіп, тағы да бірнеше қалалар мен қыстақтарды жаныштаған отряд Аманулла хан қарсылықты тоқтатып, шетелге қашып кеткенше осында болған. Кеңестік генералдардың мақсаты – Ауғанстанда коммунистік режімді қолдайтын қуыршақ республика орнату еді. Бірақ дінді жоққа шығаратын коммунистерді қалың ел қолдамай, большевиктердің мақсаты орындалмайды. 1929 жылдың қазан айында Ауғанстанның бұрынғы өкіметінің Париждегі елшісі, Аманулла ханның жақын туысқаны генерал Мұхаммед Нәдір хан Үндістандағы ағылшын өкіметінің тікелей қолдауымен төңкеріс жасап, Бачаиді тұтқындап, басын алады. Сөйтіп, ағылшын империализмінің сеніміне кіріп, солардың айтқанымен жүрсе де дербестігін жоғалтпаған өкімет жасактайды. Ал КСРО әскерлері сол жолы да Ауғанстан аумағында тиімсіз қан төгіп, еш мақсатын орындай алмай шыққан болатын.

Нәдірден кейін баласы Мұхаммед Захир шах король болды. Осы, 1929 жылдан 1973 жылға дейін болған корольдіктің кезінде ғана 44 жыл бұл елде тыныштық болып, мемлекеттің іргесі біршама нығайған. АҚШ, КСРО, Англия секілді ұлы державалармен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылған. II-ші Дүниежүзілік соғыста да Ауғанстан бейтараптық ұстанды. Бірақ, 1973 жылы Захир шахты немере інісі Мұхаммед Дәуіт құлатып, Ауғанстан республикасын жариялады.

1973 жылы республика жариялаған Дәуіттің өмірі ұзаққа бармады. 1978 жылы кезекті мемлекеттік төңкеріс болып,

өкімет басына коммунистердің ықпалындағы Ауғанстанның халықтық демократиялық партиясы келді. Олар Дәуітті 30 шақты отбасы мүшелерімен бірге өлтіреді. «Сәуір төңкерісі» аталған бұл бүліктің басында коммунист Н.М.Тараки болып, артынан президенттікке сайланды. Ал Бабрак Кармаль вице-президент болды. Өзара тартыстан кейін таза кеңестік жолды қалаған Б.Кармаль орнынан алынып, Чехословакияға елшілікке жіберіледі. Алайда коммунистік режим елдегі діндарлар тарапынан қолдау таппайды. Олардың ықпалындағы халық та коммунистерге қырын қарап, «сәуір төңкерісінен» тура бір жыл өткенде үлкен көтеріліс болады. Оны премьер-министр Хафизулла Амин бастаған өкімет әскерлері қап-жоса қылып басады. Алайда АҚШ-та оқығандығы себепті ОББ-мен (ЦРУ) байланысы барынан күдіктенген Кеңес басшылары Таракиден оны орнынан алуды талап етеді. Алайда, Амин бұрын қимылдап президент сарайын басып алып, Таракиді өлтіреді. Халық бұған тіпті наразы болып, Аминге қарсы ереуілдер жиі болып тұрады.

Аминді КГБ-нің «Альфа» тобы 1979 жылдың 27 желтоқсанында қаскөйлікпен, бір түнде өлтіргенін тарихтан жақсы білеміз. Ол тірі тұрғанда кеңестік кеңесші болып жүрген генерал В.Папутин оны КСРО-дан ресми түрде әскери көмек сұратуға тырысады. Алайда Амин ресми көмек сұрамаған және Б.Кармальды өзінің орнына отырғызуға көнбеген. «Альфаның» тұтқиылдан тиісуінің бір сыры да сол.

Ауғанстанға әскер кіргізу туралы Саяси Бюроның шешімі Амин өлтірілмей тұрып қабылданған. 1979 жылдың 24-26 желтоқсанында 105-ші әуе-десанттық дивизия Кабулден 50 шақырым жердегі Баграм әуежайына ұшақтармен күндіз-түні тасылған. Амин өлтірілгеннен кейін мұнда басқа да әскери бөлімдер жеткізілген. 1980 жылдың ақпан айында Ауғанстандағы әскердің саны 58 мың болады. Ал ең көп болған жылдары жалпы әскерилердің саны 200 мыңнан асқан.

Сонымен, ХХ ғасырдың 19-шы жылынан бергі 60 жылда ғана алты өкімет күшпен ауысқан, барынша болжалсыз,

үнемі төңкеріс пен азаматтық соғыстан көз аспаған, экономикалық дамуы мейлінше артта қалған бұл елден КСРО не аламын деді екен? Оның үстіне халқының 100 пайызы Исламды берік ұстанған болса, дінді мүлде теріске шығаратын атеистер бұл елде не істемек? Демек басып кірудің басқа себептері болған... Олар қандай еді?

«Ауғанстан қапшығына» тығу идеясы

Ауғанстанға басып кіру туралы шешімді Саяси бюроның өте шағын құрамдағы мүшелері 1979 жылдың 12 желтоқсанында қабылдайды. Премьер-министр А.Косыгин ғана қарсы болған бұл шешімді артынан басқа мүшелер де қолдап, қол қойған.

Өткен жылдың 12-ші санындағы «Совершенно секретно» (СС) газетінде «Спецслужбы: игра в войну» атты мақала шықты. Бұл басылым Артем Боровиктің салған дәстүрінен танбай орыстың бүгінгі таңдағы ең мықты деген профессионалдары жазып тұратын, әзірге өз атына өтірікпен, өсекпен кір келтірмеген шыншыл газеттерінің бірі.

Міне, осы басылым Ауғанстанға Кеңес әскерлерін кіргізудің көп адам біле бермейтін бар шындығын жазыпты. Алдымен онда 1979 жылғы наурыз айының басындағы Саяси бюро отырысының Ауғанстан мәселесіне байланысты стенограммасы келтірілген. Онда Брежнев, Андропов, Кирилленко т.б. Ауғанстанға қандай да бір көмек беруден тоқтала тұру қажеттігін айтқан. Өйткені, осыған дейін берілген көмекті ауған өкіметі «тиімді пайдалана алмаған». Ал енді мына қызыққа қараныз. Бюро мүшелерінің осындай пікірлеріне қарамай Қорғаныс министрі Устинов Ауғанстанға әскер енгізудің екі нұскасын жасап, оны 17 наурызда отырысқа қарауға ұсынған. Осының өзінен қолжетімді стенограмманың қолдан жасалғанын, ал шын мәнінде бюрода не айтылғаны жасырын қалғанын көрсетеді. Осы ұсыныстардың бірі қабылданып, алдымен, 1979 жылдың 7-9 шілдесінде Баграм қаласына аса құпия жағдайда, ауған әскерінің киімі киіндірілген «мұсылман батальоны» енгізіледі. Осы

уақытта КГБ-ның арнаулы топтары да Ауғанстанға аяқ басады. Бұл күш Тараки бастаған ауған режиміне көмек беру үшін ғана кіргізілген болса, енді, қыркүйек айында Амин оны биліктен тайдырып, өлтіргеннен кейін тәуелсіз елді басып алып, «өзінің» адамын таққа отырғызу туралы радикалды ұсыныс қолға алынады.

Осы уақыт аралығында КСРО баспасөзінде Амин туралы алдымен жақсы пікірлер таратылған еді, ал айналасы 1,5-2 айдан кейін оны сынау басталды. Осының өзінен-ақ көзі қарақты Кеңес оқырмандары Ауғанстан тұрғысындағы өкімет саясатының тұрақсыздығын аңғарған. Сонымен, 12 желтоқсанда жоғарыда аталған шешім қабылданды ғой. Ал бұл уақытта Ауғанстанға енгізілетін әскер мен оны енгізу жолдарының жоспары әлдеқашан жасалып қойған еді.

КСРО басшылығының Ауғанстанға әскер енгізуге неге сонша құмар болып, дедектеп кеткені несі деген сұрақ туады. Сөйтсе... Ең негізгі себеп АҚШ-тың Орталық барлау басқармасында (ОББ) болып шығады. Осы қызметтің құпия қоржындарында КСРО-ны ауған «батпағына» батырып, «өздерінің Вьетнамдарын» жасау туралы идея қолға алынып, оны іске асыру басталған екен. Ол үшін «АҚШ, Англия және Германия Ауғанстанның Солтүстігіне көз тігіп, онда шағын және орта қашықтағы зымырандарын орналастыруды көздеп отыр. Сөйтіп, Ауғанстанды өз ықпалдарында ұстап, Пәкістаннан Иранға көпір тартпақшы. Ал Амин болса, кезінде АҚШ-та оқыған, сонда жүргенде ОББ-ның құрығына түскен жансыз» деген дақпыртты аса «құпия» жағдайда Кеңес барлаушыларының құлағына тигізеді.

Мұндай арандатуды сараптап, кәсіби тұрғыдан бағалауға, өтірік екендігін әшкерелеуге КГБ-ның қауқары болмай шығады. Сол жылдары КГБ-ның сыртқы барлау басқармасын басқарған В.Крючков өзінің естелік кітабында: «к нам постоянно поступала информация об усилении активности некоторых западных стран в Афганистане. Причем в их действиях четко просматривался и становился доминирующим антисоветский аспект. Не заметить этого было просто не-

возможно» деп жазған. Ал ақпараттарды саралап едік, ол теріс болып шықты дегенді ауызға да алмайды.

КГБ-ның осындай үркітулерінен кейін Саяси бюродағы сакқұлак шалдар АҚШ-тың алдын орап, Ауғанстанды уыстан шығармау жөніндегі ұсынысты сөзсіз қолдайды. Бірақ, «СС»-дағы аталмыш мақалада әскерилер бұл шараға қарсы болғаны жазылады. Мәселен, Бас штабтың бастығы Н.Огарков, оның бірінші орынбасары С.Ахромеев т.б. бұл әрекетке қарсы болып: «никаких военно-стратегических выгод для себя из этой кампании не извлечем», посему «зачем нам лезть в этот огромный каменный мешок без железных дорог, водных путей, где подвоз боеприпасов, средств материально-технического обеспечения, обустройство войск встанут нам в такую копеечку, что и внуки будут расплачиваться», деген сөздер айтқанын келтіреді. Бірақ Саяси бюроның мүшесі болып табылатын Қорғаныс министрі Устинов олардың аузын жауып тастайды.

АҚШ-тың сол жылдардағы (1977-81) президенті Д.Картер, ал оның кеңесшісі кулығына құрық бойламайтын Зб.Бжезинский болған. Ұзақ жылдардан кейін, 1998 жылы журналистерге берген сұхбатында ол АҚШ-тың Кеңес жағын әскери интервенция жасауға арандату үшін коммунистер орнатқан режімнің қарсыластарын жасырын түрде қолдағанын мойындайды. Сол үшін моджахедтерді қарумен де, қаржымен де тоқтаусыз қамтамасыз етіп тұрғанын айтады. Осындай арандату соғысын жүргізгендеріңізге өкінбейсіз бе деген сұраққа Зб.Бжезинский аузы-мұрны қисаймай: «Жалеть? О чем вы? Эта секретная операция оказалась превосходной идеей. Она дала эффект вовлечения русских в афганскую ловушку, и вы хотите, чтобы я сожалел об этом?», деп жауап беріпті. «СС»-ың аталмыш мақаласында Кеңес өкіметін «Вьетнам батпағы» сияқты қылып «Ауғанстанның қапшығына» тығу идеясын жалғыз Бжезинский емес, сол кездегі ОББ түгел аңсағаны және сол мақсатта жұмыс істегені туралы басқа да деректер айтылады. Тіпті Аминді де арандатып, АҚШ-тың сол кезде Ауғанстанда болған өкілі

Б.Амшутц онымен қайта-қайта кездеседі. Құлағы делдиіп жүрген КГБ мұндай жиі кездесулерден күдіктенбей қалар ма?

Ұзын сөздің қысқасы, АҚШ КСРО-ны Ауғанстан аумағына әскермен кіруге арандату арқылы экономикалық және әскери тұрғыдан әлсіретуді, сонымен бірге оны әлем жұртшылығы алдында «агрессор» етіп көрсетуді көздеген екен. З.Бжезинскийдің артынан мақтанышпен айтқан сөзі мынау болған: «в течение почти 10 лет Москва была вынуждена вести войну, оказавшуюся неподъемной для правительства, конфликт привел к деморализации и наконец к распаду Советской империи»...

Міне солай, КГБ-ның тек алыс-жақынның бәрінен қауіп төндіріп, жау көріп отырған «әсіреқырағылығының» қырсығы артынан өзі қызғыштай қорыған Кеңес өкіметін төңкеріп тастауға да қызмет еткен. Сталиннің кезінен қолға түскен деректі объективті түрде саралауға емес, тек түрлі қауіп іздеуге ғана машықтанған қызмет сөйтіп КСРО-ның тарих сахнасынан кетуіне де өзінің үлесін қосыпты. Тіпті мемлекеттің ішіндегі істерде де КГБ-ның қателіктері зор шығындарға, қанды қырғындарға ұшыратты. Мәселен, 1986 жылы Қазақстанда Д.Қонаевты ауыстырарда КГБ дұрыс анықтама берсе Горбачев бәлкі қателікті қадамға ұрынбас еді. Ал олар: Қазақстан халқының 40 пайыздан азы ғана қазақ, оның да 40 пайыздайы қазақша білмейді, яғни бұл халықтың ұлттық сезімдері сөнген, оларға республика басшылығына кімді қойса да бәрібір деген мазмұнда анықтама берген болуы керек. Осы қателік қаншама жастың қанының нақақтан төгілуіне ұрындырды.

Сөзіміздің соңында Ауған соғысына қатысқандар туралы пікірімізді де айта кетуді жөн санадық. Бұл жігіттер Отан бұйрығында тұрды, олар әскери адамдар болғандықтан бұйрықтың қате-дұрысын сараптаған жоқ. Ешқайсы да дезертир болмай, сатқындық жасамай мойнындағы міндетін орындады. Сондықтан олардың ерлігіне ешкімнің шүбәсі болмауы керек деп ойлаймыз.

2014 жыл

АҚИҚАТҚА ҚИЯНАТ

Алаш арыстарына катысты болғаны себепті кеңестік тарихнамада бұрмаланған тарихымыздың кейбір беттері, өкінішке орай, әлі күнге түзетілмей келеді. Соның бірі казактың айтулы оқу орындарының бірі, ең алғашқы ЖОО, бүгінгі Қазактың Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінің (бір кездегі ҚазПИ, одан АлМУ) туған жылын әлі күнге дұрыс көрсете алмауы болып отыр.

Патшалық Ресейдің отарлауынан арылып, большевиктер өкімет басына келген тұстағы казак қоғамының саяси аренадағы белсенді іс-әрекеті негізінен Тәшкент пен Омбы калаларында, артынан Орынборда өткені мәлім. Қазір бұл калалардың бәрі де біздің еліміздің шекарасынан тыс, көрші елдерде калды. Өкініштісі сол, олардың архивтеріндегі бай мұрағаттар толығымен зерттелген жоқ. Еліміз біртұтас одақтың қоластында болғанда там-тұмдап жазылғанымен, ХХ ғасырдың басындағы казак өмірінен сыр шертетін мұралар көбінесе шаң басқан күйінде калып жатыр. Оның басты себебі – халқымызды іргелі ел қыламыз деп шу дегеннен атқа мінген Алаш арыстарының бәрін де Кеңес өкіметінің жау көріп, көп ұзатпай құбыжық кылып, халықтан аластап шығарғандығы. Ал ол кездегі тарихтың бәрі солардың есімдерімен тығыз байланысты еді. Сөйтіп, олардың басын жойып, істеген әрекеттерінің бәрін де халыққа жеткізбей, жасырып тастаған. Сондықтан Алаш арыстарының есімдері араласқан тарихты қозғауға ешкім де бата алмайтын. Ал горбачевтік жылымық болып, Алаш арыстары ақталған тұста балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен алмағайып заман болды, артынан олардың бәрі шет елдің архивтерінде калды. Сайып келгенде арыстардың еңбектерін көрші елдердің архивтерінен іздеген адамдар көп бола қойған жоқ.

Біздің ғалымдарымыздың сол олқылықтарын жақын шет елдерде тұратын кейбір ізденгіш ағайындарымыз толтырып жатқанға ұқсайды. Соның ішінде казакы қаймағы бұзылмай

отырған тәшкенттік казак ғалымдарының еңбегі зор. Осыдан біраз жыл бұрын Өзбекстан Республикасына барған сапарымызда бізге солардың бірі, казак тарихы үшін жанкешті еңбек етіп жүрген ағамыз, тарих ғылымының докторы, 30 жыл бойы Тәшкенттің Низами атындағы мемлекеттік педагогикалық университетінің тарих факультетінің деканы болған, профессор Сейдуәлі Тілеуқұлов ақсақалмен ұзақ әңгімелесудің сәті түсті. Менің Қазақстанға қоныс аударуыма «кедергі» болып жүрген осы қаланың бай архиві деді ол екеуара әңгімеміз шу деп басталған сәттен. Жасым 80-ге таяп қалса да мұрағат материалдарына батып кеткенде жас жігіттей сергіп қаламын. Менің тарихқа деген құштарлығым сондай, шырағым, деді қарт тарихшы.

Міне, осы кісі бас болып құрастырған орыс тіліндегі «Первый казахский институт в Ташкенте» деген жинақта Қазақтың алғашқы жоғары оқу орны 1918 жылы Тәшкентте ашылып, 1928-ші жылы ол Алматыға көшірілгендігі архивтік құжаттармен тайға таңба басқандай етіп дәлелденген. Бұл қазіргі айтулы оқу орнымыз – Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті. Оны ашып, жоғары білімді алғашқы казак педагог кадрларын дайындаған алашордашы ағаларымыз еді.

Бірақ, жоғарыда айтылғандай, алашордашылардың өздерінен де, істерінен де қашып, оқу орыны өзінің құрылған жылын әлі де 1928 жыл деп көрсетуде. ҚазҰПУ-дің Тәшкент педагогикалық институтының негізінде құрылғаны Қазақ энциклопедиясында да аталып өткен. (ҚСЭ., 6 том., 247 б., А-ты, 1975 ж.). Бірақ кейінгі, «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында белгісіз себеппен оқу орнының алғаш рет Тәшкентте құрылғаны айтылмаған. («Қазақстан» ҰЭ, 1 том, 286 б., А-ты, 1998 ж.).

Бұл оқу орыны өзінің 75 жылдық, одан 2008 жылы 80 жылдық мерейтойларын да 1928 жылы туғандығымен санап, өткізді. Осының өзі тарихқа қиянат. Біреулер қазақтың ЖОО өзбек астанасы Тәшкентте құрылғанына намыстанатын да

шығар. Бірақ ол кезде Тәшкент шаһары өзбектен гөрі казакқа жакын болғандығын, ал оқу орынын қазақтың алашшыл аймаңдай азаматтары ашқанын ұмытуға қақымыз жоқ.

1917 жылғы төңкерісшілер (ағы да қызылы да) қарапайым халықты қайтсе де өз жағына шығару мақсатымен шу дегеннен олардың ең зәру деген мәселелерін шешіп беруді қолға алды. Мәселен, орыс шаруаларына жер, жұмысшыларына фабрик-зауытты тегін береміз деп жар салды. Ал қазақтың ең бірінші кезектегі зәру мәселесі - оқу еді. Сондықтан да төңкерістен кейін қазақ даласының жер-жерлерінде оқу орындары ашылды. Мәселен, Омбыда 1918 жылы Қолчак өкіметі Алашорданың өтінішімен мұғалімдік курс ашты. Оның алғашқы директоры ақын Мағжан Жұмабаев болды. Жазушы Сәбит Мұқановтың сол курста оқығаны белгілі. Артынан бұл оқу орыны Қызылжарға көшірілді. Қазіргі М.Жұмабаев атындағы педагогикалық колледждің сүйегі сол оқу орнынан.

Сол секілді Тәшкентте де қызылдар 1918 жылдың 5 желтоқсанында қазақ балалары үшін өлкелік педагогикалық курстар ашыпты. Оның меңгерушісі И.Токтыбаев, мұғалімдері Х.Болғанбаев, С.Қожанов, Қ.Ходжиков, Ф.Құлтасов және Е.Табынбаев болған. Осы ағаларымыздың бәрі де артынан «алашордашылар» аталып, Қызыл империяның қанды қасаптарына ұшырады. Қазіргі оқырмандар біле бермейтін кейбіреулерін ғана атап кетер болсақ, курстың меңгерушісі қызылордалық Иса Токтыбаев 1933 жылы Мәскеудегі әскери академияда мұғалімдік қызмет атқарып жүрген жерінде ұсталған. Алаш зиялыларын зерттеп жүрген Мәмбет Қойгелдінің айтуына қарағанда көп жыл қуғын көрсе де осы кісі әйтеуір ажалдан аман қалыпты. (М.Қойгелді, «Айқын» газ, 31.05.2013 ж).

Ақмолалық Хайретдин Болғанбаев та екі рет репрессияға ұшырап, соның 1937-ші жылы болған екіншісінде атылған.

(«Бақ,кз», «Болғанбаев кім болған?», 26.09.2012 ж., аш Д. Асауов).

Ал баска ағаларымыз туралы көп жазылғандықтан олардың жарқын есімдерін оқырмандар жақсы біледі ғой деп ойлаймыз. Жоғарыда аталған, тәшкенттік казак зиялылары құрастырған жинақтың 15 бетінде келтірілген құжатқа қарағанда осы курс алдымен училищеге, артынан институтқа айналған екен. Құжатты толығырақ келтірсек:

«1. Постановлением Мусульманского комитета от 7-15 октября 1918 года, утвержденным Советом Народного Образования 20 октября 1918 года № 34, п.1-й, при русском Педагогическом училище открыто Киргизское педагогическое отделение.

2. С 1-го июля 1919 года педагогическое отделение выделено в самостоятельное педагогическое училище, которое с **1-го октября 1920 года реорганизовано в Краевой Киргизский (казахский Ж.С.) Институт Просвещения** с 4-мя основными, 3-мя подготовительными классами и Образцовой школой при нем. (ЦГА РУз, ф.372, оп.1, д.60, л.5)».

Тағы бір құжатта онда кімдердің сабақ бергеніне дейін көрсетілген. Құжаттың атауы: «Краткие сведения о возникновении Казинпроса в Ташкенте». «В нем преподавали: М.Тынышпаев, Х.Досмухамедов, С.Ходжанов, И.Тохтыбаев, М.Жумабаев, К.Жаленов, Х.Болғанбаев, К.Ходжиков, Ф.Култасов, Е.Табынбаев, С.Утегенов, А.Байтурсынов, Ж.Аймауытов, Д.Адиллов, Д.Сарсенов и др». (Аталмыш кітаптың 18 беті).

Көріп отырғанымыздай Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовтан баска Алаштың арыстары төрт көзі түгел осы институтқа сабақ берген екен. Әрине, бір кезде «алашордашы» ағаларымыздың аттарын атаудың өзі айыпқа бұйырылып тұрған замандарда ҚазПИ-дің өз тарихын олардың ашып, сабақ берген институтынан бастауы мүмкін де емес еді. Сондықтан, бұл үшін, ҚазПИ-дің тарихын 1928-ші жылдан бастаған ағаларымызға кінә да таға алмаймыз.

Бірақ қазір заман басқа, заң басқа ғой. Құдайға шүкір, өз қолымыз өз аузымызға жеткен тәуелсіз елміз. Сондықтан тарихи әділеттікті орнатып, оқу орнының 1918 жылдан ашылғанын айтатын болсақ, оның қандай айыбы бар? Әзірге, ҚазҰПУ-дің жасаған «әділеттігі», оқу орнының тарихы туралы анықтамаға алғашқы ұстаздардың қатарына А.Байтұрсыновтың есімін қосыпты. Ал қалған арыстар қайда сонда? Олардың қандай жазығы бар?

Біз үшін соны деректер тұнып тұрған жоғарыда аталған «Первый казахский институт в Ташкенте» жинаққа орала бергің келеді. Оның 25 бетінде келтірілген құжатта сол кездегі студенттер мен оқытушылардың санына дейін көрсетіліпті: «Занятия начались с 1 октября 1920 г. (Бұл институт болған уақыты Ж.С.) Количество учащихся к началу 1920 учебного года –224, к концу 1920 учебного года –202. К началу 1921 учебного года –221, К концу учебного 1921 года –178. Общее количество преподавательского состава 1920 г –33, 1921г.–33».

Жинақтың 48 бетінде институт мұғалімдерінің қазақ тілінде жазған ғылыми еңбектері мен авторларының тізімі берілген. Соның ішінде А.Байтұрсыновтың қазақ әліппесін, екі бөлімнен тұратын қазақ тілінің грамматикасын, М.Дулатовтың қазақ хрестоматиясын (Жақаң да осында жеткен екен), М.Жұмабаевтың қазақ тілі сөздігі теориясын және т.б. жазғаны туралы құжат келтірілген. Мағжанның «Педагогика» атты оқушылар мен мұғалімдерге арналған атақты еңбегі де осында қызмет еткен жылдары жарық көрген. Алаш ардақтылардың социализмнің құрсауынсыз, ұлттық болмысты ескере отырып, кең тыныспен жазылған сол еңбектеріне күні бүгінге дейін баға жетпейді. Сол еңбектерді тереңдетіп оқыған, зерттеген адамның әлі күнге көзқарасы да кеңейіп, тынысы да ашылып қалады емес пе?

Жинақтың 53 бетінде оқытушылар мен қызметшілердің

толық тізімі және алған еңбекақылары да көрсетілген. Ал 55 бетте 1923 жылғы 1 қазандағы нөмір бірінші бұйрықпен Мағжан Жұмабаевтың Мәскеуге оқуға кетуіне байланысты қызметтен босатылғаны туралы да дерек тұр.

1925 жылғы 20 мамырдағы бұйрықпен КазИнПрос-тың сол кездегі директоры Сегізбай Айұзынов қызметінен босатылады да оның орнына Дәлел Сәрсенов тағайындалады. 1925 жылдан Қазақ үкіметі жаңадан қазақ ЖОО ашу мәселесін қолға алады. Оны әуелде политехникалық институт қыламыз деп білікті адамдарға хаттар жазылған екен (оның мәтіні де осында жүр), бірақ артынан педагогикалық институт қылуға тоқтаған секілді. 79 бетте осы педагогикалық институт туралы уақытша, ал 83 бетте түпкілікті ереже жарияланған. 1926 жылғы 2 мамырда ҚАКСР Халық комиссарлар кеңесінің отырысында Ташкенттегі Казинпросты Педагогикалық жоғарғы оқу орнына айналдыру туралы мәселе қаралады: «Бывший Казинпрос в г.Ташкенте считать преобразованным в ПедВУЗ под названием «Казахский Педагогический Институт» деген қаулы алынады. Және осы қаулыда оның барлық мүлкі жаңа институтқа көшетіні айтылған. 1926 жылғы 13 шілдеде бұрынғы ректор Дәлел Сәрсенов қызметінен босатылып, оның орнына Темірбек Жүргенов тағайындалады.

Сөйтіп, қазақ жастары арасынан алты жыл бойы мұғалімдер дайындап келген алғашқы ағартушы институт енді педагогикалық оқу орнына айналады. 1926 жылғы 29 қазанда, институттың ашылу салтанатында Қазақстанның Халық ағарту комиссары Смағұл Сәдуақасов ұзақ сөз сөйлеген екен. Бұл құжатты алғаш рет «Смағұл Сәдуақасов» атты қос томдық жинақ құрастырған профессор Дихан Қамзабеков жариялаған еді. Смағұл Сәдуақасов сондағы сөзінің бір жерінде: **«Я убежден, что будущий историк Казахстана, безусловно посвятит особую главу в своей книге – открытию первого казахского ВУЗ-а»** депті. Өкінішке қарай олай болмай шықты. Сол ЖОО Қазақстанның жаңа астана-

сы болған Алматыға 1928 жылы көшірілгенде Тәшкенттегі барлық кезені ұмытылып, дәлірек айтсақ ұмыттырылып, «будущий историктердің» бәрі оны ауызға да алмайтын болды. Туған жылын да 1928 деп көрсетіп, Алаш арыстары қызмет еткен 10 жыл жадымыздан өшірілді. Өкінішті-ақ...

Міне, ҚазПИ-дің, қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеттің туу тарихы осындай. Оны Тәшкент архивін ақтарып жүрген өзбекстандық казак ғалымдары жарыққа шығарып отыр. Енді, тәуелсіз елде, Алаш арыстары ақталған заманда өмір сүріп отырған Абай атындағы ҚазҰПУ өзінің шын туған күнін көрсететін уақыт жетті.

Әрине, бұл деректі жалғыз біз ғана біліп отырған жоқпыз. Талай тарихшылардың да хабары барына кәмілміз. Тәшкенттік ғалымдардың жоғарыда аталған жинағын да талайлар білетін болуы керек. Тіпті, өзіміз де дәл осы деректі алғаш рет «Егеменге» 2007 жылы жариялаған едік. («Қазақтың тұңғыш ЖОО» «ЕҚ», 29.08.2007 ж.). Бірақ қымс етіп қолдаған, дұрыс екен деп белсеніп шыққан бір адам болған жоқ. Бәрі де сол салғырт, жабулы қазан жабулы күйінде қалғанын қалайтын сияқты. Тіпті, «онда тұрған не бар, 5-10 жылдың әрісі не, берісі не» дейтін баяғы қазақы енжарлық пен бойкүйездікке салатындар да бар екені сезіліп тұр. Ау, сонда ардақты ағаларымыздың рухын сыйлағанымыз кәне? Олардың еңбегіне обал жасап отыр емеспіз бе? Барынша киын кезеңде олар басқа жұртпен таласып жүріп, өздерінің күнкөрісі үшін ЖОО ашқан жоқ, қазақтың баласы оқысыншы, көзі ашылсыншы деп жатпай-тұрмай еңбек етті емес пе? Тіпті сол үшін бастарын да бәйгеге тігіп, табандарынан тозып, қайтсем қазақты көзі ашық ел қыламын деді емес пе? Ендеше, олардың еңбегін қалай ұмытамыз? Тек бүгінгіні мақтап, бүгінгіге мәз болып отыра берсек, біз Мәңгілік ел бола алмаймыз.

Осы, ЖОО-ның жасын 10 жылға ұзарту тіпті киын да шаруа емес, оған қазіргі ректор Серік Пірәлиевтің-ақ құзыреті жетеді. Негіз болатын құжаттар да жеткілікті. Сон-

Шағсыбай Сәлімжан

да, бес жылдан кейін қазақ халқы өзінің алғашқы жоғары оқу орнының 100 жылдық мерейтойын да атап өтер еді. Ең бастысы бұл ЖОО біздің ардақты ағаларымыздың, ұлттық рухты бойларына сіңіріп өскен және оның озық үлгілерін жастардың жанына егуге тырысқан асыл Арыстарымыздың бастаған ісі екенін бүгінгі ұрпақ білер еді. Бірақ, бірнеше рет жазылса да соны қолдауға ешкімнің баспай жүргені мені шошынтады.

2015 жыл

АЛАШ АРДАҒЫНЫҢ РУХЫ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Қазақтың өзге жұрттан кем болмай, тең болуын аңсап, сол жолға қызмет етуде жасындай жалтылдап, өзінің қысқа ғұмырын сарп еткен, қазақтың ардақты ұлдарының бірі Смағұл Сәдуақасовтың рухы туған жерге оралды.

Өткен жылдың (2010 жыл) соңғы нөмірінде «Егемен» Смағұл Сәдуақасовтың Мәскеудің «Донской монастырьдегі» қорымында 78 жыл бойы сақталған мәйітінің күлін қайтаруға қол жеткізілгенін қуанышпен жеткізген еді. Кенесарының басын таба алмай, Кейкіні қайтара алмай, ал көптеген басқа Алаш ардақтыларының сүйегінің өзі қайда қалғанын біле алмай жүргенде бұл шын мәніндегі қуанышты хабар еді.

Смағұл ағамыздың құтыға салынған күлі Дон шіркеуінің (қазір шіркеу болған) қабырғасына бітеп тасталғанын білген ұлтжанды азамат, белгілі қоғам қайраткері Сабыр Қасымов оны елге әкелу үшін қопарып алуға Мәскеу билігінен рұқсат алғанын аталмыш мақаламызда айтқан болатынбыз. Қазақстан билігі де бұл хабарға оң қабақпен қарап, ардақты ерді туған елге әкеліп, құрметпен жерлеуді ұйымдастыру жөнінде тапсырма берген болатын. Бірақ сол шараны тезірек ұйымдастыру жағы түрлі себептермен кешеуілдей берді. Еліміздің қоғам қайраткерлері, білікті азаматтар «беріп тұрғанда тезірек алып келу керек қой, ертең тағы бір бюрократтық кедергілер туып қалар» деп осыған қатты аландаушылық білдіріп жүретін. Сол себепті бастамашыл топ құрылып, олар Смағұлдың күлін жолаушылар ұшағымен жеткізуге шешкен болатын. Қаңтардың 19-да Мәскеуге баратын сегіз адамнан тұратын топ құрылды. Бірақ жағдайды екшей келе, мәселені күрделендірудің қажеті жоқ, сондықтан саяси қайраткерлердің баруы міндет емес, тек ғылым, БАҚ және туыстарынан тұратын шағын топ барсын деген шешім қабылданды. Сөйтіп, белгілі смағұлтанушы ғалым, ұлтжанды

азамат Дихан Қамзабекұлы бастаған төрт адам жолдашықтық. Олардың арасында Смағұлдың аталас анайыны Қапар Айтуғанов ақсақал, асыл ердің туған жерінде «Жарқын» шаруа қожалығын құрып отырған кәсіпкер Гимадедин Ожаров және осы жолдардың авторы болды.

Бізді Мәскеуде Қазақстан елшілігінің бірінші хатшысы, филология ғылымдарының докторы Серікқали Байменше қарсы алды. Ертесіне елшіліктің хабардар етуімен жиналған бір топ диаспора өкілдерімен бірге «Донской монастырьге» жол тарттық. Топ ішінде Мәскеу жәмиғи мешітіндегі казак қауымдастығының имам-хатибы Марат хазірет Аршабаев, казак мәдениеті «Мұрагер» ұйымының мүшесі Хайдар Құмарбеков ақсақал және осы ұйымнан Аманғали Ғұбайдуллин, Ақсайын Намазовтар, осында шығатын «Қазақ тілі» газетінің редакторы Орынбасар Қуандықов, «Қазақстан» мен «Хабар» телеарналарының мәскеулік тілшілері және т.б. болды.

Барлық монастырьлер сияқты «Дон» да биік дуалмен қоршалған екен. Оның аумағындағы бұрынғы крематорий қазір қайтадан шіркеуге айналдырылыпты. Ауласының қарын көңілді жұмыскерлер қауқылдасып жүріп, қырып жатыр. Айналаның бәрі бастарына үлкенді-кішілі крестер қойылған орыс молалары. Зират кеңсесі бір шағын ғимаратта екен, біздің келетінімізден алдын-ала хабардар болған оның бастығы С.Трифонов бізді орнында қарсы алды. Рәсімдік қағаздарды толтырып, «сақтағаны үшін» ақша төленген соң ол Сабыр Қасымовтың сенімхатымен барған Дихан Қамзабектің қолына барлық құжаттарды ұстатты. Соның ішінде 1933 жылғы кременация туралы да анықтама жүр. Асығыс толтырылғаны көрініп тұр, жазбаларға қайта-қайта түзетулер енгізіліпті.

Міне, нағыз жан толқытар сәтке де жеттік. Осыдан 78 жыл бұрынғы оқиғаны Сәбеннің жары Мәриям апай суреттеп айтқан жерге де келдік. Смағұлдың арбаға салынған мәйітінің соңында қайын атасы Әлихан Бөкейханов пен жары

Елшавета Сәдуақасованың келе жатқанын еске алған еді ол. Сәбең олардың жанына барып, көңіл айтқанын да анамыз айтып кеткен. Біз де дәл сол жерде тұрмыз. Уа, дариға, қайран аумалы-төкпелі дүние-ай, десеңші. Енді сол оқиғадан 78 жыл өткенде Тәуелсіз Қазақстаннан біз келіп, арысымыздың күлін айдалаға тастамаймыз деп алып кеткелі тұрмыз...

Қазақ халқы тәуелсіздікке қол жеткізіп, өз билігі өз қолына көшкен ел болмаса Смағұлды кім іздегендей еді? Кезінде есімінің өзін ауызға алғызбай, алда-жалда айтып қалған адам болса жазаға ұшыратқан да кездер болды ғой. Сондағы Смағұлдың бар жазығы – елінің адамзат көшінен қалмауы жолында арпалысқандығы ғана. Ал мұндай әрекет ең үлкен жазаға ұшырайтын, өйткені өздігіннен өзіннің камынды ойлауға ешқандай рұқсат жоқ еді.

Бәріміз шіркеудің ішіне ендік. Ол біршама кең екен, есіктің тура қарсысындағы төрде крематорийдің пеші болыпты. Осы жерде бұрын да болған Дихан оған дейін темір рельстердің болғанын еске алды. Бірақ қазір ондай жоқ, пештің орнына образдар қойылып, ол жер шіркеудің төріне айналған.

Сол жақ бүйірінен шыққан бөлмеге ендік. Бұл дуалы ұзын, сопақтау бөлме екен. Барлық қабырларына адамдардың күлдері құтылармен қойылып, бергі беті шынымен жабылып, бітеліп тасталған. Күлдің кімдердікі екені құтыларда көрсетіліп тұр. Олардың өзі әртүрлі, кейбірінікі қарапайым, ал кейбірі мәрмар тастан қашалыпты. Сондықтан оны туыстары мен достары жасатқаны білініп тұр. Смағұл ағамыздікі де мәрмар тастан қашалып, оюлап жасалған дүние екен. Соған карағанда қайын атасы жасатса керек.

Марат хазірет марқұмның рух шәрифіне бағыштап құран оқыды және Алладан мәйіттің күлін алу ниетімізді қолдауын сұрап, бата қылды. Осыдан кейін ғана шіркеу қызметкері арнаулы аспаптармен беткі шыныны қопарды. Мәрмар күты зілдей екен, Дихан мен Серікқали оны еппен жерге зорға түсірді. Орнына әдейі сол үшін Қазақстаннан жасатып

әкелінген такта-белгі қойылды. Онда: «Бұл жерде 1933-2011 жылдары Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, саяси репрессия құрбаны Смағұл Сәдуақасовтың сүйегінің күлі тұрды. Астана қаласына жерленді» деген сөздер қазақ-орыс тілдерінде жазылыпты.

Айта кететін жәйт, осы «Донской монастырьде» Ә.Бөкейханов, Н.Нұрмақов сияқты репрессия құрбаны болған арыстарымыздың де сүйегі көппен бірге «братская могилаға» жерленіпті. Олардың сүйегін анықтау мүмкін емес, тек осы жерге олардың есімдері жазылған бір тасбелгі орнатуымыз керек-ақ, дейді Серікқали Байменше.

Осы күні түнде Смағұлдың күлін елшілік қызметкерлерінің көмегімен ешқандай кедергісіз өзіміздің ұшаққа енгізе алдық. Астана әуежайында қазақтың қайсар ұлы Смағұлдың рухын қоғам, мәдениет, саясат қайраткерлері, БАҚ пен студенттер қауымынан тұратын қалың топ зор салтанатпен қарсы алды. Әуежайдың үстінде күшейтілген дауыспен: «874-ші рейспен Мәскеуден қазақтың аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасовтың рухы оралды» деп айтып тұрды. Көптеген адамдардың көздерінен жас шығып кеткендігінің куәсі болдық. Әуежайдың төменгі залында шағын митинг болып, онда Н.Ораз, Д.Қамзабекұлы, Н.Айтов, С.Негимов және басқалары сөз сөйледі. Осыдан кейін Смағұл Сәдуақасов сүйегінің күлі жерлеу мәселесі шешілгенше уақытша сақтауға белгіленген орынға жеткізілді.

2011 жыл

ОТЫЗ ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНАН ОРЫН АЛУ... онай емес, ағайын

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауы амбициясы өте жоғары, бұрын-соңды ауызға алудың өзіне бата алмайтын қияндарға кол сілтеп отырған асқаралы алып мақсатты көздеген. Қазақстанды әлемнің ең жоғары дамыған 30 елінің қатарына қосу дегеннің зіл батпан емес, піл батпан салмағы бар. Әрине, даму қарқынын осы күнгіден гөрі ғылымның жетістігін пайдалану арқылы жақсарта алсақ, табиғат ресурстарының бағасы түсіп кетпесе, алдымыздағы 35 жылда экономикалық көрсеткіштермен алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына теңесіп те қалармыз. Бір кезде 50 елдің қатарына енудің өзін бола қоймас деген скептикалық көзқараспен қабылдаған едік. Алайда аман-есен жеттік қой. Сол сияқты бір кезде ЕҚЫҰ-ға төраға болуымыз неғайбіл-ау деп ойлаған едік. Төрағасы болмақ түгіл саммитін де өткізіп бере алдық. Ендеше Мәңгілік ел болуды қалай отырып, 30-ға да жетіп барармыз. Онда отырғандар да өзіміздей адамдар, ешқайсы көктен түскен жоқ. Алайда...

Алайда... Онда жалғыз экономикалық емес, басқа да жетістіктер талап етіледі. Соның ішінде қазақстандықтардың санасы, мәдениеті де соған сай болуы керек. Елбасы «Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуы тиіс. Бейбітшілік пен тұрақтылық, әділсот және тиімді құқық тәртібі дегеніміз – дамыған елдің негізі» деп атап көрсетті. Бірақ бүгінгі Қазақстан дәл осы талаптарды орындауға бет алып отыр деп айту қиын.

Дамыған 30 елдердің бәрінде, мәселен АҚШ-та адам өзін-өзі еркін сезіне алады. Өйткені, онда заң үстемдік құрып отыр. Егер заңды бұзбасаң, дұрыс жүрсең сен ешкімнен қорқпай, еркін тыныстап жүре аласың. Өзінді заңның қорғайтынына сенімдісің. Ал заң дегеніңіз бұл елдерде бәрінен де жоғары тұрып, монополиялық үстемдік етеді. Ешқандай әкім, бай-манап, қолына түрлі биліктің құлағын

ұстап отырғандар, тіпті құрметті ақсақал, халыққа еңбек сіңірген ер т.б. бірде-бір пенде оны бұза алмайды, бұза калса аяғы аспаннан бір-ақ келеді.

Ал бізде ше... Әзірге автожолдарды белгіленген жердің өзінде кесіп өту түгілі жаяу адамдардың жүретін жерінде корка соғып жүресің. Өйткені, бір дәрежелі шенеуніктің есерсок баласы ауыр көлігімен тротуарға шыға келіп, соғып кетуі ғажап емес. Ол үшін әлгі соққанға түк те болмайды, өйткені әкесі көлденеңнен келіп жатқан қол ақшаны көлдей кылып төге салады. (Жуырда ғана соның бір мысалы болғанын барша казакстандыктар көзімен көрді). Ауыр халде жатсаң да отбасыңа бір пайдасы тисін деп соның ұсынған тиынын алып, «екіжақты келісімге» келіп, есерсокқа ешқандай кінә артпаймын деп қол қойып бересің. Ал оның қылығының қоғамдық қауіптілігін ескеріп, не де болса жазаға тартамын дейтін заң жоқ. Сонда, халықты қорғауға тиісті заң қалталының ғана құқығын қорғап, оның арамнан жиған ақшасының алдында бас иетін секілді. Демек... Онда үстемдік жоқ. Біздегі үстемдік ақшада.

Немесе... немесе жасөспірім балаңды көшеде жоқ нәрсеге ұрындырып, қалтасына «бірдене» (есірткі) салып жіберуі, әлгі бәледен қарызданып-қауғаланып зорға құтылуы мүмкін. Кәсіпкерлерге істеліп жататын қысастықтар одан да көп. Сондықтан бәрі де полицияны, прокурорды, қаржы полициясы және т.б. құқық қорғау қызметкерлерін анадай көргеннен-ақ алдында жалбақтап, аузын майлап жіберуге дағдыланған. Әлеуметтік сауалдамаға қарағанда халықтың 10 пайызы ғана полицияға сенеді екен.

Жуырда ғана «Егеменде» «Астамшылық» деген мақала шықты. Авторы әріптесіміз Ш.Әміров. Онда Алматы қаласындағы Бостандық аудандық сотының ғимараты (әдейі қарайтып отырмыз) алдында Токкожа деген адвокатты Хамедов деген әумесердің ұрып кеткені жазылған. Ал енді содан бері жарты жыл өтсе де, адвокаттың таяқ жегенін талай адам көрсе де, кезекшіліктегі полиция қызметкері мен прис-

тавтың өзі арашаласа да, жедел жәрдеммен жәбірленуші ауруханаға жеткізіліп, орта дәрежедегі дене жарақатын алған деген сот-медициналық сараптамасының анықтамасы болса да қылмыстық іс қозғалмаған. Бұл не сұмдық екенін әркім өз әлінше салмақтасын. Қылмыс **соттың алдында** болып жатса, адвокат болып жүрген адамның өзі құқығын қорғай алмай жатса қарапайым халық құқығын қалай қорғай алады? Қозғалған қылмыстық істі тергеуші А.Қуанышұлы деген қысқартыпты. Ал прокурордың берген жауабы: «бұл іс уақытша тоқтап тұр» дегенмен шектеліпті. Қанша уақытка, не себепті, ол жағы белгісіз. Бұрын құқық қорғау қызметкерлерін «әрекетсіздігі» (за бездействие) үшін жауапқа тартқанды жиі еститін болсақ, осы күні заңның ондай бабы мүлде ұмытылған сияқты. Сондықтан біздегі құқық қорғаушылар қорғаудан гөрі қорлауға бейіл болып бара жатқанын күнде көреміз. Мұндай істер бірен-саран болса жақсы ғой, жаппай болып бара жатқанын шыққыр көзіміз күнде көріп жүрген жоқ па?

Адамдар үшін «тұруға жайлы» жағдайға жетпек түгіл, сөздің шынын айтатын болсақ, біз одан күннен-күнге кері кетіп бара жатқандаймыз. Ұсақ-түйек дүниенің бәрі де қол жетпестей қиындап, ауыр кедергілерге ұшырап жатқанында қандай жайлылық болсын? Мәселен, асығыстау болып, телефонның **ақылы** (назар аударыңыз, **ақылы**) анықтама-лығынан бір ұйымның нөмірін тез білгіңіз келсе жүйке тамырларыңыздың талайы жойылатынына алдын ала дайында-дала беріңіз. Алдымен «сіз 169 ақылы анықтама қызметіне қоңырау шалдыңыз» дегенді екі тілде асықпай айтады. Одан әрі «қазақ тілін таңдау үшін 1-ді, орыс тілін таңдау үшін 2-ні басыңыз», одан әрі, ұзақ сонар тағы бір қызметтерді, соның ішінде оператор бәлен, ауа-райын білу түген, валюта курсы содан, кинотеатр репертуарын анадан біліңіз деп езіп тұрып алатын автожауапберушіге не айтасыз? Шаруаңыз осы қызметке тіреліп, асығып, күйіп тұрғаныңызды телефон не қылсын, одан әрі музыка кетеді. Бұл қоңырау. Ол

да жүйкеңізді біраз жұқартқаннан кейін «қазір операторлар бос емес, күте тұрыңыз» дегенді естисіз. Тағы да музыка. Тағы да «күте тұрыңыз»... Қысқасы, жарты минөтте бітетін сіздің шаруаңызды жүйкені жұқартатын жарты сағатқа созбаса маған келіңіз. Әрине, бұл уақытта қолды бір-ақ сілтеп, телефон құлағын тастай саласыз.

Осы неге керек? Маған мұндай керексіз ақпараттарды тықпалаудың керегі не дегенді телефон басшылығына айтсаңыз, ойбой, сіз «жоғарғы сервисті» түсінбейді екенсіз деп өздерінікін дұрыс санап, ешқашан жағдайыңызды түсінуге тырыспайды. Өз түсініктерінде олар қызмет көрсетуді керемет жақсарттық деп ойлайды. Жақсартқаны жұрттың жүйкесін жұқартып жатқанына олар пыскырмайды да... Ал бір кезде осы **ақылы қызмет** мүлтіксіз істеп, халықты біршама қуантқанын да білеміз.

Егер бір мекеме, ұйымға барып, таныс адамыңызға жолығып, я басқа бір жұмыспен кіріп шыққыңыз келсе... Мұнда да жүйкеңізді алдын-ала ширата беріңіз. Алдымен бұрын қылмыскерлерге ғана орнатылатын аранға тап боласыз. Қазір ондайы жоқ мекеме некен-саяқ. Бұрынғы кезде зейнетке шыққан кемпір-шал атқаратын вахтерлық жұмысты енді 70 мың теңге тапқанына мәз болып, бет-аузы бес биенің сабасындай болатын бір қара дәу атқаратын болыпты. Ол сіздің құжатыңызды алып қалып немесе жазып алып жібере салмайды. Кімге келгенінді, неге келгенінді сұрап, алдымен тергеуге алады. Бастыққа келген болсаңыз хатшыға хабарласып, одан бастықтың рұқсатын күтіп, ол келген соң өткізу бюросына жіберіп, одан «рұқсат қағаз» алдырып қана ішке жібере алады. Кім болсаңыз да сол кепке тап боласыз. Бұл уақытта кем дегенде жарты, әйтпесе 1-2 сағат уақытыңыз өледі.

Сонда... Осы біз кімнен қорқамыз, жағалай террористер мен қарақшылар қаптап кеткені ме деген сұрақ туады. Жоқ әлде...

Ең сорақысы сол - біз бір-бірімізге сенуден қалып бара-

мыз. Бейбіт уақытқа карамай бірімізден-біріміз сезіктеніп, қауіп күтіп, қорқатын болдық. Осының әлегінен адамды сыйлау, оның құқы мен бостандығын қадірлеуден гөрі аяққа басу күннен-күнге ұлғайып барады. «Полицейское государство» деген осы емес пе екен? Бірақ ондай мемлекет дамыған 30 елдің арасында жоқ. Онда ең бірінші құндылық – Адам. Бәрі де сол адам үшін жасалады, адам үшін қызмет етеді. Барлық қызмет, өкімет органдары қарапайым адамға жағдай жасауды, қызметіне жарауды өзінің басты міндеті деп санайды.

Былтыр белгілі Ресей журналисі Владимир Познер Америкаға барғанда басынан кешкен бір оқиғаны өзінің блогында жариялады. Нью-Йоркке барып, қонақүйге орналасқаннан кейін ол паспорттың жоғалтып алғанын біледі. Ертесіне қаланың паспорт орталығына барып, түстен кейін жаңа паспорт алып шығады. Бізде ғой мұндай шаруа кем дегенде екі аптаға созылар еді. (Әрине, Ресейде де солай.) Риза болған Познер өзінің міндетін мүлтіксіз орындап және бұл үшін ешқандай «қосымша ақы» талап етпей, жарты күнде жаңа паспорт жасап берген адамға алғыс айтайын десе анау: «Сэр, сіз бұл үшін салық төлейсіз ғой» депті қатқыл үнмен.

Ал біздің шенеуніктер әрбір адамның салығының арқасында өзінің тамағын асырап отырғанын қаперіне де алмайды. Оның ойынша оған еңбекақыны өкімет төлеп жатыр. Сондықтан білетіні өкімет қана. Ал өкіметке ақша қайдан келіп жатқанын ойлап, олар басын ауыртпайды.

Президенттің талап еткен «адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы» елдің біріне айналу үшін соншалықты үлкен кедергіден, алынбайтын қамалдан өтудің керегі жоқ. Тек, әркім өзінің істеген жұмысына адал, мәдениетті, саналы болса болғаны. Ондық әлеует біздің халқымызда бар. Өйткені, халқымыз жаппай сауатты, ең құрығанда орта дәрежелі білімі бар. Демек, бұл іс әркімнің қолынан келеді. Алайда ол үшін қоғамымыз жаппай сауықтандырылуы керек. Соның ішінде қоғамымызда заңның талаптары қатал орындалатын дәрежеге көтерілгені дұрыс.

Парламент жуырда ғана Қылмыстық кодекстің жаңа, жетілдірілген нұсқасын мақұлдады. Онда қылмыстың жаңа түрлерін ауыздықтаумен қатар бұрынғы «былқылдақ» баптардың бірсыпырасы күшейтілді. Мәселен, ендігі жерде алты адамды соғып кетіп, оның біреуін өлтірген адам сшқашан ақшасымен жазадан құтыла алмайды. Мұндай жағдайда қылмыстың қоғамдық қауіптілігі ескеріліп, жазықтыны міндетті түрде жазаға тарту белгіленген.

Елбасы өзінің Жолдауында мәдени саясаттың ұзақмерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігін айтты. Демек, Президент барынша дамыған 30 мемлекеттің қатарына өту деген сөз тек экономикалық көрсеткіштермен ғана шектелмейтінін көрсетіп, сананы өсіріп, адамдарымыздың мәдениетін көтеру жолында да еңбек етуді талап етіп отыр.

Ұзақмерзімді тұжырымдама халқымыздың санасын көтеріп, мәдениетін жоғарылатуға үлес қосар деген үміттеміз. Алайда ол тек мәдениет саласы қызметкерлеріне ғана қатысты болып, халқымыздың қалың көпшілігіне қатысты болмаса одан пайда жоқ. Осыдан екі жыл бұрын Президент кейбіреулердің қала көшелерінде дұрыс жүре алмайтындығын, кез келген жерде қокыс (темекінің қалдығы, сағыз, шекілдеуік т.б.) лактыруға бейім екенін қатты сынағаны бар. Соларды тоқтату үшін айыппұл салу керектігін айтты. Сол талаптың кезінде, одан кейін де көшелеріміздің біршама тазарып қалғанын көрдік. Осындай талаптан 1-2 жыл бұрын Астананың ең орталық көшелерінің бірінде бағдаршамға тоқтаған мәшиненің есігі кенет ашылып, жүргізушінің күлсалғышын көшеге актара салғанын да көрген болатынбыз. Ондай сұмдықтар қазір жоғалды. Демек... тәртіп батылырақ талап етіліп, басымырақ айыппұл салына бастаса, халқымыз бір демде түзу жүрудің, мәдениетті тұрудың жолына түсер еді. Ұзақмерзімді мәдени саясаттың тұжырымдамасында халықтың көшеде, қоғамдық орындарда өзін-өзі мәдениетті ұстай білуі сияқты «ұсақ» нәрселер де қамтылуы барынша дамыған 30 елдің қатарына енудің маңызды шартының бірі.

Ауылдан келген жастар жамандығынан емес, көбінесе білмегеннен де мәдениетті жүрудің жолдарын біле бермейді. Кез келген жерге түкіру, коқыс шашу, айғайлап сөйлеу, катты ысқыру т.б. сияқты ауылдағы «еркіндіктер» қалада қол емес екенін білдіріп отыратын шаралар жасалса ғана олар бойларын түзу ұстауға үйренеді.

Мұндай дәрекіліктерді жеңерміз-ау, ал санамызды жаппай торлап алған ақшаға деген ашкөздікті қалай еңсереміз? Осы күні жоғары қызметтен бастап ең төменге дейінгі кез келген шенеунік өзіне ісі түскен азаматтан «бірдеңе» түсіргісі келіп тұрады. Және осы «жұқпалы дерт» күннен-күнге дендеп барады. Біздіңше оны жоятын жалғыз шара тек діни қағидалардың алғышарттарын адамның бойына сіңіруге ғана секілді. Тек имандылық жолы болмаса басқа дүниенімен (айыппұлмен, соттаумен) оны тоқтату қиын. Құдайдан қорққан адам ғана қолын таза ұстайтын шығар. Басқа дүниеге біздің қауым енді тоқтамайды. Сондықтан діннің алғышарттары, имандылық әліпбиі мектеп бағдарламасына енгізіліп, «таза адам», «таза қол» қағидасы саналарға бірден сіңірілуі керек. Бұл іс Қазан төңкерісіне дейін білім алып, имандылықты біліммен қатар бойға сіңірген барлық ұстаздардың аузынан түспеген. Ғ.Мүсірепов те өзінің алғашқы ұстазы Бекет Өтетілеуов туралы жазғанда ол кісінің «әрқашанда қолдарынды таза ұстаңдар» деген сөзін сабақ сайын айтатынын еске алады.

Сонымен қатар бұл істі әлемдік және дәстүрлі діндердің бәрі де уағыздайтынын жеткізе алатын үздік оқулықтар жазылғаны жөн. БАҚ-тан да тұрақты түрде имандылыққа уағыздайтын үздік, қызықты хабарлар беріліп тұрса, оның да әсері аз болмас еді. Мәдениеті бізден гөрі жоғары дамыған, алдыңғы қатарлы 30 елдің бәрінде де діннің осындай тұстары терең насихатталып тұрады.

Сондай-ақ адамды мейірімділікке, жүрегін ізгілікке баулитын фильмдердің көп түсіріліп, үнемі көрсетіліп тұрғаны керек-ақ. Біздегі атыс-шабыс, қанды судай ағызатын, адам-

ды қанішерлікке баулитын фильмдер жоғарыда аталған 30 елдің телеэкрандарында әлдеқашан көрсетілмейтін «арзан дүниелер». Ондайлар тек Ресей бастаған ТМД елдерінің экрандарынан ғана түспейді. Және соның көрсетілуін қалап, халықтың психикасының бұзылып, қаныпезерге айналуын жақтайтын бір қаржылық топтар да бар. Ондайлар осындай арзан дүниелерге түрлі сыйлықтар беріп, жарнамалар да жасап жатады. Сөйтіп халықтың пейілінің бұзыла түсуін қалайды.

Қазіргі қазақ фильмдерінің де көбі сондай. Қолдан ашыланып, бір-біріне шаңқылдап жатқан персонаждарды жиі көресің. Оның үстіне қазақ киносында шебер актерлер әлі де аз. Көбі кино мен театрды шатастырып, театрдағы актердің шеберлігі дегенді басшылыққа алып, түрлі образдар жасамақ болып, қабақтарын түйіп, тамақтарын кенеп т.т. сөйлеп жатқан жасанды қылықты әртістер кинода көрінуге тиісті шынайы өмірді жасай алмайды.

Адамның бойына ізгілік нұрын құятын, сонымен бірге тәубеге келуге ықпал ететін орыстың «Француз тілінің сабақтары», поляктың «Емші», иранның «Жәннат балалары», еврейдің «Пианист» және т.б. сияқты фильмдер түсіруге ешкім мән бермейді. Ал олар біздің қоғамға ауадай қажет дүниелер. Мәдени тұжырымдама бойынша нақ осындай фильмдер түсіруге ғана қаржы бөлінуі керек.

Біздің 2050 жылға апаруға болмайтын бойымыздағы ең кесір «дертіміз» рушылдық. Осы бір дерттің кесірі ұзақ жылдар бойы ұлттың дамуында аяғымызға тұсау, қолымызға бұғау болып келгенін білсек те содан ажырай алмай қойдық. Қазақ қанша жерден бір-біріне мейірі түсіп, бауыр еті езіліп тұрса да жақтасынын руы басқа екенін білген жерде тосылып қалады. Осы бір келеңсіз дерт бүгінгі күні тіпті аскынып барады. Тіпті жап-жас қыздардың өзі ол «арғын ғой», «албан ғой», «адай ғой» десіп қырық пышақ болып бөлініп жатқанын көргенде тұла бойың түршігеді. Жуырда бір тойда исі қазақтың ақылшысы, күллі түркі дүниесінің

бетке ұстар ерлерінің бірі - Қазақстан Президентін «менің інім, менің бауырым» деп меншіктеп алған бір жаман кемпір жұрттын бәрін ығыр қылды. Сондағы мақтанатыны Президентімізбен бір рудан екен. Ондай адамды жеке меншіктеуге сенің құшағың тар ғой деп ақылсыз адамға қалай айтарсың, ешкім де үндемей отырды. Ал егер әркімнің руын айтып мақтануын немесе біреудің руын сұрап қазбалауын заңмен тыйып, осындай сөздер айтқан адамға 100 немесе 200 АЕК көлемінде айыппұл салынатын болса, ешкім де қоғамдық жерлерде руды ауызға алып, өзі де аз қазақты бөле-жаруды қояр еді. Санадан мүлде сызып тастамасак та әкімшілік қылмыс деп танылған соң оған бәрібір шектеу болар еді. Ал бұл дерт санамызда жүрсе біз ІЖӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі 100 мың долларға жетсе де жоғары мәдениетті ұлт бола алмаймыз.

Елбасы өзінің Жолдауын «бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп атап отырғаны да осындай дерттерден адалануды көздегеннен туған идея екені көрініп тұр. Сондықтан аталмыш Тұжырымдама да, кейінгі шығатын заңдар да осындайдың бәрі ескерілуі қажет.

2013 жыл

АҚ ЕТІКТІ АПАЙ

Ұзын бойлы, өткір көзді, өзі де, сөзі де, тіпті ісі де ірі сияқты көрінген Жұлдызай Бисенбаевамен бізді Желтоқсан қозғалысының белсенділері таныстырды. 1986 жылғы оқиғалар кезінде «ақ етікті апай» атанған, жастарға мұздай су шашып жатқан өрт сөндіргіш мәшиненің шлангасын жұлып алмақ болып ұмтылған қазақтың жанкешті қызын алаңға шыққан жастар ұмытпапты.

Жұлдызай Қанапияқызы 1946 жылы Қостанай облысының Қамысты ауданында дүниеге келген. Өмір талқысы оны алақанға салған жоқ, төрт жасынан анасынан айрылып, жау-танқөз болып, аңырап қалды. Әкесі Қанапия белсенді коммунистердің бірі болған. Ол кісі «партияның шақыруымен» 1954 жылы «Алтынсарин» есімі берілген тың кеңшарына алғашқылардың бірі болып көшіп келіп, жұмысқа тұрады. Қазір бұл өңір «Алтынсарин стансасы» деп аталады.

Кент тұрғындары негізінен тың көтеруге келгендер, қазақтар жоқтың қасы. Осы жерде Жұлдызай орысша орта мектеп бітіреді. Әкесінің соңынан қалмай жүріп, мәшинеден бастап барлығын жүргізуді әбден үйреніп, техника құлағында ойнайтын болады.

Жасынан алғыр, өткір, әрі белсенді болған оны мектеп бітірген соң-ақ жастар ұйымының көшбасшылығына сайлайды. 1968 жылы Қостанай пединститутының физика-математика факультетін де аяқтайды. Тапсырған істі ұршықтай иіріп, жалындап тұрған жасты 1969 жылы аудандық комсомол комитетінің хатшылығына сайламақ болады. Бірақ ауыл шаруашылығымен ғана айналысатын аудан болғандықтан комсомолдың хатшысы да осы саланы жақсы білуі керек, мұғалімдік білім бұл жерге жарамайды деген сылтаумен оны өткізбей тастайды. Бұл намысты қыздың жігерін жанып, сендерге ауыл шаруашылығы білімі керек болса, мен оны Мәскеудің өзінен аламын деп 1970 жылы Тимирязев

атындағы ауыл шаруашылығы академиясындағы экономика факультетінің күндізгі бөліміне оқуға түседі.

Мұнда да белсенді, коммунист жас бірден көзге түсіп, қоғамдық жұмыстарға қызу араласып кетеді. Қазақ елінің бір түкпірінен келген қыз одақ астанасындағы аудандық кеңестің депутаты болып сайланып, факультет комсомол ұйымының хатшысы сияқты қызметтерді атқарады. Тәжірибе алмасу бағдарламасы бойынша Болгария, Чехословакия, ГДР сияқты социалистік елдерге де барып қайтады. Көңілі жарасып, осындағы агрофакта оқып жүрген Нұрайдар Салдаров деген қазақ жігітіне тұрмысқа шығады.

Жұлдызай 1976 жылы академияны ойдағыдай бітіріп, Қарлығаш есімді тұңғыш қызын көтеріп, жолдамамен Алматыға келеді. Ол кезде бір ауыз қазақша білмейтін, өзі де, сөзі де адуынды қазақ қызы ешкімге ұнай қоймайды. Сөйтіп оған оған мұнда орын табылмай, Күрті ауданындағы Күрті кеңшарына бас бухгалтердің орынбасары, ал жолдасын бөлімшенің агрономы етіп жібереді.

Бұл кезең Кеңес Одағындағы айтулы жылдардың бірі еді. Өйткені СОКП XXVI съезіне дайындық жыл бойы қызу жүріп жатқан-тын. Жұлдызайдың бірге оқыған Женя деген жолдасы сол кезде «Правда» газетінің ауыл шаруашылығы бөлімінде істейді екен. Сол Салдаровтар отбасына «съездің қонағы» болуға арнайы шақырту жібереді. Оған екінші қызына таяуда босанған Жұлдызай бара алмай, жолдасы Нұрайдар кетеді. Мәскеудегі жолдастары оның әлі күнге бөлімше агрономы болып жүргеніне қайран қалады. Сөйтіп, намысшыл курстастарының көмегімен ол Мәскеуде съезді қызықтап жүргенде мұнда қалған әйеліне Салдаровтың ВАСХНИИЛ-дің Қазақстандағы филиалынан «Первомай» өндірістік-тәжірибе шаруашылығына директор болып тағайындалғаны жөнінде бұйрық әкеліп береді. Бұл да қызық факт. Қазақстанда шаруашылық басшысы болу үшін неше түрлі кедергілерден өтіп жатса, Мәскеуге тікелей бағынатын шаруашылыққа оның түкке де керегі жоқ екен...

Жұлдызайдың отбасы осы жерде екі жылға таяу болып, одан күйеуін Қаскелең ауданындағы «Шамалған» стансасында орналасқан «Дружба» кеңшарына ауыстырады. Бұл аудан ғана емес, облыс, республикаға белгілі аса ірі көкөніс тұқымын дайындайтын кеңшар болатын. Осында Нұрайдар 1986 жылға дейін директор болып қызмет істейді. Ал Жұлдызай өзі осындағы өнеркәсіптік кәсіпорынның бастығы болады. Осында қызмет етіп жүргенде кейіпкеріміз кандидаттық диссертациясын да қорғайды.

1986 жылы Нұрайдар ауырып қалып, Алматыдағы ауруханаға жатқызылады. Жансақтау бөліміндегі оған Жұлдызай таңертең бір рет, кешке бір рет келіп тұрады. Сөйтіп жүргенде 16 желтоқсан болады...

Сол күні Нұрайдар келіншегіне бір шаруамен Брежнев алаңында орналасқан Ауыл шаруашылығы министрлігіне соғып шығуды тапсырған екен. Ойында ештеңе жоқ Жұлдызай министрлікке барса, керек адамын таба алмайды. Есесіне: «Қонаевты орнынан алып тастапты», деген көңілсіз хабарды естиді. Дәлізде ерсілі-қарсылы сенделгендер оның орнына Мәскеуден бір орысты әкеліпті дегенді де күнкілдеп етіп айтып қалады. Бұл жаналық Жұлдызайдың төбесінен жай түсіргендей болады. Есіне Мәскеуде, «Правда» газетінде істейтін, бұларды съезге шақырған жолдастары Женяның 1985 жылы кездескенде: «Жақында Қазақстанның мұнай, газ өндіретін аймағын түгелімен Орынборға қосады. Өйткені, Горбачев Қазақстанда мұнай мен газ өңдеу зауыттары салынбайды, сондықтан олар шикізатты игере алмайды депті-мыс» деген сөзі ойға оралады. Бұл әңгіме Жұлдызайдың намысына қатты тиіп, қазақ жерінің Ресейге кетпегі іштей шырықтырған болатын. Енді мына ауыс-түйіс сол жоспардың іске аса бастағанындай көрінеді. Қазақ жерін бөлшектеуге көнбеген Қонаевты алып тастап, айтқанынан шықпайтын өз адамдарын әкелген ғой деген ой оның қанын басына шаптырады.

Ішіне көп нәрсе жимай, орысша мінезбен өскен Жұлды-

зай сол жерде өзімен сөйлескендердің бәріне жоғарыдағы жайды жайып салады. Бұл олардың зығырданын кайнатады. Кейбіреулері мұндайдың шет жағасын естіген де болып шығады. Көптің арасынан Қонаевқа барып жолығуымыз керек, біз – бәріміз де коммунистік, бәріміз де оны әрқашан қолдадық, енді неге ол күтпеген жерден кетіп отыр. Қазақстанның бөлшектенетіні рас па? Бізге себебін айтсын деген ұсыныстар шығады. «Давайте, завтра с утра все пойдем в ЦК, встретимся с ним», деген ұсынысты орыс, қазақтың бәрі бірауыздан қолдайды.

Кеудесін намыс қысқан Жұлдызай осы сөзге тоқтап, әріптестерімен бірге министрліктен шықса, Брежнев алаңына сол кездің өзінде көптеген адамдар жиналып қалған екен. Келіншекке жұрттың бәрі де ашулы, бәрі де наразы сияқты болып көрінеді. Бұл қалып Жұлдызайдың намысын қайрай түседі. Ол ертең міндетті түрде келемін деп шешеді.

Осы жерден әрі біз жұртқа белгілі болған фактілерді емес, тек Жұлдызайдың өзінің бастан кешкенін ғана баяндаймыз.

«Ертесіне алаңға келсем, біраз адам жиналып қалған екен. Сол жерде ОК-ның бұл шешімі дұрыс емес, Қонаевты бұлай шығармау керек еді, орнына ел жағдайын жақсы білетін өзіміздің республиканың адамын қою керек деген сияқты сөздер ақырын да, қатты да айтылып жатты. Осы күндері алаңда тек жастар ғана болды десіп жүр. Ол дұрыс емес, мен қатарлы адамдар да, тіпті бізден үлкен кісілер де сол жерде болды. Орыс халқының өкілдері де аз болған жоқ. Бірақ ереуілдеген наразылықтар негізінен бірінші басшылыққа басқа жерден келген орыс өкілінің тұрғанына деген қарсылыққа ойыса түсті. Бір кезде «көшелерге шығып, барлық қазақ азаматтарын қатарымызға қосып алайық» деген идея айтылып, оны бәрі қолдап кетті. Сол уақытта «қайта құруды», «демократия» деген ұрандар да шығып, халық өзінен өзі күшейе бастаған жоқ па, сол бізге де күш бітірген еді. Содан көше-көшені аралап кеттік. Ол сапарларды қазір жұрттың бәрі біледі. Жазушылар одағының алдына барып,

Олжаска айғайлағанымыз – бәр-бәрі белгілі. Халық бірлесіп, осылай қосылып сөйлегенде, бір-біріне қуаты дарып, өзінен-өзі күшейе береді екен.

Содан алаңға қайтып келсек, төңіректі қолдарына шүберек байлаған халық жасакшылары мен милиция екі қатар қылып қоршап алыпты. Сырттан келген бізді кіргізбейді, іштегі қалған топты сыртқа шығармайды. Тағы бір ұрандар көтерген қалың топтар да келді. Сол жерде мен жүгіріп алға шығып, Лениннің портретін ұстайық және «Да здравствует ленинская национальная политика» деген ұранды алға қояйық, сонда бізге ешкім тимейді деп айғайладым. Солай етсек те бізді кіргізбеді. Сонсоң «Береке» дүкенінің маңынан бірақ халатты қыз жүгіріп шығып, бізге мына жерден өтіндер деп айғайлады. Дүкеннің алдында қазылып қалған шұңқыр бар екен, біз сол жердегі саңылаумен алаңға күшпен кірдік. Ал сол ақ халатты қызды артынан, 20 жыл өткен соң тауып алдық. Ол Гүлнәр Ыстықбаева екен.

Төбелес болады деп ешкім де ойлаған жоқ, бәрі күліп-ойнап жүрді. Әркім өзінше айғайлап жатыр, бәріміз өлең де айттық. Біздің мақсатымыз Қонаевты шығарып, сөзін есту еді. Арамыздағы орыстар: «Он нам как отец родной, пусть с нами попрощается», дейді. «Кунаев, Кунаев!» деп айғайладық. Мен мінберге үш рет шығып сөйледім. Бізге Қонаев шықпайды, тараңдар, жұмыс орындарына барындар деп сөйлегендер көп болды. Бірақ оларды ешкім тыңдаған жоқ. Біреулер оларға тас лақтыруды бастады. Оған себеп бір қазақ бастықтың орысша сөйлегені болды. Ысқырған топ оған қазақша сөйле десе анау мән бермеді, сонсоң тас лақтыру басталды. Мен өзімнің сөздерімде балаларды тыныш тұруға, арандатуға ермеуге, төбелеске шықпауға шақырдым.

Арамыздан делегация жіберіндер, біз Қонаевпен ауызба-ауыз сөйлесейік десек, құлақтарына ілмейді. Талап етіп қоймаған соң, бір жас балаларды жіберді. Мен секілді үлкен кісілерді жолатпайды. Ересектер мені барсын деп итереді, ал милиция бізді кіргізбейді. Сөйтіп, жауапқа жарымадық.

Әйтеуір, екінші жіберген делегацияның арасына елулер шамасындағы бір кісі еніп кетті. Сол ағамыз шығып, Қонаев өзі арыз жазып кетіпті, деді.

Кешке қарай әскер қаптап келіп, аланды тығыз шеңбермен қоршап алды. Арандату солардың жағынан басталды. Мен шырылдап, балаларға төбелеспендер, тыныш тұрындар деп жүрген едім. Сол кезде бір әйелдің: «Ана қызды өлтірді ғой, азаматтар болыспайсындар ма?» деп жанұшыра шыңғырған дауысы естілді. Жастар сол жаққа қарай ойысты. Сол кезде төбелес басталып кетті», дейді Жұлдызай.

Бізбен кездесуге Жұлдызай Бисенбаеваның қасында тағы бір апай келген еді. Шырынкүл Өсер есімді бұл жан да желтоқсанға қатысушы екен. «Ана қызға болыссандаршы», деп айғайлаған мен едім, – деді ол. – Көз алдымда өрімдей бір жас қызды милиция формасындағы енгезердей орыс теуіп құлатты да төмпештей бастады. Шыдамаған мен жүгіріп барып, арашаламақ болған едім, ұшырып түсірді. Сол кезде мен жігіттерден көмек сұрап айғайладым», деді ол.

Өсер Әжіқызының да әңгімесі адамның төбе шашын тік тұрғызады. Оны Қылмыстық кодекстің «қасақана кісі өлтірді» деген 88-ші бабымен соттамақшы болған екен. Бірақ бұл жерде біз оның әңгімесін айтып беруді басқа жолға қалдырып, Жұлдызайдың кейінгі тағдырына оралайық.

Сол күні кеш бата аланның барлық жағы қоршауға алынады. Жалғыз милиция емес, солдаттар да, курсанттар да бар – бәрі аланды қоршайды. Тым-тырақай төбелес басталып кетеді. Арматура кесіндісі, сапер күрекшелерімен қаруланған жасақшылар мен солдаттар жастарды аямай, соғып жатты. Жұлдызайдың да басына сілтенген темір шекесі мен мұрнын жырып кетіп, қызыл қанға бояйды.

Осы жерге дейін әңгімесін бір деммен айтқан Жұлдызай апай әрі қарай ауыр күрсініп, біршама уақыт үнсіз қалды. Сол кездің суреттері көзіне елестеп, жүрегі ауырып кеткен сияқты. Жаңа ғана жалын атып тұрған оның көздері де боталап кетіпті.

Кешке карай алаң тегіс канға боялды. Жарасы жанына батып, козғала алмай қалғандар, шашылған киім, түсіп қалған шәлі – бәрі-бәрі тротуарды толтырып тастады. Жастардың шынғырған дауысы естілмесін деген болуы керек, бір қатты музыкаларды жіберіп қойыпты. Олардың үнінен құлақ тұнады. Алаңға келген «жедел жәрдем» мәшинелері құлап жатқан жастарды алған жоқ, тек солдаттар мен жасақшыларға көмек берумен болды. Бұған ызаланған жастар кейбір «жедел жәрдем» мәшинелерін төнкеріп тастады. Өрт сөндіргіш мәшинелер де өкіре кіріп, мұздай суды шаша бастады. Мен сондайдың бірінің шлангысына жармасып, ағытып тастамақ болған едім. Жастардың есінде сол сурет қалып қойыпты. Артынан Тоқтар, Ертас және тағы басқа жігіттер: «Сіздің аяғыңыздағы ақ етік есімізде қалды дегендер көп болды», деді.

Сол түні қоршаудағы алаңнан Жұлдызай зорға қашып құтылады. Жалғыз-ақ Сәтбаев көшесі арқылы қазіргі «Достық» даңғылына дейінгі жол ашық екен, қалған ел сонымен жөңкіле қашады. Әйтеуір бір үйдің кіреберісіне (ол кезде подъездер жабылмайтын еді ғой) еніп кетіп, аман қалдық. Өзге жұртты темірмен, күрекпен сокқылап, итпен қуып бара жатты, дейді ол.

Бір қызығы демонстранттардың арасында қыздар көп таяқ жеген екен. Өйткені, балаларды ұрғызбайық, қыздарға тие қоймас деп алдыңғы лекке кілең соларды қойған едік, дейді ол. Бірақ солдаттар мен жасақшылар оларды да еш шімірікпестен, бастан ұра беріпті.

Тығылған жерден шығуға да қорқып, қыздар көп жатады. Тек сырттан қазақ жігіттерінің дауыстары шыққанда ғана бәрі далаға шығады. Бұл жерден алаң алақандағыдай көрінеді екен. Өйткені оған жарық самаладай болып түсіп тұрады. «Сол жерде құлап қалған, жатып қалған жастарды автобустарға, жүк мәшинелеріне аяқ-қолдарынан ұстап лақтырып жатқанын көзіммен көрдім. Одан әрі мәшинелер тау жаққа бет алды. Мен өзім ғана солай жүрген сегіз мәшинені санадым», – дейді Жұлдызай апай.

Сол түні кейіпкеріміз таныстарының үйіне түнгі сағат 3-те жетіп, қонады. Ал ертесіне не болғанын білмек болып, көшеге шығып, Абай даңғылында қалың топ болып келе жатқан жастармен жолығады. Оларға өзінің кешегі көргенін, яғни сегіз автобуспен адамдарды тиіп әкеткенін айтады. Милицияға да мындаған жастар камалғаны белгілі болады. Сол жерде: оларды қамаудан босатсын деп талап етейік дегенге уағдаласады. Бірақ осы кезде бұлардың қасына тоқтаған ақ «Волгадағы» милицияның үлкен шенді адамы бұған: «Женщина, садитесь, мы с вами со вчерашнего дня знакомы», дейді. Бірақ Жұлдызай отырмайды және жанына топталып қалған жастар да жібергісі жоқ-ты. Сол кезде басқа жақтан милиция қызметкерлері жүгіріп келіп, оны жанындағы үш жігітпен бірге машинаға күштеп отырғызып, аудандық милиция бөліміне жеткізеді.

Одан КГБ-ның түрмесіне апарады. «Артық айтпаймын, мені ешкім ұрған жоқ, бірақ барынша қорқытты. ОК-дағы ұйымдастырушының атын ата, сен оның адамы екенінді білеміз. Осыны ұйымдастырушылардың бірі сенсің, ату жазасын алатын боласың деген қоқан-лоқылар көп болды. Қабырғаға қойып, екі жағымнан пистолеттен оқ атып та қорқытты. Бір сәт көзім көрмей қалған да кездер болды. Ең қызығы халық ешкім ұйымдастырмай-ақ өздері жиналды деген шын сөзімнің біріне сенбейді. Мені ОК-мен тікелей байланыстағы адам деп қана ұғып тұрды. Бірнеше рет ауысқан тергеушілердің бәрі де солай ойлады», дейді Жұлдызай апай.

Ақыры менін ауылдан келгенімді тексеріп көрмек болып, Қаскелең аудандық партия комитетіне телефон шалды. Ондағылар кім екенімді айтумен қатар, барынша жамандап, ол партия мүшесі болса да принципшіл, айтқанға көнбейді деп зарлап қоя бергендерін құлағыммен естідім, дейді.

Сонымен, алдымен партия қатарынан шығару үшін оны Қаскелең ауданына алып барады. Сол күні бір Жұлдызайды партиядан шығару үшін аудандық активті түнгі сағат 2-ден

әкеліп отырғызып қойған екен. Партия мүшелері бірауыздан Жұлдызайды партиядан шығаруға қол көтереді. Бәрі де кешегі достары, таныстары. Әрқайсымен қалжындасып, әзілі жарасып жүретін жандар. Колесников деген КГБ қызметкерінен басқа бірде-бір адам ара түсіп, жанашырлық білдірмейді.

Бұл үлкен соққы болатын. Бұдан кейін ешқандай жерге жұмысқа тұру, қызмет бабында өсу деген атымен жоқ-тын. Әйтеуір сол күні қайта алып кетпек болғандардан аудандық КГБ бастығы П.Колесников, кеңшар партия ұйымының хатшысы И.Лобарь, аудандық атқару комитетінен А.Горкопенко деген азаматтар жас баласы бар, оның ешқайда қашпайтынына біз кепіл боламыз деп ара түсіп, оны жендеттің тырнағынан құтқарып, үйіне қайтарады. Бірақ әрбір он күн сайын келіп, белгіленіп тұруға мәжбүр етеді.

Жолдасының осындай жағдайға тап болғанын естігенде көптен жансақтау бөлімінде жатқан Нұрайдар қайтыс болады. «Басыма іс түскен сондай қысылтаян кезде мен жақсылықты көбінесе басқа ұлт өкілдерінен көрдім», дейді апай. Күйеуінің орнына тұрған кеңшар директоры болған В.Сайкин бұған: «Сені заңның бабымен шығаруға қолым бармай тұр, бұрынғы күнмен «өз еркімен кетті» деп шығарамын», деген көмек жасайды.

Ешқандай жер жұмысқа алмайды. Кеше ғана үйін сыпырып, отын жағып беріп жүретін көршілеріне дейін теріс айналып, амандасуға жарамағанда Сулейман деген түрік азаматы мұның өтінішімен өзінің бұрынғы кәсіпорнынан материалдар әкеліп, қолғап тіккізеді және оны өз әйелінің атынан өткізіп, ақшасын Жұлдызайға беріп отырады.

Бір күні кеңшар директоры В.Сайкин үйді босатуды талап етеді. Өйткені директорға арнап салынған, аумағы атшаптырым үйге қызығушылар көп болған екен. Соның ішінде астық қабылдау кәсіпорнына (АҚК) жаңадан тағайындалған Данабай деген азаматқа үйді алып бермек болады.

Бұл талапты орынды көрген Жұлдызай басында көніп

калса да, кеше ғана өмірден өткен күйеуінің қолының ыстық табы қалған қарашанырақтан айрылғысы келмейді. Түнімен жылап, көз ілмей шығады. Ертесіне үйдің жанына мәшине тоқтап, директор бастаған 3-4 адам аулаға беттегенде Жұлдызай үйдегі қосауыз мылтықты алып шығып: «Мен ешкімге зиян қылған жан емеспін, халық жауы атанған жоқпын, бар жазығым халқымның намысын қорғадым. Кеше күйеуімнің денесі осы үйден шықты. Сондықтан мен бұл үйді бере алмаймын. Ал күшпен аламын десеңдер, мен қаным бұзылған адаммын. Маған бәрібір, бесеуінді де жайратамын, сосын екі баламды, өзімді атып өлтіремін. Осыған тұрсандар тағы бір қадам аттандар», депті.

Әйелдің әбден ашынған түрін көрген Сайкин: «Ну, ее к черту», деп қолды бір сілтеп, кетіп қалады. Содан кейін үйді аламын деп ешкім келмейді. Бірақ бірде Данабайдың өзі келеді. Ол отбасы үлкен екенін айтып, Жұлдызайға басқа жерден кішірек пәтер беруге, гараж да салып беруге уәде етеді. Ең бастысы АҚК жұмысқа алуына болатынын да айтады. Осы соңғы сөзге елп еткен Жұлдызай көніп қалады. Ертесіне одан хабар болмаған соң, екі күн өткен соң үйді қашан босату керек екенін білмек болып өзі барады.

Сөйтсе... Данабайдың әкесі, казактың ақылгөй ақсакалы: «Өзі де басына іс түсіп жүрген жесір әйелдің үйін тартып алғанымыз обал болады, ол саған құт болмайды», – деп баласын тоқтатқан екен. Содан қайтып Жұлдызайдың үйіне қызығушылар болмапты.

Күндер өте береді. Қайғыға «қарағайдың қарсы бұтағындай қарсы тұрған» Жұлдызай жасымай, екі қызын жеткізуді ойлап, жасырын қолғап тігіп, тамағын асырап жатады. Бір күні үйіне Володя Быков деген жігіт келеді. Бұл кезінде прораб болып істеген, кейін ішіп кетіп, қара жұмыс істейтін жан екен. Әлгі даладан айғайлаған бойы: «Канапиевна, дай трояк, умираю», деп келеді. Неге екенін білмеймін, осынау, өзімсіне айтылған сөздер менің жүйкемді босатып жібергені ғой», дейді апай. Сол жерде еңкілдеп, ботадай

боздадым. Ағыл-тегіл кеткен көз жасыма ие бола алсамшы. Аракка ақша сұрай келген мас адамның өзі қатты сасып қалды. Сөйтсем, жүйкемнің бәрі тек шабуыл жасаған жандарға, тек жамандық атаулыға домбыраның шегіндей әбден қатып, өзімсіне, жақын тартып сөйлеген дауысты естігенде бірден босап кеткен сияқты, деп күледі ол қазір. Артынан сол В. Быковпен бірге бірнеше адамды біріктіріп, кеңшардан техника алып, жалгерлік бригада құрып жеке кәсіпкер болып кетеді. Артынан көшіп кеткендердің жер пайларын да сатып алып, 12 гектар суармалы алқапқа ие болып, қант қызылшасын өсіреді. Әрі іскер, әрі білгір жанның шаруасы дөңгеленіп, аудан басшыларының өзі мұның алдына келіп, көмек сұрайтын халге жетеді. Ол ол ма, оңынан тұрған жел оны жебей түсіп, халықаралық қорлармен байланыстар жасап, жаңа техникалар алып, озық технологиялармен жұмыс істеуге қол жеткізеді. Жұлдызай апайдың бұл істегі жетістіктерін айтсақ, бір мақаланың шеңберінен шығып кетер едік. Тек енді оның қалай алданғанын ғана бір ауыз сөзбен айтып кетейік.

Бірде аудан басшыларының бірі келіп, Шамалғаннан қазақ мектебін салғалы жатырмыз, соған сіздің жерден 1,8 га алайық деп едік, есесіне сізге басқа жерден 5 га үлес береміз деп жер актісін сұрайды. Қазақ мектебі деген соң жан бар ма, барлық қағаздарымды қолына ұстата бердім, дейді апай. Сонымен біраз уақыт өткен соң ауданға барса, өзінің өзгертілген жер актісін түрлі себептермен қайтып ала алмайды. Сабылып бірнеше барады, құжат жоқ. Ақырында ауысып жатқан әкім-қаралардың мұның жерін сатып жібергені белгілі болады... Сөйтіп, аңырап-боздап апамыз қала береді. Әуелгі жермен келген құт апай заң қуып, есік-тесіктерді жағалап жүргенде ғайып болып, техникалары да, малдары да талан-тараж болады. Қазір желтоқсаншы апайымыз әділет іздеп Бас прокуратураның есігін тоздыруда. Біреулер желтоқсаншы ретінде ақталуыңыз керек деген соң Президенттің мұрағатынан Қаскелең аупарткомы жиналысының

1986 жылғы 21 желтоқсандағы мұны желтоқсаншы ретінде партиядан шығарған хаттамасының көшірмесін алады. Оны Бас прокуратураға әкеліп берсе, ондағы бір бастықсымақ сөзбұйдаға салып тағы да зығырданын қайнатады.

Сөйтіп, бір кезде туған халқы үшін алып империяға қарсы белдесуге жараған жүрек жұтқан, адуынды жан бұл күндері ешкімнің қадірін білмейтін ұсақ шенеуніктердің жемі болып, жүнжіп кетудің аз-ақ алдында жүріп жатыр.

PS: Желтоқсан оқиғасын көптен бері тереңнен зерттеген адамдардың еңбектерінен де Колбиннің келу себептерін түгел біле бермейміз. Жұлдызай Бисенбаеваның әңгімесінен бір себептің ұшы қылтиып қалғанын зер салып оқығандар аңғарған болар. Ол – Горбачевтің мұнай мен газ шығатын Қазақстанның батыс аймақтарын Орынборға қосқысы келгені туралы әңгіме. Осының шындығын анықтау да Желтоқсан оқиғасының маңызын аша түсер еді.

2011 жыл

ШЫРҒАЛАҢ БОЛҒАН ШЫНДЫҚ

Шындық – барлық құндылықтардың
ішіндегі ең қымбаттысы.

Марк Твен.

Былыр, жылдың аяғында, нақтырақ айтқанда 22 желтоқсанда Франция Парламентінің төменгі палатасы 1915 жылғы «Армян геноцидін» мойындағысы келмеген адамдарды 45 мың еуроға дейінгі айыппұлға немесе бір жылға дейін бас бостандығынан айыруға жаза беруге негіз болатын заң жобасын мақұлдады. Екі ай бойы біраз дауға негіз болған бұл құжат акыры ақпанның аяғында ғана Конституциялық кеңестің шешімімен әуіріммен өтпей қалды.

Сонда біз: апырау, сонда бұлардың сөз бостандығына, ой еркіндігіне кепілдік береді дейтін мақтаулы демократиясы қайда деп таң қалған едік. «Армян геноциді» деген талас мәселе. Түріктер жағы ешқандай жаппай қыру, яғни геноцид болған емес, тек соғыс кезінің талабы бойынша армяндарды көшіруге мәжбүр болдық деседі. (Ондай жаппай көшіруді КСРО да 1941-45 жж. соғыс кезінде неміс, қырым татарлары, шешен, ингуш, Месхетия түріктері т.б. халықтарға қатысты жасаған болатын). Бірақ армяндар бізді тікелей қырған деп таласады. Француздардың заң шығару органы болса түріктердікі дұрыс емес, тек армяндар ғана шындықты айтады деп біржақты шешім қабылдады. Ал осыған мойынсұнбаған адам заң алдында жауапқа тартылады деген заңнамалық құжатты қабылдай жаздады. Демек, адамдардың әртүрлі ойлайтындығын, әртүрлі пікірі бар болуын немесе пікіралуандығын, естіген дүниеге күдік келтіру құқы барын бұлар керек кылып тұрған жоқ. Әлде мұндай жерде олар тек өздеріне тиімдісін ғана қолдай ма?

Францияда 0,5 млн-ға жуық армян диаспорасы бар көрінеді және олардың қоғамдағы ықпалы күшті. Бұрынғы пре-

зидент Н.Саркози сайлау алдында осы факторды өзіне пайдалану үшін армяндардың жоқтаушысы болып шыға келген деген сөз көп айтылады. Ал жер-көкке сыйғызбай, аузымыздың суы құрып мактайтын француздың демократиясы болса – сол күштінің колжаулығы болып жүре беріпті... Өздері адамзат қоғамында жабық тақырып болмауы тиіс, бәрін де халықтың білуге, зерттеуге, күмән келтіруге, сынауға какысы бар, олай болмаса адам құкын, сөз бостандығын аякка басу болып саналады деп бізге үйреткенде жақтары талмайды.

Жалпы, демократиялық дамудың шырқау шегіне жеттік дейтін Батыс өркениетінде осындай – адамның сөз бостандығын шектейтін, ой еркіндігіне құрсау салатын дүниелер бұдан баска да көп екен. Соның бірі - холокост мәселесі.

«Холокост» деген сөздің өзі грек тілінен аударылғанда «жаппай өртеу» деген мағынаны білдіреді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы неміс-фашистерінің еврейлерді жаппай қыруын осылай атайды. Осы уақытқа дейін айтылып келген белгілі ақпараттар бойынша Гитлер концентрациялық лагерлерде еврей халқын жер бетінен түгел жоюды мақсат етіп, олардың 6 млн. өкілін қырып тастаған. Соның ішінде Польшадағы Освенцимде (Аушвиц-Биркенау лагерлер кешені) адамдарды газбен өнеркәсіптік жолмен қырған деген түсінік қалыптастырылған. Бірақ оны зерттеген мамандар түрлі сандарды көрсетеді. Нақты құжаттар жоқ және қырылған адамдардың аты-жөндері анықталмаған. Ал зерттеушілер тек көз көргендердің кей-кейде бір-біріне қайшы келіп жатқан деректеріне сүйеніп, болжам бойынша өздерінің шығарып алған сандарын айтады. Мәселен, холокост жөнінде үлкен еңбек жазған Люси Давидович қырылғандар саны 5,37 млн. десе, тағы бір зерттеуші Рауль Хильберг өзінің үш томдық «Истребление европейских евреев» деген еңбегінде барлық 6 лагерьдегі қырылғандар 2,7 млн. адам деп, Давидовичтің сандарын 2,67 млн-ға азайтқан. Бірақ... бірақ кім қалай айтса да Гитлер барлығы

6 млн. еврейді қырған деген түсінік ешқашан бұзылған емес. Ал енді осыған қарсы шығып, тіпті күдік келтіріп, ғылыми жолмен оның жалғандығын дәлелдегісі келген адамдар болса – олар Еуропадағы «оркениеттің өріне шыққан» елдердің өзінде заң алдында жауапқа тартылады. Бірақ көптеген елдің зерттеушілері бұл «сионизмнің ойдан шығарған аңызы» деп айтудан және оны дәлелдеуден жалығар емес. Тіпті көптеген еврейлердің және олардың кейбір ұлттық ұйымдарының өздері де холокостқа қарсы. Мәселен, израильдік публицист Исраэль Шамир: *«...можно отрицать непорочность Богородицы и Воскресение Христово, можно хулит Магомета – но стоит только усомниться в том, что именно шесть миллионов евреев были по предварительному плану убиты немцами в газовых камерах промышленным образом – и вас могут посадить в Австрии, Германии, Франции, Швейцарии и других «цивилизованных» странах»*, деп өзінің наразылығын білдіріп, өркениетті елдер дегенді тырнақшаға алған. («Кому мешают сионисты?» Сборник, Москва, «Алгоритм», 2011 г., с. 42-42).

Енді холокосты шығарды деп жүрген сионизмнің өзі қалай және қайдан шыққан, мақсаты не деген сұрақтарға қысқаша тоқталып көрелік.

Сионизм қозғалысы Иерусалимдегі Сион тауының атауынан алынған, ол ХІХ ғасырдың аяғында туып, еврей халқын Израильге жинап, мемлекет құруды мақсат еткен қозғалыс. Алғаш рет бұл сөз олардың бірінші теоретиктері шығарған журналда 1890 жылы қолданылған. Олар Палестинада еврей мемлекетін құруды сол кезден мақсат етіп, алдарына міндет қойған. Палестина қазіргі Газа секторын, Израиль аумағын, Голлан биігін, Иордан өзенінің батысы мен Иордания мемлекетінің бір бөлігін қамтитын Таяу Шығыстағы аймақ. Инжілдегі жазуларға қарағанда б.д.д. 2 мыңыншы жылдардан бұл жерлерді еврей халқы мекен еткен. Бірақ ғылыми деректер Палестина аумағында олардан бұрын эректус деген халық өмір сүргенін айтады.

Геродоттан бастап барлық грек жазушылары осы аймақты Палестина деп атаған. Б.д.д. 1030 жылдары өмір сүрген Саул патша туралы жырда бұл жерде Дәуіт пен Сүлеймен басқарған Израиль патшалығы бар деген сөздер кездеседі. Бірақ бұл патшалық артынан солтүстігі- Израиль, оңтүстігі - Иудея болып екіге бөлінген. Біздің дәуіріміздің 4 –ші жылдарында оны римдіктер жаулап алып, өздерінің «Иудея провинциясы» атандырған. Ал 638 жылы, Әбу Бакр (Әубәкір) халифтің тұсында Палестинаны арабтар басып алады.

1517 жылы Палестинаны Осман империясы жаулап алып, 400 жыл қол астында ұстаған. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Осман империясы таратылған соң Ұлттар лигасының шешімімен бұл аймаққа билік ету құқын Британия иеленген. Демек, «Британия мандаты» деген құжат қабылданғанға дейін бұл өңірді 1300 жылдай мұсылман қауымы билеген. Ал Британия билігі кезінде еврейлердің Палестинаға көшуі күрт өсті. 1919-23 жылдары Палестинаға негізінен Шығыс Еуропадан 40 мың еврей қоныстанды. Бұл көшкінге арабтардың қарсылық әрекеттері болып тұрды. Оған қарсы еврейлер 1920 жылы «Хаган» («қорғаныс») атты қарулы ұйым құрып алады. 1924-29 жылдары Польша мен Венгрияда өріс алған антисемиттік қозғалыстардың әсерімен Палестинаға 82 мыңдай еврей қоныс аударды. Бірақ ең басты көшкін Германияда Гитлердің өкімет басына келуімен байланысты болды. Неміс жерінен тықсырылған 200 мыңнан артық еврейлердің біраз бөлігі Палестинаға қоныс аударды. Ал сол жұмыстардың бәріне ұйытқы болып жүрген сионизм қозғалысы еді.

Холокосты сионистер шығарса - не үшін шығарған және оны өз мақсаттарына қалай пайдаланған деген сұрақтарға біз төмендегі деректермен жауап беріп көрмекпіз.

Германия өкіметінің басына Гитлер бастаған ұлтшылдар келген сәттен бастап еврейлерді зейнетке, демалысқа жібе-

руді сылтауратып жұмыстан куу, кәсіпорындарын мемлекет тарапына сатып алу, өздерін шет елдерге эмиграцияға кетуге мәжбүрлеу сияқты ығыстыру шаралары жүргізілген. *«В 1938 году режим национал-социалистов еще крепче закрутил гайки. В июне в концлагеря были отправлены евреи, приговоренные к тюремному заключению на срок больше месяца. В ноябре польский еврей Гершель Грюншпан убил в Париже немецкого дипломата, что привело к известной «хрустальной ночи», деп жазады Юрген Граф “Великая ложь XX века” деген еңбегінде. «Хрустальная ночь» деп дипломаттарын еврейдің өлтіргеніне ашынған неміс ұлтшылдарының олардың дүкендерін киратуын айтады. Берлин көшелерінде аяқ алып жүргісіз болған сол дүкендердің кираған шыныларынан «хрустальная ночь» деген тіркес калыптасқан. Осы оқиғаның салдарынан 90 мыңдай еврейлер өлтірілген және 30 мыңдайы түрмеге тоғытылған, үштен екісі шетелге кеткен. Аз емес. Олардың арасында ешқандай күнәсі жоқ жандар да жетерлік, әрине. Ал кейбір деректер, сионистік ұйымдар еврейлерді қайтсе де Еуропадан көшіртікізіп, Палестинаға қоныстандыруға мүдделі болып, түрлі арандатуларды өздері жасаған дейді. Мәселен, 1942 жылғы 3 желтоқсанда Бүкіләлемдік сионистер ұйымының басшысы Хаим Вейцман: «Біз жау жеріндегі троян аты секілдіміз. Еуропада мыңдаған еврейлердің тұруы – бұл жауларымызды жоюдың басты факторы» деп фашистердің шамдарына тиген. Осындай арандатушылықтардан кейін «өзі де кашайын деп тұрған жылқыға жапырақ шашсаң не жорық демекші» Гитлер еврейлердің Еуропада қалғанын қаласын ба? Басып алған жерлерінен де оларды тықсыру саясатын жүргізе берген. Аталмыш еңбегінде Ю.Граф: «Не стоит забывать, что стратегия сионистов состояла в подстрекательстве Гитлера ко все более жестким антисемитским мерам по притеснению евреев. С одной стороны, это подталкивало немецких евреев к эмиграции в Палестину, с другой, прави-*

тельствам западных держав сионисты доказывали необходимость для евреев национального очага», дейді.

Қалай десек те, бізге бұрын белгілі болмаған түрлі деректерге карағанда фашистер еврейлерді жаппай қырып, халық ретінде жер бетінен жойып жіберуді ойламаған және соншалық қырғын жасамаған.

Бұрыннан белгілі барлық ақпараттарда, кино, әдебиет секілді өнер өнімдерінің бәрінде де фашистер еврейлерді Германияда толығымен жоқ қылғандай қылып көрсететін еді ғой. Тіпті, еврейлермен некеге тұрған немесе тамырында еврей қаны (не әкесі, не шешесі еврей) барларды да концентрациялық лагерлерге тығатыны айтылатын. Ал Интернеттегі соғыс жылдарындағы Германиядағы еврейлер ахуалы туралы Википедия анықтамалығында мынадай жолдар бар: *«Несмотря на жёсткую антисемитскую политику нацистов, в Германии периодически раздавались голоса протеста против преследования евреев. Крупнейшим спонтанным выступлением против антисемитской политики стала демонстрация на Розенштрассе в Берлине 27–28 февраля 1943 года этнических немцев – супругов и других родственников евреев, которым грозила отправка в лагеря. Во избежание скандала гауляйтер Берлина Геббельс распорядился освободить родственников демонстрантов, числом около 2000 человек»* деген факты айтылады. Демек, неміс-фашистері еврейлерді жаппай қырып тастаған немесе концлагерлерге тегіс қамаған деген түсініктің өзі теріс.

Неміс-фашистерінің еврейлерді қуғындағаны рас, бірнеше мың адамын да жазықсыз өлтірген. Бірақ жалғыз еврей емес, фашистер басқа халықтарды да соншалықты қырды. Ал еврейлерді айрықша жаппай қыру, яғни холокосттың болуы күмәнді екен. Осыған байланысты Википедиядағы «Холокосты жоққа шығару» атты арнайы мақалаға көз тігіп көрелік. Онда бірнеше ғалымдардың дерегі келтіріледі. Соның ішінде Дэвид Ирвинг деген ғалым *«при написании*

биографии Гитлера по первичным документам не обнаружил ни одного документа о его причастности к геноциду» деп жазды. Сонымен қатар холокост куәгерлерінің көрсетпелерінен нешетүрлі сәйкессіздіктер тапқан зерттеушілер де көп. Соның бірі Фридрих Брукнер «свидетели убийств евреев газом в Освенциме неоднократно меняли свои показания, а также делали невероятные утверждения – например, о размещении от 700 до 800 человек в камере площадью 25 м² (то есть 32 человек на одном квадратном метре, что не представляется физически возможным) деп жазған. Юрген Граф өзінің «Миф о холокосте» деген кітабында Освенцимнің крематорияларында күніне 4756 мәйітті жағып отырған деген сөздің ақылға сыймайтындығын көрсеткен. Холокост тарихына күмән келтірушілер Освенцимде газ камераларының болғанын да жоққа шығарып, тұтқындардың жаппай қыратын орынды бомбадан сақтаушы баспана болғанын айтады.

1979 жылы ОББ (Орталық барлау басқармасы) 1944 жылы Освенцимдегі тіршілікті әбден анықтау үшін әуеден түсірілген құпия құжаттарды жария етті. Оларда ешқандай мәйіт үйінділері, түтіні шығып жатқан мұржа немесе газ камераға айдап, қыруға апара жатқан адамдар тізбегі болмаған. Освенцим шынымен қырғынның ортасы болса осындай көріністер болар еді, делінген деректе. Осындай жағдайлар басқа концлагерлерде де болған. Демек, еврей-куәгерлердің айтқан куәліктері күмәнді. Ал Освенцимнің сол кездегі коменданты Р.Гесстің көрсетпелері ұрып-соққанның арқасында қол жеткізілген «мойындаулар» сияқты деген пікірлер өте көп. Керісінше СС-тің Рейхсфюрері Гиммлер лагерлердегі өлімдердің көптігін айтып, олардағы тағам мен медициналық көмекті жақсарту туралы директива бергендігі туралы құжат бар. Сонымен қатар Википедиядағы мына тұжырымды да сол қалпында бере кеткенді жөн көрдік: *«Существование нацистских газовых камер в Освенциме или другом месте*

просто немыслимо по очевидным физическим и химическим причинам: после предполагаемого умерщвления в закрытом помещении сотен или тысяч человек синильной кислотой никто в скором времени не мог бы войти туда для удаления такого огромного количества трупов, к которым нельзя прикоснуться, так как они оказались бы пропитанными газом как изнутри, так и снаружи. Синильная кислота глубоко впитывается в поверхности; она проникает даже в цемент и кирпич, и ее очень трудно удалить из помещения с помощью вентиляции». Ол ол ма, 1948 жылы Женевада жарияланған Халықаралық қызыл крестің 3 томдық баяндамасы туралы жазылған мақалада ұйым «... не нашел ни в лагерях, ни в каком-либо другом месте в оккупированной союзниками Европе подтверждений того, что Германия проводила преднамеренную политику уничтожения евреев. На всех 1600 страницах доклада нет даже упоминания о газовых камерах. Доклад признает, что евреи, как и многие другие национальности, испытали тяготы и лишения войны, но полное отсутствие упоминаний по поводу запланированного уничтожения евреев, является достаточным опровержением легенды о «шести миллионах» деген қорытынды айтылады. Сонымен бірге осы құжатта Германия басып алған елдердің бәрінде де еврейлердің АҚШ, Латын Америкасы елдері сияқты алыс шетелдерге эмиграцияға кетуіне кедергілер болмағаны көрсетілген. Қызыл крест 1939-45 жылдары болған II дүниежүзілік соғыста түрмелер мен концентрациялық лагерлерде барлығы 300 мың адамның қырылғанын ғана анықтаған және олардың көбі еврей емес екенін тайға таңба басқандай анықтап берген. Енді статистика не дейді дегенге келейік. Чеймберс энциклопедиясына сәйкес II Дүниежүзілік соғысқа дейін Еуропада 6,5 млн. еврей тұрыпты. 1933-45 жылдары соның 1,5 млн-ы АҚШ, Еуропа елдері және Палестинаға қоныс аударған. Қалғаны 5 млн адам екен, холокосты жақтаушылар солар-

ды түгел кырылған деген сынайдағы пікірден айрылмайды. Олай болса 1868 жылдан бері кажетті деректерді Синагогтар кенесінен алып, еврейлердің әлемдегі санын анықтап отыратын World Almanac (Әлемдік альманах) журналына назар аударалық. Ол 1933 жылы еврейлердің саны 15 316 359 адам, 1941 жылы – 15 748 091, ал 1945 жылы 15 192 089 адам болғанын жазады. Демек, «6 млн кырылды» дегенді бұл беделді журнал да теріске шығарып тұр...

Франциялық саясаткер, II Дүниежүзілік соғыс жылдарында Бухенвальд пен Дора-Миттельбау лагерлерінде отырған профессор Поль Рассинье де холокосты жокка шығарады. *«Профессор Поль Рассинье используя детальный статистический анализ, продемонстрировал полную несостоятельность цифры «шесть миллионов уничтоженных евреев», деп жазылған осы деректердің қорытындысында.*

Бірақ әлемдік сионистер қозғалысы холокосты болды деп қана қоймай, оны мойындамағандарға жаза қолдануға да қол жеткізіп отырғанын жоғарыда жаздық. Олардың осындай әрекеттеріне басқа ғана емес, көптеген еврей ұйымдары, жекелеген ғалымдар, тіпті раввиндар де қарсы екенін де айттық. Сионизмді қатты әшкерелейтін, әсіресе холокост мәселесіне қатты шүйлігетін қайраткерлердің бірі Иран Ислам Республикасының Президенті Махмуд Ахмединеджад. Ол 2006 жылғы 11-12 желтоқсанда осы мәселеге арналған Халықаралық конференция өткізген еді. Оның материалдары «Кому мешаюют сионисты?» атты жинаққа топтастырылған. Сол жинақта экономика ғылымдарының докторы Олег Платонов түрлі деректерге сүйене отырып, соғыстың тура және жанама шығындарын қоса есептегенде бүкіл Шығыс Еуропа мен КСРО-ны қоса алғанда 45-47 млн. славян халқы қырылғанын айтады. Бірақ «еврей холокосты» дегенді жалаулатушылар *«делают попытку представить дело так, что*

главной жертвой войны были не славяне, а евреи. По подсчетам историков, в годы войны даже по самым завышенным оценкам погибло не более 1,5 млн. евреев. Пропагандисты холокоста и, прежде всего, сионистские круги, увеличили эту цифру в 4 раза, кощунственно заявив о шести миллионах погибших евреев». Өзінің мақаласында ол еврей қоғамдық қайраткері А.Либиентальдің АҚШ-та шыққан «Оборотная сторона медали» деген еңбегіне сілтеме жасай келе сионистердің Гитлер режимімен ауыз жаласа отырып, еврейлерді Германиядан Палестинаға көшуге мәжбүрлегенін жазады. «По инициативе одного из руководителей Еврейского агентства Х.Арлазаровфа, в 1933 году в Берлине утверждается план переселения евреев из Германии в Палестину. Создается «Палестинское бюро» сионистских трестов по колонизации Палестины «Керен гаесод» и «Керен гасмет де Израель» делінген онда. Гитлердің колдауымен сионист эмиссарлары бүкіл Германияны аралап жүріп, Палестинаға жіберу үшін еврей халқының тізімін жасаған. Мақалада фашистер мен сионистердің «Шахт жоспары» туралы да айтылады. Онда, барлық 600 мыңдай еврейді олар үш категорияға бөлген. Соның ішінде 150 мыңдайын экономикалық тұрғыдан белсенді деп танып, оларды көшірудің қатаң жоспары жасалған. Экономикалық тұрғыдан пассивті деген категорияға алдыңғылардың әйелдері мен балаларын қосып, оларды белсенділер жаңа жерге үйрене бастаған соң көшіру қарастырылған. Ал кәрілер мен эмиграцияға жарамайтындарды Германияда қалдырып, көздерін жою көзделген. Автордың өз сөзімен айтқанда: «Эта категория (соңғысын айтқаны. –Ж.С) по негласному договору сионистов и фашистов подлежала уничтожению». Ол ол ма, халықаралық сионистік ұйымның сол кездегі басшысы Хаим Вейцман Британияның 6 млн. батысеуропалық еврейді Палестинаға көшіруді ұсынуына: «Нет. Старые уйдут... Они пыль, экономическая и моральная пыль Старого Света... Останется лишь ветвь»

деп жауап берген екен. Сол кездердегі ағылшын қайраткері С.Шенфельдтің: *«У нас были согласны предоставить убежище и помочь евреям, которым угрожал фашизм, но это натолкнулось на противодействие сионистов, которые признавали лишь одну форму помощи – отправку всех евреев в Палестину»* деген сөздері де сионистердің басқа түгіл еврей халқына да жаны ашымағандығын, мақсаттары қайтсе де Израильді құру ғана екенін корсетпей ме? *«Сионистские вожди не жалели жизней евреев. В результате политики сионистской организации погибли сотни тысяч евреев»* деп жазылған О.Платоновтың зерттеуінде.

Сионистер мен фашистердің ынтымақтастығын есте қалдыру мақсатында Геббельстің бұйрығымен бір жағында свастика, екінші жағында Дәуіттің алтыбұрышты жұлдызы (еврейлердің символы) салынған медаль да жасалыпты. *«Гитлер запретил все еврейские организации и органы печати, но оставил «Сионистский союз Германии», преобразованный в «Имперский союз евреев Германии». Из всех еврейских газет продолжала выходить только сионистская «Юдише рундшау»,* дейді О.Платонов.

Сондай-ақ бұл мақалада сионистердің Герман фашизмі басып алған өңірлерде, мәселен Украинада, фашистерге қызмет етіп, полиция міндетін атқарғандығы туралы фактілер де көп.

Сионистер барлық әрекеттерден, соның ішінде еврейлердің қырылу операцияларынан да қашпай отырып, өз дендеріне жете берген. Палестинадағы еврей тұрғындарын олар 1933 жылғы 238 мыңнан 1936 жылы 404 мыңға, ал 1947 жылы 600 мыңға жеткізген. Яғни, 14 жылда 2,5 есе өсірген. Ал холокосты профессор О.Платонов аңыз деп бағалайды. Бұл аңыз *«способствовал созданию, как бы в качестве компенсации за «особые страдания еврейского народа» – государство Израиль, возникшего вопреки воле жителей Палестины и ставшего постоянным очагом напряженности и*

войны на Ближнем Востоке» дейді ол. Осы холокосты жаулау арқылы Израиль Германиядан репарация (тартқан залал) есебінде үлкен көлемде қаражат та алған.

Холокосты ревизиялаушылардың бірі Австрияның ортодоксалды еврейлік антисионистік қауымдастығының бас раввині Мойше Фридман. Бұл сенімді ұстанатын еврейлер Израиль мемлекетін құрудың өзі Құдайға қарсы шыққандық, өйткені еврей халқын ол ақырзаманға дейін дүниеге шашылып өмір сүруді жазған. Бізге Құдай қарудың күшімен немесе БАҚ көмегі арқылы экономикалық жолмен алынған кез келген билікті ұстауға тыйым салған, дейді ол өзінің сөзінде. Міне, сол кісі ІІ дүниежүзілік соғыстың негізгі кінәлісі сионистер екенін дәп басып айтқан. *«...Истинными подстрекателями, финансистами, а частично и исполнителями жестокостей Второй мировой войны были сионисты»* дейді ол. Одан әрі шешен сионизмнің негізін қалаушылардың бірі Теодор Герцль өзінің «күнделіктерінде» Еуропада алты млн. еврейге қауіп төніп тұрғанын, ал еврей мемлекетін құруға осынша еврейге апат болса ғана жол ашылады деп жазғанын таңданыспен атап өткен. Ол сионистерді қылмысты секта деп атап өтеді де, олар Германияға алғаш рет юдофобия тұтандыру мақсатымен барған дейді. Сонымен бірге *«сионисты приняли все возможные меры во всем мире, чтобы спровоцировать, унижить и бойкотировать немецкий народ. Они вели успешную антигерманскую лоббистскую деятельность при всех правительствах мира, в частности, в большевистской России, а также в Англии и Америке»*. Бұл автор да сионистердің гитлерлік Германия билігімен ынтымақтастық орнатып, еврейлерді Германиядан қууды бірлесе ұйымдастырғанын айтады. Ал ІІ Дүниежүзілік соғыстан кейін *«сионистские объединения во всем мире пережили невиданный подъем, вызванный мнимым убийством шести миллионов евреев, и вымогали не только у Германии, но и у всего мирового сообщества, включая*

католическую церковь, на этом основании политическую поддержку и огромные финансовые средства для создания и стабилизации террористического государства Израиль» дейді раввин. М.Фридман Освенцим құрбандарының да нақтылай келе алғашқы 4 млн-нан ресми түрде 1 млн. 100 мыңға, одан 1990 жылы 900 мыңға түскенін айта келіп, «и это еще не последняя цифра», дейді. Сөзінің қорытындысында шешен: *II дүниежүзілік соғыста «действительно заинтересованы в геноциде евреев были скорее сионисты, которые стремились в результате получить политическую и финансовую поддержку, необходимую для создания еврейского государства Израиль»* деп барынша қатқыл пікірлер айтады.

Біз сөзіміздің басында Батыс демократиясының әртүрлі жағдайда екі түрлі стандарт ұстанатынына тоқталған едік. Раввин мырза да сол сөздерді құптап: *«В этой ситуации права человека и демократия стали дорогой с односторонним движением, направление которого определяет религия холокоста»* депті.

Тегран конференциясында бұлардан басқа жоғарыда аталған израильдік Исраиль Шамир, батыстық Фридрих Брукнер, франциялық Серж Тион және т.б. қатысқан және олардың бәрі холокостың қолдан жасалғанын өз деңгейінде дәлелдеп шыққан. Соның ішінде Освенцимде крематорийдің орны деп көрсетілетін орынның бүге-шігесін білгірлікпен талдап, ол жерде ешқашан алты млн. адамды жағып жіберуге мүмкіндік жоқ екенін дәлелдегендер бар.

Міне, біз біле бермейтін шындықтардың бір парасы осындай. Біз ойымыздан ештеңе шығармай, ешқандай тұжырым жасамай, я байлам қоспай, тек Интернет деректері мен басқа да басылымдарда жарияланған фактілерді жеткізуге тырыстық. Осыдан кейін холокостке белгілі ресми көзқараспен бе, әлде басқаша пікірмен қарау керек пе, оны да оқырманның өз еншісіне қалдырдық.

2014 жыл

ЖАЛҒАН АТАҚ, ЖАСАНДЫ ТАРИХ **немесе 23 ақпанды мерекелеу қайдан шыққан**

Кеңес дәуірінде «Кеңес армиясының күні» мерекесі кеңінен аталып өтетін. Қандай шараны да «кеңестік өмір салтын» насихаттауға ұтымды пайдалана білген кеңестік идеологтар бұл күнді де отандық патриотизмді лаулатуға шебер пайдаланатын. Әскери бөлімдер түгілі мектептер мен барлық оқу орындарындағы шараларда Кеңес әскерінің «керемет ерліктері», Отан ісі жолындағы жанкешті әрекеттері кеңінен насихатталып, аяғы патриоттық әндер мен халықтың рухын көтеретін жырлар, қойылымдар, пьессалармен аяқталатын. Осы күндері барлық БАҚ-тарда Кеңес армиясының атына айтылатын мадақтар, ол туралы түсірілген кинолар мен спектакльдер жиі көрсетілетін. Осындай дүмпудің әсерімен Кеңес армиясы қатарында қызмет еткен жандар да бұл күнді атаусыз жібермеуге тырысып, әртүрлі жолдармен әйтеуір мерекелеп қалатын...

Дұрыс... Енді оның бәрі тарихтың еншісіне кетті. Тәуелсіз еліміз бұл күнді мереке деп санамайды. Өйткені, біздің Ұлттық армиямыздың құрылған күні 7 мамыр. Ол – Отан қорғаушылар күні деп аталады. Осы сөздің өзі өте ұтымды табылған атау. Өйткені, Отан қорғаушы қай күнде де қасиетті ұғым, ол біреудің табағына қол салмайды, күш көрсетпейді, тек өз Отанын қорғайды. Былтырдан бері ол Мемлекеттік мерекелер қатарына да енгізілді.

Бірақ бізде 23 ақпанды әлі де мерекелегісі келіп, құлшынып жүретін біреулер бар. «Кеңес армиясы қатарында қызмет еткеніміз рас қой, ендеше бұл күнді атап өтуге қакымыз бар» дейді ондайлар. Сондай отандастарымызға ой салар ма екен деген мақсатпен осы мақаланы жазуды қолға алдық.

Кеңестік деген дүниенің бәрі де орыс қоғамының гүлденуіне, орыс қоғамы иығының өзгелерден асуына қызмет етті. Осы жолда біршама табыстарға да жетті. Оған еш-

кімнің таласы жоқ шығар. Кеңес өкіметі орыс империясының аз санды аксүйектерінің бәрін қоғамдық белсенді өмірден шеттетіп (көбін атты, асты, шетелге қуды), қалың бұқарасын (негізінен мұжықтар) партаға отырғызып, оларды мәдениетті халықтар қатарына қосты. Сондықтан да Кеңес өкіметіне алдымен орыс халқының осы өкілдері мен олардың ұрпақтары дән риза. Демек, кеңестік дүниені орыстың қарапайым халқы ұлықтап жатса – оларды түсінуге болады. Ал санымызды өсірмей, өремізді тарылтып, өрісімізді өрге бастырмай тастаған біз секілді халықтар кеңестік дәуірді дәріптеп, оның мерекелерін аңсайтын болсақ, ол тәуелсіздіктің қадірін білмегендігіміз болады. «Біз үшін де жақсылықтары болды ғой» дейтін пікірлер де айтылар. Әрине, болды. «Халық өкіметіміз, әлеуметтік әділеттікті жақтаймыз» деген ұрандарды көтергеннен кейін қазақ сияқты халықтарға да көп пайдасы тиді. Бірақ бәрібір, Кеңес идеологиясы біздің ұлт ретінде жойылуымызды әрқашанда ішінен қалап отырғанын, сол үшін жасырын, кейде ашықтан-ашық үлкен әрекеттер жасағанын ешқашан ұмытпауымыз керек.

КСРО ұлттық саясатта екі түрлі тенденция ұстанды: 1. Ұлттардың гүлденуі; 2. Ұлттардың кірігуі. Әуелде екеуі тең болуы керек делінсе, артынан, 60-шы жылдардың басынан бастап, екіншісі біріншісінен басымды бағытқа ие болды. Орыстансаң, орыс бола бастасаң, соларша ойлап, соларша сөйлесең – қолтығыңнан демеп, қолыңнан сүйейтін. Ал, өз жүрегіңнің қалауымен жүріп, өз халқыңа қызмет еткің келсе және оны жасырмай айтып, білдіріп қойсаң, мүйіздеп шыға келетін.

Жә... 23 ақпанға келейік. Қазіргі орыс қоғамындағы біршама еркін, шыншыл сөйлейтін БАҚ-тардың бірі - «Совершенно секретно» (СС) атты зиялы қауым сүйіп оқитын және тек дарынды, жақсы мамандар мақала жазатын газет. Сол газет ақпан айындағы нөмірінде 23 ақпан туралы «Праздник

героев и бандитов» деген мақала берді. (Авторы А.Владимиров, №2, февраль 2013 г., 36 стр.)

Міне, осы мақалада Қызыл армияның қалай құрылғанының ақиқаты біршама ақтарылыпты. Алдымен, жұмысшы-шаруа қызыл армиясын (орысшасы РККА) құру туралы декрет 1918 жылғы 23 ақпанында емес, 28 қаңтарда шыққаны айтылады. Демек, Қызыл армияның күні осы десе – ол шындыққа жанасады.

Еріктілерден тұратын Қызыл армияның қатарына жазылғандар туралы: «записывались солдаты, развращенные войной, не пожелавшие вернуться к мирному труду, а решившие и дальше жить на казенном содержании. А также деклассированные, уголовные элементы, рассчитавшие на то, что положение «человека с ружьем», возможность легально заниматься «грабежом награбленного» вполне обеспечивает их материальные потребности», делінген мақалада.

Осы орайда Алаш ардақтыларының бірі Ахмет Байтұрсыновтың тек қана қолындағы мылтығымен бейбіт халықты талауды, ағуды ғана білген «большевик дегендерден» шошынғанын еске аласың. «Россияның орталық аудандарында большевиктер қозғалысының қалай өткендігі казактарға белгісіз, ал шет аймақтарда ол барлық жерде зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлы өкімет билігімен қатар жүргізілді. Егер де бұрын «патша чиновниктері» деп аталған адамдар тобы казактарды ешбір шектеусіз езіп-жаншыған болса, енді мұндай әрекеттерді... большевик – коммунистердің әскері жүргізіп отыр», деп жазды Ахан. («Жизнь национальностей» журналы, 1919 жыл). Міне, бұл істерді Қызыл армияға жазылған жаңағы ұры-қарылар, «бандиттер» жүргізген еді. Сол кездегі Қызыл армия басшыларының бірі Григорий Сокольников дегеннің өзі әскерді: «героизм отдельных лиц и бандитизм основных масс» деп сипаттаған.

Енді Қызыл армияның құрылған күні 1918 жылдың 23 ақпаны деп аталу себебіне келейік. Ол кезде Бірінші дүние-

жүзілік соғыс жүріп, Ресей немістер мен австриялықтарға қарсы арпалысып жатқан. Орыс армиясының елдегі төңкеріске байланысты рухы төмендеп, әлсірегенін көрген немістер шабуылды үдетіп, Петроградты алуға шак қалады. Осы кезде жан ұшырған большевиктер «Социалистическое отечество в опасности!» деген декрет-үндеуді жариялап, Қызыл армия қатарына жұмысшылар арасынан еріктілерді шақырады. Большевиктердің үгітімен 23 ақпанда әскер қатарына көптеген жұмысшылар келді. Бірақ, жағдай мүлде теріс бағыт алып, әскери дайындықтары төмен еріктілер сол күні Минскіден, 25 ақпанда Псковтан айрылады. Ал Нарваны қорғауға жіберілген Балтық флотының матростары тас-талқан болып жеңіліп, естері шыға қашады. Сол үшін олардың басшысы П.Дыбенко деген большевик артынан атылды.

Немістердің үдеткен шабуылын тек Ресейдің жеңілгенін мойындаған «Брест бітімі» ғана тоқтатты. Еске сала кетейік, бұл бітім бойынша Кеңестік Ресей Украина, Эстония, Финляндия елдеріне қожалық етуден, Қара теңіздегі флотынан, Балтық теңізіне шығу құқынан айырылды. Бұл Ресей патшалығының 56 млн. тұрғыны бар (барлық халықтың үштен бірі) 780 мың шаршы шақырым жері еді.

«Таким образом, 23 февраля 1918 года в действительности было днем позорного бегства Красной Армии и восстановления смертной казни» деп жазылған «СС-тағы» аталмыш мақалада. Ендеше, осы күнді Қызыл армияның құрылған күні деп дәріптейтін не жөні бар?

Сөйтсе, 1919 жылғы 23 ақпан «Қызыл сыйлықтардың күні» деп жарияланған екен. Оның мәнісі былай. Осы күні РККА-ның басшысы Троцкийдің орынбасары Э.Склянский деген бір қу Қызыл армияға көмек үшін буржуйлардың байлығын тартып алып, бөліп беру керек деген бастама көтеріп және оны іске асырады. Шын мәнінде ауқатты адамдарды тонау осы кезден басталған. Ешқандай заңсыз, низамсыз қарақшылық жолмен бай адамдардан тартып алынған қымбат

дүниелерді, асыл заттарды қызыл комиссарлар, армия қатарына жазылған ұры-қарылар өзара бөлісіп алып, әскерге тек көнетоз киімдерді жібереді. Сөйтіп, 23 ақпан екінші рет Қызыл әскер үшін ұятты оқиғаның күні болады.

1920 жылдың ақпан айында Шығыс майданында біршама жеңістерге қол жеткен Қызыл армияны дәріптейтін үлкен насихаттық шаралар, соның ішінде бұқаралық митингтер ұйымдастыру қажет болған. Бұл уақытта 28 қаңтар өтіп кеткеннен кейін шараларды амалсыз, былтырғы 23 ақпанда болған «қызыл сыйлықтар күніне» үйлестіреді. Сөйтіп, осы кезден «Қызыл армия үшін» деген сылтаумен большевиктердің алғашқы қаракшылық жасаған күні кейін тұрақты түрде Кенес әскерінің күні аталады. Кейін оны ресми насихат 1918 жылғы 18 ақпанға алмастыра салады. Сөйтіп, ұятты күннің өзі үлкен насихат үшін пайдаға асып жүре берген.

КСРО-ның сыпыра жалғандықтан тұратын тарихи шежіресі кейін бұл күнді мың құбылтып, әспеттеудің шарықтау шегіне жеткізді. Соның ішінде Сталин өзінің 1938 жылы жазылған «Краткий курс ВКП (б)» атты еңбегінде ұялмай-қызармай: «23 февраля 1918 года под Нарвой и Псковым отряды Красной Армии наголову разбили немецких захватчиков» деп тас-талқан болып жеңілген шайқасты жеңіс деп жариялады. Жердегі жарты құдай тарихты қалай бұрмаласа да өз еркі емес пе, оған кім қарсы сөз айтсын. Жұрттың бәрі «иә, солай болған» деп қол соғуды ғана білген.

Міне, 23 ақпанның осындай тарихы бар. Ол ешқашан да Қызыл армияның құрылған күні болған емес, тек большевиктік насихат үшін қолдан жасалынған жалған тарихтың жасанды мерекесі. Жалпы, Қызыл армияның тарихына көз жүгіртетін болсақ, оның өне-бойында осындай қолдан жасалған дақырттар өте көп. Мәселен, алысқа бармай, соның бірін ғана айта кетелік.

Маршал С.Буденный Сталиннің сенімді әскер басшыла-

рының бірі екені белгілі. Патша армиясында унтер-офицер болған ол Қызыл армияның атты әскерін құруға біршама еңбек сіңіріп, бір жылдың ішінде полк командирінің көмекшісінен армия қолбасшысына дейін өсіп, көсемнің қолдауымен маршал атағын алды. Большевиктік насихат оны керемет дәріптеп, атағын аспанға шығарды. Сол маршал Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің ешқандай әскербасылық қабілеті жоқ екенін бірден көрсетті. 1941 мен 42 жылдар арасында Сталин оны Оңтүстік-Батыс, Резервтік және Солтүстік – Кавказ майдандарының қолбасшылығына тағайындағанымен ешқандай әскери білімі, қолбасшылық дарыны жоқ ол барлық жерде де әскерді қырғынға ұшыратып отырған. Мұндай істері үшін басқа қолбасшыларды бірден атып тастайтын Сталин оған ешқандай жұмыс бермесе де енді ұлттық батырдың символы ретінде оны музей экспонаты секілді қылып, жанынан тастамай, өзімен бірге алып жүрді. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысын «жеңіспен» аяқтаған маршалды 1946 жылы ауылшаруашылығы министрлігінің жылқы мәселесі жөніндегі орынбасары қылып отырғызып қояды.

Сталиннен кейін өкімет басына келген Хрущев атакты маршалдың төсінде Кеңес одағы батыры атағының алтын жұлдызы жарқырамағанынан «ұялып», 1958 жылы 75 жасқа келген оған осы атакты беріп тынды. Бес жылдан кейін 80-ге толғанда екінші алтын жұлдызды да тақты. 85-ге толған жасында өкімет басындағы Брежнев оған үшінші алтын жұлдызды қадады. 90-ға толған жасында 4-ші алтын жұлдызды да бермек болған екен, бірақ бұл жолы «ұят болар» деген болуы керек, Ленин орденімен шектеліпті. Міне, бұл кеңестік насихат үшін өкіметтің неден болса да тайынбай, жалған дақпырттың неше атасын қолдан жасағандығының көрсететін мысалдың бірі ғана. Ал сол кездерде ерен ерлігімен Батыр атағын алуға тиісті ерлердің есімі ұмыт қала бергені белгілі. Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсеновтер Батыр атағына әбден лайық болғанымен

соны ала алмай кетті. Тек еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана әділет жеңіп, Батырлар тиісті атақтарын алды. Бұлардан басқа каншама белгісіз жандар Батыр атағына лайық ерен ерлік көрсеткенімен түрлі себептермен оны ала алмай қалды. Міне, Кенес армиясы мен ондағы шындықтың бір парасы осындай. Сондықтан оның күнін атап өтеміз деп тыраштанатындар осындай деректерді де біле жүргені жөн.

2013 жыл

«ЖЕҢІС» ордені Бұл награда туралы не білеміз?

Биыл КСРО-дағы ең жоғарғы әскери марапат – «Жеңіс» орденінің тағайындалғанына 70 жыл толып отыр. Онымен бір күнде қатардағы жауынгерлер мен ең кіші офицерлерге жеке ерлігі үшін берілетін «Даңқ» орденінің үш дәрежесі де белгіленген. Оның үш дәрежесін толық алғандардың саны 2674 адам. Ал бір немесе екі дәрежесін алғандар тіпті көп. Сонымен қатар, 1944 жылы әскери-теңіз флотының қызметшілері мен қолбасшыларына арналған Ушаков және Нахимов ордендері ең соңғы әскери марапат ретінде тағайындалды. Бұлар да мыңдаған адамдарға берілген, ал «Жеңіс» орденін 16 адам ғана алған. Сондықтан да біз осы орденнің тарихына тоқтала кеткенді жөн көрдік.

«Жеңіс» ордені КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1943 жылғы Жарлығымен Курск иінінде Германия әскерлерінің «Орталық» тобы талқандалғаннан кейін аса ірі әскери операцияларды жеңіспен аяқтаған жоғарғы әскери қолбасшыларға ғана берілетін марапат ретінде әзірленген.

Бұл орден КСРО-дағы ең жоғарғы, көлемі ең үлкен награда ғана емес, әлемдегі ең қымбат орден болып саналады. Лағыл тастан (рубин) жасалған жұлдыздың жан-жағы гауһарлармен (бриллиант) көмкерілген. Ортасына Кремльдің суреті салынып, оның жоғарғы жағына «СССР», ал төменгі жағына «Победа» деген сөздер жазылған. Осының бәрі ақ алтынды (платина) өзекке орнатылған. Әуелде оның 30 данасын жасау туралы шешім қабылданып, 5400 гауһар және лағыл тастар, 9 килограмм ақ алтын бөлінген. Бір ордендегі гауһар тастың салмағы 16 карат болуы керектігі де нақтыланған. Бірақ, іс жүзінде 20 орден ғана жасалып, ол 19 адамға тапсырылған.

Марапаттың нобайын «Отан соғысы» орденінің авторы, суретші А.Кузнецов әзірлеген. Қазір осы орденнің на-

рықтық бағасы 17 млн. доллардың шамасында көрінеді. Бір қызығы, қажетті көлемдегі лағыл тастар табылмай, олардың орнына жасанды тастар қойылыпты. Бұл ұзақ уақыт бойы мемлекеттік құпия ретінде, тірі жанға сездірілмеген. Ол тек КСРО құлаған соң ғана белгілі болды.

Орденнің нобайын Сталиннің өзі бекіткен. Жұлдыздың ішіне алдымен Ленин мен Сталиннің бастары салыныпты, Сталин оны алдырып тастап, орнына Кремльдің Спасск мұнарасын орнатқызған. Ал мұнараның басындағы жұлдызша сапасы ең жоғары алтыннан құйылған.

Айрықша маңызды әскери операцияларды жеңіспен іске асыруды марапаттауға тиісті орден де айрықша болу керектігін Сталин тез болжаған. Сондықтан оны жасау жөніндегі құпия жұмыстарды да тікелей өзі қадағалап отырған. Жеке күзетінің бастығы генерал А.Власик өзінің естелігінде Сталиннің қолбасшы генералдарды шақырып алып, орденнің нобайымен қалай таныстырғанын жазады. Бәрі де іштерін тамсана тартып, орденнің жобасына қатты таңырқағандарын көрген «көсем» өзінің дұрыс шешім қабылдағаны туралы қорытындыға келгенін жазады ол. «Насладившись произведенным эффектом сделал свой окончательный вывод: с орденом он угадал. Что называется, попал в точку...», делінген естелікте.

Алғашқы марапаттау 1944 жылдың 10 сәуірінде болған. Нөмірі бірінші орденді маршал Г.Жуков, екіншісін маршал А.Васильевский таққан. И.Сталиннің өзі тек үшіншісін алған. Осы үшеуі «Жеңіс» орденін 1945 жылы екінші реттен алды. Бұлардан басқа маршалдар К.Рокосовский, И.Конев, Р.Малиновский, Л.Говоров, К.Мерецков, С.Тимошенко, Ф.Толбухин және армия генералы А.Антонов бір-бір реттен марапатталған.

Жалпы, халық арасында Сталиннің қарапайымдылығы, ешқашан өзін-өзі алға шығарып, орынсыз жарнамаламайтындығы туралы лақаптар көп. Шын мәнінде мұндайлар

өзінің есіміне жақсы атақ емес, кір келтіретінін сұңғыла адам біліп отырған. Тек адамзат тарихындағы ең ұлы қырғында – II дүниежүзілік соғыста толығымен жеңіске жеткеннен кейін ғана ол да пендешілікке құрық берген сияқты. Өйткені, 1945 жылдың 26 маусымында, Қызыл аялда Жеңіс шеруі өткеннен кейін екінші күні ол кеудесіне Кеңес Одағының Батыры атағы мен екінші «Жеңіс» орденін қадатты. Бірақ бұлар оған аздық еткен болуы керек, өйткені, ол қатардағы маршалдардың бірі ғана сияқты көрініп қалған. Сондықтан 27 маусымда, яғни келесі күні Жоғарғы Кеңеске «Кеңес Одағының генералиссимусы» атағын бекіттіріп, оны жалғыз өзі алды. Сөйтіп, соғыстағы ең маңызды қолбасшы кім болғандығын ол халыққа осылай танытқысы келгенге ұқсайды.

Ал жасанды марапат абырой әпермейтінін ойлауға өресі жетпеген Л.Брежнев кеудесіне жылтырақтардың бәрін таққанымен одан атағы өскен жоқ, керісінше мазақ болды. Айта кететін жәйт, ол 1978 жылы, соғыс біткен соң 33 жылдан кейін мемлекеттік сақтауда (Гохран) жатқан 20-шы «Жеңіс» орденін де төсіне қадаған болатын. Бірақ өзі өлгеннен кейін, 10 жыл өткен соң Ресей Федерациясының басшылығы бұрынғы жарлықты өзгертіп, орденді үкіметтік сақтауға қайтарып алды.

«Жеңіс» ордені бес шетелдік қолбасшылар мен мемлекет басшыларына берілген. Олардың ішінде АҚШ-тың армия генералы Д.Эйзенхауер, Ұлыбританияның фельдмаршалы Б.Монтгомери сияқты КСРО-ның одақтас елдерінің қолбасшылары бар. Сонымен қатар Румыния королі I Михай, қарсылық соғысын белсенді жүргізген Югославия маршалы И.Броз Тито, Польша әскерінің бас қолбасшысы М.Роля-Жимерский алған. Бір қызығы, «Жеңіс» орденін алған Кеңес адамдарының отбасы иесі қайтыс болған соң қымбат орденді «Алмаз қорына» қайтаруға заңмен міндеттелген. Ал бұл талап шетелдіктерге таратылмайды.

Кейін аралары қатты суып, Сталиннің: «вот шевельну мизинцем, и Тито не будет» дегеніне дейін барған Иосиф Броз Тито соғыстың Балкан театрында Италия күштерінен басқа немістердің үш үлкен корпусына төтеп берді. Жалғыз неміс-фашистеріне ғана емес, ол хорват фашистері (усташи) мен серб монархистеріне (четник) қарсы да жеңісті жорықтар жасады.

II дүниежүзілік соғыс қызу жүріп жатқан уақыттардың өзінде одақтастар көптеген мәселелер бойынша бір-бірімен ортақ мәмілеге келмей, үнемі қырғи-қабақ болып жүрген. Соның ішінде Польша мәселесі де бар. Сталин Польшаның Англияға жасырынған қуғындағы өкіметімен 1943 жылы соңғының тұтқындағы поляк офицерлерін НКВД-ның жаппай ату фактысын мойындауды талап етуіне байланысты барлық дипломатиялық қатынастарын үзген. Сондай-ақ ол Польша жерінде Британияның қолдауымен партизандық соғыстар жүргізген генерал Бур-Комаровскиді де місе тұтқан жоқ. Ал 1942 жылы КСРО-да құрылып, толық жасакталуы одақтастардың міндетіне берілуге байланысты Иран арқылы Таяу Шығысқа шығарылған генерал Андерстің үлкен әскеріне де ол сенімсіздік білдірді. Сондықтан Польшаның болашақ өкіметі сүйенетін әскери құрама осы болады деп ол екінші рет КСРО аумағында 1943 жылы поляк және беларус халықтарының ұлттық батыры Тадеуш Костюшко атындағы дивизияны жасақтатты. Оның негізін «поляк патриоттарының одағына» мүше адамдар құрағанымен офицерлік құрамда кеңестік командирлер көп болатын. Рязань қаласының түбіндегі әскери лагерде КСРО өкіметінің қаулысымен жасақталған бұл дивизияны кейбіреулер Қазақстанда жасақталған деп қателікке ұрынып жүр. Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда жасақталған құрама жоғарыда аталған Андерстің әскері болатын.

Бар-жоғы 15 мыңдық адамды құраған дивизия артынан, поляк жеріне жеткен соң 300 мыңдық (КСРО-ның есебі

бойынша) Польша әскеріне айналып, Берлинді алу операциясына дейін қатысты. Міне, осы әскердің бас қолбасшысы М.Роля-Жимерскийге Сталин «Жеңіс» орденін бергізді. Бұл істі одақтастардың қырбайлығын қасақана көзге ілмей, коммунист Жимерскийдің беделін өсіру үшін жасалған саяси кадам деп санаушылар көп.

«Жеңіс» орденін үшінші болып (Тито мен Жимерскийден бұрын) төсіне қадаған адам Румыния Королі І Михай. Бұл марапаттаудың сырын түсінбейтіндер қазір де бар. Өйткені, коммунист емес, КСРО-мен 1944 жылдың ортасына дейін соғысып келген монархтың төсіне осынау қымбат орденді алды-артын жігі болжап отыратын Сталиннің 1945 жылдың 6-шы шілдесінде қадауы – түсінбеушілік тудыратыны рас. «Германияның жеңілетіндігі әлі толық белгілі болмаған шақта Румынияның гитлерлік Германиядан қол ұзу саясатын іске асырған ерлігі үшін» деп жазылған Жоғарғы Кеңестің Жарлығында. Бірақ 23 жасар Михай Гитлерден қол үзіп, Румынияның кондуктаторы (фюрері) Антонескуді тұтқындап, өз армиясының күшін Германияға қарсы бұрған 1944 жылдың 23 тамызында ІІ Дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталатыны белгілі болған еді. Бұл кезде Қызыл Армия Польшаны жаудан босатқан, Еуропада ІІ-ші майдан ашылған, Германияға қарсы оның кешегі одақтасы Италия да соғыс жариялаған, Франция тазартылған, Словакияда көтерілістер болып жатқан. Осының үстіне жеңісті жорықтарға әбден төселген 101 армиясы бар Сталинге саны көп болғанымен сапасы жоғары деңгейде емес, оның үстіне кеше ғана өздерінің одақтасы ретінде дос құшақтарын айкастырып жүрген немістерді бүгін атуға моральдық дайындықтары бола қоймаған Румыния әскерінің қажеттілігі де шамалы еді. Бірақ, қалай десек те 1944 жылдың тамызынан 1945 жылдың мамырына дейін Германияға қарсы жарты миллиондық румын әскері соғыс жүргізді. Бұл 30-ға жуық дивизия болатын. Осы уақыт аралығында румын әскерінің

Ғеңіс жылдары

170 мындайы қаза болған. Бұл соғыстың соңғы уақытында КСРО, АҚШ және Ұлыбритания әскерлерінен кейінгі төртінші орында болған антигитлерлік күш еді. Бірақ соған карамай КСРО-ның одақтастары Румынияға фашизмге қарсы «бірлесе соғысқан ел» мәртебесін беруден бас тартқан. Ал бұл мәртебенің контрибуция төлеуде, соғыс шығындарын өтеуде өзіндік жеңілдіктері көп болған. Гитлерге қарсы 290 мындық армия жасақтаған Францияға, одан да аз әскер шығарған Италияға осындай мәртебе берілген. Осының бәріне қарсылық ретінде Сталин одақтастарына қитыға отырып, Михайдың еңбегін Д.Эйзенхауэр және Б.Монтгомериге теңестіріп, оған КСРО-ның ең жоғарғы орденін бергізді. Міне, Михайдың орденінің осындай сыры бар. 1921 жылы туған I Михай әлі күнге тірі. Елін коммунистер билеген жылдары ол тақтан бас тартуға мәжбүр болып, Швейцарияға эмиграцияға кеткен, әлі күнге сонда тұрады. «Жеңіс» орденін сол жылдары ол әйгілі миллиардер Рокфеллердің отбасына бір миллион долларға сатып жіберген де сыбыс бар.

Міне, КСРО-ның ең жоғарғы әскери марапатының тарихы осындай.

2013 жыл

СЕЗІМСІЗ ШЕНЕУНІКТЕР ШЕРУ ҚҰРҒАН ЗАМАН

«Жаксы өмір сүру үшін адамға не қажет?» деген сауалнаманың сұрағына ресейліктер: «өзіңнің үйің, мәшинен, жаксы акы төлейтін жұмыс орның, жылжымайтын мүлігің, жерін қажет деп жауап берген шығар» деп ойлаймыз ғой, баяғы. Жок олай емес екен. Көршілеріміздің көбі: тиын санамайтындай орташа тұрмыс, өзімнің және жакындарымның дендерінің сау болғаны және...». Ешкашан да таба алмайсыз... «Әділетті және акылмен басқарылатын қоғам қажет» деген екен. Міне, қайда мәселе? Қоғамдағы былықшылықтар адамды байлықтан да, барлықтан да бездіріп, ең бастысы денсаулық пен қоғамның дұрыс болғанын ғана қалауға жеткізіпті. Қоғам дұрыс болмаса – ең киыны сол екен.

Бізде ше... Мұндай сауалнама жүргізілетін болса біздің адамдар да дәл осыны айтар еді. Тіпті, әділетті қоғам қажет дегенді алдымен ауызға алуы мүмкін. Өйткені, қазіргі қоғамдағы түрлі формадағы әділетсіздіктер әбден күйзелтіп барады.

Мемлекеттік билікті іске асыратын жоғары-төмен деңгейдегі қызметкерлер ғой. Ондайлар қазір бізде бір сезімсіз, жансыз, адамгершілік дегеннен жұрдай шенеуніктер отрядына айналған. Алдына келген адамды неге дұрыс қабылдамайсын? Ау, аяушылық қайда, әділет қайда, адамгершілік болу керек кой десен, «бұл саған социализм емес, нарық. Әркім өз жағдайын өзі ойлауы керек» деп бетіңе былш еткізіп, өздері шығарып алған пәлсапаларын соғады. Нарықта тек осындайлар ғана қарқ болуы керек сияқты. Халықтың есебінен (салықтан) күн көріп жүргендерін әбден ұмытқан. Баяғыдан бері нарықта өмір сүріп келе жатқан дамыған елдерде заңмен бекітілген әділет үстемдік ететінін олардың мұрнына иісі де бармайды. Егер олардың шенеунігі әділеттен сәл ғана ауыткитын болса, бір-ак сәтте оңқасынан

түседі. Сондықтан халықтың алдында олар зыр жүгіріп қызмет етеді. Ал біздегілер... Өздеріне берілген жоғарғының тапсырмасын орындаған болып жүреді, бірақ түпкі мақсаттары қайтсе де қалтаға «бірденені» оңайдан басу. Алдына қарапайым халықтың өкілі келсе болды, сыздап, мұздап, қолы тимей жатқансып, шалқақтап, шарықтап кетеді. Ақсақал келсе де, көксақал келсе де, көп балалы ана келіп тұрса да, қайғы жеп қан жұтып жүрген кембағал жан келіп тұрса да – бәрібір, осы мінезінен айнымайды. Адамды сыйлау деген олардың түсіне де енбейді. Лексиконында да жоқ шығар. Осыны көрген халық қазір әкімдік дегендерге жоламайтын да болыпты. Барса да бұрынғымен салыстырғанда 4-5 есе аз барады екен.

«Егемен Қазақстан» газетінің қасындағы екі қабатты ескі «хрущевка» жатақханалардың біріндегі бір бөлмеде жеті баласымен тұратын Астананың 1988 жылдан бергі тұрғыны Қайыр Балғожин деген азаматтың тұрғын үй мәселесін жақсарту қажеттігін айтып екі рет мақала жаздык. Мәжіліс депутаты Жексенбай Дүйсебаев та бұл мәселені көтерді. Ешқандай нәтиже жоқ. Сөйтсе, Қ.Балғожиннің атындағы бір бөлмелі жатақхана қуысы оның үйі барының дәлелі екен, сондықтан оған пәтер беруге болмайтын көрінеді. Тіпті, үй алу кезегіне де тұрғызбады... Ал егер... сол үй беру мәселесін шешуге қатысы бар бір шенеунікке «бірдеңе» қыстырып жіберсе, ол мәселенің шешілу жолын оңай табады еді. Бірақ заңды жолмен шешілуге тиісті дүние үшін адам неге қылмысты жолға баруы керек?

Адамның ажалына ең бірінші себеп – аштық. Балғожиннің балалары аш емес, ендеше ептеп-септеп ертең ержетер-ау. Бірақ осылар еліміздің патриоты бола қояр ма екен? «Отан үшін отқа түс, күймейсің» дегенге құлақ аса қояр ма? Бір-біріміздің үстімізге жатып, бір-бірімізді басып-жаншып өскенбіз, сол кезде, бізді ешкім керек қылмаған, қол үшін бермеген. Ендеше, біз мұндай ел үшін неге отқа түсуіміз керек десе қарсы сөз айта аласыз ба?

Патриоттық сезім дегеннің өзі сүйіспеншіліктен туады ғой. Қазақтарды Моңғолиядан, Ауғанстаннан автомобильмен, ұшакпен алып келіп жатқанда еліміз үшін кеудемізді қаншама мақтаныш, шаттық кернеді? Міне, қазақ елі қандай, ешқашан да ешбір баласын жатта, қауіпте қалдырмайды деп күмпілдеп айтпаған сөзіміз жоқ. Патриоттық сезіміміз отша шалқыды. Ал елдің ішіндегі, қолдың үшіндегі нәрсеге келгенде көмек қыла алмаймыз...

Жуырда «КТК» арнасы Алматыдағы ағаштан салынған жеті пәтерлі барак үйдің өрттенгенін көрсетті. Анырап қалған жеті үйлі жанды алдымен бір қонакүйге жатқызыпты. Біршама уақыттан кейін әлгі қонақ үйдің иесі оларды қуып шыққан. Ешкім, ешқайдан көмектеспей жатыр деп далада қалған жандар зар илеуде. Қайда біздің өкіметіміз, көмек жасайтын қорларымыз? Айдаладағы Ауғанстанға, апатқа ұшыраса Қырғызстанға т.б. көмек қолын созамыз, ал іштегі сондай жағдайға келгенде қол үшін созу неге жоқ? Бәріне Президенттің пәрмені керек пе? Ал ол жалғыз, қайсына жетеді? Осы мәселені орта деңгейдегі шенеуніктер де шындаса шеше алады ғой. Бірақ олар адам тағдырына ешқашан алаң болғысы келмейді. Өйткені, ондай жерден өздеріне түсім жоқ. Сондықтан жоғарыдан бұйрық жоғын сылтауратып, өздерінің «әркім өз мәселесін өзі шешсін, бұл нарық» деген пәлсапасын соғып отыра береді.

Жалпы, осы «КТК» деген арнаны көрсен – өмір сүргін келмей кетеді. Оның жаналықтарына қарасаң кілең бір өрт алған, су басқан, құлаған, жылағандарды көресің. Ал біздің өкімет ешқашан, ешкімге көмектеспейтін сияқты. Өтірік болса соларды өкімет сотқа бермес пе еді. Демек бәрі шындық... Ендеше сұмдық...

Әрине, мұндай дүниелер 5-6 болса көңіл аударар қоймас едің, бірақ күннен-күнге көбейіп бара жатқанын көргенде – «көрмес түйені де көрмес» дегеннің керімен міз бақпай қарап отырсақ – әділеттігіміз қане? Біз бәзбір басылымдар-

дай немесе ТВ-лардай шарасыздықтың байбаламын салудан аулақпыз. Осы аталған секілді келеңсіздіктер жергілікті жерлердегі әкімдер, орталықтағы министрлер мен олардың командасының дұрыс ниеті болса оп-оңай-ақ шешілетін дүниелер. Тек соған тиісті шенеуніктер дұрыс мән беріп, өзіне қатысты міндет екенін түсініп отырса болғаны. Қазір «А» корпусының кадр резервіне өтуге конкурс жүріп жатыр. Талай, не білімі, не білігі жоқ, ақшамен ғана адам болып жүрген Шымкенттің «Шаншар» театрында айтылатын «басына есек тепкен» Үбән секілді әкімдер орнынан ұшатын болды. Өте сауапты іс. Әрине, катеден өте алмай қалған өрелі азаматтар да жоқ емес, бірақ конкурсқа жақсы дайындалуды ойламаған олар өздерін ғана кінәлауы керек. Алайда осы біліктілік сынау үшін ұсынылған он заңның ішінде мемлекеттік қызметшінің Ар-намыс кодексі жоқ болғанына өкініп қалдық. Одан әртүрлі сұрақтар болғанымен жеке өзі алынбаған екен. Енді осынау, кадр резервтеріне өткендерді лауазымдарға тағайындарға Ар-намыс кодексінен жеке емтихан болса екен дейміз. Бұл кодекспен таныспаған, талаптарын білмеген адамнан тиімді басқарушы шығуы екіталай. Ал оны мойындаған басшы жоғарыда аталған мәселелерді оп-оңай шешетін болар еді. Бастықтан дұрыс ишара болса, қарамағындағылар халықтың мүддесі үшін зыр жүгіріп еңбек етері хақ.

Халыққа билікті бет-аузы бедірейген, шәнтиген шенеунік емес, өзіне жанашырлық білдіретін, тиісті көмекті жасайтын өкімет екенін көрсету үшін әрбір жылдың соңында әр шенеуніктің жасаған жақсылығын өздерінің басылымдарында көрсетіп отырғаны да дұрыс бастама болар еді. Мәселен, жоғарыда мысал бойынша: *«мен тұрғын-үй департаментінің қызметкері Б.Рахымбековамын. Маған көп балалы ана Р.Балғожинаның әкімнің атына жазған тұрғын-үй жағдайын жақсартуға көмектесуді өтінген арызын тексеру міндеттелді. Тексеріс барысында оның күйеуі Қ.Балғо-*

жсиннің атында тұрғын-үй болып саналатын бір бөлмелі жатахана тіркелгені анықталды. Осыған сүйеніп, бекітілген тәртіп бойынша Р.Балғожинаға үй берілмейді деп жауап беруіме болушы еді. Бірақ мен бұл отбасының жағдайын ойлап, Р.Балғожинаның көп балалы аналарға тиесілі жеңілдіктерге ие болуы керектігін айтып, оның ісін халықтың тұрғын-үй мәселесін шешуге жәрдемдесетін әкімдіктің арнайы комиссиясының қарауына дайындадым. Комиссия отырысында өзім осы отбасының тұрғын үйге аса мұқтаж екенін дәлелдеп, баяндама жасадым. Отырыс алдында комиссия мүшелерімен бірлесіп, Балғожинаның үйіне барып жасаған сирапты, фото-видео құжаттарды көрсеттім. Осының негізінде комиссия әкімге Р.Балғожинаға үш бөлмелі арендалық үй бөлу қажеттігі туралы ұсыныс жасады. Ұсыныс қабылданып, үш айдың ішінде көп балалы отбасы жақсы тұрғын-үйге қол жеткізді».

Міне азамат, деп мұндай іске сүйсінбейтін адам болмас еді және осындай жақсылықтар жасалып тұрды бар ғой, елге деген сүйіспеншілік те арта түсер еді. Патриоттық сезім құр сөзден емес, осындай жан сүйсінетін істерден туады. Біздің еліміз әділ ғой, әрқашан да халықтың камын ойлайды ғой деген әңгіме де гу-гу айтылар еді ондайда.

Ал әзірге... Әзірге Б.Рахымбекова сияқты шенеуніктер арттарын орынтақтан көтеруге ерініп, сырғытпа жауап, жалтарма сөзбен адам тағдырын ойыншық кылып, құтыла салудан қолдары «босамайды». Сондайға өздері қатты шаршап та жүреді, және. Оның психологиясы: «мен неге жәйдан-жәй Балғожиндер үшін жүгіруім керек» дегенге байланып қалған. Өзінің тікелей міндетімен қатар азаматтық борышы да бар екенін ол ешқашан ойламайды.

Қазақстандықтардың патриотизмі негізінен Елбасының өрелі істеріне сүйсінуден ғана туындайды. Жергілікті билік иелері арасынан оқта-санда ғана бір жан сүйсінтетін істер көріп қаласың. Соның ішінде Астана қаласы әкімі И.Тас-

мағанбетовтың бір ісіне өз басым қатты риза болып, сүйсініп жүремін. Қаланың қас ортасындағы мұсылман зираты неше жылдан бері дұрыс қоршалмағандықтан шашылып жатушы еді. Қаншама әкім ауысса да соған мән бермеді. Ал Имекен демеуші тауып, бір-екі айдың ішінде-ақ бұл жерді қыздың жинаған жүгіндей тымпитып, әп-әдемі қылып қоршап берді. Осыған қалай риза болмассың. Сол сияқты Б. Әбдуалиевтің, Б.Сапарбаевтың т.б. әкім болған жеріндегі халық олардың оң істерін айтып, аузынан тастамай жатады. Сондықтан барлық әкімді бюрократ шенеуніктерді туында-тып жатқан берекесіз билік иесі деуге болмайды. Бәрі адам-ның жеке басына байланысты.

Қолында билігі бар әрбір азамат қоғамымыздың әділетті болуы – өзінің іс-әрекетіне байланысты екенін қатты сезінуі керек. Ал халық тек әділетті қоғамды ғана сүйеді. Ол айнымайтын аксиома. Егер елімізді шелтиген, сезімсіз, тасыр шенеуніктердің иелігіне беріп қойсақ, онда отаншылдық дегенді ойлаудың өзі артық. Мен кішкентай ұлымды ертең ержетесің, елінді қорғайтын азамат боласың деп үйретуші едім. Егер ел сезімсіз шенеуніктердің мемлекеті болып кетсе мен баламды солар үшін отқа түс дермін бе? Қызығын солар көрсе, қиынын да өздері көрсін деймін ғой. Мұндайды және әрбір адам айтатын болады. Ал сезімсіз шенеуніктердің балалары елін ешқашан қорғамайды, олар «ауырдың үсті, жеңілдің астымен» жан сақтап жүреді. Сонда біз дұрыс ел бола аламыз ба? Әрине, бола алмаймыз. Міне, сезімсіз шенеунік дегендердің қасіреті осыған әкелуі мүмкін.

2014 жыл

АҚСАҚ КИІК

Көре калса жылыұшырап: «карағым-шырағым» деп жаны қалмай жайыңды сұрап, жолда көрсе «сапар он болсын» деп қауқылдап, бір іс жасалса «Аллаға тәубе», «арты кайырлы болсын» деп бәріне шүкіршілік етіп отыратын кенпейілді, барлық адамға тек жақсылық ойлап тұратын жомарт жүректі, дархан қазақты осы күні Сарыарқадан табу да қиын. Ал енді ондайды Мәскеуден көремін деп ешкім де ойламас еді.

2011 жылғы қаңтардың аяғында белгілі филолог-ғалым Дихан Қамзабеков бастаған төрт адам Мәскеуден Смағұл Сәдуақасовтың сүйегінің күлін әкелуге барғанымызды «Егеменге» жазған едік. («Алаш ардақтысының рухы елге оралды», 25.01.2011 жыл).

Бізді Қазақстанның Ресейдегі елшілігінің өкілдері, соның ішінде Серікқали Байменше бастаған жігіттер қарсы алып, аяқ-қолымызды жерге тигізбей алып жүргенін де айтқан болатынбыз. Олар сондағы қазақ диаспорасы өкілдерін де Смағұлдың рухын шығарып салуға шақырған екен. Мәскеуде қазақ мәдениетінің «Мұрагер» деп аталатын ұйымы барын бұрын да талай рет айтқанбыз, көппен бірге сол ұйымның өкілі деген бір ақсақал да жүрді. Әлгі кісі қауқылдаған, маңайындағы жастардың бәріне «карағым-шырағымдаған» бір кенпейілді жан екен.

Сібірдің суығындай қатаң ортаға мұндай адам қайдан келе қалған, дәу де болса баласының немесе немересінің соңынан еріп, қазақтың қалың ортасынан жуырда ғана көшіп келген адам шығар деп ойлап едік. Сөйтсек... ақсақалдың Мәскеуде тұрғанына 60 жыл болыпты... Мәссаған! Өзінің жасы 83-те екен.

Мұндай кісінің тағдырымен тереңірек таныспау біз үшін кәсіби күнә болар еді, сондықтан бір әредікте ақсақалды әңгімеге тарттық.

– Мені не үшін жазбаксың, шырағым, менің ешқандай ел-

ден ерек еңбегім жоқ, Мәскеуде тұратындығым өнер емес қой, сен одан да Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» деген өлеңінің тарихын жазшы. Сол әнді естісем... жан-дүнием босап жүре береді. Әлмырза Ноғайбаевтың айтқанын естідім, өзім кассетасын қолға түсіре алмай жүрмін, деді ақсақал күрсініп.

Қайдар Құмарбеков дейтін бұл ағамыз Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскемен қаласының жанындағы Айыртау, Көктал деген ауылдардың маңындағы қоныста 1928 жылы дүниеге келген екен. Айтуына қарағанда әкесі аудан көлеміне белгілі адам болыпты. Соғыс аяқталған жылдары көршісінің көрсетуімен сотталып, Қарағандыдағы лагерьге айдалып кетіпті. Сондағы жасаған «қылмысы»: соғымға буаз бие сойғандығы екен. Ол кездегі заң бойынша өзінің малы немесе сатып алғандығына қарамайды, мұндай мал сойған адам бірден қылмыскер болып танылады. Ішінде төлі бар малды қазақ жай да соймайды ғой, тек білмей қалғанда болмаса. Биенің ішінен құлын шыққанын көрген «қырағы» көрші «үлкен қылмысты» дереу жеткізе қойып, әкесін сол бойы айдап кетеді. Ол сол кеткеннен оралмай, Қарағандыда қайтыс болған екен.

Осы оқиға әсершіл жігіттің жас жүрегін ауыр жаралап, ол ағайын-туыстан, көрші-көлемнен көңілі қатты қалады да, көз көрмес, құлақ естімес алыс жаққа кеткісі келеді. Сөйтіп, 1948 жылы Мәскеуден бір-ақ шығыпты.

Темір жол институтына сырттай оқуға түсіп, Мәскеудің әртүрлі мекеме, кәсіпорындарында қызмет істейді. Соның ішінде су шаруашылығы институтында, темір жол құрылысында еңбек еткен. Ең ұзақ жұмыс істеген кәсіпорны «Метрострой» екен. Соның ішінде Қақан «Комсомольский проспект» стансасының құрылысына қатысқанын еске алды. «Әрине, метроқұрылыстың толып жатқан қызығы мен шыжығы болды, бірақ оның саған атүстінде қайсыбірін айтайын», дейді карт. «Метростройдан» кейін Жобалау инс-

титутына ауысып, сонда да біраз жылдар қызмет етіпті. «Өзбекстан мен Түркіменстан республикалары тұрақты өкілдіктерінің құрылысын жобалауға қатыстым. Оларға жанашырлық білдіріп, болысқан кейбір еңбектерімді айтар едім, бірақ оның қажеті жоқ. Жалпы «мен, мен» дегеннен жаман әдет жоқ», дейді ақсақал. Дегенмен, бұл кісінің туысқан халыққа, сондай-ақ өзіміздің елдің адамдарына істеген игі қадамдары көп екен. Мәселен, елшілік жігіттері кезінде оның «жас тұлпарлықтарға» да қамқорлық жасағанын ауызға алды. Мәскеуде үйі болғандықтан «Жас тұлпардың» жігіттері кейде мұның үйін паналайды екен.

Қазір ақсақал зейнеткер. Мәскеудің қас ортасында, кемпірімен екеуі ғана өзінің жеке пәтерінде тұрады. Жат орташымыр етіп ширатып, басы-бойын жеңіл ұстауға үйреткен секілді. Қазақстандағы 83-тегі ақсақалдардай ауыр қозғалып, тірсегі дірілдеп жүрген жоқ, қимыл қозғалыстары әлі күнге ширақ. «Екі саяжайым бар, жер көлемі 12 сотық, маған жетеді. Оларды көршілерімдікінен кем қылмай, күтіп ұстаймыз», дейді ол. Үйдегі апайымыз университет бітірген адам екен, ұзақ жылдар Мәскеудің мәдениет саласында қызмет етіпті, қазір ол кісі де зейнеткер. Өзі Қазақстаннан бірнеше жазушының кітабын жаздырып алып, оқып тұрған. Соның ішінде І.Есенберлиннің көптомдығы әлі күнге сақтаулы тұрған көрінеді.

Ағамыздың бір ұл, бір қызы болған. Ұлы қайғылы қазаға ұшырапты, ол жөнінде карт көп ешнәрсе айтпады. «Әйтеуір, әскерде жүргенде опат болды ғой, Ауғанстанда қаза тапты. Анығын білмеймін, есіме алу қиын, жүрегім ауырады», дейді күрсініп. Ал қызы мен күйеу баласы дін аман, олардан екі жиен көріп отыр. Үлкен жиені Фарида Нұрбаева халықаралық қатынастар институтында оқиды екен. Күйеу баласы да жақсы қызметте, осындағы институттардың бірінің проректоры көрінеді.

Ақсақал Мәскеуде тұратын қазақ қарияларымен жиі ара-

ласып тұратынын айтты. Соның ішінде соғыс ардагері, отставкадағы полковник Әкім ағай деген бір кісіні қатты мактап отырды. «Ол маған «ағай» дейді, мен оны «ағай» деймін, сөйтіп екеуміз қатты сыйласамыз», деді қарт.

Қақан мәскеулік қазақтардың «Мұрагер» мәдени ұйымы туралы да көп айтып, олардың жұмысына ризашылығын білдірді. Оны алғашқы болып құрысқан жігіттердің еңбегін де көп еске алды. Қазіргі азаматтар да солардың жақсы дәстүрін жалғастырып келеді, енді «Қазақ тілі» қоғамының 20 жылдығын атап өтеміз, дейді ол. Бұлар біздің бас қосатын, ана тілімізде сөйлеп, еркін тыныстап, емен-жарқын жүретін ортамыз. Сондықтан осындағы жігіттерге қолдан келген көмегімді тигізуге тырысамын. Осылай қарай жүруді жаным қалап, шақырса қуанып қаламын, дейді ақсақал.

Ұлтшыл-фашистік ұйымдар көбейіп, жастар бұзылып жатқанда Мәскеуде жүру қауіпті емес пе деген сұрағымызға ақсақал: өзін жақсы болсаң ешкім де тимейді, оның үстіне қазақ мұнда абыройлы. Біздің елде болған жанның бәрі де Қазақстанды мактап келеді. Жуырда бір орыстың шалы да Қазақстанды мактап отырды. Украинаға немесе басқа бір елге барсаң өз тілдерінде сөйлеп, орысша жауап бермейді, ал қазақтар орыс тілін сыйлайды екен, өздері кішіпейіл деп риза болып отырды. Ондайда менің төбем көкке жетіп қалады. Қазақстан туралы бір жақсы сөз, ұнамды лепес естісем сол күні қуанып жүремін, құдайға шүкір, қазіргі абыройымыз жаман емес. Назарбаев та дәл уақытында келген адам болды, аумалы-төкпелі заманда осындай дана адамдар ғана дұрыс басқара алады. Басқа жерлердегідей кантөгіс, ұрыскеріс Қазақстанда болған жоқ, соның өзі үлкен бақыт, дейді ақсақал.

Солай... Сырт қараған адамға Қақанның қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. Зейнетақысы жақсы, 12 мың Ресей рублін алады. Кемпірінікі және бар. Үйі, саяжайлары бар.

Бірақ... 60 жылда қазақтық қалыбын бұзбай, елді есінен

бір сәт те шығармай келе жатқан тегі мықты, саналы ердің жаны тамақтың тоқтығы мен көйлектің көктігіне жұбана алмайтын сияқты. «Туған жердей қайдан болсын», деп қалды ол бір сөзінде күрсініп. Біздің Смағұлдың рухын іздеп келгенімізге де ол қатты толқыды. Міне, осының өзі қабырғасы бүтін елдің қылығы, казак тірісінің де, өлі аруағының да басын қосып жатқанының көрінісі бұл, мен соған тоғайып отырмын. Бұрын біз басымыз түтел қосылып, еңсеміз көтерілер ме екен деп армандаушы едік. Енді сол күнге жеттік, иншалла. Қарашанырағымыздың құты арылмасын, әмсе, еліміздің еңсесі биік болсын, деді ол.

Бір кезде елден қатты өкпемен кеткен көңіл бұл күнде жадырап, саналы ердің жүрегін сағыныш сезімі жаралайтын секілді. Елде жалғыз қарындасы бар екен, оның бір баласының Мәскеуде оқуына жәрдем беріпті. Бірақ, 60 жыл «мәскеулік» болған жан енді еңкейген шағында елге бара ала ма? Ұзақ жылдар «Мәскеуде жүр», «Мәскеуде тұрады» деген жасанды мақтанның жалған буына мәз болып, елге қайтуға асықпаған басы енді жат жерде тамыры тереңге кетіп, өзі шау тартқан шағында бәрін өзгертіп, жана кадам жасауға батылы бармасы белгілі. Оның жүрегін осы жайлар жабырқататын сияқты. Сәкеннің «Ақсақ киік» әнінің жанына жақын көрінуінің де сыры сол болуы керек.

Қиырсыз, Бетпак дала... кураған шөл...

Жалғыз-ақ сырғандайды қоңылтак жел.

Меңіреу... тірі жан жоқ... жып-жылмағай...

Ел қайда? Ел алыста – шулаған ел...

Сандалып келе жатты ақсақ киік,

Бір тоқтап, анда-санда әлін жиып...

Ақ бөкен сахараның ботакөзі

Атты екен қандай адам көзі қиып?..

Жат орта, бөтен ел канша үйренді десе де адамға тобынан жырылып, адасып қалған ақсақ киіктің Бетпак даласындай болып көрінетін болса керек... Қауқылдаған казактың шалы

— Зәңгіс жандары.

шынында да тобынан жырылған сол ақсақ киіктің өзіндей болып көрінді бізге. Сондықтан да онын жаны шырылдап: «ел қайда?» деп қиналатындай, бірақ «ел алыста...» деп налитын секілді шерлі жүрек. Әннің сөздері мен мұңлы сазы карттың жүрегіндегі жарасын дәл баскандай.

Әрине, жат жұрттың ұнасы мен құлкына бағынып, қарынның тойғаны мен қалтаның кампайғанына мәз болатын тексіз жандар толып жатыр, оларға бәрібір... Ал мынандай асылдар елін аңсамай тұра алар ма? Сондықтан да Ақсақ киік секілді оның да жаны жаралы...

*Астана-Мәскеу-Астана
2012 жыл*

ЖЕРІҢНІҢ АТЫ – ЕЛІҢНІҢ ХАТЫ

Ономастика деген сөздің өзі грек тілінен аударылғанда «ат қою өнері» деген екен. Осы жағынан алғанда қазақ халқының алғырлығы, ат бергіштігі, әдемі атаулар тапқыштығы басқа жұрттардың бәрінен озық болған десек көп кателеспейтін шығармыз. Қазақ бір-ақ сөзбен жердің дәл сипатын беретін ат тауып отырған. Мәселен, «қызылжар» десе бұл жерде өзен бары, оның жары қызыл екендігі көз алдына келеді. Сондай-ақ «сорқұдық» деген атау болса бұл жердің аса жайлы емес, ауыз суы ащы, адамға жайсыз екенін жолаушы бірден түсінеді. Ал «айдарлы» десе ол жердің шөбі айдар тәріздес шоқтықты болып келеді деген сөз.

Атаулар арқылы халқымыздың айтқыштығын, айрықша байқағыштығын, тіпті ой-өрісінің, ақыл-ойының кемелдігін де көруге болады. Сондықтан ономастика мен оның бір бөлігі топонимика жердің ерекшелігімен қатар жер иесінің де қандай екенінен хабар береді. Екеуі біте қайнасып, бір тұтасқа айналып, бір рухты түзген. Қазақтың рухы жер атымен көтерілетіні де сондықтан. Мысалы, «Бурабай» дегенде оған «Аркада Бурабайға жер жетпейді...» деген немесе «Жетісу» дегенге «Жер жәннаты – Жетісу» деген тіркес қоса ілесіп, мақтанбайтын қазақ жоқ. Ал жердің атауын өзгерту арқылы елден жерді айыруға болады.

Патшалық Ресейдің колониалдық саясаты ономастиканы өз мүддесіне пайдаланған. Басып алған жердің бәріне олар тек өз атауларын қойған. Бұл туралы Екатерина патшайымның арнайы бұйрығы да болған. Жердің атауын жат қылса оған иесі де жат бола бастайды. Мәселен, «антоновка», «петровка», «николаевка» деген сияқты келімсектердің қаптаған кісі аттарынан тұратын атаулары артынан осы жерлерді қазаққа өгей қыла бастады. Сонымен қатар ономастика христиан дінін сіңіру мақсатын да көздеген. Солтүстік Қазақстан облысының барлық аудандарында осы діннің әулиелерінің,

періштелерінің, архангелдерінің, угодниктерінің атын алған ауыл-село өте көп. Мысалы, Петровка, Павловка, Михайловка, Николаевка т.б. алғашқы қоныстанушының емес, дін иелерінің аттары. Бұлардан басқа Покровка, Благовещенка, Спасовка, Богоявленка (кейін тек Явленкасы қалдырылған) сияқты атаулар да бар.

Кеңес өкіметі кезінде де патшалықтың ономастикалық саясаты жалғасын тапты. Әсіресе, келімсектер өте көп болып көшіп келген Солтүстік облыстарда, соның ішінде Есіл өңірінде қаптаған «қызыл» атаулардың бәрі орысша қойылды. Арасында бірен-саран ғана «қызыл ту», «қызыл әскер» дегендер ғана кездесіп қалатын. Оның үстіне большевиктердің бәрі дерлік орыс фамилиялы болғандықтан оларға берілген ауыл-селолар, қала атаулары мен көшелері де тегіс орыс фамилиялы болды. Осының бәрі казакты өз жерінен жерітіп, жат қылудың айла-шарғысы болатын.

Құдайға шүкір, қазір казак өзінің жеріне өзі ие болып, тәуелсіз республикаға айналды. Оған да міне, отыз жылға аяқ басты. Енді ол өз жеріне өз атауларын қайтаруы, өз жері мен елдімекендерін өзіне тартуы керек емес пе? Бізден басқа барлық республикалар баяғыдан сөйтті. Ал біз әлі күнге біреулерге көңілшектік танытып, жерімізге өз атауларымызды бере алмай келеміз.

2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Назарбаевтың бағдарламалық «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы өзінің өзектілігін ешқашан жоймайды. Онда былай делінген еді: «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді тенең, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. ...Әжептәуір жаңғырған қоғам-

ның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл - тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», делінген еді.

Жаңғырудың жарқын жолдарының бірі – ономастиканың ұлттық рухты көтеретін ежелгі атауларын алуы немесе ұлттық кодымызды сақтауға бағытталған жаңа атаулар. Бұларсыз біздің санамыз ұзақ жылдардағы езгіден арыла алмайды. Сондықтан елді мекендердің, жердің бүгін ұмыт бола бастаған тарихи атауларын қайтару, атауы бұрмаланған ауылдардың транскрипциясын дұрыстау, көшелерге, білім, мәдениет, спорт ошақтарына лайықты тұлғалардың есімдерін беру – ономастика жұмысындағы негізгі бағыттар болып табылады.

Әрине, біреулерге мұндай қадамдардың ұнамасы хақ. Өйткені, ондайлардың санасы озбырлықтың басқыншы тұманына адасып, ескі идеологиялықтан шырмауықтан шыға алмай жүр. Бұл ондайларға өзінің бұрынғыдан ада, тәуелсіз елде жүргенін де болжатпайды. Және ондайлардың басындағы жалғыз тіреу – «тарихи атауын қалдыру» деген қойыртпақ. «Тарихи атаудың» тамыры қайда екенін білмесе де содан айрылғысы келмей, жаңа дүниеге табан тіреп, қарсы тұрғысы келеді. Мәселен, жуырда мынадай оқиғаның куәсі болдық. Облыс әкімі Құмар Ақсақалов бір топ қала тұрғындарын Қызылжардың қалай өзгеретіндігімен таныстырып жатқанда университеттің бір карт мұғалімі (аты-жөнін айтпай-ақ қояйық) «Крепостной» көшесін көріктендіру керек қой» деп тұрып алды.

Ал осы «крепостной» дегеннің не екенін қарт мұғалім терең танып білді ме екен? Бұл орыс тарихының ең ұятты (позор) беттерінің бірі емес пе? 1861 жылға дейін созылған «крепостнойлық құқы» деген тәртіп орыс қоғамында бүкіл әлемде ұмыт болған құл иеленушіліктің бір түрін ХІХ ғасырдың ортасына дейін алып келді емес пе? Адамның адамды басыбайлы иеленуі, қаласа сатуы, итке айырбастауы, тіпті өлтіріп тастаса да жауап бермеуі сияқты істер өзін дамыған елміз деп санаған мемлекетке мүлде әбес қылық еді. Басыбайлы шаруалардың ешқандай құқының болмауы, оларды адам қатарына санамай қалағанынша басыну – бұл адамды адамның қанауының шектен шыққан көрінісі болатын. Сөзімізді Википедиядағы мына анықтамамен бекіте кетелік: «...помещик отнимал у крестьян их надель и личное хозяйство и превращал их в настоящих сельскохозяйственных рабов, которые работали на него постоянно и получали только скудный паёк из господских запасов. Крепостные были самыми бесправными людьми и ничем совершенно не отличались уже от невольников на плантациях Нового Света. Крестьян и дворовых покупали и продавали оптом и в розницу. Телесные наказания крепостных получили чрезвычайно широкое распространение. Нередко такие наказания заканчивались смертью жертв, но помещики почти никогда не несли никакой ответственности за убийства и увечья своих слуг». Ресей тарихындағы осынау ұятты қылықты орыстың алдыңғы қатарлы зиялы қауымының өзі қатты сынап, қарсы шыққан. Мысалы, ақын-жазушылар К.Аксаков, А.Герцен және т.б.

Ал осы «Крепостнойлықты» Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры деген атағы бар адамның жақтап, осы көшенің аты мен затын жаңғыртуды талап етіп тұруында қандай ой бар екен? Бұл жерге тіпті «тарихи атауы» деген де келмейді ғой. Ондай құл иеленушілік деген біздің жерде мүлде болған да емес. Ал Қызылжардың мына көше-

сін біреулер мазакпен немесе есерлік шалықпен «крепостное» деп атай салған... Сондықтан оған жабысатындай түк жоқ. Тағы біреулер оны «Әулие Петр қорғанынын» атауына қойылған деп соғады. Бұл да негізсіз, өйткені бұл көше ескі қорғанға тіреліп немесе жақын тұрған емес, айдалада жатыр.

Біздің ономастикалық жаңғыруымызды осылай аяқтан шалып, тіреп қалғысы келіп тұратындар аз емес. Ондайлар Қазақстанға болысқансып, «каражат босқа шығындалады», одан да ақша басқа жұмысқа жұмсалмай ма деп жаны ашығансиды. Ақшаның нақ осы рухани жаңғыруға жұмсалуы керектігін олар білгісі келмейді. Ал кейбіреулер біздің шенеуніктерді қорқытып, «бұл жерге шығындалған көп ақша сыбайластық жолмен жымқырылуы мүмкін» дегенді алға тартатын болыпты. Іс жүзінде қайта атауға кететін шығын болмашы ғана. Соны білсе де қаскүнемдер әйтеуір үркітудің жолдарын табады. Кейбір көленкесінен қорқып, жаңбыр болмай су болып жүретін қазақ шенеуніктері де олардың китұрқысынан қорқып, қарадай үркіп тұрады. Құтты А.Чеховтың «Человек в футляре» деген әңгімесіндегі «как бы чего не вышло» дегенді айтып, өзінен өзі шошып жүретіндерді де көрдік.

Бірақ «шегірткеден қорыққан егін екпес» деген. Ондайлардың әрқайсынан үрке берсек біз ел бола алмаймыз. Рухымызды да жаңғыртып, ұлттық кодымызға да орала алмаймыз. Осыны түсінген жергілікті басшылар да бар. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облыс әкімінің орынбасары, ой-өрісі биік азамат Ғани Нығыметов. Ол келгеннен бері бұл мәселе қолға алынып, біршама істер жасалып жатыр. Тек бізде қала атауын, көше атауын өзгертуге шулатып халықты араластыру туралы заң тәртібі көп нәрседі аяқтан шалады. Біздегі халықтың арасында дұрыс уәжге жығылатындар аз, көбісі ескілікті аңсайтын кертартпалар екенін жоғарыда айттық. Білімді деген адамның өзі «крепостнойлықты» қалап тұр емес пе, басқаларға не зорық. Ондайлар әйтеуір бәрі

де бұрынғыша, өздеріне жақын атаулар болғанын қалайды. Сондықтан бізге алдымен заңды өзгерту керек. Тек сосын ғана атаулар өзгермесе жергілікті биліктен талап етуге болады.

Сонын өзінде қазір Солтүстікте біршама аудандардағы атаулар өзгерді. Тәуелсіздік жылдарында талас-тартыспен 10 ауданның, 1 қаланың, 74 елді мекеннің тарихи атауы қайтарылды және өзгертілді, сондай-ақ транскрипциясы түзетілді. Сонымен бірге, 34 нысанға танымал тұлғалардың есімдері берілді.

2020 жылғы қазанда өнер колледжіне Ермек Серкебаевтың, облыстық филармонияға Ақан серінің есімі берілді. М.Жұмабаев ауданындағы № 4-ші мектепке Мағжан Жұмабаевтың, Жамбыл ауданының Преснов мектебіне Қожаберген жыраудың есімдері берілді. Сондай-ақ Ақжар, Қызылжар аудандарында ауылдық округ, көше атауларын қайта атау туралы ұсыныстар қаралды.

Қазір облыста 540 елдімекен және 6000-нан астам көше бар болса, солардың ішінде заман талабына сай емес, тоталитарлық сипатқа ие атаулар әлі де өте көп. Идеологиялық тұрғыдан ескірген 14 ауылдық округ, 32 ауыл, 744 көше бар. Мысалы: Ленин атауы барлық ауданда кездесіп, әлі күнге 66 көшеге берілген. Ең көбі Ақжар және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандарда – 14 көшеден. 39 көше – Киров, 16 көше – Куйбышев, 22 көше - Карл Маркс және 23 көше Калинин есімімен аталады. Осындай жағдайда бізде рухани жаңғыру бар деп көр. Бәрі бәз-баяғы коммунистік шырмауықтың шырғалаңында. Мұндай жағдайда қаланың Қызылжар атауын алуы туралы айту да қиын.

Жуырда облыс әкімінің орынбасары Ғани Нығметовтың төрағалық етуімен ономастика мәселелері жөніндегі бөлім селекторлық байланыс арқылы Петропавл қаласы және аудан әкімдерінің әлеуметтік сала жөніндегі орынбасарларымен жұмыс кеңесін өткізіп, хаттамалық тапсырмалар

берген болатын. Тапсырманы орындау барысында мәселелер туындамас үшін, әдістемелік-тәжірибелік көмек көрсету мақсатында ономастикалық жұмыс бөлімінің мамандары аудандарға шығып, ауылдық округ әкімдерімен кездесулер өткізді. Алайда осындай кездесулердің де оң нәтиже берініне күмән бар. Өйткені, ескіден ажырағысы келмейтін кейбір ауыл адамдары ешқандай өзгерісті қаламайды. Сондықтан тек жергілікті билік пен оның қасындағы ономастикалық комиссияның шешіміне осы мәселені заңды түрде тапсырған дұрыс болар еді. Ол үшін, әрине, жоғарыда айтқанымыздай заңға өзгеріс енгізу керек.

Аудандардағы жағдай осындай болса Петропавл қаласындағы ахуал тіпті мызғымай тұр. Өзіміз қанша жазсақта мұнда Халтурин, Красин сияқты большевик-террористердің, «Коминтерн» сияқты арандатушылық ұйымдардың атына берілген көшелер де әлі күнге тұр.

Бір таң қаларлығы облыс билігі мен халқы қазақша атау берген кейбір нысандар да қозғалыссыз қалуда. Мысалы, Тимирязев ауданына аса көрнекті қазақ жазушысы, жерлесіміз Сәбит Мұқановтың аты берілген еді, соны әлі күнге жоғары жақ бекітпей, аяқсыз қалып тұр. Не себеп екенін ешкім білмейді. С.Мұқановтан гөрі Тимирязев қазаққа көп пайда жасады деген біреу ме, әлде көлеңкесінен қорқып, шошынған бір шенеунік пе, әйтеуір біреулер халықтың қалауына кедергі келтіріп отыр.

2021 жыл

ЖАЛА

Шәкен Айманов. Бұл есімді айтқанда қазақтың кен даласы, алып сахарасы көзге елестейді. Оның бойына сондай телегей-теңіз өнер, дархандық, кендік, жомарттық, мәрттік қонған. Және соның бәрін ол асылық сөйлейтіндерге, менсінбейтіндерге, озбырларға белден баса отырып мойындатқан өзгеше құбылыстардың бірі. Жалпы айтқанда, қазақтың өзіндік келбетін сақтай отырып, өзгені сөзсіз мойындатқан біздіңше бес-ақ қазақ бар. Олар М.Әуезов, Б.Момышұлы, Қ.Сәтбаев, Ш.Айманов және О.Сүлейменов.

Шәкен Аймановты еске ала отырып, осынау мақаланы жазуға түрткі болған өзгеше бір шетін жайт еді. Жаксымыздың атына жала жабылып, жағымсыз сөз айтылып жатқаны жанға батып кеткен соң қолға қалам алдық.

Соңғы кездері ресейлік теледидарларды көруден қалып барамыз, өйткені онда қазір салмақты дүниелер барынша азайған. Жаналықтарының өзі де шындығынан гөрі жалғаны көп. Сондықтан ол жақтан КСРО-ның кезіндегідей «жануарлар әлемін» ғана тамашалауға тура келіп тұр.

Десек те... Ескі хроникалық кадрларды араластыра отырып, қызықтырып түсірілген деректі фильмдерді «Ютуб» сайтынан кейде қарап қоямыз. Соның ішінде «Как уходили кумиры» деген сериямен жасалған атакты артистердің, өнер адамдарының өмірі мен өлімі жайлы түсірілген дүниелерді қараушы едік. Бірде соның ішінен татар актері Раднэр Муратов туралы фильмді көріп қалдық. Бұл есімді көп адам біле бермеуі мүмкін, бірақ «Джентельмены удачи» фильміндегі бір жағы мазақ, бір жағы жеңіл күлкі үшін тудырылған «Василий Алибабаевич» есімімен танылған персонажды жұрттың бәрі біледі.

Аңқау, адалдығымен қоса ақымақ болып көрінетін ортаазиялықтың жеңіл рөлін ол біршама сәтті шығарған.

Аталмыш деректі фильмнен актер Раднэр Муратов Татар

автономиялы республикасының бірінші хатшысы қызметін 13 жыл бойы атқарып, 1957 жылы 52 жасында зейнет демалысына шыққан Зиннат Ибатұлы Муратовтың отбасында өмірге келген жалғыз бала екенін білдік. Партия ісіне жантәнімен берілген әкесі жалғыз ұлының есімін де елден ерекше етіп, сол кездегі үрдіспен «рад» – «радуйся», «н» - «новой», «эр» - «эре» деген сөздерден алып қойған екен. Мұны қазақшаласак Жаң-за-ку (жаңа заманға куан) болар еді...

Деректер Раднэр Муратовтың өте көп (80-нен артық) киноға түскенін, бірақ ойнаған рөлдерінің бәрі де эпизодтық болғандықтан көп фильмдердің титрында оның аты-жөні көрсетілмегенін айтады. Соның бірі Шәкен Айманов 1966 жылы түсірген «Атамекен» (Земля отцов) фильмі көрінеді. Бұл фильмде Раднэр поезда қашып жүрген черкестің рөлін ойнайды. Есте қалатын емес, бір сәттік қана эпизодтық рөл, тіпті түрі де анық көрінбейді.

Фильмде Р.Муратов туралы әңгіме айтқанның бірі оның досы Анатолий Яббаров есімді татар актері. Бұл да «Дженгельмены удачи» фильміндегі эпизодтық рөлде ойнаған. «Доцент» биік үйдің төбесінен құлатып жіберетін «Митяй» бар еді ғой. Міне, сол «Митяй» осы.

А.Яббаров біршама деректердің қатарында Шәкенге қатысты Раднэрдін «өз аузынан» естіген бір әңгімесін айтып берді. Оның қысқаша мазмұны мынадай: Шәкен Айманов фильм түсіріп жатқан уақыттарда шағын үзіліс бола қалса өзімен шахмат ойнайтын адам іздейді екен. «Атамекенді» түсіріп жатқанда да солай болыпты. Ойында ештеңе жоқ Раднэр Шәкеннің қарсыласы болып ойынға кірісіп кетеді. Шахматты жақсы ойнайтын ол режиссерді шағын үзілісте 2-3 рет ұтып кетеді.

Осыдан әрі олар әзіл-қалжыңмен жұмысқа кіріседі. Раднэр көптеген эпизодтық рөлдері үшін фильмдерде аты жазылмайтынына ренжіп жүреді екен де Шәкене өзінің есімін титрда көрсете салуды өтініпті. Оған Айманов жазғызамын

деген уәдесін береді. Сонымен, фильм түсіріліп болған соң оны Мәскеудегі «Мемкинода» қабылдау болады. Раднэр де келіп карап отырады, алайда титрдан өзінің аты-жөнін таппай, ренжіп қалады. Фильмнің ұзын-ұрғасы – соғыста қайтыс болған баласының сүйегін туған жерге әкеліп жерлеу үшін немересімен бірге жолға шыққан ақсақал жайлы. Міне, фильм де аяқталып келеді, ақсақал баласының бейітін тауып, оның кабірін құшақтап, көзіне жас алады. Сонсоң сәл шегініп, басылып отырады. Осы кезде камера зиратқа қойылған тақтаны анық көрсетеді. Сөйтсе, онда «здесь покоится Раднэр Муратов» деп жазылған екен. Бұл жазуды көргенде Раднэр тіксініп қалады.

Фильмді қабылдау аяқталған соң сол маңдағы ресторандардың бірінде режиссер Ш.Аймановтың ұйымдастыруымен әдеттегідей банкет болады. Онда Шәкен Раднэрді көріп, өзінді титрдан таптың ба, қалай қатырдым ба деп қалжындайды. Одан әрі дастархан қызуы басталып кетеді. Бір кезде төрде отырған Ш.Аймановқа «Мемкинодан» шақыру келіп, ол жұрттан кешірім сұрап, кетіп қалады. Аздан соң бір адам келіп, оны жаңа ғана машина соғып, тіл тартпастан қаза болғанын жеткізеді...

Міне, әңгіменің ұзын-ұрғасы осындай. Ол фильмде Р. Муратовты «өлтіріп» қойғаны үшін, демек оның өлімімен ойнағаны үшін Ш.Аймановқа Жаратқанның жазасы жеткен деген ой тудырумен аяқталады.

Қазақтың көзі қарақты, көкірегі ояу жандарының бәрі де мұндағы өтіріктерді біліп отыр. Өйткені, қазақ қауымы Шәкен Аймановтың «Атамекенді» түсірген 1966 жылы емес, «Атаманның ақыры» фильмін түсірген 1970 жылы машина соғып қаза болғанын жақсы біледі.

Екіншіден, «Атамекен» фильмінде зираттың басында А.Яббаров айтқандай белгі жоқ. Осы фильмді қайтадан карап шыққанда да «Бауырластар зиратына» қойылған тақтада қайтыс болғандардың тізімі ғана жазылғанын көрдік.

Онда басқалармен қатар «Муратов» деген фамилия болғанымен ешқандай «Здесь покойтся Раднэр Муратов» деген сөз атымен жоқ. Демек, Шәкен Айманов ондай такта жаздырмаған.

Үшінші өтірік. «Бауырластар зиратына» карт (Елубай Өмірзақов ойнаған) жете де алмаған, ол жолда поездан қалып қояды. Әкесінің басына тек баласы (Мурат Ахмадиев) ғана жетіп, мінәжат етеді.

Ендеше, осындай өтіріктер не үшін керек болған?

Бұл тек Раднэр Муратовтың рухына жұрттың назарын аударып, оның «тегін адам емесін» білдіру үшін, қазіргі тілмен айтқанда оған арзан пиар жасау үшін керек болған сияқты. Бірақ сол пиары екінші адамға, яғни қазақтың маңдайына біткен ұлы актеріне қиянат жасап тұрғанын Яббаров та, деректі фильмді түсіргендер де ойына алмаған. Бұл да сол мәскеуліктердің өзгелерді менсінбейтін ертеден келе жатқан озбырлығының бір көрінісі.

Яббаров осы әңгімесін аузы жеткен жердің бәрінде қайталап жүрген көрінеді. Мәселен, «Бульвар Гордона» деген апталық газетте Людмила Грабенко деген журналистің Раднэр Муратовтың өлімі жайлы мақаласы шықты. Осында берген сұхбатында да А.Яббаров жоғарыда айтылған өтірігін толығымен қайталайды. Сонымен бірге ол осы сұхбатта Р.Муратовтың «Возвращение чувств» деген Татарстанның 50 жылдығына арналған фильмде басты рөлді ойнағанын, сол үшін оған Ресей Федерациясының еңбек сіңірген артисі атағын бермекші болғанын, алайда бастық әкесі телефон шалып, оған бұл атақты беруге әлі ерте екенін айтып, тоқтатып тастағанын айтып береді. Бұл мысалды келтіріп отырған себебіміз, А.Яббаровтың тағы бір өтірігін әшкерелеу. Біріншіден, бұл фильм түсірілген 1979 жылы Татарстанға 50 емес, 60 жылдың қарсаңы болған еді. Екіншіден, Раднэрдің әкесі Зиннат бұл кезде лауазымды қызметтен шыққан (1957 ж), біреуге телефон арқылы команда беруден мүлде қалған зей-

нет демалысындағы адам. Үшіншіден, Р.Муратовтың өзі де «жас емес», 51 келген кезі. Сондықтан бұл әңгімелерінің де шындыққа жанаспайтыны көрініп тұр.

Міне, осындай өтіріктерді ресейлік деректі фильмдерден жиі көруге болады. Өзгеге емес, өзімізге қатысты тағы бір мысал айта кетейін. Лейтенант Рахымжан Қошқарбаев 1945 жылғы 30 сәуірде Рейхстагқа ең бірінші болып ту тіккенде қасында Георгий Булатов деген қатардағы жауынгер болғанын білеміз. Алайда бұлардың еңбегін ескермей, казакқа үлкен атакты кимай, атыс саябырсыған соң командование грузин өкілі Кантария мен орыс өкілі Егоровка қайтадан ту тіккізіп, екеуіне Батыр атағын бергенін де білеміз.

Соған күйзелген Булатов салынып ішіп кетіп, ақыры жұрттың мазағына айналады. Оған жәркелештер «Гриша Рейхстаг» деген мазақ ат береді. Міне, осы Г.Булатов туралы да ресейлік документалистер «Гриша Рейхстаг» деген деректі фильм түсіріпті. Осы фильмде де... аузы-мұрындары қисаймай Булатовтың командирі болған лейтенантты Қошқарбаев емес, «Сорокин» деп ойдан шығарып алған. Әрине, Ахметов, Қойшыбаев, я басқа фамилияны емес, нақ орыстың табиғи есімін алыпты. Ал, бұған не дерсің?

Бұл да сол кеудесін қаға беретін озбырлықтың қалмай келе ұшқындары. Басқа ештеңе де емес.

Сондықтан да орыс киношыларының деректі деп түсіргендерінің бәріне бірдей сене беруге болмайтынын айтып, «әй дер әже, кой дер қожа» заман болған соң, олар өздеріне тиімді етіп, өтіріктің талайын осылай ойына қалай келсе, солай қосып жататынын қандастарымызға білдіргіміз келген еді.


2013 жыл

Ғысыйбай Сауран

III БӨЛІМ



ТҰРПАТТЫ ТҰЛҒАЛАР



МОГИКАННЫҢ СОҢҒЫ ТҰЯҒЫ

2014 жылдың шілде айында Эдуард Шеварднадзе өмірден өтті. Сөйтіп, «казармалық социализм» деген тұтас бір дәуір тарихының соңғы беті жабылды деуге болады. Біреулер «әлі Горбачев бар емес пе» дер. Бірақ оны бұл дәуірдің емес, жаңа дәуірдің басы деп айтуға болады.

Әлемдік аренаға шығу

«Саяси бюроның мүшелері және мүшелікке кандидаттар» деп тек кана орыс тілінде жазылатын тізім салынған плакат барлық мектеп қабырғаларынан бастап барлық жоғарғы, арнаулы оқу орындарында, мекемелерде, барлық жоғарғы-төменгі басқарушы, атқарушы орындарда міндетті түрде ілініп тұратын. Кеңестің октябрат, пионер, комсомол қатарынан өткен барлық жастары олардың түртүсін жатқа білетін. Солардың ішінде аппак, қалың бұйра шашы, бақырайғандау көзі, көтеріңкі жал-тұмсығы, жарқыраған маңдайы бар Шеварднадзе әліпбилік реті бойынша ең соңында тұратын еді. Сырты таныс болғанымен Шеварднадzenің казактарға сыры таныс емес еді, бірақ кейін КСРО көлемі бойынша ірі қызметке тұрғаннан кейін ғана ол өзінің кең құлашты, іскер басшы екендігін көрсете білді.

Шеварднадzenің КСРО сыртқы саяси ведомствосының басшысы болған жылдарында 1946 жылдан бері созылып келген капиталистік және социалистік деп аталған екі жүйенің «қырғи-кабақ соғысы» аяқталды. Осы іске орасан еңбек сіңірген адам ретінде оның есімі әлемдік дипломатияның тарихына алтын әріптермен жазылары сөзсіз.

М.Горбачев өкімет басына келген соң жанаша ойлауды, жариялылық пен демократияны басшылыққа алатын қайта құру курсы қолға алғаны мәлім. Өзінің ойлары мен мақсаттарын сыртқы саясатта іске асыра алатын көмекші іздегенде ол Грузияның бірінші хатшысы Эдуард Шеварднад-

зеге токталады. Өйткені, КСРО-ның сыртқы саяси ведомствосында бұрынғы министр, қарсыластарымен ешқандай мәмілеге келе алмағандықтан «мистер жок» деген лақап есім алған Громыко қалыптастырған катып қалған жүйеден өзгеше ойлай алатын адам табу мүмкін емес еді. Сол кезде сыртқы істер министрлігіндегі АҚШ бөлімінің менгерушісі, кейін министр болған А.Бессмертных өзінің бір сұхбатында: «Шеварднадзе жұмысқа шыққанда өзінің бұл істен түк білмейтінін көріп, бекер келіскенін айтып еді» дейді. Бірақ сол «түк білмейтін» Шеварднадзе он немесе жүз Бессмертных секілділер істей алмайтын жұмысты төңкеріп тастады.

М.Горбачевтің сыртқы істер министрі қызметіне адам іздегенде Мәскеудегі тіл мен жағына сүйенгенде алдына жан салмайтын нешетүрлі орыс, еврей толып жатқанда орыс тілін опырып сөйлей де алмайтын Э.Шеварднадзени таңдауының өзі бір жұмбақ. «Совершенно секретно» газетіне берген бір сұхбатында Шеварднадзени өзі бұл туралы: *«А вообще странно, когда у Горбачева родилась идея взять меня, секретаря ЦК, в МИД. Для меня это было удивительно. Помню, Горбачев позвонил мне: «Эдуард, приезжай в Москву». – «Срочно?» – «Срочно. Завтра-послезавтра». Приезжаю, а на Политбюро уже стоит вопрос о моем назначении главой МИД. Несколько десятилетий министром был Андрей Андреевич Громыко, дипломатическую школу именно он сформировал, неудивительно, что хотел на свое место назначить своего же заместителя. Но Горбачев не согласился: «Сейчас нам нужен не столько дипломат, сколько политик. Идет перестройка». И назвал мою фамилию. Я пытался отказаться. Но Горбачев стоял на своем: «Ничего, привыкнешь». А я даже не знал, где находится МИД»* – деп еске алады. Біздіңше Горбачевке өзінің бағытын ептілікпен іске асыра алатын икемді әрі қарсы келуді білмейтін, иі жұмсақ шығыстық тұлға керек болған сияқты. Шеварднадзениң өз орнына министр болатындығы туралы

Андрей Громыко өзінің баласы, бұрынғы дипломат Анатолий Громыкоға былай деп шағынған екен: *«Горбачев про себя этот вопрос решил окончательно, он со мной не советовался, а только просил поддержать замену. В то же время я считал, что Шеварднадзе не подготовлен к тому, чтобы профессионально вести работу министра иностранных дел».* («МК», 25.01.2003 г.) Әрине, оның осылай айтатыны заңдылық. Сыртқы саясат сияқты күрделі саланың маңынан жүрмеген адам оның толып жатқан қырлары мен сырларын қайдан білсін?

Алайда, Горбачевке ескі мектептің қатаң қағидаттарымен кұрсауланып калған кадр емес, еркін ойлай алатын және, жоғарыда айтқанымыздай шығыстық, ымырашыл адам керек болған-ды. Оның үстіне Шеварднадзенің қолға алған ісін толығымен іске асыра алатын батылдығы мен алымдығы да бар екені белгілі. Мәселен, ол Грузияның ішкі істер министрі болып 10 жыл қызмет атқарғаннан кейін 1972 жылы республиканың бірінші хатшысы болып сайланғанда сыбайлас жемқорлық пен жасырын экономикаға қарсы бітіспес күрес жүргізді. Үлкен қызметке келген алғашқы 1,5 жылда ғана ол 20 министрді, 44 аудандық хатшыны (облыстық хатшы деген Грузияда жоқ), 3 қалалық хатшыларды орнынан алған. Ал бес жылда 30 мыңдай адамның үстінен қылмыстық іс қозғаған. Әрине, ол кезде мұндай ақпараттар БАҚ беттерінде жазылмайды, соның өзінде Грузиядағы «кадрлық төңкеріс» бүкіл одаққа белгілі болған еді. Орнынан алынған адамдардың бәрі Шеварднадзенің жауы болып шыққаны, сөйтіп оның шалыс басқан қадамдарының бәрін аңдып отырғаны да анық. Соның бәріне төтеп беріп, Хрущевтің «жылымық жылдарынан» бері еркінсіп кеткен Грузияны сол жылдары Шеварднадзе қатты бір сілкіп, тәртіпке келтірген еді. Сондықтан да оның есімі одаққа катал, бірбеткей адам ретінде танылған-тын. Горбачев оның осы қырын да ескерген болуы керек. Қалай десе де Шеварднадзе

әлемдік саясаттың алдыңғы шебінде өзіндік орны бар тұлға бола білді. «Берлин қабырғасын» құлатып, КСРО-ның «темір кұрсауын» да тас-талқан етуге белсене қатысты. Ауғанстаннан КСРО әскерін шығартып, баламды соғысқа алып кетпес пе екен деп күндіз-түні алаңдайтын мыңдаған ананың ризашылығын алды. Оның қызметін әлемдік саясаткерлер жоғары бағалап, «мистер иә», яғни келісуге болатын, ымырашыл тұлға деген лақап ат тақты. Халықаралық саясаттың ұнғыл-шұңғылын айыратын нелер бір сұңғыла тұлғалар КСРО-ның және оның демократияға қадам жасаған курсының мүддесін қорғау жолындағы ісінен еш мін таба алмады. Ал «ақ түлкі» деп оны кемсітетін де, оған түрлі айып тағатын да, Грузияда президент болған кейінгі жылдарын іске алғысыз қылатын да өзінің отандастары.

Өмір өрісінің өзегі

Бүгінгі күні Эдурад Шеварднадзенің Отаны көбіне-көп орыс тіліндегі «Грузия» атымен емес, ағылшын тіліндегі жазылуы бойынша «Джорджия» деп аталады. Елдің коды да бұрынғысынша GRZ (Gruzia) емес, GEO (Georgia) деп өзгертілген. Әлемнің біршама мемлекеттері қазір бұл елді осылай таниды. Бірақ кім қалай өзгертсе де, не өзгерсе де грузиннің бүкіл әлемге танылған үш саясаткерін бәрі де біледі. Олар: Сталин (Джугашвили), Берия және Шеварднадзе. Алдыңғы екеуінің даңқы халыққа жасаған қаскүнемдігімен шықса, соңғысының есімі солар құрған «жауыздық империясын» құлатушылардың бірі ретінде тарихта қалды. Сонымен бірге ол кеңестік жоғарғы басқарушылардың «монолиттік бірлігін» алғашқы болып бұзушы ретінде танылғанын айта кетуіміз керек. КСРО-ның ұзақ жылдық тарихында тұңғыш рет Саяси бюроның құрамынан өз еркімен және халық депутаттарының съезінде ашық жасаған мәлімдемесімен шыққан жалғыз адам осы.

Ол кезде Шеварднадзе әлі де сыртқы істер министрі бо-

латын. Бірақ соған қарамай елде диктатураның қайтып келе жатқанын және өз басы онымен істес болғысы келмейтінін ашық айтып, үлкен қызметтен кетті. Осы ісімен ол өзін «қазан бұзбайтын», «қарсы шықпайтын» деген атакқа лайық қорғалақ адам емес, өзіндік ерік-жігері бар тәуелсіз саясаткер екенін көрсетті. Бұл қылығы Горбачевтің ісіне деген қарсылық екенін білсе де шегінбеді. Бәлки, онашада, өзіне ғана айтып, қызметтен кететін болса – Горбачев оны жұмыстан кетпеуге көндіретін еді немесе саяси аренадан мүлде ығыстырып, ескерусіз қалдырар еді. Мүмкін осы екеуінен қауіптенген болуы керек, әйтеуір Шеварднадзе жалпы халықтық жариялылық, ашықтық кезеңін ұтымды пайдаланып, орнынан кететінін 1990 жылғы желтоқсанда айында халық депутаттарының съезінде жариялады. Бұл уақытта КСРО-ның бір жылдан соң мүлде құлайтынын әлі ешкім де білмейтін. Алайда, осы қылығы лапылдап тұрған демократияшыл қауымның алдында оның бойын өсіре түсті.

Шеварднадзенің өмір жолын шолып, зерттеу барысында оның өз Отаны – Грузияға, өз халқына шын берілген патриот адам екеніне көз жеткізесің. Қолы жеткен табысқа масайрап, астындағы орынтақтың ғана мүддесін ойлап, елін сатып, ептеп күн көретін көзқамандар қай уақытта да, қай халықта да толып жатыр. Ал Э. Шеварднадзенің керісінше, қолындағы мүмкіншіліктерді пайдаланып, өз халқына көп пайдасын тигізгені және тигізуге тырысканы туралы деректер өте көп. Соның бір мысалына 1978 жылғы оқиғаны айтуға болады. Осы жылы одақтас республикалар 1977 жылдың қазан айында қабылданған КСРО Конституциясының негізінде өз Ата заңдарын қабылдаған еді. Осы Конституцияда Грузин КСР-дегі мемлекеттік тіл – грузин тілі деген бұрынғы Ата заңдағы сөз алынып тасталды. Бұған намыстанған грузиннің зиялы қауымы қатты наразылық білдіріп, Үкімет үйінің алдына жиналады. Ұзын саны 10 мыңдай адам ұлттық мүддені жақтаған, тіпті метрополияның ұлттық саясатын

даттаған ұрандар мен айғайлар айтып, ыза-кекпен кайнап тұрады. Қап тауының кызуқанды халқы мұндайда бірденеге ұрынбай тоқтамайтындығы да белгілі. Алайда Шеварднадзе ешқандай әскер, милиция бөлімдерін шақырмай митингке шыққандарға жалғыз өзі тура барып, олардың талаптарының қанағаттандырылатынын айтып, зығырданы кайнап тұрған халықты бейбіт жолмен таратады. Соның аркасында ешкім жапа шекпей, соққы жемей үйлеріне тараған. Ал Шеварднадзе өзінің дипломатиялық шеберлігімен өзінікін ғана жөптеп, өзеуреп тұратын кеудемсоқ орталықты митингіге шыққандардың талабына көндіре алған. Сөйтіп, одактас республикалардың Конституциясында Грузияда ғана орыс тілі алынып тасталып, мемлекеттік тіл жергілікті халықтың тілі болып қалған. Бұл Грузияның да, Шеварднадзенің де ерлігі еді. Ал оның алдында, 1956 жылғы Сталинге және оның Грузиядағы ескерткіштеріне байланысты митингілер Василий Мжаванадзенің кезінде әскердің жойқын күшімен қан-жоса болып таратылып, мыңдаған адам жапа шеккен болатын.

Шеварднадзе өз халқының зиялы қауым өкілдерімен, соның ішінде әдебиет пен өнердің көрнекті қайраткерлерімен достық қарым-қатынаста болып, оларды ашықтай қолдап отырған. Түрлі еркеліктерін көтерумен бірге, тіпті өзіне қарсы шығып, оппозицияны қолдаған қылықтарына дейін кешіріммен қараған. Мысалы, әнші Нани Брегвадзені өте жақсы көріп, құрметтеген. Ал әнші өзіне қарсы оппозициялық топтың қатарында жүрген күндердің бірінде кездескенде оның қолын сүйіп, құрмет көрсеткен. Қасындағылар оның оппозицияда екенін ескертіп, қолын сүйгеніне наразылықтарын білдіргенде «Нани шіркін Нани ғой кашанда» деген екен.

«Грузия-фильм» киностудиясы 1984 жылы режиссер Тенгиз Абуладзенің «Арылу» атты киносын түсіргенін білеміз. Бұл Сталин-Берия заманының күнәсін көркем образдар арқылы айыптаған, оқиғасы адамның тұла-бойын түршік-

тіретін фильм еді. Соның сценариін бірінші хатшы болып жүрген Шеварнадзенің өзі оқып, түсірілуін қолдаған және орталық тіміскілердің цензурасынан басын бәйгеге тіккен қулықпен алып қалған. Қалай дейсіз ғой. Ол кезде түсірілетін фильмнің бәрінің сценариін КСРО-ның «Госкино» компаниясы бекітіп беретін болған. Ал ондағы цензор-тіміскілер «Арылудың» сценариін ешқашан түсіруге жібертпес еді. Сондықтан «Грузия-фильм» киностудиясының директоры Резо Чхеидзе Шверднадзенің тікелей қолдауымен оны телефильм ретінде рәсімдейді, өйткені телевидениенің екі сағаттық уақытын Мәскеу тексермейді екен. Шеварнадзе сол қулықты қолдап, түсірілуіне республикалық бюджеттен ақша бөлгізеді. Сөйтіп, көркем туынды өмірге жолдама алады. Кейін бұл фильм 1987 жылғы Канн фестивалінің бас жүлдесін алды, 1988 жылы алты номинация бойынша «Ника» сыйлығын алды. Шеварнадзенің ерлігі болмаса осы үздік туынды өмірге келмес еді.

Эдуард Амвросийұлы өнер үшін партбилетімен қоштауға, яғни болашақ өмірінің бәріне балта шабуға болатын тәуекелге дейін бара алған. Ал мұндай ерлік кеңестік партия функционерлері тарапынан ешкімнен де бұрын-соңды шығып көрмеген.

Тағы бір дерек. Бірде Грузияның ежелгі шіркеу кешенінің жанынан әскерилерге полигон ашу туралы орталықтан бұйрық болады. Бұл 1973 жылғы оқиға. Осы кезде Грузияға іссапармен Брежнев келмекші болған. Өзі сұраса әнгіменің теріс ұғылып, іс насырға шауып кетуінен сақтанған Шеварнадзе актриса Софико Чиаурелиді үгіттеп, «кездесу кезінде Брежневтен полигонды басқа жерге ауыстыруды сен сұра, мұндай даулы дүниені актрисалардың айтуына болады. Бірақ Брежневтің жүрегін елжірете алатындай сөздер тап» деген екен. Айтқанындай, атақты актриса Брежневке «сіз біздің әкемізсіз ғой» деген сияқты әдемі сөздерді төге отырып, полигонның көшірілуін өтініпті. Елжіреуік Бреж-

нев көзіне жас алып, актрисанын айтқанын орындаған екен.

1989 жылғы Тбилисидегі 9 сәуір оқиғасында да Шеварднадзе биіктен табылды. Ол кезде Мәскеуде қызмет істейтін Шеварднадзе өзінің орынтағының шайқалмауын ғана ойлаған Грузияның бірінші хатшысы Д.Патиашвилидің жағдайды бояма түрде баяндап, жалған акпармен жұбандырған телеграммасына алданып, оқиғаның ортасына бара алмай қалады. Егер Шеварднадзе оқиға орнына уақтылы барғанда, бәлкі қантөгіс болмас еді. Өйткені, ол әскердің бейбіт тұрғындарды қан-жоса қылып ұруына жол бермес еді. Бұл туралы осы оқиғаны зерттеген талай саясаткерлер жазды. Соның ішінде белгілі журналист, саясаткер Л. Млечин де болды. («Внешняя политика СССР, от Ленина до Путина», М., «Центрполиграф», 2011»).

1989 жылғы 10 сәуірде Шеварднадзе Берлиндегі Варшава келісімі елдері сыртқы істер министрлерінің отырысына қатысуы үшін неміс астанасына ұшпақшы болған. Алайда... Танертең оған түндегі қанды оқиғаларды естірткенде маңызды іссапарынан бас тартып, бірден Тбилисиге ұшып келіп, трагедияға ұшыраған халқының қасынан табылады. Ал халық депутаттарының съезіндегі сөзінде Саяси бюроның мүшесі екендігіне карамай, сол кездегі шешімнің дұрыстығын сынап, Д.Патиашвилидің жауырды жаба тоқыған баяндамасы мен әскери округтың басшысы генерал И.Родионовтың қантөгіске жол берген ісін ашық айыптаған болатын. Әрине, бұл кез демократияға даңғыл жол ашылған мезгіл еді ғой. Бірақ соның өзінде өкімет адамдары арасынан биліктің орашолоқтық істерін сынағандар бірен-саран ғана болатын.

Шеварднадзені біраз адамдар өте қу болған деседі. Қу болудың өзі де ақылдылықтың бір белгісі емес пе? Мәселен, Шеварднадзе Мәскеуде, Саяси бюроның мүшесі ретінде өзіне берілген өте қымбат, кең пәтерді жекешелендіріп алады. Бұрын вице-президент болған Г.Янаевтың әйелі бір сұхбатында осы мәселе туралы айта келіп, өздерінің бұлай істе-

мегенін, ал Шеварднадзенін айлакер екенін айтыпты. Әйел бұл арада өзінің ақымақтығын көрсетіп отыр. Мүмкіншілік болып тұрса колдағы барды неге алмасқа? Жаппай жекешелендіру уақытында Шеварднадзе алмаса ол үйді басқа біреу-ақ сатып алар еді. Оның үстіне Мәскеудің үйлерінің көбісі республикалардың күшімен салынғаны белгілі ғой. Сондықтан Шеварднадзенің өзі тұрған үйді жекешелендіруге толық құқы бар.

Билік иесі болғаннан кейін Э.Шеварднадзенің де бойынан мін табатындар көп. Әсіресе, оның Грузияда президент болған жылдарында сыбайлас жемқорлыққа жол бергендігі қатты сыналды. Осы орайда Грузиядағы азаматтық соғысты басып, қаншама адамдарды қантөгістен алып қалып, елді тәртіпке келтіргендігі ұмыт қалып жатады. Егер Шеварднадзе қара басының камын ойлаған адам болса 67 жасында Мәскеудегі жәйлі пәтерін, жақсы тұрмысын тастап, қансырап жатқан елге келмес еді. Әрине, оны зиялы қауым өкілдері қатты жалынып сұраған. Бірақ бас пайдасын ойлаған адам болса жетпісті желкелеп отырған шағында бәрібір көнбеген болар еді. Шеварднадзе тек еліне жаны ашығандықтан және өзінің қолынан іс келетіндігіне сенгендіктен ғана жаңа Грузияның президенттігіне келген. Бұл туралы өзі де басқалар да талай рет айтты.

Айта кететін жәйт, Шеварднадзенің халықаралық беделінің аркасында Грузия ғана емес, иісі ТМД елдерінде ең бірінші болып 1997 жылы ЮНЕСКО-ның, Еуропа Кеңесінің қолдауымен Жастардың халықаралық Дельфий ойындары өткізілген еді. Бұл Грузияның атағын шығарып, дүниежүзілік беделінің көтерілуіне орасан көп пайдасын тигізген шара болды.

Грузияның президенті болған жылдары елдегі көптеген экономикалық проблемалардың шешілмегендігінен, сыртқы саясаттағы дербестігінен, америкалық, батыстық жолды қалағанынан және т.б. істерінен оның ішкі-сыртқы жауларын

көбейтті. Солардың кесірінен шығар, әйтеуір екі рет жеке басына қастандық та жасалды.

2003 жылдың аяғында болған «раушан гүлі төңкерісінің» салдарынан Э.Шеварднадзе өз еркімен отставкаға кетті. Бұл қадам да елді қантөгістен алып қалу жолында жасалған еді. Алайда, 2012 жылы ол туған халқынан билікті өз еркімен беріп қойғандығы үшін кешірім сұрады.

Егер ТМД аумағында мерзімінен бұрын босаған президенттердің бәрі де өз елінен «сайғақ құрлы сая таппаса», Эдуард Шеварднадзе өмірінің соңғы күніне дейін өзінің туған елінде өмір сүрді. Осының өзі оның туған Отанындағы қадірінің зор екенін көрсетсе керек.

2014 жыл

ОЙЫНЫ ОСЫЛҒАН ОЛИГАРХ

Сөйтіп... Аспан астын, жер үстін ак боран мен кара дауылға ұшыратып, жүрген жеріне күйындай тиетін айрыкша жан Борис Березовский де көп пенденің бірі екенін білдіріп, өзінің соңғы 13 жылдағы тұрағы Лондонның түбіндегі Аскот деген қалашықтағы үйлерінің бірінде, 23 наурызда 68-ге караған шағында өмірден өте шықты. Өлмеуге болатын бір адам болса – тап осы болар еді, өлмеудің жолын таба алатын адам болса – тап осы табар еді.

Әлемдегі екі алып елдің бірі және оның азуы алты карыс қауіпсіздік қызметінен қорықпай бір кезде: *«В этой стране я и обезьяну могу сделать президентом»* деп асқақтаған Березовский еді ол. Қауіпсіздік қызметінен қорықпаған деген не, бір кезде тіпті оның бастығы болып, астына ерттеп мініп те алған еді ғой. Сол жылдары Ресей Федерациясындағы бірде-бір үлкен шара оның қатысуынсыз, араласуынсыз өтпейтін. Биліктегі адамның «отбасылық досы» деген белгісіз, бірақ бәрін шешетін мәртебені де жалғыз өзі иеленген. Ресей сияқты әлемдегі ең алпауыт елдің каражат табу мүмкіндігі мол компаниялары мен акционерлік қоғамдарының да иесі осы болып алған еді. Бұған бағынғысы келмей, қарсы шыққан адамдар болса, әртүрлі белгісіз жолдармен қазаға ұшырайтын. Бірнеше жылға созылған орыс-чешен соғысынан да олжа тапқан аз адамдардың бірі және бірегейі осы болғаны белгілі. Екі жақтың да тілін тауып, ортасында өзі олжаға кенеліп жүргені туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ. Бұрынғы Кеңес одағы кеңістігінде болған неше түрлі «сары төңкерістердің» де қасынан соавтор ретінде осы табылған.

Айрықша, тым айрықша жан еді ол. Тіпті түр-тұлғасы да ұзақ уақыт ұмытылмайтын шығар. Тұла бойындағы құдайдың күдіретімен берілген барлық: ақылдың, сезімнің, болжамның, түйсіктің, пайымның күші бір арнаға тоғысып, жұ-

мылған жұдырықтай болып жүретін еді. Ағыл-тегіл сөйлеп кеткенде осы күштердің қайсы бел алатынын да сезбейсің, әйтеуір барлық жақтан ағылған қуатты лебіз тасқын судай лақылдайтын. Тіпті дене күші де соларға үйлесіп, бұлшық еттері үнемі түюлі болатын рингке шыққан боксшыдай жинақылықпен, аяғын атылатын тағыға ұқсап басатын.

Бәлки, адамға берілген барлық осынау мүмкіндіктерді бір мезгілде тегіс қозғалысқа келтіре алатын аз жандардың бірі осы болған шығар. Бірақ солары адамзатқа пайдасы тиген рационалды қызмет емес, көбінесе басқаларға, соның ішінде мемлекетке зиян келтіретін жеке басының пайдасын ғана көздеген иррационалды реңкте жарқырап жүрді. Сондықтан да оған «халықаралық деңгейдегі алаяқ», «жауыз данышпан» секілді атақтар таңылды. Тіпті, сыртынан сотталып, бірнеше жылға түрмеге кесілді.

Бүгінгі күні Интернет беті оның өлімі туралы алып қашты әңгімелерге толып кеткен. Соның ішінде оның қазасын бас пайдасына жаратып, атын шығарып қалғысы келген адамдардың да жасанды пайымдары қаптап жүр. Ажалы адамның қолынан келетін адам болса Березовский бұдан бірнеше жыл бұрын жоқ болар еді. Алты рет жасалған қастықтан аман қалған ол күзетшілері бар өзінің үйіндегі ваннада «мойыншәлімен тұншықтырылған» деген біреулердің болжамына күлгеннен басқа не айтарсың? Сондай-ақ адвокаты Александр Добровинский дегеннің «өзіне өзі қол салған» дегеніне де сену қиын. Жауырыны жерге тигенше айла жасауға бейім адамның өмірден күдер үзердей шарасыздыққа немесе күйзеліске түсуі мүмкін емес сияқты. Әзірге, ең жақын адамдары оның өлімі ажалы жеткеннен табиғи жолмен болды дегенді ғана айтып жүр. Ешкімнен ығып, ештеденен жасқануды білмейтін Британ полициясы өздеріне берілген сансыз сұрақтарды жауапсыз қалдырып, зерттеу толық аяқталғанша ешқандай болжам айтпайтынын айтып, міз бақпауда. Бүгінге дейін марқұмның мәйіті

табылған үйден химиялық уландырғыш заттардың ізі табылмас па екен деген болжаммен ұнғыл-шұнғылдың бәрі тексерілгені белгілі болып отыр. Одан кейін ДНК-сынан алынған сынама ядролық қарудың ғылыми-зерттеу орталығына жіберіледі екен. Қанында плутоний қалдығы бар жоғын солар анықтайды.

БАҚ –тарда Березовскийдің жүрек талмасынан кеткені туралы болжамдар да көп айтылуда. Ондай болса Британ мандары бірден айтар еді ғой. Әзірге, бұл болжам да ресми түрде қуатталмады. Тек, осы жолдар жазылып жатқан кезде ғана полиция оның тынысы бітіп, тұншығудан қаза болғандығы туралы болжам айтты. Бірақ бұған басқа адамның қатыстылығы жоқтығы ескертілді. Бірақ бұл болжам да әлі ресми емес.

Өлімінің өзі жарты әлемнің жағын талмай жырлауына себеп болған Березовский дегеннің өзі кім еді дегенге тоқталып көрелікші.

Өмірі мен өрісі

Борис Березовский 1946 жылдың 23 қаңтарында мәскеулік инженер-құрылысшы, еврей халқының өкілі Абрамның отбасында өмірге келген. Шешесі Анна Александровна КСРО Медицина ғылымдары академиясының педиатрия институтының зертханасында еңбек еткен. Борис жасынан өте алғыр бала болса керек, ата-анасы оны алты жасында-ақ мектепке берген. Алтыншы сыныпта ол ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын мектепке ауысады. Олигархтың ағылшын тілінде заулатып сөйлейтіндігінің сондай сыры бар екен.

Мектепті жақсы бітірген соң ол ММУ-дің физика факультетіне түспек болады. Бірақ, өзінің айтуына қарағанда, еврей ұлтының өкілі болғандықтан оған қабылданбайды. Сосын Мәскеудің орман шаруашылығы институтының электроника және есептегіш техникалар факультетіне түседі.

Бұл институтты бітірген соң, 1968 жылы КСРО жабдыктар жасау, автоматизация құралдары және басқару жүйесі министрлігінің мәшинелерді, жабдыктарды сынау жөніндегі ҒЗИ-де қарапайым инженер болып бір жыл қызмет етеді. Одан Гидрометеорология ҒЗИ-не ауысады, одан КСРО ҒА Басқару проблемалары институтына ауысып, сонда біршама тұрақтайды. Осыған қарап-ақ оның жасынан жанын жеп, олжалы жерді тапқанша орын таппай секіре беретін жанкештілігін көруге болады. Сөйтіп жүріп, 1973 жылы ММУ-дің механика – математика факультетін сырттай оқып, бітіріп алады. Одан кейін Басқару проблемалары институтының аспирантурасын бітіріп, кандидаттық диссертация қорғайды. 1983 жылы ол айтуының өзі адамның басын шатастыратын «Жоба алды шешімдерді қабылдау алгоритмизациясының теориялық негіздерін әзірлеу және оларды қолдану» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, техника ғылымдарының докторы атанады. Жұрттың көбі оны математик деп ұғады, шын мәнінде Березовский техника ғылымдарының докторы.

Егер ғылыммен шұқшия айналысып, еңбек торысы болса оны кім білер еді? Осыны ескерген Березовский сол жылдарда газеттерге проблемалық мақалалар жазып, түрлі ұсыныстар жасап жан таппай, атын шығарып жүреді. 1978 жылы комсомолдың сыйлығын да алады. Ал 1991 жылы Ресей Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесіне сайланады. Ол 100-ден артық ғылыми мақалалар мен бірнеше монографиялардың авторы болып табылады.

2008 жылы Борис Березовскийді үстінен сегіз қылмыстық іс қозғалуына байланысты Ғылым академиясының мүше-корреспонденттігінен шығару туралы әңгіме көтеріледі. Бірақ академияның жарғысына сәйкес бұл атақ өмірлік болып берілетіндіктен, ұсыныс қабылданбайды. Ғылым академиясының президенті Юрий Осипов кезінде Трофим Лысенко мен Андрей Сахаровты да академия Орталық комитеттің

қысымына карамай өз қатарынан шығармаған, сондықтан біз де ешкімді шығаруға қакымыз жоқ деп жалтарады.

Борис Березовскийдің қыз-келіншектерге қырғидай тиетін «өнерінін» де үстем екені жалпак жұртқа белгілі. Ол Лондонда жүріп-ақ орыстың жас сұлуларын ұшақпен алдырып, қызыққа батып жүретіні туралы талай жазылған. Еліміздің Сыртқы істер министрі болған Қасым-Жомарт Тоқаев та өзінің «Свет и тень» кітабында олигархтың мұндай «өнерін» көргенін айтып кеткен. ТМД-ның Аткарушы хатшысы болып жүрген күндерінің бірінде, 1999 жылдың күзінде ол ресми сапармен Астанаға келе қалады. Сыртқы істер министрі ретінде Қасекең оны әуежайдан қарсы алуға барады. Швейцариялық айырым белгісі бар арнаулы ұшақтан алдымен қаптаған күзетшілер түсті, одан кейін спорттық формадағы жоғары лауазымды шенеунігіміз шықты деп еске алады ол. «Такое впечатление, что в полете он занимался физкультурой. Рядом с ним находилась модельного роста девушка с сооветствующими фигурой и внешними данными» делінген естелікте. Аузы барынша ауыр дипломаттың сыздықтаып айтқан шыны да барша әлем айтып жүретін сырды білдіріп-ақ тұр...

Сөйтiп жүрсе де Б.Березовский үш рет ресми түрде үйленіп, әрбір әйелінен екі баладан алты ұрпағын өмірге әкелген. Қазір алты немересі де бар көрінеді. Бірінші әйелі Нина Коротковамен институттан кейін, 70-ші жылдардың басында үйленеді. Одан туған екі қызы қазір үйлі-баранды. Екінші әйелі Галина Бешаровадан Артем есімді ұл мен Анастасия есімді қызы бар. Галина Березовскиймен 1993 жылы ажырасып, Лондонға күйеуінен бұрын қоныс аударған. Бірақ 2000 жылы соңынан келген күйеуімен ажырасу үдерісі 2011 жылға дейін созылып, ақырында ол Березовскийден Британияда бұрын соңды болып көрмеген 220 млн. фунт стерлингке жақын дүние мен ақша өндіріп алады. Марқұмның соңғы демі шыққан үйі де осы токалының атында көрінеді.

Кейбіреулер Березовскийді осы ұтылыс пен Роман Абрамовичті сотта жеңе алмаған өкініш қатты күйзелтті дегенді айтады.

Березовский соңғы жұбайы Елена Горбуновамен 20 жылға жуық отасқан. Бұл некеден Арина есімді қыз бен Глеб атты ұл бар. Ерлі-зайыптылар отбасылық қатынастарын ресми түрде рәсімдемеген, тек азаматтық некеде тұрып келген. Үстіміздегі жылдың қаңтар айында, дәл 67-ге толған жасында Березовский бұл әйелімен де ажырасады. Горбунова да сотқа арыз беріп, олигархтан бірнеше млн. фунт стерлинг талап еткен. Әрине, мұндай сокқылар ет пен теріден жаралған адам болған соң қанша мықты болса да Березовскийге оңай тимегені анық. Бірақ, білетін адамдар Березовскийдің байлығы құмға сіңген судай болып жоғалып бара жатқанын көрген соң Е.Горбунова өзіне тиесілі үлесті сот арқылы қамтып қалмақ мақсатпен ажырасқан деген болжамдар айтады. Бұл сөздің жаны бар. Өйткені, Р.Абрамовичпен соттасқаннан кейін оның барлық шығындары үшін 70 млн. фунт стерлинг берешек болған Березовский өзінің біраз мүлкін сатуға шығарыпты.

Бизнес пен билік жолында

Жекеменшік іскерлікке рұқсат беріле бастаған 1980-ші жылдардың аяғынан қуаты бойына, идеялары басына сыймай жүрген Б.Березовский бизнеске күмп береді. Бірақ оны жақсы білетіндер Березовскийдің бизнесті нақты жүргізуге шоркактығын еске алады. Оның басында тек идеялар болатын. Ол соларын іске асыратын адамдарға иек артты дегенді айтады олар. Бұл сөздердің де жаны бар сияқты. Қалай десе де 1989 жылы Березовский кейін атағы бүкіл КСРО қоластына белгілі болған «ЛогоВаз» компаниясын құрады. Мұның мақсаты шетелдік автосалондарда тұрған «Ваз» автомобильдерін ішкі рынокқа әкеліп, сату болған. 80-ші жылдардың аяғында халықта ақша көп, бірақ алатын зат

тапшы еді. Шет елдерде өтпесе де «Ваз» мәшинелері елдің ішінде аттай шауып, иелерін табатын. Соны бірден аңғарған ол өтімді затты елдің ішінде көтерме бағамен сатып, шашетектен пайдаға кенеледі. Ал 1991 жылы «ЛогоВаз» немістің ең жақсы автосы Mercedes-Benz-ті КСРО-да сатуға ресми түрде рұқсат алып, диллер мәртебесін алады. Кооперативтік козғалыс шарықтап, көп жұртта артық ақша пайда бола бастағанда бұл мәшинені сату да өте тиімді болған.

Көп ақшасы бар адамдар сол жылдары «ақшамен ақша табу» үшін банк ашумен айналысқан. Березовский де бұл үрдістен қалмай, әріптестерімен бірге 1991 жылы «Бірлескен банк» дегенді ашады. Мұнда Березовскиймен бірге оның Н.Глушков, Б.Патаркацишвили және т.б. жақын әріптестері құрылтайшы болған. Швейцариялық «Анрос» компаниясы да оның 8 пайыздық үлесін иеленген. Бұл банк 2003 жылы ғана жабылды. Оның соңғы уақыттарда Березовскиймен еш байланысы болмағанына карағанда олигарх мұндағы үлесін сатып жібергенге ұқсайды.

1994-97 жылдары Б.Березовский «Автомобильный Всероссийский Альянс» (AVVA) атты жобаны ұсынып, халықтық арзан автомобиль құрастыратын зауыт саламыз деп жаһаннамға жар салды. «Е, мынау дұрыс екен» деген талай адам ақшаларын салып, оның акцияларын сатып алды. AVVA басшылары біраз уақыттан кейін 20 млн. доллар көлемінде ғана қаражат жиналды, бұл біздің елде зауыт салуға жетпейді деген әңгіме таратты. Енді оны Латын Америкасы немесе Египетте салатын шығармыз деп көңірсітіп, ақыры су аяғын құрдымға жібереді. Акцияны сатып алғандар өздерінің алданғандарын біліп, ұзақ уақыт Березовскийді қарғаумен болды. Оған жасалған 1994 жылғы алғашқы қастық та осы оқиғаға байланысты болды дегенді айтушылар бар.

1995 жылы Березовский Ресейдің қоғамдық теледидарын құру (ОРТ) ісіне белсене араласып, оның директорлар

кеңесінің мүшесі болды. Дәл сол кезде Мәскеудің «ТВ-6» атты тәуелсіз арнасын да ашып үлгерді. Одан басқа бірнеше өтімді газет, журналдардың, радиолардың, соның ішінде «Независимая газета», «Огонек», «Наше радио» бар, басын қосып, «Коммерсант» баспа үйінің де қожайыны болып алып, шын мәніндегі медиа-магнат болып алады. Сол жылдары бір БАҚ-та Березовский туралы жағымсыз хабар айтылып жатса, екіншісінде оның еңбегін асыра бағалап жататын. Осының өзі БАБ (қыскартып алынған есімі) туралы кереғар пікірлер туғызып тұрса да әйтеуір атын ауыздан түсірмеді. БАБ-қа керегі де сол болса керек. Ол атын шығарып, өз басының «маңыздылығын» көрсету үшін бұдан басқа да китұрқылықтарға барып тұрған. Мәселен, Президент Б.Ельцин күзетінің басшысы В.Коржаков оның өзіне жиі келетінін, қабылдамай қойса сағаттар бойы қабылдау бөлмесінен шықпай, ондағы қызға түрлі сыйлықтар жасай отырып, қызмет телефоны арқылы «керек адамдарына» хабарласатынын, сөйтіп Федералдық қауіпсіздік қызметі (ФСБ) АТС-нің нөмірін көрсете отырып, «мен Коржаковтамын» деу арқылы өзінің маңыздылығын көтеретінін айтады. Ол ол ма, кабинетіне кірсе де ұзақ уақыт түрлі себептермен шықпай, уақытты ұзарта түсу үшін «тамағым кеуіп қалды» деп шәй сұрататынын да айтады. Осының бәрі оның жоғарыдағылармен «жакындығын» басқаларға көрсетудің амалы екен. Кез келген жұрт мұндайда Березовскийді ең жоғарғы қауіпсіздік қызметімен маңызды шаруалар шешіп жатыр деп ойлайтыны анық. Бірақ артынан ол мұндай арзан трюктерден асып кетіп, президенттің жанына дейін жетіп, жоғарыда айтылған «Отбасының досы» мәртебесіне қол жеткізді. Бұл уақытта оған «сұр кардинал» деген де атақ таңылады. Өйткені, Мәскеудегі «Логоваздың» қабылдау үйінде (БАБ-тың ресми кеңсесі) елдегі ең жоғарғы лауазымдарды тарату мәселелері шешіліп, ол жерге Ресей истеблишментінің барлық өкілдері бас сұғып отырған. Осы кездерде ол табыстың

көзі мұнай екеніне көзі жетіп, «Сибнефть» компаниясының да ірі акционері болып алады. «Аэрофлот» компаниясына да қол салып, оның біраз дүниесін де қакшып кетеді.

Сол жылдары Ресей астанасын басып алған ұйымдасқан қылмыстық топтардан қорғану үшін жеке басын күзету мәселесін де БАБ түпкілікті шешіп алған. Оның АТОЛЛ күзет фирмасы туралы да ақиқат пен аңыздар күні бүгінге дейін жұрттың аузынан түспейді.

1996 жылғы Ресейдегі президент сайлауында коммунистер көсемі Г.Зюгановтың жеңіп кетіп, елдегі реформалар тегершігін кері бағытқа айналдыруынан қорққан олигархтар Б.Ельцинді қолдау үшін қолдан келгеннің бәрін жасағаны белгілі. Бұрын КСРО қоластында көп айтыла қоймайтын политехнологтар осы кезден қатты әрекет етті. Сайлау алды компанияны жаңаша ойлауға бейім А.Чубайсқа басқарту арқылы Б.Березовский бастаған олигархтар Ельциннің жеңуі үшін өздерінің үлестерін белсенді түрде қоса алды. Дауыс берудің бірінші турында 15 пайыздық үлес алған А.Лебедьті де өз дауыстарын екінші турда Б.Ельцинге беруге үгіттегендердің бірі БАБ екені аз айтылған жоқ. Соның аркасында 54 пайызға жуық дауыс жинаған Ельцин екінші рет президент болып сайланып, А.Лебедьті Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы етіп тағайындады. Ал БАБ оның орынбасары болып қонжия қалды. Бұл қызметтің саяси салмағы Ресейдің жаңа тарихының түрлі кезеңдерінде әр түрлі болды. А.Лебедь басқарған кезде ол барлық әлеуетті құрылымдарды тыпыр еткізбей ұстап, зор беделге ие болған. Міне, осы кезде Березовскийдің чешен жанкештілерінің тұтқынына түскен біраз адамдарды, соның ішінде шетелдік журналистерді құтқарып, ұмытылмастай болып көзге түсті. Бірақ оның бұл әрекеттерін мансұқтаушылар да көп. Соның бірі генерал Г.Трошев өзінің «Моя война. Чеченский дневник окопного генерала» деген еңбегінде Березовскийдің тұтқынға түскен Ресей солдаттарын босатуына күмән келтіреді. *«Пресса в аэ-*

ропорту интервьюировала Березовского, который рассказывает об очередной операции по освобождению пленников. А сколько они находились у чеченцев, на каких условиях освобождены – телезрители так ничего и не поняли. Молчали и сами «освобожденные», быстро нырившие из самолёта в автомашины и исчезавшие в неизвестном направлении» деп еске алады ол. Сонымен қатар Трошев Шамиль Басаевтың өз әскерлерімен Дағыстан аумағына басып кіруін Березовскийдің бір млн. доллар беріп қаржыландырғанынан дегенді айтады.

Қалай десе де бұл жылдар Березовскийдің бағы жарқырай жанып, атағы аспанға шығып тұрған кезең еді. Соның арқасында ол, 1998 жылы, ТМД орталық органына Атқарушы хатшы болып та сайланды. Жоғарыда аталған Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбегіне сүйенетін болсақ, ол бұл қызметті керек те қылмай, Қап тауына баратын құпия жүрістерін көбейтіп жүре беріпті. Минскідегі ТМД-ның штаб-пәтеріне де анда-санда бір соғады екен. *«Березовского больше волновала торговля нефтью и газом, а также чеченский вопрос. Работа с документами не входила в круг его интересов»* деп еске алады дипломат. Соған қарағанда бұл қызметті де ол тек өзіне пайда табу құралы еткен.

Б.Березовскийдің саяси карьерасы 1999-2000 жылдары Қарашай-Шеркес республикасынан Мемлекеттік Думаға депутат болып сайлануымен аяқталды. Бұл мандаттан артынан ол өз еркімен бас тартты.

Өзінің айтуына қарағанда БАБ В.Путиннің билік басына келуі жолында біршама тер төккен. Бірақ екеуінің арасында 2000-шы салқындық пайда болды. Билік басына келген соң Президент В.Путин өзінің сайлау алдындағы *«равноудаление олигархов от власти»* делінген ұрандарының бірін іске асыра бастады. Билікті белден басып жүретін Березовскийге бұл ұнамай қалды. Сол кездері «Медиа-Мостың» басшысы В.Гусинскийдің тұтқынға алынуын ол қатты сынап, ашық

хат жазды. Бірақ бұл кезеңде өзінің басына да қауіп бұлты үйірілген еді. Билік Березовскийге тиесілі ОРТ компаниясының 49 пайыздық үлесін мемлекетке қайтаруды талап етті. Ол уақытта бұл арна билікті қатты сынайтын. Осыдан басталған кикілжің Березовскийдің үстінен бірнеше қылмыстық істің қозғалуына ұласты. Бұл олигархтың елден қашып шығып, Англиядан саяси баспана сұрауына соқтырды. Осыдан кейін ол Англияда жатып Ресейдегі билікті күшпен басып алуды қаржыландыратыны т.б. туралы бірнеше утопиялық мәлімдемелер жасап, жұрт назарын өзіне аударатын болды. Бұлары Ресей билігінің шамына тиіп, ерін мойнына алып тулатудың ғана әдістері секілді. Прокуратура да бірнеше қылмыстық іс қозғап, Англия билігінен оны экстрадициялауды талап етіп жатты. Бірақ «саяси босқын» мәртебесі берілген оны еліне қайтара алмады. Сондай-ақ Лондонда жатып Украинадағы және басқа елдердегі «сары төңкерістерге» түрлі жолдармен бағыт-бағдар сілтеп, көмек берген болды. Мәселен, ол БАҚ-тарға Украинаның төңкерісін қолдауға, яғни «демократияны дамыту ісіне көмекке» 30 млн. доллар аударғандығы туралы құжат көрсеткен.

Сайып келгенде, бұлар Б.Березовскийдің алыс-жақынды тез болжап, көре білетін, түйсігі терең сұңғыла саясаткер емес, тек ұсақ тірлікті көздеген қарапайым пенде екендігін көрсеткен істер болды. Ол саясатты тек ақша табудың кезекті құралы деп санағанға ұқсайды.

Күйреу

Борис Березовскийді ресейлік БАҚ-ның «тапсырыс беріп кісі өлтіруші» деп санамаған кезі жоқ, бірақ соның бірі де дәлелденген емес. 1996 жылы «Новый взгляд» газеті А.Коржаковтың Б.Березовский өзінен В.Гусинский, Ю.Лужков, И.Кобзон және басқалардың көзін жою туралы үгіттегені туралы мәлімдемесін жариялады. Бірақ оның да рас-өтірігін анықтаған адам жоқ. Б.Березовскийдің соңына шырақ алып

түскен журналистердің бірі Форбс журналының орысша нұскасында қызмет еткен Пол Хлебников болды. Ол БАБ-ты чешен мафиясымен байланысты болды, тапсырыстар беріп кісі өлтірді, соның ішінде журналист Владислав Листьевті өлтіртті деп кінәлады. БАБ оның үстінен Лондонның сотына шағым берген еді. Сот В.Листьевтің өліміне жазықты деген кінәні жалған деп тапты. Басқа дүниелер бойынша мақаладағы кінәларды алған жоқ және журналистке кешірім сұрау туралы шешім шығарған жоқ. Соның өзінде БАБ-тың бақылауындағы БАҚ-тар Форбстың жеңілгенін жер-көкке сиғызбай жариялап жатты. Ал енді сол П.Хлебников 2004 жылы Мәскеуде жұмбақ жағдайда қаза тапты...

Б.Березовскийдің үстінен «Аэрофлот» компаниясының «ақшасын жеуіне байланысты» қылмыстық іс бірнеше рет қозғалды. Алғаш рет 1999 жылы қозғалып, ол жабылды. Екінші рет 2000-шы жылдың аяғында қайтадан қозғалды. Бұл уақытта олигарх Лондонға кетіп үлгерген. 2001 жылдың қыркүйегінде «Аэрофлот» оқиғасы қайта қайталанып, олигархтың сыртынан қылмысты іс қозғалды. Бұл іс 2007 жылғы 29 қарашада ғана аяқталып, Мәскеудің Савельев аудандық соты БАБ-ты «Аэрофлоттың» 214 млн. рублін жымқырған деген айыппен сырттай 6 жылға бас бостандығынан айыруға шешті. Бірақ бұл сотқа Березовский пысқырған да жоқ, керісінше оны ойыншық деп санап, адвокаттарын да қатыстырмады. Ал Ресейдің Бас прокуратурасы Березовскийдің үстінен Нидерландыда, Францияда, Бразилияда, Швейцарияда түрлі қылмыстары үшін іс қозғалғаны туралы бірнеше мәлімдеме жасады. Солардың ішінде Швейцариядағы істің соңы олигарх үшін шығынды болды. Осы елдің сот трибуналы 2008 жылдың 27 қазанында Швейцария банктерінің бірінде бенефициарларының бірі Березовский болып табылатын бір есепшоттан бірнеше млн. франкті тәркілеп, 2010 жылы соның 52 млн. долларын «Аэрофлоттың» есепшотына аударды.

Осылай бола тұра БАБ өзі туралы жалған сөйлеген, жала жапқан бірнеше адамдарды да сотқа тартып, моральдық шығын өндіріп алып жүрді. Мәселен, «Альфа-Групп» кожайыны Михаил Фридманнан 50 мың., «Еуробизнес» журналынан 10 мың және т.б. фунт стерлинг өндіріп алды. Мұның бәрін Березовскийдің ағылшын сот істерімен тығыз айналысып, өзінің өміріндегі ең басты тартыс – Роман Абрамовичтен 5 млрд. доллар өндіріп алу үшін соттасуға дайындалып жүргені сияқты көруге болады.

2011 жылдың қазан айында БАБ өзінің бұрынғы әріптесі Р.Абрамовичтен 5 млрд. өндіріп алу жөнінде Лондонның жоғарғы сотына шағымданды. Шағымның мазмұны – Ресейден қуғынға түсердің алдында өзінің Абрамовичтің алдауына түсіп калып, «Сибнефть» және «Русал» компанияларының акцияларын оған арзанға сатып жібергені және сол себепті 5 млрд-тан артық табыстан айрылып қалғанын айтуға саяды. 3 айға жуық іс караған сот ақыры Абрамовичтің пайдасына шешіліп, Березовскийдің талап-арызы қанағаттандырылмады. Оның үстіне жеңілген жақ ретінде 100 млн-даған фунт стерлинг тұратын сот және қарсыласының шығындарын өтеу міндеттелді.

Осы оқиғадан кейін 2012 жыл бойы Б.Березовскийдің дыбысы шықпай қалған-тын. БАҚ-тар оны банкротқа ұшырап, оңалмас жағдайға түсіпті деген дақпырттар таратып жатты. Израиль мен Англияда ем қабылдап жүргендігі туралы да айтылды.

«Арамдықтан жамандық көрмей калмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек» деп Абай айтқандай, дүниенің бар қызығын көріп, ұрттап ішіп, шайқап төгіп жүрген Борис Абрамовичтің өмірден өтерде өзегін өкініштің өрттегені анық. Тіпті, жаны шығып, бұл дүниемен қоштасарында қасында соңғы сөзін еститін де тірі жан болмаған екен. Тұрмыс қанша шалықтатса да, пенде артық асқақтамай, өз орнын ешқашан ұмытпағаны дұрыс - ау...

2013 жыл

ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ Қорқыныш синдромы

Бүгінгі күні, Тәуелсіздіктің 22 жылын артқа тастап, өткен уақытқа қарасак, соңғы 70 жылда біз өте қызық, сонымен бірге өте қауіпті, қорқынышты қоғамды бастан кешірген екенбіз-ау. Бұл қоғам жеке адамның еркі мен жігерін ғана емес, тұтас халықтардың, ұлттардың азаттығы мен бостандығын, ділін, дінін, мәдениетін аяққа басып, таптап, көбін аз уақыттың ішінде тіпті тарих сахнасынан да шығарып тастаған монстр екенін біліп жүрміз. Рас, басқыншылардың ықпалымен кейбір ұлттардың тілінің, ділінің жойылуы адамзат тарихында ежелден болған. Бірақ бұл үдеріс ұзақ жылдарға, тіпті бірнеше ғасырларға созылатын. Мәселен, латын тілінің жойылуы Рим империясы құлаған V ғасырдан бастап XVII ғасырға дейін, соғда тілінің жойылуы V ғасырдан бастап XII ғасырға дейін созылған. Ал кенестік идеология және оны іске асырушы кара күштер айналдырған 70 жылдың ішінде жүздеген ұлттарды оп-онай жойып жіберген. Сөйтіп, өздерінің идеологиясын (немесе «дінін» деп айтуға да болады) халықты әбден басып-жаншып қорқытумен орнықтырды. Міне, осындай жағдайда жоғалғандардың бірі болып кетпей, көп шығынға ұшырасак та аман-есен 1991 жылдың желтоқсанына жетіп, көк туымызды көтергеніміз – Ұлы бақыт.

Биыл Сталин мен оның ең жақын қолшоқпары Берияның өмірден өткеніне 60 жыл толып, бұрын белгісіз болған кейбір фактілер де жарыққа шығып жатыр. Бұл екеуінің ең үлкен «еңбегі» 1936-39 жылдардағы террор екенін барлық зерттеушілер алдымен ауызға алады. Басқа еңбектері солардың тасасында қалған. Соған қарағанда адамзат алдымен жанына батқан ауыр азапты, қанқұйлылықты, жазықсыз жазаланып, қырылуды ешқашан ұмытпайды-ау деймін. Осы күндері 110 жасқа толып жатқан Таңжарық Жолдыұлы ақын да:

Үрімшінің бәрі кан айналасы,
Үңғыл-шұңғыл, ескі там, сай-саласы.
Ит сүйрелеп өліктің денелерін,
Домаланып құс шұқып жатыр басы.
Келсеңдер Үрімшінің қаласына,
Көзің сал қалтарыс, сай-саласына.
«Осыны өле-өлгенше ұмытпа» деп,

Тапсырып кет балаңның баласына... — деп Қытайдағы қырғынды ұмытпауды да өсиеттеп кеткен ғой.

Сондықтан қаныпезерлікті ешқашан ұмытпай, оны қайта-қайта айтып отыру, білмегенге жеткізу, білгеннің есіне салу міндетіміз деп ұқтық. Бүгінгі мақалада біз біраз жыл бойы КСРО-ны ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап келгендердің бірі Лаврентий Берия туралы тереңірек айтқымыз келді. Өйткені, оның өмірі мен қызметі осы сұмдықтарға тікелей қатысты. Сондықтан оның кім екендігін толық айту үшін әңгімені алдымен репрессия құрбандарынан бастамау мүмкін емес.

Ресми деректерге карағанда 1936-39 жылдары КСРО-да саяси айыппен 1 млн 548 мың адам ұсталып, соның 681 692-сі ату жазасына кесілген екен. Бұлардан басқа аштықтан, түрменің қиындығынан, азаптау мен қинаудан, ауыр жұмыстан, айдаудан өлгендердің саны 1 млн. адамнан асады. Сол жылдары коммунистер 2,5 млн. адам болса, соның как жартысы камалған. Репрессия шырқау шегіне жеткен 1937-38 жылдары бір күнде атылған адамдардың саны 1200-1300 адам болған. Соның ішінде 340 мың казакстандық та бар. Олардың 120 мыңы 37-38 жылы айыпталып, соның 25 мыңы атылған. Салыстыру үшін айтар болсақ, патшалы Ресейде 1825 жылдан 1905 жылға дейінгі 80 жылда саяси айып тағылған 625 адамға ату жазасы берілген екен. Бірақ соның 191 ғана орындалып, қалғанына кешірім жасалыпты. Ендеше, «ененді ұрайын Неколай» (Үкілі Ыбырай) «қанішердің» (кровавый) адамгершілігі кеңестік сұмырайлардан әлдеқайда артық болған.

КСРО-дағыдай сұмдық адамзат тарихында басқа еш жерде болмаған. Чили диктаторы Пиночеттің 17 жыл (1973-90) басқарған уақытында 3 мыңға жуық адам опатқа ұшырады. Соның өзіне жарты әлем аза бойы қаза болып, шулады. Ал бізде үш жылда ғана қырылған халық осынша... Ең сұмдығы сол – басқыншы насихаттың әрекетімен барлық халық ату жазаларын құптап, митингілер ұйымдастырып, өкіметтің қанды қасаптарын жақтап отырған...

Халықты жазалаудың барлық бұйрықтары Орталық комитеттің тікелей өзінен шыққан. Мәселен, саяси бюроның 1937 жылғы 5 шілдедегі шешімімен саяси айыппен ұсталған ер-азаматтың әйелдеріне 5-8 жыл аралығында жаза беріп, олар үшін Қазақстанда арнайы лагерь ашылу туралы бұйрық берілген. Сөйтіп, каншама жазықсыз жандардың нақк көз жастары тамған АЛЖИР осылай өмірге келген. ОК-ның сол жабық шешімінде былай делінеді: *«Установить впредь порядок, по которому все жёны избличённых изменников родины право-троцкистских шпионов подлежат заключению в лагеря не менее, как на 5-8 лет. Всех оставшихся после осуждения детей-сирот до 15-летнего возраста взять на государственное обеспечение, что же касается детей старше 15-летнего возраста, о них решать вопрос индивидуально. Все дети подлежат размещению в городах вне Москвы, Ленинграда, Киева, Тифлиса, Минска, приморских городов, приграничных городов.»*

СЕКРЕТАРЬ ЦК»

«Секретарь ЦК» деген Сталиннің нақ өзі. Ешқандай жазығы жоқ жандарға сотсыз, тергеусіз ол осылай, кем дегенде 5-8 жыл бас бостандығынан айыруды арта салған. Сол кезде тағылған бір айып – «халық жауының» іс-әрекетін органға жеткізбегендігі екен. Күйеуінің болашақта «халық жауы» болып шығатынын байғұс әйел қайдан білсін дегенді ешкім айта алмаған.

15 жастан аскан жастың әрқайсысы бойынша жеке жаза

белгіленсін дегенде әкесінен бас тартқандар болса, оларды комсомол қатарына алдырып, оқу орындарына түсуге мүмкіндік берілген. Ал әкесінен бас тартпағандарды барлық жерлерде «халық жауының құйыршығы» деп мүйіздеп, ақыры түрлі сылтаулармен түрмелерге тоғытқан. Сөйтіп, әкесінен бас тартпаған шыншыл балалар тумай жатып «жау» болған.

Айтқандай, КСРО репрессияны өзімен жақын шетелдерде де жүргізген. Соның ішінде Шығыс Түркістандағы КСРО-мен ауыз жаласқан Шың Шицайды қолдап, 1937 жылғы жергілікті халықтардың көтерілісін күшпен басқан. 1940 жылы Таңжарықты түрмеде ұрып, нешетүрлі азапқа салған орыс тергеушісі Фалиновтың Шығыс Түркістанда жүруінің осындай сыры бар.

Тұтас халықтарды тұрған жерлерінен күшпен көшіріп, мал таситын вагондармен бірнеше жүз, кейде мыңдаған шақырым жердегі Орта Азия мен Қазақстанға көшірген. Олардың қатарында кәрістер, немістер, финдер, карашайлар, қалмақтар, чешендер мен үнгіштер, малқарлар, Қырым татарлары, Месхед түріктері, Понти гректері, Балтық халықтары болды. Бұлардан басқа отбасыларымен шырылда-тып, алысқа айдалған топтардың арасында казактар, «бай-құлақтар», күрдтер, еврейлер, армян-дашнақтар, ирандар, гректер және т.б. бар еді. Бұлардың көрген азабы туралы аз жазылған жоқ.

Ең «қызығы», Сталин өзінің қасындағы жақын әріптестері С.Буденный, М.Калинин, А.Андреев, В.Молотов, Куйбышев, Каганович және т.б. әйелдері мен туыстарын да репрессияға ұшыратқан. Ежовтың әйелі репрессиядан қашып, у ішіп өлген. Әйелдері мен ең жақын туыстары сотталып, оларды азапқа салып жатса да солар Сталиннің жанында сенімді адамдар ретінде жүре берген. Қазір кейбір діни секталардың ата-ананнан, туған-туысқандарынан без дегеніне үрке карап, айыптауға тырысамыз. Ал сталиндік режім

жүргізген коммунистік идеология да сондай секта болғанын біле бермейміз. Бұл да классикалық тұрғыдағы коммунистік құндылықтардан мүлде бөлек, оның бір зиянды ағымы секілді секталық идеология болған ғой. Мұнда да туыстық қатынастар идеология жолында құрбандыққа шалынған. Сондықтан да әкенің балаға, қыздың шешеге қарсы шығып, оларды көрсетіп, жауыққандары ұзақ жылдар ерлік саналып келген. Осының бәрі халыққа қорқыныш синдромын егіп, оның тарауы тек 1985 жылдардан басталды. Оған дейін тіпті Хрущев-Брежнев замандарында да тарамай, екі шоқып бір қарау кеңес адамдарының санасына әбден сіңірілген болатын.

Берия

Лаврентий Берия осы идеологияны іске асыруда Сталинге сенімді серік бола білген адам. Алдымен ол Грузияда қызмет етіп, Сталинге өзінің сенімді екенін көрсеткен. Өзінің ұлты мегрель. Бұл халық грузиндердің ішіндегі субэтнос болып саналады, бірақ тілдері біршама бөлек. 1930 жылдарға дейін бөлек ұлт саналып келген. Фамилияларының аяғы грузиндерше «швили» мен «дзе» емес, «а» және «я» жұрнақтарына аяқталады. Мысалы, Гамсахурдиа, Данелия, Окуджава, Соткилава, Хурцилава және т.б. секілді белгілі мегрельдер бар.

1899 жылы туған Берия жасынан зерек әрі пысық болып, кедей ата-анасы бар дүниесін сатып, оны оқытуға тырысқан. Алдымен Сухумидің бастауыш училищесін, сосын Бакудін механика-техникалық орта білім беретін училищесін бітірген. Осында жүргенде РСДРП қатарына өтіп, астыртын жұмыстарға қатысқанын ол артынан мақтанышпен жазады.

Берияның мемлекеттік құпияларға қол жеткізіп, жасырын қызметтерде істеу жолы әзірбайжан астанасы Бакуде басталған. 1921 жылы мұнда ол Әзербайжан КСР Төтенше комиссиясының (ЧК) құпия бөлімі бастығының орынбасары

болып тағайындалады. Ал 1922 жылы Грузин КСР ЧК-дегі сондай қызметтің бастығы етіп ауыстырылады. Мұнда айрықша көзге түсіп, 1926 жылға дейін екі орденмен марапатталған. Осы жылдың аяғында 27 жасар Берия Грузия ГПУ-нің (НКВД-нің бұрынғы атауы) бастығы болып тағайындалады. Осы жылдары жаз айларында Грузияға демалысқа келетін Сталинмен жақын танысады. Сталинге қолдан қастық жасап, оны «аман сақтап қалуда» көзге түскен деген де жазбалар бар.

Қалай десе де 1931 жылдан бастап ол Грузин КСР Орталық Комитетінің I хатшысы болып сайланып, осы қызметті 1938 жылға дейін атқарған.

Партиялық қызметте жүрген жылдарында Берия өзінің іскерлігін көрсетіп баққан. Өтірік-шынын кім білсін, әйтеуір осы жылдары Грузияның өнеркәсіп өндірісі 1913 жылғымен салыстырғанда 10 есе артқан деген дерек бар. Сонымен бірге ол республиканы КСРО-ның курортты аймағына айналдыра білген. «Халық жауларын» әшкерелеудегі белсенділігі де айрықша болған. Зиялы қауымның көптеген өкілдерін, ірі қызметтегі жерлестерін ол қандарын судай ағызып, Англияның, Түркияның «шпиондары» етіп шығарып, НКВД-нің «үштігіне» атқызған.

Өте кінәмшіл, күдікшіл, бір шоқып екі қарауды әдетке айналдырған Сталиннің сенімінен шыққан ол 1938 жылдың басында КСРО НКВД-нің бірінші орынбасары, аяғында бастығы қызметіне ауыстырылады.

Бұл уақытта «Ежов қақпаны» деп аталған үлкен террор аяқталған еді. Сондықтан Берия 1939 жылы атқызған – 2,6 мың, 1940 жылы атқызған – 1,6 мың адам бұрынғымен салыстырғанда түк те емес сияқты көрінеді. Сонымен бірге ол Ежовтың «қателікпен» жапты деген жүздеген адамын босатқызып, өзіне, қазіргі тілмен айтқанда, пиар компания да жасап үлгереді. *«В определенных кругах общества у него с тех пор была репутация человека, восстановившего «соци-*

алистическую законность» деп жазды тарихшы Я.Этингер.

1939 жылы Польшаның аумағын басып алу кезінде тұтқындалған 15 мыңға жуық поляк офицерлерін ату идеясы да 1940 жылы Бериядан шыққан. Саяси бюро оны дұрыс деп тауып, Катынь орманында 14542 адамды көк желкеден атқан.

Сталиннен «істелуі мүмкін емес жұмыстарды Берияға тапсыру керек» деген сөз қалған. Ұйымдастырушылық қабілетінің мықтылығынан емес, «халық жауы» етіп шығару қорқынышынан есі шыққан адамдар Берияның тапсыруымен қолдан келмейтін істерді атқарған. Ұлы Отан соғысы жылдарында Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің мүшесі болған ол ұшак, зымыран, мотор, қару-жарак жасау жұмыстарын бақылап, бұл істердің бір сәт те тоқырамауын қатты қадағалаған. Сталин оған көмір өндіру саласын, жол қатынастарын бақылауды да жүктейді. Осынау жұмыстарға риза болғаны сондай, Сталин 1943 жылдың өзінде Берияға Социалистік Еңбек Ері атағын бергізеді. Жоғарыда айтылған тұтас халықтарды департациялау жұмыстарына да Берия басшылық еткен. Атом бомбасын жасау жұмыстары да Берияға жүктеліп, 1949 жылы ол Семей полигонында сынақтан өтті. Ал әзірлік жұмыстары бір кезде басталып, бақылау жұмысы Г.Маленковқа жүктелген термоядролық (сутекті) бомбаны жасау төрт жылға кешігіп, тек 1953 жылы ғана аяқталды. Міне, осы кезден Берияның ықпалы тіпті артып, ол Сталинге ең жақын болған алты адамның біріне айналады.

Сталин өлген күннің ертеңінен Берия билік үшін күресті басқаларға қарағанда белсенді жүргізеді. 1953 жылдың 9 наурызында болған Сталинді жерлеу митингісінде ол Саяси бюро атынан сөйлеп, халыққа өзінің рөлін танытады. Барлық қауіпсіздік және милиция құрамдары бағыныста болған Ішкі істер министрі және Министрлер кеңесі төрағасының бірінші орынбасары қызметіне де тұрып алады. Ал төрағалыққа өзінің досы Г.Маленковты сайлатады. Сөйтіп, билік-

ке ең жақын әлеуетті күштің кілтін өз қолына алып, барлық билік тегершіктеріне өз адамдарын қойып үлгереді. Халық арасында үлкен беделге ие болу үшін көптеген реформалар жасауға да қол жеткізеді. Мәселен, «дәрігерлер ісін» қайта қаратып, онымен айыпталғандарды тегіс ақтайды. Кезінде өзі бастамашы болған Грузиядан күшпен көшірілген азаматтардың ісін қайта қарайтын комиссия құрғызады. Сондай-ақ авиация саласында болған үлкен істі қысқартып, жүздеген адамды босатады. Халық арасында арзан бедел жинау жолында жасаған ең үлкен «реформасы» Сталин өліміне байланысты жасатқан амнистия еді. Бұл шараға сәйкес 1953 жылдың тамыз айында бес жыл мерзімге дейін сотталған 1 млн. 32 мың адам қамаудан босатылды. Соның ішінде аяғы ауыр әйелдер, науқас адамдар, қарттар, жасы кәмелетке толмағандар да болған. Осы және басқа да істер оның халық арасындағы беделін көтере берді. Жасы сол жылы 54-ке жана ғана келген Л.Берия осындай әрекеттерді жасай отырып, КСРО-дағы ең жоғарғы билікке жеке дара қол жеткізу мақсатына жақындай түскен. Әрине, оның бұл ниеті туралы ешқандай нақты құжат жоқ, алайда барлық әрекеттері оның осы мақсатын көрсетеді. Мәселен, жоғарыда айтылған «реформалардан» басқа ИМ ол екі айдың ішінде қайта құрып, «Дальстрой», «Спецстрой» сияқты 18 құрылымын басқа ведомстволарға бергізеді. Германиядағы ИМ өкілінің аппаратын ешкімге ақыл салмай, жеке өзі 7 есеге азайтады. Ол ол ма, мамыр айында ГДР-де социализм құру курсы да қателік деп жариялаған. Оның ойынша Германия тұтас болса, АҚШ-тың Батыс Еуропадағы ықпалы төмендейді. Ол ол ма, түрмедегі адамдарды құл ретінде еріксіз жұмысқа салуды және (ГУЛАГ) жүйесін де тиімсіз деп, оны өзгертуді де талап еткен т.т.

Берияның одақтас республикаларға қатысты сталиндік жүйені қиратуға ұмтылуы күні бүгінге дейін біршама жағымды күй тудырады. 1953 жылғы 12 маусымда Берия-

ның жасаған ұсынысына орай Орталық комитеттің Төралқасы (Саяси бюро осылай аталатын) республикалардағы басшылық қызметтерге жергілікті ұлт өкілдерін жаппай тарту, жергілікті ұлттың тілін білмейтін номенклатуралық қызметкерлерді Орталық комитетке шақыртып алу, іс-қағаздарын жергілікті халықтың тілінде жүргізу сияқты арнайы қаулы шығартады. Сонымен бірге Сталин енгізген «екінші хатшы» (міндетті түрде орыс өкілі) институтын жою қолға алынды. Мәскеудің көзі мен құлағы болған осы екінші хатшылар іс жүзінде нақты биліктің иелері болатын.

Өкінішке орай Берия тұтқындалған 26 маусымнан кейін бұл қаулы мүлде ұмытылды. Әріптестерінің бәрі ең бір татымсыз, тіпті айтқанға жүріп, айдағанға көне беруді ғана білетін ақымақ деп санайтын, бірақ ішкі қулығына құрық бойламайтын билік құмар Н.Хрущев Берияның алдын орап кетті. Ол халыққа жағып, бедел жинап емес, тек Саяси бюродағы әріптестерін өз жағына астыртын тарту арқылы, өз мақсатына басқаша, китұрқы жолмен жетті.

Берияның өте жағымсыз, күліп тұрып күнірентіп кететінін, сонымен бірге бәрін де сыртынан қорлап, мазақ қылатынын, ондайын кейде жасырмай, ашық көрсететінін Саяси бюро мүшелерінің көбісі бастан кешіп жүрген. Бірақ одан қорыққандықтан қанша жек көрсе де ешқайсы ашық конфронтацияға келуден қаймыққан. Әріптестерінің осындай көңіл-күйін білетін Хрущев мұны өзі үшін тиімді пайдаланады. Ол әріптестерінің әрқайсысын жеке-жеке үгіттеп, Берияны тұтқындауға көндіреді.

Бұл істе ол сол жылдардағы идеологияда лапылдап тұрған ұлыорыстық шовинизмді де тиімді пайдаланған. Осы курсты Сталиннің өзі бастаған еді. Ұлы жеңіске арналған 1945 жылғы 24 маусымда болған үлкен қабылдауда ол орыс халқының рөлін басқалардан артық етіп көрсетіп, «ұлы Кеңес халқы» үшін демей, «ұлы орыс халқы» үшін деп оны асыра мақтап, қорытынды тосты көтерген. Сол сол-ак

екен, идеологияда шовинистік ағым таскындап кетті. 1948-53 жылдардағы «тексіз космополиттерге қарсы күрес» (шын мәнінде антисемиттік) науқан да бұл курсты барынша жандандырды. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» дегендей Хрущев те осыны ұтымды пайдаланып, орыс әріптестерінің намысын қоздырып, «ұлы халық бола тұра өзіміз басқармай бір грузиннен құтылып, екіншісіне тұтыламыз ба» деп олардың ұлттық сезімдерін жаныған.

Сөйтіп, әріптестерінің бәрі келіскен соң Берияны Төралқа отырысының үстінде алдын-ала дайындап қойған бір топ әскери адамдардың, соның ішінде маршал Г.Жуков та бар, күшімен Хрущев тұтқындайды. Осы істі өзі өле-өлгенше ол үлкен ерлігім деп санап өткен. Әрине, сол кездегі ахуалға қарағанда бұл іс шын мәнінде ерлікке парапар еді. Өйткені, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық әлеуетті органдар Берияның қол астында болатын. Соған қарамай әріптестерін өз жағына тарту үшін белсенді үгіт жүргізу және оны іске асыру – көзсіз ерлікті қажет еткен. Бір ғана істен сезік білініп қалса, оның басы кететін еді.

Берия ұсталғаннан кейін оның барлық дұрыс бастамаларына кері ренк беріліп, бәрі де оны айыптау үшін пайдаланылды. Жеке басының моральдық тұрақсыздығы туралы да әңгімелер өрттей лаулаған. Соның ішінде жеке күзетшісі Саркисовтың бір қойын дәптерінде Берияның 20, екіншісінде 40 ашына әйелдерінің тізімі бар екендігі айтылды. Кейбір әйелдер Бериямен бірнеше жыл ашына болып, соның арқасында тұрмыстық игіліктер көрсе де мені кәмелетке толмай тұрған кезімде зорлаған деген арыз-шағымдар жазған. Мұның бірталайын Хрущев партияның XX съезінде жария етті. Берияға тағылған айыптардың қатарында 20-шы жылдары Англияның және т.б. елдердің пайдасына шпиондық жасағаны, ревизиониммен айналысуы (ГДР-де социализм құруды сынауы) және т.б. болған.

Берия ұсталған соң сол кездегі БАҚ «Берияның банда-

сы» деп атағандардың қатарына КСРО мемлекеттік бақылау министрі В.Меркулов, ІІМ бірінші орынбасары Б.Кобулов, ІІМ 3-ші басқармасының бастығы С.Гоглидзе, Украина ІІМ министрі П.Мешик, Грузин КСР ІІМ министрі В.Деканозов және т.б. еніп, олар да тұтқындалған соң аз тергеліп, атылған. Бұлардан кейін де «Берияның бандасы» аталған бірнеше топ адамдар «әшкереленіп», қуғындалған. 50-ге тарта генералдар қызметтерінен алынған. Л.Берияның өзі 1953 жылдың 23 желтоқсанында атылған.

Әйелі Нино Гегечкори 1991 жылы 86 жасында өмірден өтті. Баласы Серго 2000-шы жылы 76 жасында о дүниелік болған. Жакын туыстары, соның ішінде өгей әкесінің балалары Қазақстанда айдауда болған. Берияның туыстары оны ақтау жөнінде бірнеше рет мәселе көтерген. Бірақ Ресей Федерациясы Жоғарғы сотының әскери алқасы 2002 жылдың 29 мамырында: «Признать Берию Лаврентия Павловича не подлежащим реабилитации» деген анықтама шығарды.

2013 жыл

ФЕНОМЕН

Екінші мерзімге сайланған Барак Обама АҚШ тарихында, 1789 жылдан бері 57-ші рет ант берген президент болып отыр. Сөйтіп, Американың 44-ші президенті қайтадан іске кірісті. Осыған орай біз төменде Барак Обаманың өмір жолы туралы баяндайтын мақала жариялап отырмыз.

Қара баланың қарапайым баспалдақтары

Барак Хусеин Обама – адамзат тарихында атағы алысқа кететін тұлғалардың бірі. Ең алдымен ол өзінің қарапайым өмірден шыққан, бір кезде қоғамдағы төменгі саты саналған топтың өкілі бола тұра дүние жүзіндегі адамның басы айнарлардай ең биік мансапқа қол жеткізе алуымен, сонымен бірге әлемдік нәсілшілдік теориясының дәрменсіздігін кезекті рет әшкерелеп, оны құл-талқан еткен қара нәсілді азамат ретінде тарихта қалары сөзсіз.

Расизм теориясы адамзат нәсілдерінің бірдей еместігін, олардың дене мүшелері мен ақыл-ойында айырмашылықтар болатынын және олар түрлі нәсілдердің тарихы мен мәдениетіне тікелей ықпал ететінін дәлелдеп бақты. Соны ұстанған ғалымсымақтар ақ нәсілділердің ақыл-ойы, интеллекті, мінез-құлқы басқалардан артық болатынын ғылыми теориялық тұрғыдан негіздеуге тырысты. Адамзат өркениетін ақ нәсілділер қалаған, сондықтан олардың артықшылығы көп деген идеяларды осы ғалымсымақтар таратқан. Нәсілдік кемсітушіліктердің де негізі осы арадан туындады. Еуропада XVI-XVII ғасырлардан басталған қара өнділерді толық құқылы адам қатарына санамай, тек құлдыққа жегудің идеологиялық негізі де осы теория болды. Алғашқы африкалық Америка құрлығына 1619 жылы әкелінген болса, содан бергі екі жүз елу жылда олардың адами құқы әбден тапталып,

адам ретінде теңгерілмей келді. Құл иеленушілік тек 1863 жылы Авраам Линкольн президент болған кезде ғана жойылды. Бірақ африкалықтардың адами құқы бірден теңгерілген жоқ, оларды ақ нәсілділерден бөлек оқытты, ақтардың дәмхана, мейрамханаларына кіргізбеді, қоғамдық көліктер мен орындарда да оларға көппен бірдей орын берілмеді. Өзге түгіл Американың даңқын асырып, 1960 жылы Рим Олимпиадасының чемпионы болып келген Мұхаммед Әлидің өзін ақ нәсілділер кіретін дәмханадан қуып шыққан.

Сайлауға түсу түгіл дауыс беру құқықтарын да түрлі сылтаулармен шектеп келді. Қара нәсілді адамдарды қудалауды мақсат етіп, ХІХ ғасырдың ортасында құрылған Ку-Клукс-Клан секілді ультра-оңшыл, фашистік ұйымдардың да зардабы аз болған жоқ. Біресе көбейіп, біресе құлдырап, үш кезеңмен әрекет еткен бұл қозғалыс тек ХХ ғасырдың соңында ғана жойылды. Қара нәсілді азаматтардың өз құқыларын қорғау туралы талаптарына, өздеріне теңдік сұрау туралы өтініштеріне қарсы жасаған олардың жүздеген террорлық акциялары мындаған адамдардың өмірін киді. Әсіресе, елдің оңтүстік штаттарында олар толық иелік еткен. Полиция оларға қарсы түк те істей алмаған. Тек 1960 жылдан бері ғана АҚШ-тағы нәсілдік кемсіту заңмен қудаланатын болған кезден бастап олардың әрекеттері біршама тиылды. Соның өзінде 70-ші жылдардың басынан қайтадан бас көтеріп, 90-шы жылдардың басына дейін әрекет етті. Бұл жылдары ұйым қара нәсілділерді ғана емес, сарыларға (әсіресе қытайлықтарға), еврейлерге, коммунистерге де қарсы террорлық актілер жасаған.

Ал енді күні кеше ғана көзі жойылған осындай ұйым қайта бас көтеруі мүмкін бе? Әрине, мүмкін. Бірақ Барак Обаманың президент болып екі рет сайлануы осындай қозғалыстардың идеологиясына енді қайтып оңалмастай, ойсырата соққы бергені сөзсіз.

Жоғарыда Барак Обаманың өмірі қатардағы қарапайым тірліктен басталғанын айттық. Өзіне дейінгі Америка президенттері мейлінше бақуатты отбасыларында өмірге келіп, елдегі ең үздік мектептерде білім алып, ең жоғарғы интеллектуалдық ортада тәрбиеленгендер болса, Барак 10 жасқа дейін Индонезиядағы өгей әкесінің тәрбиесінде өскен, қарапайым ғана мемлекеттік мектепте оқыған. Өзінің туған әкесі кениялық мұсылман Хусейн Обама АҚШ-тың Гавай университетінің эконометрика курсына оқыған. Ол да өз ортасының алды, белсенді болып, шетелдік студенттер ассоциациясын құрған екен. Осында оқып жүргенде ол болашақ президенттің анасы, 18 жасар Стэнли Энн Данхэммен көңіл қосып, екеуінің махаббатынан 1961 жылғы 4 тамызда Барак дүниеге келеді. Оның есімінің төркінін еврейлерден шығарушылар көп. Бұл сөздің ивритше мағынасы «жасын» деген сөз екені де рас. Еврейлерде мұндай есімдердің біршама кездесіп тұратыны да теріс емес. Бірақ біреулер оның негізгі төркіні арабтың Мубарак («қадірлі») деген сөзінен алынған деседі. Осы сөздің жаны бар. Өйткені, мұсылман дінді әкесі Хусейн баласына еврейдің атын қоймас еді ғой. Ал Мубарак, одан шыққан Барак есімі жалпы мұсылман әлемінде өте көп тараған. Біздің Барак сұлтанымыздың есімі де осы ретпен қойылған сияқты. XV ғасырдың басында Алтын Ордада да Барак есімді хан болған. Мүбәрәк есімді азаматтар да бізде аз емес.

Стэнли Энн Данхэмді де еврей жұртының өкілі деушілер көп, бірақ ол Канзастағы (АҚШ штаты) әскери базада иуда емес, христиан дінін тұтынушы отбасында өмірге келген. Зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда оның отбасы негізінен ағылшын, шотланд, ирланд және неміс қандарының араласуынан жаралыпты.

Хусейн мен Стэнли екі жақтың да ата-аналарының қарсылығына қарамай, 1961 жылдың басында некеге тұрады.

Бірақ бұл неке ұзаққа бармай, 1964 жылы жас жұбайлар ажырасып кетеді. Кішкентай Барак біршама уақыт нағашы әжесі Мадлен Ли Пэйннің тәрбиесінде болады. Қай халықта да әженің бауырында өскен бала бауырмал, туысшыл келеді. Барак Обама да өзінің осындай қасиетін көрсетті. 2008 жылғы алғашқы сайлауда ол шараның барынша маңыздылығына карамай президенттік кампаниясын үзіп тастап, нашар жатқан әжесінің көңілін сұрауға барған. Сөйтіп, сол жылғы 2 карашада дүниеден өткен әжесімен, казакша айтқанда, бакүлдасып калған.

Барак Обаманың әкесі мен шешесіне ұзақ өмір сүруді тағдыр жазбапты. Әкесі Хусеин 46 жасында 1982 жылы жол апатынан, анасы Стэнли 1995 жылы 53 жасында жазылмас дерттен каза болған. Айта кетерлігі, екеуі де ажыраскан сон жана отбасын құрып, одан сәбилер көрген.

Стэнли Америкада окитын тағы бір мұсылман жігіт, индонезиялық Лоло Суторомен көңіл қосып, 1967 жылы 6 жасар Баракты алып жана күйеуімен бірге Джакартаға (Индонезияның астанасы) коныс аударады. Барак мұнда 10 жасына дейін білім алады және сонда катар құрбыларымен бірге мешітке де барып жүргенін көрген адамдар бар. Бір кызығы, көптеген деректер осы 10 жасында ол өзінің туған әкесі Хусеинмен де тұнғыш және соңғы рет кездесті деп жазады. Бірақ Барактың артынан бестселлер болған «Әкемнен жүккан армандар» деген кітабы бар. Бұл Барактың әкесін жақсы біліп, онымен тығыз болмаса да жиі көрісіп тұрғанын көрсететін жайт. Әйтпесе, әкесінің армандарын бір кеште ғана «жұқтыруы» мүмкін емес кой. Демек, Барактың рухани әлемінің калыптасуына мұсылман дінді әкенің әсері аз болмаған.

Өгей әкенің бауыры каншалықты жылы болғанын кім білсін, бірақ әйтеуір Барак 10 жасында кайтадан Америкаға оралып, әжесінің қолына келеді. Осында ол каладағы жеке-

меншік жақсы мектептердің бірін 1979 жылы үздік бітірген. Бірге оқыған кейбір жолдастары жақсы мектепте Барактың терісі кара екендігінің кесірінен кей-кейде көпе-көрінеу кемсітушілікке ұшырағанын көріп қалатындарын айтады, бірақ «асылды соға берсең жетіледі, жасықты соға берсең кетіледі» дегендей одан жалынды жас жасымаған.

Қалыпқа сыймаған кара жігіт

Мектептен кейін Барак Лос-Анджелестегі Батыс колледжіне түседі. Үздік оқығандығының арқасында бұл жерден Колумбия университетіне ауысып, халықаралық катынастар кәсібіне маманданады. 1983 жылы бакалавр дәрежесін алып, Нью-Йорктың ғылыми-зерттеу орталығына жұмысқа тұрады. Осында жүргенде ол пәкістандық студент Сохал Сиддикимен достасады. Осы кісінің айтуына карағанда Барак жылы жүректі, қайырымды азамат болған. Ол қайтсе де біреуге кол үшін беруге дайын тұрады екен. Өзі бес долларлық арзанқол шалбар киіп жүріп жұртқа көмек қолын созғысы келіп тұратын оның мейірбан мінезін кейбір достары мазақ қылып, күлкіге де айналдырған кездері болыпты.

Осында жүргенде ол өзінің кісіге жақындығының арқасында жақсы әсер ететін игі достар тауып, жақсы ортамен қауышады. Сонымен бірге көп оқып және оқығандарын достарына айтып беріп, тілін, ойын жақсы дамытып отырған. Кейіннен ол достарының көмегімен Халықаралық Бизнес корпорациясының қаржылық ақпарат бөліміне редактор болып ауысады. Мұнда да бір жылдай қызмет істеп, халықпен жұмыс істеуде ысыла түседі.

1985 жылы Барак Обама өзінің екінші отаны аталған Чикагоға ауысып, қоғамдық қызметке тұрады. Мұндағы міндеті – шіркеудің қайырымдылық жұмыстарын ұйымдастыру болады. Тұрмысы кемшін аудандардағы халыққа қайырым-

дылық акцияларын ұйымдастыруда ол «үздік әлеуметтік ұйымдастырушы» ретінде көзге түседі. Айта кетерлігі, Барак өзін анасы тұтынған протестантизм дінінде скенін үнемі жариялап жүреді.

1988 жылы Барак атакты Гарвард университетіне түсіп, оны 1991 жылы магистр дәрежесімен аяқтайды. Оның алғырлығы, алымдылығы мұнда кеңінен ашылып, университеттің газетіне афро-америкалықтардың арасынан шыққан бірінші редактор да болады. Барактың уытты эзілдері, ашық-жаркын мінезі мұнда араласкан жандардың бәріне де жақсы әсер еткен.

1991 жылы Чикагоға оралған Барак зангерлік жұмыстармен айналысады. Соның ішінде түрлі кемсітушіліктерге ұшыраған адамдардың құқын сотта қорғауда оның танымал адвокат ретіндегі атағы шығады. Осы қызметтері арқылы көзге түсіп, көпке танылған оны 1992 жылы Чикаго университеті қызметке шақырып, конституциялық құқық пәнінен лекция оқытады. Осында жүргенде ол өзінің болашақ жары Мишельмен танысып, 1992 жылы оған үйленеді.

Мишель 1964 жылы Чикагода ауқатты отбасында туған жас еді. Жақсы мектепте оқып, артынан Принстон университетін үздік тәмамдаған ол жасынан кара нәсілді азаматтардың әлеуметтік құқын қорғаумен айналысқан. «Өзі болған қыз төркінін танымас» деген ақымақ қыздарға айтылатын мақалды Мишельге айта алмайсың, өйткені ол саналы жас ретінде өмір жолын шу дегеннен-ақ өзі секілді кара нәсілді жандардың құқын қорғауға арнаған. «Принстонда білім алған кара нәсілділер және олардың қоғамы» деген тақырыпта диссертация да қорғаған. Бұл да Гарвардтың зангерлік мектебін 1988 жылы үздік бітіріп, докторлық атақ алып шыққан. Барак екеуінің кіндігінен Малиа және Саша деген қыздар өсіп келеді. Білетіндер президент Барак Обаманың ең өтімді кеңесшісі Мишель екенін айтады.

Барак Обама Чикаго университетінде белсенді қоғамдық қызмет атқара жүріп, 1996 жылы Иллинойс штатының сенатына демократиялық партияның атынан депутаттыққа сайланады. Бұл біздегі облыстық мәслихаттың депутаттығына сайланған есепті. Иллинойс – халқының саны бойынша Америкада бесінші орын алатын штат. Оның орталығы Спрингфилд шаһары болғанымен Чикаго оның ең үлкен қаласы. Осы штаттың сенатындағы айтыс-тартыстарға, өткір пікір-сайыстарға белсене қатыса жүріп Барак 1997-2004 жылдарда қатарынан үш рет сайланып, сегіз жыл бойы өзінің саяси іске жүйріктігін, білігі мен шешендігін шындайды. Сонымен бірге айтқан сөздерімен де, жазған макалаларымен де көзге түсіп, халыққа жақындылығымен таныла берген.

2000-шы жылы ол АҚШ Конгресінің төменгі палатасына депутаттыққа түспек болады. Бірақ сайлауалды күрес кезінде сол кездегі қара нәсілді конгрессмен Бобби Раштен праймеризде жеңіліп қалады.

АҚШ Конгресінің Төменгі палатасы немесе өкілдер палатасы біздің Парламенттің Мәжілісі секілді мемлекеттің ең жоғары заң шығарушы органы. Ал Конгресстің өзі де біздің Парламент секілді екі палатадан тұрады. Соның ішінде Өкілдер палатасы 435 депутаттық орыннан, ал Сенат 100 орын. Сенатқа әрбір штат үшін екі орыннан квота беріледі.

Зерттеушілер Б.Обаманың Иллинойс штатының Сенаттағы өкілі болғандағы белсенді әрекеттерінің бірі ретінде оның Дж.Буш әкімшілігінің Иракқа басып кіру туралы шешіміне белсенді түрде қарсылық білдіріп, қатты сынағанын ауызға алады. Табиғатынан бейбітшіл Баракка Дж.Буштың бұл әрекеті әділетсіз басқыншылық болып көрінген екен.

2004 жылы Б.Обама Иллинойс штатынан сайланатын екі сенатордың бірі болып қарсыласын айқын басымдылықпен жеңіп, тағы сайланады. Бұл уақытта ол демократиялық

партияның бүкіл АҚШ-тағы танымал лидерлерінің біріне айналған еді. Әсіресе, партияның жалпыұлттық съезінде «АҚШ-та барынша ашық қоғам орнатамыз» деген ежелгі ұранды еске салып және оны өз өмірінің мысалымен ұштастыра отырып айтқан оның өткір сөздері елдің құлағын елең еткізген. ТВ арқылы бүкіл елге естілген осы сөздер барынша ұтымды әрі шынайы шығып, талай жұрттың есінде қалады.

Конгресске қара нәсілділер арасынан сайланған бесінші сенатор болған Барак Обама өзінің ашықтығымен, демократияшылдығымен және ұшқыр ойымен халық пен БАҚ-тың құрметіне бөленеді. Сонымен бірге ол өз өмір жолының ешбір деталін де жасырмай, ашық айтып отырған. Тіпті балалық шағында марихуана тартып, есірткіге теріс карамағанын да жасырмаған. Шындықты бағалайтын Америка қауымы бұған да түсіністікпен қарап, 2006 жылы-ақ АҚШ-тың келесі президенті болуы мүмкін деген болжамдар айта бастаған. Осы, 2006 жылы ол отбасын алып Кениядағы әке қабірінің басына да барып, зиярат еткен. «Өлі разы болмай, тірі байымас» дейтін қазақ, «өлінің қабірін біл, тірінің қабірін біл» дейтін татар т.с.с. барлық мұсылман халықтары жақын жанның қабірінің басына барып, зиярат етуді үлкен міндет деп есептейді ғой. Сондықтан да батыстық басылымдар бұған бәлендей мән бермесе де Баракты танитын шығыс әлемінің іші жылып қалған-тын. Осы қадамдардың бәрі оның ешкімнің қас-қабағына карамай, дербес іс жасап, еркін ойлай білетін кесек пішілген саяси тұлғасын айқындай түскен қырларының да бірі еді.

Олимптің орны бір басқа

Кіші Дж.Буштың президенттік уақыты аяқталуға жақындаған сайын демократиялық партиядан үміткер ретінде Барактың өтетіні де айқындала түсті. Алайда, 2007 жылдың басында екі үміткердің бірі болуға тиісті оған партиядастар-

дың 15 пайызы ғана қолдау білдірген, ал оның қарсыласы Хиллари Клинтонды қолдаушылар 43 пайыз болған. Бірақ сол жылдың маусымындағы сауалнамада айырмашылық үш-ақ пайызға түскен.

2008 жылдың 10 ақпанында Иллинойс штатының орталығы Спрингфилд қаласында өткен митингте Барак Обама өзінің президент болуға үмітті екенін алғаш рет жариялап, сайлау алды күреске түсетінін мәлімдейді. Өркениеттің өріне шықтық деп отырса да жалпы әлем қауымдастығы бұған таңданыс білдірмей қалған жоқ. Кеше ғана орыны есіктің босағасында болған нәсілдің өкілі енді төрдің төбесін көздеп отырса, таңданбай көр. Қанша толерантты, демократияшыл болса да АҚШ қоғамының үлкен бөлігі де бұған үрке қарады. Тіпті қара нәсілділердің өзі «бұл ақтардың кезекті китұрқысы» деп алғашқыда елп ете қойған жоқ. Бірақ Барак Обаманы көзбен көріп, құлақпен естіп, тереңірек таныған сайын АҚШ халқының көзқарасы өзгере берді. Нағыз ұлы елдің ұлы мінезін көрсеткен Америка қоғамына осындайда ырза боласын.

Президент болғандағы басты міндеті ретінде Б.Обама Америка әскерилерін Ирактан шығаратынын жариялады. Осы кезден бастап Обаманың кандидатурасын Америка миллиардері, белгілі меценат әрі продюсер Дэвид Геффен қолдады. Ол бұрын Билл Клинтонның да жақтасы болған еді, бірақ осы жолы оның әйелі Хиллариді емес, Баракты қолдап шықты. Өзінің голливудтық атакты достарымен бірге ол Б.Обаманы қолдау қорына үлкен қаражат жиып берген. Бұдан басқа 200 доллар және одан кіші соманы қосушылардан түскен қаражаттың өзі 2007 жылы 16,4 млн. болса, 2008 жылдың басында 36,8 млн. долларға жетіп, рекорд жасапты. Бұл өте маңызды, өйткені шағын қаражат салып жатқанның бәрі сайлаушылар ғой. Ақыры, Б.Обама өзінің президенттік кампаниясының шығынына

бюджеттен қаражат алудан бас тартқан жалғыз кандидат ретінде тіркелді.

Барак Обаманы ресейлік көптеген саясаткерлер, сарапшылар АҚШ-КСРО заманынан бері жалғасып келе жатқан дәстүрлі бәсекелестік, бакастық салдарымен жақтырмайды. Оларға жалпы америкалық дүниенің бәрі түрпідей тиюімен қатар шовинистік, турасын айтқанда нәсілшілдік пиғылмен Барак Обама терісінің кара түсті болғаны да көзге шыққан сүйелдей тиіп отыр. (Өздерінде мұндайды өлсе де жібермес еді). Сондықтан да осы пиғылдағы Ресей саясатшылары жазған сараптамаларында Баракты қолдаған Дэвид Геффеннің басына нешетүрлі жамандықтарды аямай үйген. Бұған дейін Билл Клинтонды қолдаған осы миллиардерді ешкім ауызға да алмаған болса, енді оның «жаман атағын» аспанға шығарыпты.

Сөз жоқ, Америкада (тіпті барлық баска елдерде де солай ғой) бай магнаттардың қаржылық қолдауынсыз ешкім де президент бола алмайды. Ол бұлжымайтын аксиома екені де шындық.

Қалай десек те 2008 жылы Барак Обама АҚШ тарихында тұңғыш афро-америкалық болып президенттік мансапка қол жеткізді. Осы жетістігін ол, сұңғыла саясаткер ретінде, Американың демократия жолындағы ұлы жетістігі деп айтудан да жағы талған емес. Және бұл пікірдің ешқандай артықтығы да жоқ. Өйткені, Барак Обаманың тұрмыстың ең төменгі сатысынан өскен саясаткер екендігін көрсеттік. Бәрі де қалыптасып, бәрінің де сыбағасы бөлініп, бұлжымастай етіліп орын-орындарына қойылған, ешнәрсе өзгертуге болмайды деген Америкада осындай адамның президент болуы – ұлы демократияның жемісі екені сөзсіз. Сонымен бірге ол Барак Обама феноменінің күрделілігін де айқындай түседі.

Әрине, Барак Обама алғашқы сайлауда аттай шауып өткен жоқ. 538 таңдаушының 338 Баракты қолдаса да АҚШ-тың

негізінен ақ нәсілділер тұратын Алабама, Луизиана, Оклахома және Техас штаттарында ол өте төмен дауыс алды. Экзит-полдың анықтауына карағанда әрбір оныншы ақ нәсілді ғана оған дауысын берді. Бұлар АҚШ-тың құл иеленушіліктен көп уақыт бойы ажырағысы келмеген оңтүстік штаттары еді. Қалай десек те мұндағы көп тұрғындардың санасында өздерін-өзі артық санаушылықтың әлі де қалып қойғаны байқалып қалды.

Обаманың жеңісі АҚШ халқының үлкен бөлігін ғана емес, әлемнің көптеген елдерін жеңістің эйфориясына бөледі. Әсіресе, өз сыбағасына қолдары бірде жетіп, бірде жетпей жүрген елдердің қуанышы шексіз еді. Халық арасындағы «обамамания» деген бұл құбылыстың шарпуы кеше ғана біреудің қас-қабағына қарап өмір сүріп келген Қазақ еліне де тигені даусыз. Ал Африка, Таяу Шығыс елдеріндегі қуаныштың орны тіпті бөлек. Соның ішінде өз ұрпағы әлемдегі ең үлкен мансаптың басына шыққан Кенияның қуанышы тіпті шексіз болды.

Халықтың қуанышы да тегін кетпеді, Барак Обама президент болған жылдарда орынсыз қантөгіс болған жоқ. АҚШ-тың Кубаға қатысты санкциясы біршама жұмсарды. Израиль өкіметі қаншалықты шағыстырып бақса да Обама: «мен сырттан соққан шулы кедергілерді («шумовые помехи») тұншықтырып, тек Американың мүддесі тұрғысынан ғана әрекет етемін» деп, ешқашан Иранды бомбаламайтынын ашық айтты. Егер Дж.Буш сияқты әпербақан біреу болса Израильдің қысымына шыдай алмай, ендігі Ислам мәдениетінің тағы бір орталығы – ежелгі парсы қалалары да тас-талқан болар еді. Сонымен бірге Б.Обама өзінің Ирак жөніндегі уәдесін ұмытпай, бұл елден АҚШ-тың әскерін түгел шығарды. 2010 жылы Ресей Федерациясымен стратегиялық қырып-жойғыш қаруларды қысқарту жөнінде келісімге қол қойды.

Барак Обама президенттік қызметті атқару барысында өзін кездейсоқ келе қалған адам емес, барлық жағынан дайындығы мықты саясаткер ретінде де көрсете білді. Әрине, оның қызметін тегіс сараптап шығуға бір мақаланың көлемі жетпейді. Жалғыз-ақ ел экономикасын тығырыққа тіреген қаржылық дағдарыс, табиғи апаттардың өзін де ол рейтингін көтере түсуге ептілікпен пайдалана білгенін ешкім жокқа шығара алмайды. Сондықтан да ол екінші мерзімге аттай шауып өтті. Бұл жолы барлық 538 таңдаушының 332-сі Обаманы жақтап дауыс берді. Яғни, таңдаушылардың 62 пайызға жуығы оның жағында болды. Бұл АҚШ сайлауында сирек кездесетін құбылыс. Онда қарсыластардың айырмашылығы 2-3 пайыздан асуы сирек болатын оқиға.

Әрине, Барак Обама президенттікке сайланғаннан кейін қарапайым адамдар түсіне бермейтін жетістіктер де болды. Мәселен, 2009 жылдың аяғында-ақ оған Бейбітшілік үшін берілетін Нобель сыйлығы тапсырылды. Бұл сыйлық оған «халықаралық дипломатияны және адамдар арасындағы ынтымақтастықты нығайтудағы төтенше күш-жігері үшін» деген тұжырыммен берілді.

Ұзақ жылдар бойы бейбітшілік жолында тер төгіп жүрген қайраткер және осы істе танылған тұлға да емес, қалай алды деп таң қалғандар көп болды. Біреулер бұл Б.Обаманы халыққа таныту үшін жасалған акция деген ойлар да айтты. Дегенмен бұл іс Б.Обаманы бейбітшілік сүйгіш істер жасауға ынталандырды. Соның ішінде 2010 жылдың сәуір айында Ядролық қауіпсіздік бойынша жаһандық саммит ұйымдастырғаны ұтымды болды.

«Жақсыдан – шарапат» демекші, 47 мемлекеттің басшылары қатысқан сол саммитте Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ядролық қаруды таратпау және жою туралы бастамасы қызу қолданып, бүкіл әлемнің құлағына жетті. Барак Обама Президент Нұрсұлтан Назарбаевты жаһан-

дық маңызы бар тұлға ретінде танып, оған айрықша құрмет көрсетіп отырды. Соның арқасында баяндама жасауға қол жеткізген 5-6 адамның бірі болып Қазақстан көшбасшысына да сөз берілді. Президент Н.Назарбаевтың сол саммитте айтқан сөздері әлемнің көптеген беделді басылымдарының беттерінде жарияланды. Екіжақты кездесуде де Барак Обама Қазақстанның бүкіл әлемдегі және аймақтағы қауіпсіздікті сақтау туралы ұсыныстарына үлкен баға берді. Ал Қазақстанның сол жылғы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуін «тарихи оқиға» деп бағалайтынын ашық айтты.

Барак Обаманың бастамасымен шақырылған жаһандық саммит екі жыл сайын тұрақты түрде өтіп тұратын болды. 2012 жылғы наурызда ол Сеул қаласында өтті. Ал 2014 жылғы саммит Нидерландыда өтетін болып белгіленді.

Сеулдегі саммитте Қазақстан, АҚШ және Ресей Федерациясының президенттері бұрынғы Семей сынақ полигонындағы ынтымақтастық туралы мәлімдеме жасады. 40 мың шаршы шақырым аумақты алып келген аждаһаның азабынан бұл жердің 2004 жылдан бері үш мың шаршы шақырымдайы ғана қалпына келтірілген. Мәлімдемеде үш мемлекеттің осы аумақты толық қалпына келтіргенше бұдан әрі де ынтымақтасып жұмыс істейтіндігі айтылды. Б.Обама мәлімдемеге қатысты өзінің сөзінде үш мемлекеттің ядролық қарудың зардабын жою жолындағы ынтымақтастығы әлемге «игілікті үлгі» болатындығын айтты. Мәлімдеме жасау барысында екі алып мемлекет лидерлерінің ортасында тұрған Қазақстан Президентінің суреті дүние жүзін аралап кетті. Қазақстанды онша танымайтын бітеу кеуде жан болса да екі алыпты бас шұлғытып, ортасында тұрған мемлекет басшысына құрметпен қарағаны даусыз. Сеулде Қазақстан алыптардың қолдауымен ядролық қаруды таратпау жөніндегі жаһандық қозғалыстың көшбасшысы болып танылды. Осының бәрі Қазақстанның әлемге жақсы қырынан таныла

түсуіне өлшеусіз ықпал етуде. Еліміздің Еуропанын қак ортасында, осы құрлықтағы беделді мемлекеттердің бірі Бельгиямен таласка түсіп, ЕХРО-2017 көрмесін өткізу құкын 70 пайызға жуык дауыспен жеңіп алуы да кездейсоқтык емес. Ол осы Барак Обама сиякты әлемдік тұлғаларды мойындата алудың аркасында қол жеткен табыс екені сөзсіз.

Міне, қысқаша айтқанда, Барак Обаманың қазірге дейінгі қадамдары осындай. Президенттігінің екінші мерзімінде оның саяси таланты ұштала түсетіндігі тағы таласыз. Обама феноменінің қалай жалғасатынын уақыт көрсетеді.

2013 жыл

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ

Ел қадірін көрген білер

Украина жерінде.....	6
Жапандағы жапондар.....	30
Тұтастық діні – тұрақтылық	42
Тағдыры бір, талқысы ұқсас.....	51
Өз тілін өгейсіткен халық.....	56
«Қызығы» көп қырғыз елі.....	67
Өзіндік өзге жолы бар.....	79
Мәңгі жасыл Малайзия	90
Көненің көзі.....	103
Жұмыр жердегі жұмбақ ел.....	110
Сәтті болған сапар	127
Тағдырдың талайынан тайсалмаған.....	131
Таныс та бейтаныс Моңғолия.....	140
Өткенге емес өртенге ұмтылған ұтады.....	146

II БӨЛІМ

Қызықты деректер

Алтын Орда – біздің Орда.....	156
Диверсант балалар	167
Большевиктердің тағы бір сұмдығы.....	176
Тынды тырағайлап көтерудің сыры.....	181
Ауған соғысының айтылмаған ақиқаты.....	191

Шахсыбай Сағрат

Ақиқатқа қиянат	200
Алаш ардағының рухы елге оралды.....	208
Отыз елдің қатарынан орын алу	212
Ақ етікті апай	221
Шырғалаң болған шындық	233
Жалған атақ, жасанды тарих.....	246
«Жеңіс ордені» туралы не білеміз?	253
Сезімсіз шенеуніктер шеру құрған заман.....	259
Аксак киік	265
Жерінің аты – елінің хаты	271
Жала	278

ІІІ БӨЛІМ **Тұрпатты тұлғалар**

Могиканның соңғы тұяғы	284
Ойыны осылған олигарх	294
Ұмытуға болмайды.....	307
Феномен	318

Жақсыбай САМРАТ



Редакторы: *А. Қарамырза*
Корректоры: *Ш. Өмірзақ*
Безендірген: *Г. Өмірсерік*

ISBN 978-601-7075-42-2



Басуға 22.12.2021 ж. қол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 70x100^{1/16}. Баспа табағы 21
Таралымы 300 дана. Тапсырыс №225

«БІЖА» баспасын.

Нұр-Сұлтан қ., Сығанақ к-сі 47, 1533

Байланыс тел.: 8 707 773 9833, 8 707 773 9833



Қызылжар өңірінің тумасы, жазушы-журналист Жаксыбай САМРАТТЫҢ бұл 13-ші кітабы. Бұған дейін оның «Бітеу жара», «Өзгеленді бұл ғалам», «Бұралаң заман» атты романдары, «Күзде гүлдеген алмалар» атты әңгімелер жинағы, «Абылайдың ақ үйі», «Жылдар жылжып барады», «Тауағаш деген ел едік...» публицистикалық шығармалары, «Кенже ұл» атты драмасы және бірнеше адамдарға арналған кітаптары жарық көрген. Ол Президент Грантының, Журналистер одағы мен «Нұр Отан» ХДП сыйлықтарының иегері. «Мәдениет қайраткері», «Ақпарат саласының үздігі», СҚО Есіл ауданының Құрметті азаматы атақтарын алған.